

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 17-02/566 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылды 12 желтоқсанда № 8181 тіркелді.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

1. Коса беріліп отырған Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н. Нысанбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2012 жылғы 9 қарашадағы
№ 17-02/566 бұйрығымен
бекітілген

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығы

1 Бөлім. Даалық жұмыстар

1. Жалпы қағидалар

Параграф 1. Орман орналастырудың мақсаттары мен міндеттері

1. Осы Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі – Орман кодексі) 13-бабы 1-тармағының 18-11) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11387 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың мемлекеттік мониторингін және орман орналастыруды жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Орман орналастырудың мақсаты орман қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, орман шаруашылығында бірегей ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, орман шаруашылығын жүргізу дің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың жүйесін жасау болып табылады.

3. Орман орналастырудың негізгі міндеттері:

1) орман ресурстары, олардың жағдайы мен динамикасы туралы жан-жақты және нақты мәліметтер алу;

2) мемлекеттік орман кадастрын, орман қорының мемлекеттік есебін, орман бақылауын жүргізу дің қамтамасыз ететін орман қоры мен орман ресурстарының мәліметтер ақпараттық базасын жасау және жүйелі түрде жаңарту;

3) ішкі шаруашылығындағы жерлерді үйымдастыруды жүзеге асыру;

4) орман қоры жерлерінің есебін және түгендеу құжаттарын, орман карталарын жасау;

5) орман ресурстарын пайдаланудың барлық түрлерінің, өсіріп-өндірудің, орманды құзету мен қорғаудың және басқа да орман шаруашылық іс-әрекеттердің ғылыми-негізделген мөлшерін анықтау;

6) мемлекеттік орман қоры участекеріндегі тұрақты жер пайдалану құқығы берілген мемлекеттік үйымдардың (бұдан әрі – орман иеленушілер) орман орналастыру орындаған шаралардың сапасына, орман орналастырудың зерттеулерін, орман пайдалануын жүзеге асыруына мониторинг жасау.

Параграф 2. Орман орналастыру материалдарын қолдану

4. Орман орналастыру материалдары бойынша орман орналастыру үйымы орман иеленушілер үшін орман орналастыру жобасын құрады ол орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітілгеннен кейін орман пайдалануды жүргізуге, қазіргі және болашақтағы пайдалануды жоспарлау мен болжауға, орман шаруашылығы мәселелерін шешуге арналған негізгі үйымдық – шаруашылық құжат болып табылады.

5. Орман орналастыру материалдарының негізінде мемлекеттік орман кадастры, ормандардың мемлекеттік мониторингі, орман қорының мемлекеттік есебі жүргізіледі, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде мемлекеттік орман қоры жерлерінің шекаралары анықталады және белгіленеді.

6. Облыстағы барлық орман иеленушілер үшін орман орналастыру жобаларының негізінде облыс бойынша жиынтық орман орналастыру жобасы және облыс ормандарының картасы, орман мониторингінің ақпараттық базасы жасалады.

Параграф 3. Орман орналастыру объектісі, орман орналастыру жұмыстарының кезеңдері

7. Орман шаруашылығын жүргізуді жүзеге асыратын тұрақты жер пайдалануындағы мемлекеттік орман иеленушілердің мемлекеттік орман қорының жерлері (бұдан әрі - МОҚ) орман орналастыру объектісі болып табылады.

Орман иеленушісі аумағының бір бөлігінде ғана орман орналастыруды жүргізуге болады, бірақ ол бір орманшылықтың немесе мастерлік участкениң аумағынан кем болмайды. Орман иеленушінің қалған аумағының бөлігінде, 15-20 (он бес - жиырма) жылда шаруашылыққа пайдалануға белгіленбейтін орман аумағында, қажет болса ғарыштық және басқа түсірulerді қолдану арқылы шығын мен еңбекті аз қажет ететін ара қашықтық әдістерімен зерттеу жүргізіледі.

8. Орман орналастыру жүргізілетін объектідегі орман орналастыру жұмыстарының толық кезеңі 3 (үш) жылдан және үш кезеңнен тұрады – дайындық, далалық, камералдық. Үздіксіз орман орналастыруға көшken кезде орман орналастыру жұмыстары жыл сайын қысқартылған түрде бүкіл тексеру кезеңі бойы жүргізіледі.

Параграф 4. Орман орналастыру жұмыстарының мазмұны

9. Орман орналастыру Орман кодексінің 55-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Орман орналастыру жұмыстарының құрамына:

1) алқағаштарды кесу және сөлін ағызы жоспарларын құрастыру;

2) кеспеағаштарды бөлу және материалдық-қаржылай бағалау;

3) ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген орман қорының участкелеріне орман орналастыру жобаларын жасау кіреді.

Параграф 5. Орман орналастырудың түрлері мен әдістері

11. Орман орналастырудың негізгі әдістері ретінде жас кластары әдісі мен участкелік әдіс алынады.

Орман орналастыру кезінде жас кластары әдісі бойынша алғашқы есептік бірлік ретінде таксациялық телім алынады, ал алғашқы есептік бірлік ретінде – басым тұқымдылыр алынады.

Жас класы тәсілі, өңірде бөлектеніп кеткен бірыңғай жастағы алқағаштарды біріктіру болып табылады.

Барлық орман орналастыру есептері осы тәсіл кезінде жас класы бойынша МОҚ санаттары мен тұқымдылар шегінде алқағаштардың қоры мен аудандарын бөлу негізінде жүзеге асырылады.

12. Орман орналастырудың участекелік әдісі дегеніміз – бір немесе бірнеше телімдерден тұрақты шаруашылық участекелер жасау болып табылады, ол телімдердің таксациялық сипаттамасы әртүрлі, алайда орман өсу жағдайы мен орманды молықтыру мақсатының және жобаланатын кешенді орман шаруашылық шаралардың бағытына сай аумақты біріктірілген.

Орман орналастырудың участекелік әдісі – орман шаруашылық және басқа шаралардың жүргізілуі қажет болатын және жекелеген тәсілмен жүргізілетін, әрбір тұрақты орман шаруашылық участекесінде қолданылады.

13. Орман қорында алғашқы, кезеңдік (қайта) және үздіксіз орман орналастыру жүргізіледі:

1) алғашқы орман орналастыру бірінші рет орналастырылатын орман қорының жерлерінде жүргізіледі. Ондай жерлердің аумағы толық ұйымдастырылып орман таксациялық жұмыстардың барлық түрі орындалады, бұл оның ерекшеліктері болып табылады;

2) кезеңдік (қайта) орман орналастыру бұрын орналастырылған объектілерде тексеру кезеңінің мерзімі біткен соң жүргізіледі. Мұны жүргізген кезде нысан аумағының ішкі шаруашылығында түзетулер жасалуы мүмкін. Ал орман таксациясы бұрынғы орман орналастырудың телімдерінің пішіндерін барынша сақтау арқылы шаруашылық әрекеттің нәтижесінде болған өзгерістерді ескере отырып жүргізіледі.

3) үздіксіз орман орналастыру, негіз ретінде қабылданатын кәдімгі орман орналастырудың, шаруашылық жұмыспен қамтылған және табиғи немесе басқа қолайсыз жағдайларға ұшыраған телімдерді жыл сайын түгендең отыруға аудису жолымен іске асырылады. Осының негізінде орман пайдаланудың ағымдағы мәселелері шешіледі (орман қорында бір жылда болған өзгерістерді ескере отырып және орман орналастыру жобасының ұсыныстарына сай), шаруашылық жұмыстардың нәтижелері бағаланады, орман ресурстарының жағдайы туралы ақпарат беріледі. Орман түгендеу жыл сайын келесі орман орналастыруға дейін жүргізіледі.

4) алғашқы немесе мерзімді орман орналастыру негізгі болып табылады, сол кезде электрондық есеп машинасында телімдер бойынша орманның таксациялық көрсеткіштері мен электрондық карталарының мәліметтер банкі жасалады. Бұл үздіксіз орман орналастыруға өтудің қажетті талабы болып табылады. Кезекті негізгі орман орналастыруда мәліметтер банкі толық жаңартылады.

Параграф 6. Орман орналастыру жұмыстарының разрядтары

14. Орман орналастыруды жүргізу кезінде келесі разрядтар белгіленеді.

1) бірінші разряд – орман қоры жерлерінен берілген, жазық аумақтағы орман орналастыруда, орман қорының шөлден басқа жерлері (сексеуіл);

2) екінші разряд - таулы аумақта орман орналастыруда;

3) үшінші разряд (зерттеу) - шөлді аумақтарды орналастыру кезінде (сексеуілдер).

15. Бір объектіде, тіпті бір орамда орманды пайдаланудың, орман шаруашылығын жүргізу дің қарқындылығына және ормандардың шаруашылық құндылығына қарап орман орналастыруды әртүлі разрядпен жүргізуге рұқсат етіледі: шөлді аумақтардағы объектілерде (сексеуілдер) – үшінші разряд (зерттеу), тоғайлы ормандарда – бірінші разряд; таулы объектілерде (орманды жерлер) - бірінші разряд, ормансыз жерлер - екінші разряд).

16. Орман қорын разрядтары бойынша орман орналастырудың осы Нұсқаулыққа 1-қосымшадағы 1-кестеде келтірілген нормативтерді сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл нормалар орман қорының алғашқы есептік бірлігін-таксациялық телімдерді жасағанда ескеріледі.

Орналастырылатын объектідегі ормандардың өсу жағдайына және жеке участеклердің ерекшеліктеріне байланысты, жекелеген жағдайларда таксациялық телімдердің орташа ауданынан ауытқуға рұқсат етіледі. Бірдей орман участеклерін телімнің орташа ауданын сақтау үшін негізсіз бөлшектеуге болмайды.

Таксациялық телімдерді құру кезіндегі нормативтер табиғат ескерткіштерін, географиялық өсімдіктерді, аналық плантацияларды және басқа да құнды сүрекдіндерді таксациялауда қолданылмайды.

Орман орналастырудың екінші разрядында толысқан орман жас орманның арасында, жас орман толысқан орманның арасында және ормансыз жерлердің (шабындықтар мен егістіктерден басқасы) ауданы 0,5 гектар кем болмаса ғана бөлініп шығарылады, ал үшінші разрядта (зерттеу) 5 (бес) гектар кем болмайды.

Параграф 7. Орман орналастыру жұмыстарының қайталану мерзімі

17. Орман орналастырудың мерзімділігі тексеру кезеңінің ұзақтығымен осы Нұсқаулыққа 1-қосымшадағы 2-кестеге сай орман орналастырудың түріне, өсіп тұрган алқаағаштардың сипатына, орман иеленушілер жүзеге асыратын орманды пайдалану және орман шаруашылығын жүргізу қарқындылығына байланысты орман орналастырудың қайталану мерзіміне сәйкес анықталады.

18. Тексеру кезеңі бірінші орман орналастыру кеңесінің ұсынысымен өкілетті органның бекітуі бойынша далалық орман орналастыру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан басталады және (10,15,20,25 жыл) кезеңдерге жалғасады.

2. Орман орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру

Параграф 1. Орман орналастыру жұмыстарын орындастырын ұйымдар

19. МОҚ жерлерін орналастыру, қандай мемлекеттік органның құрамында болса да, Қазақстан Республикасындағы бірыңғай жүйе бойынша мамандандырылған орман орналастыру ұйымымен жүргізіледі (әрі қарай – орман орналастыру ұйымы).

20. Орман орналастыру үйымы орман орналастыру жұмыстарын мемлекеттік орман иеленушілер үшін өкілетті органмен жасалған келісімшарт бойынша жүзеге асырады. Жеке орман иеленушілер орман орналастыруды жеке келісімшарт бойынша жүргізеді.

21. Орман орналастыру жұмыстарына келісімшарт жасау, орман орналастыру жүргізілетін объектілердегі орман шаруашылық өндірістің қарқындылығы мен ерекшеліктері талдаудан және зерттеуден тұрады.

22. Орман орналастыру үйымы, тапсырыс берушінің келісімімен, орман орналастыру объектісі аумағында орман қоры участекері сипаттамасының нормативтік дәлдігі мен нақтылығын қамтамасыз ететін таксацияның әртүрлі әдістерін қолданады.

Параграф 2. Орман орналастыру үйымының орман иеленушілерімен және олардың жоғарғы органдарымен қарым-қатынасы

23. Орман орналастыру үйымының өкілетті органмен қарым-қатынасы орман орналастыру жұмыстарын жүргізу келісімшарты бойынша, орман иеленушілермен - орман орналастыру кеңестерінің шешімімен анықталады.

24. Жасалған келісімшарттарға және орман орналастыру кеңестерінің шешімдеріне сәйкес орман орналастыру үйымы орман иеленушімен бірге төмендегідей мәселелерді шешеді:

- 1) ормандардың МОҚ санаттарына бөлінуін заңды рәсімделуі және шешімінің бары;
- 2) орман иеленушілердің жерлерінің шекараларын анықтау;

3) шекараларын, ескі соқпақтарын шабу және тазалау, орамдық, бағыттық, шекара-шаруашылық дінгектерін ауыстыруға қажетті шараларды жүргізу.

25. Орман иеленушілері орман орналастыруға дайындық кезінде төмендегідей жұмыстарды атқарады:

1) орман орналастыру үйымына уақытша пайдалануға өткен тексеру кезеңінде болған өзгерістер туралы мәліметтер мен орман шаруашылық жұмыстары туралы материалдарын береді;

2) аудандық (облыстық) жер ресурстарын басқару комитетімен қолдағы бар материалдармен шекаралар тексеріліп және келісіліп, көрші жер пайдаланушылармен даулы мәселелерді шешеді;

3) өткен орман орналастырудан кейін мемлекеттік орман қорының құрамына қордың жерлерін қабылдау немесе мемлекеттік орман қорының жерлерін басқа жер санаттарына беру туралы болған үкімет шешімдерінің материалдарын, сонымен қатар орманды жерлерді ормансыз жерлерге ауыстыру туралы мәліметтерді жинайды;

4) орман қорының жерлерін МОҚ санаттарына жатқызуды қайта қарастыру туралы материал дайындауды, оларды келісуді, рәсімдеуді уақытында үйымдастырады және

осы материалдарды қарау үшін, далалық орман орналастыру жұмыстары басталмай тұрып шешім қабылдау мақсатында белгіленген тәртіп бойынша өкілетті органға жібереді;

5) аумақтың орманшылықтарға, орман мастерлік участекелер мен айналымдарға бөлінуі анықталады. Шекарасы мен құрамы өзгерген жағдайда оларды дер кезінде рәсімдейді.

6) ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген орман қоры участекелерінің тізімдерін жасайды, олардың шекараларын құжаттар мен пландық-картографиялық материалдар бойынша тексеріп және оларды пайдалануға өкілеттік беретін құжаттарды дайындайды ;

7) өткен орман орналастырудан кейін орман иесінің аумағында жүргізілген зерттеу, орманды түгендеу, геодезиялық, топографиялық және жобалау-іздестіру жұмыстары туралы мәліметтер жинайды;

8) есептік және пландық-картографиялық құжаттардың жағдайын тексеріп, өткен тексеру кезеңінде орман қорында болған барлық өзгерістерді осы материалдарға толық енгізууді қамтамасыз етеді;

9) бұрын шабылмаған немесе өсіп кеткен орам соқпақтары мен шекараларды тазалауды, жарамсыз орам және басқа да дінгек түрлерін ауыстыруды жүргізеді;

10) ормандардың санитарлық жағдайы туралы және орман аурулары мен зиянкестерінің динамикасы туралы мәліметтерді дайындайды;

11) осы айтылған мәселелер бойынша дайындық жұмыстары басталмай тұрып, қысқаша түсіндірме жазба дайындалып, бір данадан аумақтық органға немесе облыстық атқарушы органға және орман орналастыру үйіміна жіберіледі.

26. Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде орман иеленушілер:

1) барлық құрылым бөлімшелерінің басшыларына орман орналастырушыларға жұмыс істеуге рұқсат беру туралы, олардың міндеті және орман орналастыру жұмыстарын орындау кезіндегі орман күзетінің міндеттері және оған қатысу туралы нұсқау береді;

2) орман орналастырушыларды орналастыру үшін үй және көлік береді;

3) орман орналастыру кезінде орман орналастыру партияларына белгіленген тәртіп бойынша ағаш кесуге (модель құлату және басқа мақсатқа) ағаш кесу билетін жазады, осы кесілген ағаштарды жинауды және сатуды қамтамасыз етеді;

4) орман орналастырушыларға дайындық жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

27. Орман иеленушілерінің мамандары дайындық жұмыстарына, ұжымдық жаттығуларға, орман орналастыру жұмыстарына қатысады және орындалған орман шаруашылық шаралардың сапасының бағасына ерекше көңіл бөледі, орман екпелерін есепке алу сапасына, орман орналастыру құжаттарына ағымдағы өзгерістерді енгізу бойынша деректердің нақтылығына, алдағы орман орналастыру кезеңіне орман шаруашылық шараларының белгіленуінің негізділігіне ерекше назар аударады.

28. Орман иеленушілерінің мамандары орман орналастыру жұмысының сапасын тұрақты қадағалайды, ай сайын Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 2-3 қосымшасына сәйкес көрсетілген қызметтердің актісін және нысандар бойынша көрсетілген қызметтерді бағалау актісін құрастырады және атқарылған жұмысты қабылдайды.

Параграф 3. Далалық орман орналастыру жұмыстарын өткізу-қабылдау мерзімі, тәртібі, олардың сапасын тексеру тәртібі

29. Далалық орман орналастыру жұмыстарын өткізу әр орманшылық бойынша Орман орналастыру нұсқаулығына 4-қосымшага сәйкес қабылдау-өткізу актісі нысанын толтырып жүргізіледі. Объекті бойынша жұмыстарды өткізу орманшылық бойынша жұмыстарды өткізу актісінің негізінде 5 (бес) күн мерзімінде жүргізіледі, қажет болған жағдайда, орман иеленушісінің мамандары қосымша тексеру жүргізеді.

Актілерде істелген жұмыстардың көлемі элемент бойынша, ал сапасы екі баллды жүйе (қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз) бойынша көрсетіледі.

30. Актілерге далалық орман орналастыру жұмысын орындауға және қабылдап алуға жауапты адамдардың қолдары қойылады және соңғы қаржылық есептеу үшін негіз болып табылады.

31. Далалық орман орналастыру жұмыстарын өткізу мерзімі бірінші орман орналастыру кеңесінде белгіленеді.

32. Далалық орман орналастыру жұмыстарын бақылау осы Нұсқаулықтың талаптарының, орман орналастыру кеңестері шешімдерінің және орман орналастыруды жүргізу келісімшартының орындалуын тексеру мақсатында жүргізіледі. Бақылауға, жер санаттарын анықтау, орман таксациялық нақты көрсеткіштерін және орман зерттеу жұмыстарын анықтау, белгіленетін орман шаруашылық шаралардың дұрыстығы алынады.

Орман орналастыру жұмысының сапасы олардың орындалуына жауапты орман орналастыру партиясының бастығы мен орындаушының қатысуымен қадағаланады:

1) далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын тексеру саны орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 1-қосымшасындағы 3-кестеге сәйкес далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын қадағалаулық көрсеткіштермен анықталады.

Тексерудің нәтижесі Далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 5-қосымшасына сәйкес далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын тексеру актісі нысанымен рәсімделеді және түзетілуге жатады;

2) орман орналастыру партиясының бастығы және орман орналастыру ұйымының басшылығы жүргізген тексерулер Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 5-қосымшасына сәйкес рәсімделеді. Басқа тексерушілер жүргізген тексеру нәтижесі еркін пішінде актімен рәсімделеді;

3) бірінші разрядпен орналастырган жағдайда тексеру 20 (жиырма) телімнен, ал екінші және үшінші разрядта – 15 (он бес) телімнен кем болмауы керек. Орманмен қамтылған телімдердің саны, тексерілген телімдер санының 80 (сексен) пайызынан кем болмау керек.

33. Орман орналастыру мамандары далалық орман орналастыру жұмыстарынан келгеннен соң, орман орналастыру ұйымының комиссиясы далалық техникалық құжаттарды таңдамалы әдіспен тексеріп, олардың сапасын анықтайды және олардың бұдан эрі камералдық өндеге жарамдылығын қорытынды береді.

3. Орман орналастыруға дайындық жұмыстар

Параграф 1. Дайындық жұмыстардың міндеттері мен маңызы

34. Дайындық жұмыстары, далалық орман орналастыру жұмыстарының алдындағы жылы жүргізіледі. Ерекше жағдайда далалық орман орналастыру жылы ұйымдастыру-техникалық мәселелерді шешу мақсатында, қажетті мәліметтерді жинау және орман орналастыру объектісі бойынша нормативтік базаны дайындау үшін дайындық жұмыстары жүргізіледі.

35. Дайындық жұмыстардың мазмұны төмендегідей:

1) орналастырылатын объектінің шекараларын нақтылау, қажет болса оларды өзгерту туралы ұсыныстарды дайындау;

2) өткен орман орналастырудың таксациялық, пландық-картографиялық, геодезиялық материалдарын жинау, олардың жағдайын, толықтығын және қолдану мүмкіндігін бағалау. Объект аумағын ұйымдастыруға және орман орналастыру жобасына қолданылатын басқа да іздестіру-жобалау материалдарының бар болуын анықтау;

3) орман орналастыру разрядтары мен таксация әдістері жөнінде келісу;

4) орам жүйесінің жобасын жасау немесе қайта орман орналастыру кезінде оны түзету;

5) орам соқпақтарының, шекара сзықтары мен визирлардың жағдайын, орамдық, орамдық-бағыттық және шекаралық дінгектердің бар болуын анықтау. Орман иеленушісімен орам соқпақтарын, шекара сзықтарын шабу, тазалау, орамдық және шекаралық дінгектерді ауыстыру тәртібі мен мерзімін нақтылау;

6) орман таксациялық кестелерді таңдау, олардың жарамдылығын талдау, жаңа кестелерді жасау қажеттілігін анықтау немесе оларды түзету;

7) ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген немесе оны беруге дайындаған орман қорының участекері туралы мәлімет жинау;

8) орман орналастыру және орман иеленушісі мамандары үшін орман таксациялық ұжымдық жаттықтыру объектілерін таңдау;

9) орман орналастыруға наряд-тапсырманың жобасын жасау;

10) басқа мәселелерді шешу.

36. Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 6-қосымшасына сәйкес далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізуден бір жыл бұрын облыстың орман мекемелері үшін орман шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі негізгі қағидалар құрастырылады.

37. Дайындық жұмыстар аяқталғаннан кейін бірінші техникалық кеңес жүргізіледі. Кейін, далалық және камералдық жұмыстар барысында бірінші орман орналастыру, екінші техникалық және екінші орман орналастыру кеңестері жүргізіледі. Кеңестерді жүргізу тәртібі мен мақсаттары Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 7-қосымшаға сәйкес анықталады.

Параграф 2. Орман орналастыруда АЭРО-ғарыштық суреттерді қолдану

38. Орман орналастыру жұмыстары өндірісі үшін аэрофототүсірілімдер (сандық қоса) немесе ғарыштық түсірілім материалдары техникалық негіз болып табылады.

39. Аэрофототүсірілімдерді арнайы мамандандырылған ұйым орман орналастыру үйымымен жасалған келісімшарт бойынша орындаиды.

40. Орман орналастырудың барлық разрядтары үшін аэро – және ғарыштық түсірілімдер 1,0-0,5 метр кеңістіктегі рұқсаттық ауқымда орындалады (рұқсаттық кеңістіктегі 1,0-0,5 метр түсірілімнің эквиваленттік ауқымының топографиялық карталары 1:10000 – 1:30000 масштабта орындалады).

41. Электронды компьютерлік технологияны қолданумен фотосуреттерді топографиялық негізбен сәйкестікке келтіру үшін ортогональды проекцияға түсіріледі және оның негізінде ортофотопландар жасалынады. Сандық суреттердің түсірілімі және ортофотопландардың жасалуы сандық фотограмметриялық жүйемен геоақпараттық жүйеден жеке жасалады.

42. Орман орналастыру партиялары, далалық орман орналастыру жұмыстарына шығардың алдында компьютерлік графикалық стансалардың экранында векторизациялау және дешифровка жасау үшін сандық аэрофотоснимоктармен қамтамасыз етіледі (электронды нұсқада).

43. Далалық орман орналастыру жұмыстарында бұрын дешифрленген және векторизацияланған ортофотопландар, электронды және қағаздағы нұсқасы

пайдаланылады, онда өндөлгөн объект участеклері редакцияланады. Ортофотопландар далалық жағдайда электронды нұсқада компьютерлік техникамен редакцияланады.

44. Ортофотоматериалдар төмендегідей жұмыстарда қолданылады:

1) шекараларды, соқпақтарды белгілеу, орман таксациялық телімдердің сұлбасын жасау, топографиялық жүктемені табу;

2) сұлбалық және орман таксациялық дешифровкалау;

3) орманшылықтар, орман алқаағаштары, тұқымдары, шаруашылық шаралары бойынша орман мекемесінің схемасын және орман карталарының планын, орман мекемелерінің схемасын және басқа орман карталарын жасау.

45. Бұрын орта масштабты аэрофотосуреттер қолданылып орналастырылған, бірақ қазір жаңа аэрофототүсіру әртүрлі себептермен жүргізілмеген және аэрофототүсірудің материалдарын сырттан алу мүмкіндігі жоқ объектілерде, ғарыштан түсірілген суреттерді қолдануға рұқсат етіледі.

46. Орман орналастыру кезінде бұдан ірі масштабқа дейін үлкейтіліп қолданылады:

1) ақ-қара;

2) спектрозональды, көпзональды 0,5-1,0 метр/пикセル рұқсаттық кеңістіктеңі ғарыштық фотосуреттер.

Параграф 3. Объектіні орман орналастыруға дайындау

47. Дайындық жұмыстары кезінде орман орналастыру объектісінің шекарасының дұрыстығы талданады, оның ішкі шаруашылық ұйымдастырылуы талданады.

Көрші жер пайдаланушылармен шекарасында қате тапқан жағдайда орман орналастыру оларды жою, түзеу туралы орман иеленушісіне және жерге орналастыру ұйымына ұсыныс береді.

48. Орман иеленушілері орман орналастыруға өткен тексеру кезеңінде қабылданған (немесе шығарылған) участеклердің орналасқан жері, құжаттардың күні мен нөмірлері, олардың қабылдау немесе өткізу негіздемесінің көшірмесі мен геодезиялық мәліметтері бар, заңды түрде рәсімделген құжаттарды табытайтыны.

Орман орналастыру объектісінің жер ауданы дайындақ жұмыстары жүргізілген жылғы аудандық жер балансымен және орман қорын есепке алу мәліметтерімен салыстырылады. Ауытқулар болған жағдайда, оның себебі анықталады және орман иеленушілерге оны жоюға нұсқау береді.

49. Объектінің аумағын МОҚ санаттарына бөлінуі нақтыланады. Аумақтың таулы және жазық бөлікке бөлінуінің сәйкестігі тексеріледі. Қажет болған жағдайда өзгертулер негізделеді және ұсыныстар дайындалады.

50. Ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген орамдардың немесе бөлімдерінің тізімі және ауданы нақтыланады.

51. Егер орман иеленушілері орам бағандарын жаңартпаса, орам соқпақтарын, шекараларын тазарту жұмыстарын жүргізбесе, қабылданған немесе берілген жерлердің рәсімделген құжаттары жоқ болса, онда орман орналастыру объектісі, орман орналастыру мекемесінің ұсынысы бойынша және өкілетті органның шешімімен далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу жоспарынан шығарылады.

Параграф 4. Орам жүйесі жобасын жасау

52. Қайталап орман орналастыруды объектідегі орам жүйесі өзгеріссіз қалдырылады

Орамдарды нөмірлеу әр орманшылық бойынша жеке жүргізіледі (орманшылық шегінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай). Орам жүйесін жобалау өткен орман орналастырудың пландық-картографиялық мәліметтерінің және тексеру кезеңінде болған аумақ өзгерістері есебінің негізінде, объекті схемасының масштабында құрастырылады.

Жаңа орам жүйесін жасау кезінде (осы уақытқа дейін орман орналастыру жүргізілмеген аумақта) орам соқпағы ретінде тұрақты қолданыстағы жолдар, магистралды көлік жолдары, өртке қарсы жолақтар, электр және газ-жүйесі трассалары, өзендер мен басқа да анық көрінетін нысаналарды пайдаланады.

53. Өткен орман орналастыру бекіткен орам нөмірлері мен орам жүйесін өзгерту, төмендегідей жағдайда жүргізіледі:

1) жеке орманшылық аумағында едәуір өзгеріс болғанда немесе орман орналастыру объектісінде толығымен өзгеріс болғанда;

2) барлық орамдар шағындалап кішірейтілгенде.

54. Егер орманшылықтың құрамына жаңа орам құрайтын орман участекелері қабылданған болса, немесе жеке орамдар шығарылған болса, онда өзгерістер орманшылықтың негізгі бөлігінде ескі орам нөмірлері сақталатындағы етіп енгізіледі. Бұл жағдайда, жекелеген орамдарды үлкейтуге немесе бөлуге және жаңадан құрылған орамдарды, олардың орналасқан жеріне қарамастан, кезекті ретімен нөмірлеуге рұқсат етіледі.

55. Орам жүйесі жобасының схемасына әкімшілік аудандардың, МОҚ санаттарының шекарасы, ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген участекелердің, орамдардың ескі және жаңа нөмірлері (нөмірлері өзгерген жағдайда), сонымен қоса далалық жұмыстарды жүргізуге қажетті басқа да белгілері түсіріледі.

56. Құрастырылған орам жүйесінің жобасы бірінші техникалық кеңесте қаралғаннан кейін орман иеленушісі оған қояды.

Кейін ол бірінші орман орналастыру кеңесінде бекітіледі.

Параграф 5. Таксациялық және басқа да нормативтік-анықтамалық материалдарды негіздеу және іріктеу

57. Орманды таксациялау және орман шаруашылық шараларын жобалау кезінде "Қазақстан ормандарын таксациялауға арналған нормативтер", 1 бөлім, 1,2 кітап, 2 бөлім "Қазақстан ормандарына арналған сортименттік және тауарлық кестелер" (Қайнар, 1987) пайдаланылады.

58. Орман таксациялаудың нормативтік құжаттары Негізгі қағидаларды құрастыру кезінде іріктеледі. Егер облыс бойынша Негізгі қағидалар құрастырылмаса, онда орналастырылатын объектіге арналған нормативтік құжаттар орман орналастыруға дайындық жұмыстары кезінде іріктеледі.

59. Орман таксациялаудың нормативтік құжаттары төтенше жағдайда ғана орналастырылатын объектінің және оның жекелеген аумақтарында нақты орман өсіру жағдайына байланысты анықталады. Орман таксациялаудың нормативтік құжаттарын өзгерту және нақтылау бірінші орман орналастыру кеңесінде бекітіледі.

Параграф 6. Ұжымдық жаттығу үшін объектілерді дайындау

60. Далалық орман орналастыру жұмыстары басталарда орман орналастыру мекемесінің мамандары телімнің таксациялық көрсеткіштерін көз мөлшермен қажетті нақтылықпен анықтау мақсатында, орман шаруашылық шараларын және орман түгендеу тәсілдері мен әдістерін бірдей белгілеуден тәжірибе жинақтауда көзді жаттықтыру мақсатында ұжымдық жаттығу жүргізіледі. Ұжымдық жаттығу үшін ағаш құрамының, құрылымының, жас және тауарлық құрылымының, өнімділігінің, орман өсіру жағдайының әр - түрлілігін көрсететін объектіде көп тараған алқаағаштар іріктеліп алынады.

61. Ұжымдық жаттығуды жүргізу үшін:

1) әр негізгі орман құраушы тұқымдылар үшін (интродуценттерді есепке алмағанда) 5-тен кем емес жаттығу сынақ алаңшалары, басқа көбірек сүрек тұқымдыларына 2-3 (екі - үш) сынақ алаңшалары салынады. Алаңшалардың жалпы саны 10-нан кем болмауы керек;

2) күтіп-баптау кесулеріне - 2 – 3 (екі-үш) сынақ алаңдары салынады;

3) әртүрлі алқаағаштар мен басқа да ормансыз жерлерді қамтитын 15 телімге таксациялық бағыт салынады. Алқаағаштары бар телімдерде жаппай ағаш есептеу жүргізіледі. Визирдің әр бағытында жолақтап қайта есептеудің ені 10 метрден кем болмауы тиіс.

4) Таулы жағдайда таксациялық бағыт беткейдің профилі бойынша тау етегінен су бөліміне дейін салынады және қалыпты алқаағаштары көбірек жерлерді қамтиды.

62. Орман орналастыру объектілерінде дешифровка жасау әдісімен таксация жүргізілетін орман қорының бөлігінде немесе оның жекелеген участкелерінде таксациялық – дешифровкалық сынақ аландары дайындалады. Таксациялық-дешифровкалық сынақ аландарының жалпы саны орман құраушы тұқымдылардың әр біреуіне 10 (он) данадан есептеліп анықталады.

63. Объектілерде жаттығу жүргізу үшін өткен орман орналастырудың қолда бар материалдары және аэрофотосуреттері бойынша аралап жүріп нақты анықталады. Жаттығу сынақ аландары, таксациялық бағыт пен ондағы таксация жүргізілген әр телім нақты табылып, аэрофотосуретке нақты түсіріледі.

64. Барлық жаттығу сынақ аландарында күтіп-баптау кесулерінің сынақ аландарын қоса және жаттығу таксациялық бағыт бойындағы телімдерде, өлшеп-санау әдісімен анықталатын таксациялық көрсеткіштерден басқа, ағаштың санитарлық жағдайына, табиғи түлеуіне, өскініне негізделген орманшаруашылық шаралары беріледі, өскіннің жағдайы, табиғи өсуі, сүрекдіңің санитарлық жағдайы талқыланып, орманның сүрексіз ресурсы анықталады.

65. Орманды таксациялау дешифровка жасау әдісімен таксацияланатын объектілерде сынақ аландарын таңдау және салу үшін, мамандарды жаттықтыру үшін және дешифровка жасалған аэрофотосуреттерді камералдық кезенде пайдаланатындей, арнайы әдіс бойынша жүргізіледі.

Параграф 7. Дайындық жұмыстарының қорытындысы бойынша жасалған материалдар

66. Дайындық жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп беру, наряд-тапсырманың жобасы және далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізуіндегі сметасы жасалады.

67. Дайындық жұмыстары туралы есеп беру, орындалатын жұмыстардың түрлері мен көлемі, далалық орман орналастыруды ұйымдастыруға әсер ететін объектінің ерекшеліктері, аймақтың тексерілуі, аэрофотосуреттермен, нормативтік-анықтамалық материалдармен қамтамасыз етілуі, алдағы далалық жұмыстардың көлемі, олардың ерекшеліктері, байланыспен, үймен, көлікпен және басқаларымен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерден тұрады.

Дайындық жұмыстары туралы есепке төмендегідей мәліметтер бірге ұсынылады:

1) жерге орналастыру органымен расталған, шектес жер пайдаланушылардың шекарасының схемасы нүктенің нөмірлері мен геомәліметтерімен;

2) орман иеленушілерінің жер құрамына қабылданған (немесе шығарылған) жерлердің ауданы туралы мәліметтер;

3) орман иеленушілерімен келісілген ұзак мерзімді орман пайдалануға берілген участкелердің, кордондардың, елді мекендердің, МОҚ санаттарының, орманшылықтың,

әкімшілік аудандардың шекаралары, орамдардың нөмірлері түсірілген орам жүйесінің жобасы;

4) орман қорының есебі;

5) орманды таксациялау үшін қолдануға ұсынған нормативтік-анықтамалық құжаттардың тізімі, сонымен қатар жетіспейтін немесе оларды тексеруді қажет ететін нормативтік құжаттардың тізімі;

6) далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге арналған наряд-тапсырманың жобасы;

7) жинаған мәліметтердің тізімі.

68. Далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге арналған наряд-тапсырманың жобасы дайындық жұмыстары мәліметтерінің және бірінші техникалық кеңестің шешімі негізінде құрастырылады және мыналардан тұрады:

1) орман орналастыру объектісінің аты, оның жалпы ауданы, орман орналастыру разрядтары бойынша аумақтың бөлінуі;

2) объектінің аэрофотосуретпен және аэрофотосуретсіз орналастырылатын бөліктерінің ауданы, олардың орналасқан жері;

3) орман орналастыру объектіндегі (алғашқы орман орналастыру кезінде) аумақты және орман қорын таксациялауды ұйымдастыру барысында аралап жүріп жасалатын жұмыстардың көлемі;

4) орманды таксациялаудың түрлері мен әдістері, оларды қолданатын бөліктердің аудандары;

5) түрлері бойынша орындалатын іздестіру және зерттеу жұмыстарының көлемі: күтіп-баптау кесуіне, орман екпелерін және олардың табиғи түлеуін тексеруге салынатын сынақ аландарының саны;

6) инженерлік-техникалық қызметкерлердің және жұмысшылардың қажеттілігі.

4. Аумақты ұйымдастыру және таксациялық

жұмыстарға дайындалу

Параграф 1. Топографиялық-геодезиялық жұмыстар

69. Орман қорының шекарасын қалпына келтіру және занды түрде рәсімдеу жұмыстарын жерге орналастыру бойынша мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының еншілес кәсіпорындары атқарады.

Екінші рет орман орналастыру жүргізілгенде объектінің шекарасы жерге орналастырудың мәліметтерімен салыстырылады және орман орналастыру дайындаған объекті шекарасының схемасы аудандық аймақтық жер ресурстарын басқару органдарымен расталады.

Орман қорының құрамына жаңа қабылданған участкелердің, басқа жер пайдаланушылардың жерлері арасындағы шоқ ормандардың шекарасы ішкі

шаруашылық жерге орналастырудың мәліметтерімен және аэрофотосуретпен белгіленеді. Ол аудандық аймақтық жер ресурстары басқармасының органдарымен келісіледі.

70. Алғашқы орман орналастыруды жүргізген кезде орамдардың шекаралары аумақтық органдармен немесе облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының келісімімен табиғи шекаралар бойынша (жолдар, өзендер, қырлар, электр желісі және басқ.) және тік бұрышты пішінде белгіленеді.

Параграф 2. Орам жүйесін және визирларды өлшеу, шабу, аумакқа орман орналастыру белгілерін онату

71. Алғашқы орман орналастыру кезінде:

1) жаңа орам соқпағын шабу, аумакқа орман орналастыру белгілерін онату жұмыстарын бекітілген орам жүйесінің жобасына сәйкес орман орналастыру мекемесі жүргізеді;

2) шекараның және орам соқпағының ені 0,5 метр, визир – 0,3 метр болып шабылады. Белгі қою сызығында тұрған диаметрі 20 (жиырма) сантиметр және одан жоғары ірі ағаштар кесілмейді. Оларды берілген бағытқа перпендикуляр бойынша параллелді белгі қою әдісімен айналып өтеді. Кесілген ағаштар өлшеуге кедергі жасамауы керек (олар визирден алынады). Тұбірдің биіктігі кесілген ағаштың 1/3 диаметрінен аспау керек, балауса ағаштар мен бұталарда 15 (он бес) сантиметрден аспау керек. Жаңа соқпақтар мен визирларды шабу кезінде кесу сызығына жақын тұрған ағаштарға үш жағынан белгі қойылады (камби қабатын зақымдауға болмайды);

3) таксациялық бағыт есебінде пайдаланылатын тік сызықты соқпақтар мен басқа да жүріс сызықтарын өлшеу бір орамның шегінде жүзеге асырылады. Бірнеше орамды кесіп өтетін өлшеу сызығын жүргізуге рұқсат етілмейді;

4) өлшеу темір өлшеуіш таспамен немесе өлшеуіш троспен орман орналастырудың барлық разрядтарында бір бағытта, әр 200 (екі жұз) метр сайын нөмірлі қазықты онатумен жүргізіледі. Үшінші разрядты орман орналастыру кезінде ара қашықтықты теодолиттің тұрған нұктесіне теодолит қазығын бекітіп өлшеуге рұқсат етіледі. Аэрофотосуретпен кесілетін сызықты нақты анықтау мүмкіндігі болған жағдайда сызық және нөмірлі қазық онатылмайды;

5) таулы жерде сызықты өлшегендे олардың ұзындығы көлденең жағдайда онатылады. Мұндай жағдайда, жердің еңістігіне қарай нөмірлі қазықты онатуға және сызық ұзындығын есептеуге түзетулер енгізіледі. Фотоабристе немесе абристе сызықтың ұзындығы беткейдің тіктілігіне байланысты сызықты көлденең түрде салуымен Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 1-қосымшасындағы 12-кестесіне сәйкес көрсетіледі;

6) орам және мөлдек дінгектерінің, қазықтардың мөлшері мен пішіні, оларда қашықтықты көрсету Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 7-қосымшасына сәйкес натуралық орман орналастыру және орман шаруашылық белгілері талаптарымен анықталады;

7) жүргінші жолдар мен соқпақтарды өлшегенде нөмірлі қазықтар перпендикуляр бойынша өлшеу сзығының өсінен басқа жаққа жылжытылады. Бағыт сзығын байланыстырудың және өлшеудің мәліметтері белгі журналына жазылады;

8) бірінші-екінші разрядты орман орналастыруда өлшеу дәлдігі - 1:500, ал үшінші разрядта - 1: 300 болып белгіленеді;

9) көлік жолдарымен қылышатын орам және сілтеуіш бағандарын орнату кезінде, көлікпен зақымдалуынан сақтау мақсатында, көлікпен жүрген кезде кез-келген жағынан көрінетіндей қашықтықта жылжытылып орнатуға болады.

Орман иеленушілері орман орналастыру партиясына осы жұмыс түрін жүзеге асыруы үшін жұмысшылар бөледі.

72. Орман иеленушілер орман орналастыру орнатқан орман орналастыру белгілерінің тексеру кезеңі бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

73. Орман орналастыру қайталаңғанда:

1) орман иеленушілері орам соқпақтарын тазарту, шабу және жарамайтын орам және сілтегіш бағандарын ауыстыру жұмыстарын орман орналастыру разрядына қарамастан, дайындық жұмыстары жүргізілген жылы, орман орналастырылатын жылы аралап көру жұмыстары басталғанға дейін өздері орындаиды.

2) орам соқпақтары мен визирлардың, орам және нұсқау бағаналарының орындарын жоғалтып алған жағдайда, орман орналастырылатын жылы орман орналастыру партиясының мамандары тапсырыс берушімен келісім жасап, олардың орнын анықтауға, сонымен қоса орам және нұсқау бағандарын жазуға көмек көрсетеді.

Параграф 3. Ұжымдық жаттығу

74. Далалық орман орналастыру жұмыстары басталардың алдында орман қорының құрылымы және орман өсу жағдайы осы нақты обьектінікіне ұқсас обьектінің топтары мен мамандардың жұмыс істеуге дайындығын тексеру және маманның біліктілік деңгейін бағалау үшін және далалық жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері бойынша орындаушыға жалпы техникалық нұсқау беру үшін орман таксациясын жүргізуге рұқсат беру мақсатында ұжымдық жаттығу жүргізіледі.

75. Далалық жұмыстарды атқаратын орман орналастыру бөлімдерінің барлық мамандары мен бастықтары, бірінші кезекте орман орналастыру жұмыстарын қабылдайтын және қадағалайтын орман иеленушілерінің мамандары мен бастықтары ұжымдық жаттығуға қатысады.

76. Орман орналастыру объектілерінің ұқсастығына және орналасуына байланысты, ұжымдық жаттығу бір немесе бірнеше орман орналастыру партиялары үшін орман орналастыру мекемесінің бас инженерінің немесе жобаны жазуға (жасауға) жауапты адамның басқаруымен жүргізіледі.

77. Ұжымдық жаттығуды жүргізудің техникасы, реті, құрамы және оның нәтижесін рәсімдеу осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес Ұжымдық жаттығуларды жүргізу жөніндегі техникалық нұсқаулармен анықталады.

78. Жаттықтыру таксациясы төмендегідей жағдайда қанағаттанарлық деп қабылданады:

- 1) әр таксациялық көрсеткішті анықтауда жіберілетін ауытқудың шегі, олардың жалпы санының 68 пайызынан кем емес;
- 2) екі есе ауытқу плюс, минус 5 (бес) пайыздан артық емес.

79. Қанағаттанарлықсыз нәтиже көрсеткен мамандарға басқа мамандар салған жаңа сынақ алаңдарында қосымша жаттығу жүргізіледі. Қажет болса, жаттығу таксациялық жүрісте жүргізіледі. Оның санын және ұзындығын жаттығудың бастығы белгілейді. Қосымша жаттығудан кейін маманды таксацияға жіберу немесе басқа жұмыс түріне ауыстыру туралы соңғы шешім қабылданады.

Параграф 4. Аэрофотосуреттерді дайындау, фотоабристер мен абристерді жасау

80. Аэрофотосуретте (ғарыштүсірілімде) жасалған фотоабрис далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде телімнің ауданы мен нұсқасының нақты анықталуын қамтамасыз ететін бірінші құжат болып табылады және камералдық кезеңде орман картасын жасауға негіз болады.

81. Аэрофотосуретпен (ғарыштүсірілімдегі) жұмыс істеу жұмыс аудандарының шегінде жүргізіледі. Ол көлденең сзықтармен және шектесетін аэрофотосуреттің ұзына бойы қылышымен шектеледі. Жұмыс аудандарының шекарасы ретінде суреттегі көрінетін орам соқпақтары, жолдар мен басқа да сзықтар пайдаланылады. Шектесетін аэрофотосуреттің жұмысшы ауданының шекаралары толығымен сәйкестену керек.

82. Аэрофотосуреттің масштабы (бұдан әрі - ГАЖ) географиялық ақпараттық жүйе құралдарымен бағдарламалық басу кезінде салыстырып тексеріледі.

83. Таксацияға дайындалған фотоабристің бет жағында төмендегі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) жұмысшы аудандардың шекарасы (жаппай жұқа сзық);
- 2) орамдардың шекарасы соқпақ бойынша немесе табиғи шектеу сзығы (ұзынша үзік сзықтар);

- 3) жұмысшы ауданының шегінде орналасқан орам нөмірлері, шектесетін орамдар мен аэрофотосуреттердің нөмірлері;
 - 4) таксациялық телімдердің шекарасы мен олардың нөмірлері;
 - 5) түрлі-түсті сзықтармен түсірілген бұлақтар, өзендер, жолдар, соқпақтар және мелиоративтік каналдар;
 - 6) объект аумағының ұласып жатқан жер пайдаланушылармен шекарасы және олардың аттары.
- 7) МОҚ санатының шекарасы.

84. Аэрофотосуреттің арт жағында нақты анықталған нұктелер, шекараға, соқпақтарға, ішкі ситуация сзықтарына және дәл анықталған нұктелерге байланыстырылған бағыт сзықтарының мәліметтері, орман иеленушілері мен орманшылықтардың атауы, фотоабристің жасалған күні, орындаушылардың қолы қойылады.

85. Әр аэрофотосуреттегі бөлінген жұмыс аудандарының шегінде маман, орманға шығардан бұрын, таксациялық телімдерді және олардың шекарасын белгілеп, стереоскопиялық дешифровка жасайды. Келесі орман орналастыруда телімдердің шегінің көбірек сақталуы қамтамасыз етіледі. Аэрофотосуреттерге алдын-ала дешифровка жасалмаса орманға шығып таксация жүргізуге рұқсат етілмейді.

Фотоабриске аэрофототүсіруді жүргізгеннен кейін кесуге бөлінген кеспеағаштың нұсқасы, артқы бетіне әр кеспеағаштың кесу жылын көрсетіп, орман екпелері участкесінің нұсқасы, сонымен қатар суреті жоғы да түсіріледі, сонымен қатар ауданы мен жылы көрсетілген қайта құрылған балауса ағаштардың, табиғи ескерткіштердің, басқа да ерекше қорғалатын участкелер мен объектілердің де нұсқалары түсіріледі. Осы участкелер туралы мәліметтер өткен орман орналастырудың кезеңінен бастап түсіріледі.

Камералдық жолмен дешифровка жасалған және фотоабрисқа түсірілген таксациялық телімдердің шекарасы орманда таксация жасау кезінде анықталады және тексеріледі.

86. Орманда таксация жүргізу үшін фотоабристерді рәсімдеу және дайындау Аэрофотосуреттерді жұмысқа дайындау және фотоабристерді рәсімдеу жөніндегі техникалық нұсқауларға сай Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 12-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

5. Орман таксациялық жұмыстары

Параграф 1. Орман алқаптарын таксациялық телімдерге бөлу

87. Орманды таксациялау кезінде әр орамның аумағы алғашқы орман шаруашылық есептеу бірліктеріне - таксациялық телімдерге бөлінеді.

Әр таксациялық телімге таксациялық жазбада нақты сипаттама беріледі, орман орналастыру планшеттері мен орман алқаағаштарының планында нұсқасы сыйылады.

Орамдардың таксациялық телімдерге бөлінуі, бірінші кезекте орман қорын мемлекеттік есепке алу құжаттарындағы есептелінетін жер түрлерінің ерекшелігі бойынша жүргізіледі.

88. Орман қорының барлық жері негізгі екі жер түріне бөлінеді - орманды және ормансыз.

89. Орманды жерлерге ағаш-бұта өсімдіктерімен қамтылған жерлер және ағаш-бұта өсімдіктерімен қамтылмаған орманның белгілері сақталған жерлер жатады. Олар төмендегідей болып бөлінеді:

- 1) орманмен қамтылғаны, соның ішінде орман екпелері;
- 2) арнайы мақсаттағы плантациялар, олардан:
өндірістік және энергетикалық мақсаттар үшін;
азықтық және басқа да мақсаттар үшін;
- 3) жинақталмаған орман екпелері;
- 4) орман тұқымбақтары;

5) орманмен қамтылмаған - ағашы кесілген жерлер и орман орналастыру жылындағы кеспеағаштар, өртендер және өлген алқаағаштар, алаңқайлар, сирек ағаштар.

90. Орманмен қамтылған жерлерге толымдылығы - 0,3 және одан жоғары барлық жас топтарындағы, 1 және 2 жас класындағы балаусалардан басқа ағаш - бұта өсімдіктері мен толымдылығы 0,4 және одан жоғары балауса ағаштар жатады. Оған сонымен қатар табиғи-географиялық жағдайына байланысты ағаш тұқымдылары өспейтін немесе арнайы бұта шаруашылығы ұйымдастырылған жер участекелері мен орташа қалыңдықта өскен бұталар жатады.

Белгіленген ереже бойынша, нормативтік орман тасациялық көрсеткіштеріне жеткен, толымдылығы 0,4 және одан жоғары себебі немесе көшет отырғызу жолымен өсірілген ағаш тұқымдыларының, сексеуілдің, бұталардың орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылған орман екпелерінің участекелері орманмен қамтылған жерлер деп есептеледі.

Сонымен бірге, оларға орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылған көріністік, декоративтік, ландшафттық орман екпелері және қайта құру жолымен өсірілген орман екпелері, қайта құру стадиясындағы екпелер, мемлекеттік орман қорғау екпелері, жол бойындағы орман жолақтары және орман екпелеріне ілеспе тұқым ретінде отырғызылған, негізгі тұқым жойылғаннан кейін тірі сақталған бұталар жатады.

Жалпы толымдылығы 0,3 және одан төмен 1 жас класындағы балауса ағаш участекелері орманмен қамтылмаған орман жерлеріне жатады, олар ағашы кесілген жерлерде, өртендерде, жойылған алқаағаштарда немесе алаңқайларда орналасады.

Кез-келген жастағы толымдылығы 0,1 – 0,3 болатын бұталар ормансыз жерлер түріне жатқызылады.

91. Орманмен қамтылған жерлер төмөндегідей таксациялық көрсеткіштермен сипатталады: жас класының ұзактығы 1, 2, 5, 10, 20, 40 - жыл, жас топтары балауса ағаштар - 1-2 (бірінші-екінші) жас кластары; орта жастағылар, 3 (үшінші) және жоғары жас класындағылар; пісіп келе жатқандар - бір жас класындағы (кесу жасының алдындағы); пісіп жетілгендер - екі жас класындағы (кесу жасын сипаттайтын); көнергендер - кесу жасынан өткен жас класы. Барлық жас топтарына толымдылығы 0,3 және одан жоғары, балауса ағаштардан басқа (балауса ағаштар - 0,4 бастап) алқаағаштар жатады. Олардың орташа биіктігі, диаметрі, толымдылығы 0,3-тен 0,4-1,0 дейін, толымдылығы 0,3 - 0,4 төмен, орташа толымдылықты - 0,5-0,7; жоғары толымдылықты - 0,8-1,0; орташа бонитеті - 1 б - 5 б дейін, жоғары бонитеті - 16 - 2 бонитет класы, орташа бонитеті - 3-4, төменгі бонитеті - 5-5 б; орташа класс тауарлығы 1-ден 4 дейін.

92. Арнайы бағыттағы плантацияларға жататын плантациялар:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттағы (жиһаздық және құрылымдар өнеркәсібі мен басқа да мақсаттарға пайдалану үшін қысқа мерзімде жоғары өнімді терек және жоғарғы қуатты отын алқаағаштарды алу).

2) азықтық және басқа мақсаттардағы (жеміс-жидек және басқа да плантациялардың әртүрлі түрлері);

93. Жинақталмаған орман екпелерін орманмен қамтылған жерлерге ауыстыруға таксациялық көрсеткіштері нормативтік талаптарға жетпеген, жерсінуі 26 (жыырма алты) пайыз және одан жоғары себілген немесе көшеттен өсірілген орман екпелерінің жер түрлері жатады. Оларға тағы да көріністік, декоративтік, ландшафтық, қайта құру жолымен өсірілген мемлекеттік қорғаныш орман жолақтары, жол бойындағы орман жолақтары жатады. Жерсінуі 25 (жыырма бес) пайыз және одан төмен орман екпелерінің участекелері өлген орман екпелеріне жатады және олар бұрынғы өз жер түрлеріне жатқызылады.

94. Орман тұқымбағына орман қоры аумағындағы ағаш және бұта тұқымдылар көшетін өсіруге арналған тұрақты участекелер ауданы жатады.

Жобасыз ағаш - бұта тұқымдыларының көшеті өсірілген жер участекелері бұрынғы жер түрлеріне жатқызылады, таксациялық сипаттамада уақытша тұқымбақ деген белгі қойылады.

95. Орманмен қамтылмаған жерлерге ағаш және бұта тұқымдыларының қайта түлеуге өскіні жоқ немесе жеткіліксіз, бірақ орман өсіруге жарамды орманды жер участекелері жатады. Оған жататындар:

1) кесілген жерлер – басты пайдалану кесулерін жүргізудегі алқаағаштары кесілген, ал жаңа буын құралмаған орман ауданы. Кесілген жерлер болып, табиғи түлеп немесе орман екпелерін отырғызып, нәтижесіне байланысты орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылғанша сақталады.

2) орман орналастыру жылышындағы кеспеағаш – далалық орман орналастырылатын жылы басты пайдаланудағы жаппай кеспеағаш кесуге ағаш кесу билеті берілген және белгіленген алқаағаштар (немесе біртіндеп кесулердің соңғы жүргізулери).

Телім алқаағаш секілді орналастырылатын жылғы кеспеағаш толық таксациялық сипаттамасымен, қорсыз грифпен жазылады.

Орман қоры есебінде ондай телімдердің ауданы ағашы кесілген жерге жатқызылады

Алдағы жылға ағаш кесу билеті бойынша кесуге берілген және белгіленген алқаағаштар, жаппай кеспеағаш кесуге белгіленген белгімен, қабылданған алқаағаштар түрінде жазылады.

3) өртендер және өлген алқаағаштар - толығымен өрттен жойылған (өртен) немесе энтомо- және фитозиянкестерімен жаппай зақымданған, түбірінен қураған, табиғи апаттың әсерінен (желден, бораннан, қардан сыну), өнеркәсіп кәсіпорындарының зиянды заттарды тастау әсерінен қураған (өлген), ал жаңа буын әлі құралмаған орман ауданы.

Өртендер немесе өлген алқаағаштар аталуы олардағы өлген сүректерде жаппай санитарлық кесу жүргізіп тазалағаннан кейін олардың табиғи түлеуі немесе орман екпелерін өсіру нәтижесінде орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылған кезеңіне дейін сақталады.

Ағаштар (бұталар) жартылай зақымданғанда егер қалған өсіп тұрған орманның толымдылығы 0,4-балаусалар мен бұтанікі, үлкен жастағы тобы 0,3-жоғары болса (өрт болған жылы, алқаағаштардың өлгені белгіленеді), олар алқаағаштар (бұталар) санатында қалады.

Өртендер мен өлген алқаағаштардың үлкендігі едәуір ауданы, оларда өлген немесе өсіп тұрған орманның бар - жоғына байланысты, қор көлеміне және сүрек дайындауға жарайтын сүректің тауарлығына, сонымен бірге орманды қалпына келтірудің табыстылығы мен сипатын анықтайтын орман өсу жағдайы типінің әртүрлілігіне байланысты жеке таксациялық телімдерге бөлінеді.

Толымдылығы 0,3 болатын балауса ағаштардың жеке өсіп тұрған участкерлері олардың бұрынғы тұрлеріне жатқызылады;

4) алаңқай жерлер – орман өсімдіктерінің элементі сақталған, ағашы жоқ орман ауданы (өсіп тұрған жеке ағаштары бар немесе жоқ, табиғи түлеуі жеткіліксіз немесе жоқ, топырақ жағдайы мелиоративтік шараларды жүргізуге, қосымша шығынсыз сүрек тұқымды алқаағаштарды өсіруге болатын).

5) сирек орман- толымдылығы 0,1-0,2 болатын табиғи қалыптасқан (бірінші және екінші жас класындағы балауса ағаштардан басқа) сүрекдің, топырақ жағдайына байланысты бұдан үлкен толымдылықта алқаағаштар табиғи күшімен өспейді.

Антрапогендік әсердің немесе табиғи факторлардың (шала кесу, өрт, энто-фитозиянкестер, жел және басқа) нәтижесінде құралған толымдылығы 0,2 және

одан төмен сүрекдіндер ағашы кесілген жерлерге, өртенге немесе өлген алқаағаштарға жатқызылады, тіршілікке икемді ағаштар белгіленеді.

96. Ормансыз жерлерге алдын - ала мелиоративтік немесе қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген, ағаш өсіруге жарамайтын жерлер жатады.

Оған жататындары:

1) жыртылған, тыңайтылған жерлер:

жыртылған жерлер (елді мекендерден тыс жерлердегі бау-бақшаны қосқанда)-тұрақты ауылшаруашылық өндірісіне қолданылатын жерлер;

тыңайтылған жерлер - бір жылдан астам уақыт ауылшаруашылық дақылдары егілмеген және сүрге дайындалмаған, бұрынғы жыртылған жерлер;

2) шабындықтар - тұрақты шебі шабылатын жерлер;

3) жайылымдар - мал жаюға арналған жерлер (өріс, субальпі және альпі шалғыны және басқа);

4) жолдар, орам соқпақтары, өртке қарсы жолақтары - орман қорының құрамынан шығарылмаған барлық бағытқа арналған жолдар, орам соқпақтары, өртке қарсы жолақтар, соқпақтар;

5) елді мекендер - негізінен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты және ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жұмыс істейтін адамдарға арналған, кісі тұратын және тұрмайтын үйлер салынған жер участекелері (орманды ауылдар, орман күзетінің кордондары, қыстаулар, қызметтік жер үлесі, өнеркәсіп және әкімшілік ғимараттар, қоймалар, төменгі орман қоймаларын қоса және басқалары);

6) сулар - көлдер, өзендер, бұлактар, тоғандар, су қоймалары, каналдар, мелиоративтік жүйелер және басқалары;

7) батпақ - ылғалы көп, ағаш- бұта өсімдіктері жоқ немесе бірлі-жарым кездесетін участекелер. Егер мұндай участекелерде жасы балауса ағаштан үлкен, толымдылығы 0,1-0,2 болатын сүрек тұқымды өсімдіктер болса, олар табиғи сирек ормандарға жатқызылады, ал толымдылығы 0,3 және одан жоғары болатын сүрек және бұта тұқымдылар орманмен қамтылған жерлерге жатқызылады. Толымдылығы 0,1-0,3 болатын бұталар ескерілмейді. Оларға тағы да тоғайға және жайылма аумақтарына тән ылғалы мол топырақтарда өсетін қамыс, қоғалар жатады;

8) құмдар - сүрек-бұта өсімдіктері өспейтін көшпе құмдар, өзен қайраны және құмды шаймалар;

9) мұздықтар - ылғи мұз жамылып жатқан жерлер;

10) басқа жерлер - оған тік беткейлер, жартастар, тас үгінділер, шөгінділер, ұсақ тасты жерлер, сортандар, сор жер, көшкіндер, орман қоры құрамынан шығарылмаған электр және байланыс желілері, газ құбыры, су құбыры және мұнай құбыры, сайлар, құрғақ өзек, тақырлар, бұзылған жерлер, карьерлер, қоқыс төгетін және өндіріс қалдықтарын төгетін жерлер, алаңқайлар жатады. Оған жататыны: алаңқайлар, ландшафттық, аңшылық мақсатында демалуға арналған жерлер. Алаңқайлар МОҚ

санаттарына бөлінеді - қала ормандары және орман парктері, елді мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелеріндегі жасыл аймақтар, ерекше қорғалатын орман аумақтары (қорықтардан басқа).

Тік беткейлер, егер олар басқа жер түрлеріне жатқызылмайтын болса (жайылымдар және басқалар), беткейдің тіктілігі 5 және одан жоғары таулы жерлерде бөлінеді.

97. Мелиоративтік жұмыстары жүргізілген участкелер пайдаланылатын жер түріне жатқызылады.

98. Орман тұқымбақтары, табиғат ескерткіштері, ландшафтық, географиялық және синалатын екпелер, клондық архив (мұрағат), экзотикалық және аса құнды тұқымдылар участкелері, ағаш тұқымы плантациясы, коллекциялық- аналық участкелер тұқым қуалаушылықтың қасиеттерін тексеру үшін орман орналастырудың барлық разрядтарында бөлінеді, оларды белгілеген масштабта планшетке түсіру мүмкін болса, бұл участкелердің мөлшері кіші болса, олар планшетке шартты белгілермен түсіріледі. Таксация карточкасында және таксациялық жазбада осы телімдерде бар деген белгі қойылады және осы участкенің ауданы мен таксациялық сипаттамасы көрсетіледі.

99. Орманмен қамтылған жерлерді таксациялық телімдерге бөлу алқаағаштардың таксациялық белгілеріндегі мына өзгешеліктері бойынша жүргізіледі: шығуы, құрылымы, құрамы, толымдылығы, бонитет класы, жасы, орташа диаметрі, биіктігі, тауарлығы, орман типі, өскіні, экспозициясы, беткейдің тіктілігі, радиациялық және өндірістік ластану дәрежесі.

Жасыл аймақтың, ерекше қорғалатын орман аумағының таулы аумағын орналастырғанда орманмен қамтылған жерлерді таксациялық телімдерге бөлудің қосымша белгілері беріледі.

Орманмен қамтылған орман жерлері телімдерге төмендегідей көрсеткіштер бойынша бөлінеді:

1) өсуі бойынша алқаағаштар табиғи (тұқымнан және өскіннен) және қолдан өсірілгенге (орман екпелері) бөлінеді. Табиғи алқаағаштарды тұқымдық немесе өскіндіктер категориясына жатқызу ондағы ағаштардың пайда болуының басымдылығына сәйкес жүргізіледі. Екеуінің үлесі бірдей болса, бірінші орынға тұқымдықтар қойылады.

2) алқаағаштар құрылымы бойынша қарапайым - бір қабатты және күрделі - көп қабаттыға бөлінеді.

Қабаттылығы дегеніміз - ағаш шоғырының биіктік деңгейі бойынша анық шектеліп, сүрекдіндердің вертикалды бөлінуі.

Бір қабатты алқаағаштар дегеніміз - бір қабаттан құралатын орман участкелерінің сүрекдіндері.

Көп қабатты алқаағаштар - анық бірнеше қабатты сүрекдіндерден құралатын орман участкелері.

3) алқаағаштар ағаш түрлерінің араласу дәрежесі бойынша таза және аралас болып бөлінеді.

Таза алқаағаштардың құрамын құрайтын ағаш түрінің бірлігі біреуден артық болмайды. Ал алқаағаштың құрамын құрайтын ағаш түрінің бірлігі екі және одан көп болса, онда олар аралас алқаағаштарға жатады.

4) құрамы бойынша алқаағаштар негізгі орман элементтері әр түрлі болғанда және құрамындағы коэффициент бірлігінің айырмасы 2 және одан артық болған жағдайда бөлінеді.

Ағаш тұқымдыларының құрамында, Ағаш кесу ережесінде берілгендей, аса құнды сүрек тұқымдылары, экзоттар және жабайы жеміс тұқымдылары 10 (он) пайыз болса (құрамында бір бірлік) олар таксациялық телімдерге бөлінеді.

5) егер алқаағаштар әр түрлі жас топтарына жататын болса, ал топтар шегінде – олардың орташа жастарында бір жас топтарынан артық айырмашылық болса, алқаағаштар жас тобы бойынша бөлінеді.

Алқаағаштың жасы деп негізгі орман элементтерінің орташа, ал орман екпелері үшін нақты жасы қабылданады, отырғызу жылы бойынша анықталатын, оған тамыр жүйесі жабық отырғызу материалдарынан және қайта құру әдісімен өсірілген орман екпелері қосылады.

Алқаағаштар бір жастағыларға және әр түрлі жастағыларға бөлінеді.

Бір жастағы алқаағаштарға - ағаштардың жас арасындағы айырмасы 2 (екінші) жас класына дейінгі орман участкесіндегі сүрекдіндер жатады.

Әртүрлі жастағы алқаағаштарға - ағаштардың жас арасындағы айырмасы 2 жас класы және одан артық артық болатын орман участкесіндегі сүрекдіндер жатады.

6) тауарлығы бойынша алқаағаштар негізгі орман элементтеріндегі айырма бір тауарлық класы болғанда бөлінеді және толысушы, толысқан және көнерген алқаағаштардың тауарлық класын анықтау әдісі Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 4-қосымшадағы 4-кестеге сәйкес анықталады.

7) жеке телімдерге орман ауруларымен және шірікпен зақымданған 15 (он бес) пайыздан кем болмайтын орман участкелері бөлінеді;

8) алқаағаштар қалған таксациялық көрсеткіштері бойынша орманның негізгі элементтерінде төмендегідей айырма болғанда бөлінеді:

толымдылығы бойынша 0,2 бірлік және жоғары;

орташа диаметрі бойынша 4 (төрт) сантиметр және одан жоғары;

бiiktiгi бойынша 20 (жиырма) пайыз және одан жоғары;

бонитет класы бойынша 1 класс;

беткейдің тіктілігі бойынша 5 (бес) градус және одан жоғары;

беткейдің әр түрлі экспозициясында.

9) себу немесе көшетпен өсірілген орман екпелері, орман астарында орман екпелері бар немесе тіршілікке бейім шаруашылық құнды тұқымдардың қанағаттанарлық өскіні

бар алқағаштар, сонымен қатар, таксациялық сипаттамасы ұқсас, бірақ түрлі шаруашылық шараларды қажет ететін участеклер жеке телімдерге бөлінеді.

100. Таулы аудандарда шаруашылық шараларын жүргізуге қол жетімді және қол жетімсіз орамдарға бөлінеді. Қол жетімсіз орамдарға жол-транспорт жүйесінің жоқтығына байланысты алдағы тексеру кезеңіне орман шаруашылық шаралары жобаланбайтын орамдар жатады. Қол жетімсіз орамдардың тізбесі бірінші орман орналастыру кеңесінде белгіленеді.

Натуралық таксация жүргізу кезінде қол жетімсіз орамдарда орманшаруашылық шаралар орманшаруашылық әсерді қажет ететін барлық телімдерде белгіленеді. Орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында және басқа да құжаттарда қол жетімсіз орамдар бойынша мәліметтер бөлек келтіріледі.

Параграф 2. Таксацияның әдістері және дәлдік нормативтері

101. Орманды таксациялау алқағаштың таксациялық көрсеткіштерінің нормативтік дәлдігін анықтауды қамтамасыз ететін әдістерімен жүзеге асырылады. Таксацияның дәлдігі телімдегі алқағаштардың таксациялық көрсеткіштерін анықтағанда жіберілетін қателердің нормативтерімен анықталады.

102. Орман орналастыру кезінде таксацияның көзмөлшерлік, дешифровкалық, көзмөлшерлі-өлшеу және өлшеу-санау әдістері қолданылады. Түрлі таксациялық объектілердегі әртүрлі орман орналастыру разрядтары үшін осы әдістерді қолдану алқағаштардың таксациялық көрсеткіштерінің нақты анықталуына кепілдік береді. Бұл туралы бірінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасында тиісті жазба жасалады.

Дәлдігін арттыру үшін таксацияның әр-түрлі тәсілдерін қосып пайдаланады.

103. Таксациялық көрсеткіштерін анықтаудағы дәлдіктің негізі ұжымдық жаттығу кезінде және өндірісте жинақталған тәжірибе болып табылады. Телімдерді таксациялаудың нормативтік дәлдігі телімдердің сапалы қаралуын қамтамасыз етеді. Таксациялық сипаттамада, шаруашылық нұсқауында, алдын-ала дешифровка жасалған және нұскаланған телімдерде айырма рұқсат етілетін қате шегінен артық болса, бұл бөліктердің нұсқасы сзызылып, жеке телім ретінде таксация жасалады. Таксациялық көрсеткіштер құрамын, толымдылығын, биіктігін, диаметрін, жасын, тауарлық класын, қорын анықтау дәлдігі өлшеп-санау өлшемдерімен нақтыланады.

104. Таксациялық көрсеткіштерді анықтаудың дәлдік нормативтері таксация жүргізу кезінде рұқсат берілетін дәлдік нормативтеріне сай Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 1-қосымшадағы 5-кестеге сәйкес анықталады.

Орманды таксациялау кезінде орман орналастырудың барлық разряды бойынша жіберілмейтін қателерге мыналар жатады:

қажетті шаруашылық шара түрлерінің дұрыс белгіленбеуі немесе олардың жоқтығы, орман екпелерін отырғызуда негізгі ағаш түрінің дұрыс анықталмауы, нұсқаулар мен ережелерге сәйкес берілетін сүрек шығымы пайызының дұрыс белгіленбеуі;

Әсіресе толысуши және толысу шегіндегі алқаағаштардың жасын дұрыс анықтауға, орманды қарқынды пайдалану аймағына негізді жатқызуға ерекше назар аударылады.

105. Көзмөлшерлі таксацияның нәтижесін өлшеп-санау мәліметтерімен нығайту қажет болғанда, радиусы тұрақты шенберлі аландардың орналасу схемасы дешифровка жасалған аэрофотосуреттерге алдын-ала түсіріледі. Аэрофотосурет бойынша, телімдегі сүрекдіңің құрылымы, оның жер бедері элементіне ұштастырылуы анықталады. Осы мәліметтерге және анықталған немесе өткен орман орналастырудың мәліметтері бойынша алынған телімнің ауданына сүйене отырып, аландардың орналасуы жәнесаны анықталады.

106. Егер телімде немесе орман орналастыру аумағы объектісінің бөлігінде дешифровка жасау әдісімен таксациялау белгілеген болса дешифровка арнайы әдіспен жасалады.

Орманды таксациялау кезінде аэрофотосуреттерді дешифровка жасауда жер түрі және олардың жағдайы, алқаағаштардың қоры, толымдылығы, бонитет класы, орман типтерінің тобы, орташа биіктігі мен диаметрі, жас класы, құрамы, телімнің нұсқасы берілген нормативтік дәлдікпен анықталады. Негізсіз телімдердің нұсқасын өзгертпеу үшін және телімдердің бұрынғы берілген таксациялық сипаттамасының сабактастырының анықталған ауытқулардың себебін талдау үшін алынған сипаттамалар стандартты пішінде бекітілген таксация карточкасына жазылады. Егер ауытқулар берілген нормативтен асып кетсе және олар аэрофотосуретке қосымша стереоскопиялық талдау жасау жолымен жойылмаса, телім аралап таксацияланады.

107. Орманды іріктең өлшеп-санау әдісін қолданып таксация жасағанда алқаағаштардың көріну жағдайына байланысты (көзбен шолуды шектейтін өскіннің бары немесе жоқтығы) реласкопиялық немесе радиусы тұрақты шенберлі санау аландары салынады. Олардың саны телімдегі алқаағаштардың құрылымы мен толымдылығына және телімнің көлеміне байланысты.

Алаңның саны 4-тен көп болса, олар телімде статистикалық тенденцияпен орналасады, төрт және одан аз болса-телімнің әр бөлігінде, алқаағаштың сипатына тән жерлерге орналасады.

Реласкопиялық санау аландарын статистикалық тенденцияпен орналастыру абриске немесе аэрофотосуретке түсірілген, алдын-ала жасалған схема бойынша жүргізіледі. Таңдалған аландардың орналасу схемасын нақты түсіруді қатаң сақтау - негізгі талап болып табылады. Алаңның ортасына алаңның нөмірі көрсетілген қазық бекітіледі.

Шенбер тәрізді аландарды таксация жүргізілетін телімнің шегінен шығармау үшін олардың орталық нүктесі фотоабристе нақты анықталған нүктеден бастап, компастың, қадам өлшегіштің немесе басқа да өлшегіш құралдардың көмегімен телімге түсіріледі.

Негізгі пункттен немесе бұрынғы алаңшадан соған дейінгі қашықтық дәл анықталсада, белгіленген нүктеден өз еркімен алаңның орталық нүктесі жылжытылмайды.

Реласкопиялық аландарда қима ауданының жиынтығын анықтау толымдылық өлшегішпен, призмамен немесе айналы реласкоппен әр қабат үшін жеке жүргізіледі.

Толымдылық өлшегішпен шеңберлі реласкопиялық аландарды жасау және оларды тексеру әдістері, сонымен қоса тұрақты радиусты алаңдардың шекарасын бөлу жұмысы Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 13-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Орманның негізгі элементтерінің және жиі кездесетін құраушы тұқымдылардың орташа биіктігін анықтау үшін телімде орташа жақын

3-5 есептегі ағаштардың биіктігі құралмен өлшенеді және қажеттілігіне қарай, жасын анықтау үшін бұрғымен үлгі алынады.

Тұрлі жастағы сүрекдіндердің әр алаңында, әр буынның орташа ағаштарының биіктігі өлшенеді.

Реласкопиялық аландардағы барлық өлшем мәліметтері таксация карточкасына жазылады.

Орташа биіктік пен орташа диаметр орташа арифметикалық мағынадағыдан орташа ағаштардың орман элементтерін өлшеп анықталады.

Тұрақты радиусты шеңберлі (дөңгелек) санау алаңын салғанда алдын-ала оның радиусы анықталады. Оның көлемі сүрекдіңінде орташа диаметрі мен толымдылығына байланысты. Бір аланда орта есеппен 15 (он бес) ағаштан кем болмайды.

Шеңберлі санау аландарының радиусын табу үшін Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына берілген 6-кестені басшылыққа алу керек.

Аландағы ағаштарды санау орман элементтері бойынша жүргізіледі. Кеспеағаштар техникалық жарамдылығы бойынша кәделік, жартылай кәделік және отындық ағаштарға бөлінеді.

Телімде салынған дөңгелек аландарда ағаштарды санаудың мәліметтері жинақталады және оны өңдеу сынақ алаңдары үшін жалпы қабылданған әдістермен жүргізіледі.

Әр тұрлі сүрекдің санаттарында салынатын реласкопиялық аландардың саны олардың телімдегі толымдылығына байланысты ± 15 (он бес) пайыз дәлдікпен Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына берілген 1-қосымшадағы 7-кестеде келтірілген.

Параграф 3. Алқаағаштың таксациялық көрсеткіштерін анықтау тәртібі, орман қорының басқа да жерлерінің сипаты

108. Алқаағаштарда таксация орман элементтері бойынша қабаттарға бөлініп, ал әртүрлі жасты алқаағаштарда - жас буыны бойынша жүргізіледі. Әр орман элементі үшін орташа жасы, биіктігі және диаметрі, ал пісіп келе жатқан, пісіп жетілген және көнерген алқаағаштарда-тауарлық класы анықталады. Таксациялық көрсеткіштердің

нақтылығын анықтау Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына берілген 1-көсімшадағы 8-кестеде берілген.

109. Сүрекдің қабатын бөлу төмендегідей жағдайда жүргізіледі:

1) әр қабаттың толымдылығы 0,3-тен кем емес (балауса ағаштарда - 0,4);

2) қабаттардың орташа биіктігіндегі айырма - жоғарғы қабаттың биіктігі 16 (он алты) метрге дейін болғанда 4 (төрт) метрден кем емес, жоғарғы қабаттың биіктігі 17-ден 25 (жиырма бес) метр дейін болғанда 5 (бес) метр және жоғарғы қабаттың биіктігі 26 (жиырма алты) метр және одан жоғары болғанда 6 (алты) метр.

Негізгі қабат болып 1 гектардағы қоры көбі есептеледі, ал қорлары тең болғанда - шаруашылық маңызы артығы негізгі болып табылады.

110. Қабаттарға бөлу мүмкін емес, әртүрлі жастағы сүрекдіңдер жас буыны бойынша таксацияланады.

Бір тұқымды сүрекдіңдерін буынға бөлу жас айырмашылығы 2 (екі) және одан көп жас класы болған жағдайда жүргізіледі:

Орташа диаметрінің айырмашылығы 4 (төрт) сантиметр кем емес, ал әр бір буынның еншісінің қоры 20 (жиырма) % кем емес.

Ағаш құрамындағы буын саны екі бірліктен кем болмаған жағдайда, олар бөлінеді. Буындардың басымдылығы болып сүрек қорының көп болғаны есептеледі.

Сүрекдіңдердің өсу аймағына байланысты буындарға бөлудің белгілері, өкілетті орган бекітетін қосымша, өнірлік ережелермен немесе техникалық нұсқаулармен анықталады.

111. Алқаағаштардың тұқымдық құрамы ағаш түрлері қорларының проценттік қатынасымен анықталады және Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 14-көсімшасына сәйкес ағаш түрлерінің қысқаша атаулары келтірілген формуламен рәсімделеді. Сонымен қатар құрамындағы әрбір сүрек тұқымының үлесі ондық сан коэффициенті түрінде әрқайсысы жалпы қордың 10 (он) пайызына сәйкес.

Алқаағаштардың жалпы қорынан 3-5 (үш-бес) пайызы қор құрайтын ағаш түрлерінің құрам формуласына "+", ал 1-2 (бір-екі) пайызы "жеке" деп жазылады.

Бірінші жас класындағы балауса ағаштардың құрамы дің сандарының қатынасына байланысты анықталады.

112. Таксацияланатын алқаағаштарды негізгі орман құрайтын түрлердің қылқанды, қатты жапырақты немесе жұмсақ жапырақты тобына жатқызу және сүрекдің басым түрін (қабатты) анықтау - таксацияның маңызды мақсаты болып табылады.

Егер сүрекдіңдердің құрамындағы ағаш түрлерінің саны 5 бірлік немесе одан көп болса (3Майқарағай 1Шырша 1Балқарағай 5Қайың), олар қылқанды (Нұсқаулықтың 113 пунктінде көрсетілген тұқымдардан басқа) алқаағаштарға жатқызылады. Балауса және екпе алқаағаштарда – 4 (төрт) бірліктен аз болмайды (3Майқарағай 1Шырша 6Қайың). Мұндай алқаағаштарда түр тобының құрамында ең үлкен коэффициенті бар ағаш түрі басым болып бірін орынға қойылады.

113. Егер самырсын, алма (Сиверс алмасы), жаңғақ (грек жаңғағы) ағаштарының барлық жас тобында олардың құрамын қатысу үлесі үш бірлік және одан көп болса (3 Самырсын 7 Қайың, 3 Алма 4 Қайың 3 Қектерек) онда алқаағаштар самырсынды, алмалы, жаңғақты болып табылады.

Егер емен (өте әдемі емен), шаған (шарын шағаны), тораңғы ағаштарында олардың құрамына қатысу үлесі төрт бірлік және одан көп болса, ал балаусаларда – үш бірлік және одан көп болса (4 Емен 6 Қайың, 4 Тораңғыл 6 Терек, балаусаларда - 3 Емен 7 Қайың) онда алқаағаштар еменді шағанды, тораңғылды болып табылады.

114. Басқа жағдайлардың барлығында негізгі тұқым болып құрамында ең үлкен коэффициенті бар ағаш түрі саналады (5 Қайың 4 Майқарағай 1 Терек, 4 Қайың 3 Қектерек 2 Майқарағай 1 Т, 4 Майқарағай 3 Қайың 3 Қектерек).

115. Егер екі немесе одан көп ағаш түрлерінің қатысу үлесі бірдей болса, онда маңыздылығы басым тұқым басқасынан жоғары болып саналады (тұқымның маңыздылығының тізімі 1-ші орман орналастыру кеңесінде анықталады) (3 Майқарағай 3 Қайың 3 Қектерек 1 Терек, 4 Қайың 4 Қектерек 2 Майқарағай, 5 Ска 5 Скқ).

116. Орташа жас алқаағаш құрамындағы әр тұқым түріне анықталады. Егер алқаағаштың, ағаш түрлерінің жастары бірдей немесе олардың жас айырмашылығы оны анықтау дәлдігінің шегінен аспаса, жасы жалпы алқаағаш бойынша анықталады.

Әртүрлі жастағы алқаағаштардың (егер буынға бөлу мүмкін емес немесе тиімсіз болса) орташа жасы сүрекдіндегі басым түрдің жасы бойынша белгіленеді.

117. Бонитет класы Қазақстан ормандарын таксациялау нормативтерінде берілген шкала бойынша негізгі орман элементтерінің орташа жасы мен орташа биіктігі бойынша анықталады.

Он жасқа дейінгі балауса ағаштарда бонитет класы есіп тұрган немесе ұштасып жатқан алқаағаштардың жер жағдайына байланысты белгіленеді.

Орташа биіктігі мен жасы бойынша анықталатын бонитет класы осы алқаағаш түріне берілген орман типіне сәйкес келмеген жағдайда, оның себебі (батпақтануы, құрғақтануы, өрт, орман зиянкестері және басқа) таксация карточкасында белгіленеді.

118. Орман типінің топтары орналастырылатын объектінің аймағы үшін жасалған диагностикалық белгілері бойынша белгіленеді. Негізгі диагностикалық белгілеріне мыналар жатады: топырақ - жер жағдайы, ылғалдылық деңгейі шөпті өсімдіктер және бұталар (осы жағдайдың индикаторлары), сүрекдің бонитетінің класы т. б.

119. Алқаағаштың толымдылығы - таксациялық телімдегі (1,3 метр-кеуде биіктігінде) көзмөлшермен немесе өлшеу-санау әдісімен анықталған ағаштардың қылым ауданы жиынтығының оннан бір үлесінің осы ағаш түрлерінің қорлары мен қылым ауданы жиынтығы мен стандартты кестесіндегі оптималды толымдылығының (1,0) таксациялау нормативтері ара қатысы болып табылады.

Толымдылық телімдегі алқаағаштың әр қабаты үшін жеке анықталады.

Табиғи және қолдан өсірілген сұрек тұқымдылардың балауса ағаштарында, сексеуілдерде, кейбір жемісті алқаағаштарда және бұталарда толымдылық желектің жинақталу дәрежесі бойынша анықталады (қима аудандары мен қорлары жиынтығының стандартты кестесінде берілмеген жағдайда).

Егер толымдылық 1,0 артық болса (қима ауданы жиынтығының кестедегі көрсеткіштермен салыстырғанда) ол туралы таксация карточкасында және таксациялық сипаттамада белгі қойылады.

120. Өсіп тұрған сұректің 1 гектарға қоры көз мөлшерімен таксациялау кезінде әр қабат шегіндегі басым тұқымдылар бойынша, орташа өлшенуі бойынша құраушы тұқымның орташа биіктігі мен толымдылығын есепке ала отырып, орналастырылатын объекті үшін тексерілген қима аудандары мен қор жиынтығының кестесі бойынша анықталады.

121. Орманмен қамтылмаған және ормансыз жерлердегі сирек және жеке тұрған ағаштар, балауса ағаштар мен орта жастағы алқаағаштардан өзінің жасы және мөлшері бойынша ерекшеленетін ағаштарда, бекітілген норматив бойынша қабаттарға бөлінбейді. Олар жеке ағаштар деп таксацияланады. Олар үшін таксация карточкасында тұқымның құрамы, жасы мен 1 (бір) гектарға қоры анықталады және толтырылады.

122. Алқаағаштарда орман зиянкестерімен, аурулармен, жануарлармен, өндірістік кәсіпорындардың атмосфераға тастаған зиянды қалдықтарымен және басқа да факторлармен зақымданған және қураған жас ағаштар болған жағдайда, таксациялық карточкаға олардың құрамы, жасы, биіктігі, диаметрі және 1 (бір) гектарға қоры, ал қосымша мәліметтер макетінде зақымдану себептері мен зиянкестердің және зақымданған ағаш ауруларының тұрлери көрсетіледі. Ескі қураған ағаштар мен шөпшектер үшін таксация карточкасында тек 1 (бір) гектардағы қоры анықталады.

Кесуге жататын мұндай ағаштардың 1 (бір) гектарға минималды қоры бірінші орман орналастыру көнешімен бекітіледі.

Өлген алқаағаштарды таксациялағанда, тіршілікке бейім бөлігінің толымдылығы 0,1-0,2 құраса, таксациялық сипаттама тірі сақталған жекелеген ағаштарға (жеке ағаштар ретінде есептеледі) және сүрекдіңің тірі сақталмаған бөлігіне жеке беріледі.

Тауарлық сапасы сақталған сүрекдіңің өлген бөлігі үшін 1 гектарға сұректің өтімді қоры, орташа биіктігі, жасы, құрамы, әр құраушы тұқымның орташа диаметрі мен тауарлық класы көрсетіледі.

123. Қолдан өсірілген екпелерді (ұлken жастағы екпеағаштарды) таксациялау кезінде анықталатын көрсеткіштер табиғи алқаағаштарда да анықталады, олардың жай-күйінің бағасы көрсетіледі.

124. Тексеру кезеңіндегі екпелерді таксациялағанда отырғызылған жер түрі негізгі және құраушы тұқымдар, құрамы, отырғызу жылы, жасы (отырғызылған жылын қосқанда), жерсінүі (толымдылығы), топырақты дайындау тәсілі мен екпелерді

отырғызу, оларды орналастыру схемасы мен тұқымдардың сапасын бағалау, қанағаттанарлықсыз жағдайлардан бүлінуінің себептері, орындалған шаралардың талдамасы көрсетіледі.

Далалық жұмыстар кезеңінде таксация кезінде Орман екпелерін далалық есепке алу мен келісу ведомосы Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына берілген нұсқаулықтың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады, ол орманшымен келісіледі және орман мекемесінің директоры немесе оның орынбасары бекітеді.

Алқаағаштар құрамында табиғи алқаағаштардың жиынтығынан екпелер құрамы 3/10 бірліктен кем болмаса телім қолдан өсірілетін жерлерге жатқызылады. Жинақталған екпелермен аралас олармен табиғи тұлеулерінің биіктіктерінің айырмашылығы 3 (үш) метрден кем болса, соңғысы құрамға қосылады.

Биіктіктер айырмашылығы 3 (үш) метр немесе одан көп болса, екпелер мен табиғи қоспалар қабат бойынша жеке жазылады, мұндай жағдайа бірінші қабатқа екпелер қойылады.

125. Орман астарында отырғызылған екпелері бар алқаағаштар үстіңгі қабаты бойынша таксацияланады, ал екпе ағаштардың сипаттамасы бөлек көрсетіледі. Екпелерді далалық есепке алу ведомосында олар бөлек жазылады.

Жоғары қабаты кесілгеннен кейін олардың жағдайына байланысты екпелер нормативтерге сәйкес орманмен қамтылған жерлерге немесе жинақталмаған немесе өлген екпелерге жатқызылады.

126. Орманды жаңарту үшін отырғызылған екпелер қатары жанаспағандықтан нормативке сәйкес жинақталмаған немесе өлген екпе ағаш түріне жатады. Бірінші жағдайда таксация карточкасындағы сипаттамасы бірінші болып, ал жаңартылатын алқаағаштар екінші болып жазылады. Екінші жағдайда жаңартылған алқаағаштардың жүргізілуі жазылады.

Орманды жаңарту үшін отырғызылған жинақталған екпелер мен жаңартылатын алқаағаштардың биіктігінде айтарлықтай айырмашылық болғандықтан (4 (төрт) метр және одан жоғары) сипаттамалары бөлек жазылады. Бірінші болып екпелер, ал екінші болып жаңартылатын алқаағаштар жазылады. Бұл телім орманды жерлер түріне – екпелерге жатады.

Орманды жаңарту үшін отырғызылған жинақталған екпелер мен жаңартылатын алқаағаштардың биіктігі шамамен бірдей болған жағдайда олар соңғыларымен бірге бір қабатта таксацияланады.

127. Алқаағаштарды таксациялау кезінде белгіленетін қосымша мағлұматтар:

- 1) құмырсқаның илеуі, оның 1 (бір) гектардағы саны;
- 2) шаруашылық эталонын белгілеу үшін алқаағаштардың өнімділігі, биіктігі мен жағдайы едәуір жақсы болады. Егер басқа алқаағаштармен салыстырғанда таксациялық көрсеткіштері орман өсіру жағдайына сәйкес болса, өнімділігі жоғары және

шаруашылық алдына қойылған талаптарға сай болса, олардың таксациялық сипаттамасы ең жақсы (оптимальды) деп табылады;

3) ағаштардың сөлін ағызу, жүргізу мерзімі және жағдайы;

4) алқаағаштардың тұрақты ағаш тұқымының участкесі мен ағаш тұқымы қорғалымын ұйымдастыруға жарамдылығы және оларды ағаш тұқымының базасына қосу;

5) нақты жасалған тұрақты және уақытша ағаш тұқымы участкелері мен аналық және ұластыру плантациялары туралы белгі;

6) басқа да қосымша мағлұматтардың қажеттілігі бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

128. Орман астарындағы өскіндерді және орманмен қамтылмаған жерлердің түлеуін сипаттағанда мына таксациялық көрсеткіштерді анықтау керек:

1) өміршең өскіндердің үшке дейінгі ең көп түрлерінің санына байланысты тұқымдық құрамы;

2) орташа жасы;

3) орташа биіктігі;

4) өскіндердің саны (1(бір) гектар мың дана).

129. Орман астарын сипаттағанда бұталардың басым түрлері көбінен азына қарай келтіріледі және олардың тығыздық дәрежесі көрсетіледі. Тығыздықтың ауытқуы аймақтық нормативтермен белгіленеді.

Орман астарының тығыздығын бағалайтын нормативтер жоқ болған жағдайда мына ұстанулар қолданылады: қалың – 1 (бір гектар жерде бұталар 5 (бес) мыңнан көп болса, орташа - бұталардың 2,5-5 мың дейін және сирек бұталар – 2 (екі) мың.

130. Анықталып қабылданған орман типі топтарының схемасы бар болған жағдайда топырақ және жер қыртысының шөпті жамылғысы сипатталмайды.

Қажет болғанда топырақтың механикалық құрамы, күлгіндену дәрежесі, ылғалдылығы сипатталады. Эрозия бар жерде анық түрі мен даму дәрежесі көрсетіледі. Таулы жағдайда топырақ қуаттылығы мен жергілікті тау жыныстарының жер бетіне шығу пайызы сипатталады.

Таксация карточкасында жамылғының жемісті және басқа да құнды шөптердің кесіптік жиналуын ұйымдастыруға болатын жиі кездесетін үш түріне дейін көрсетіледі. Олар үшін таксация карточкасында жамылғының жалпы ауданынан жамылғы пайызы көрсетіледі. Емдік және техникалық өсімдіктерді есепке алу жұмыстары бірінші орман орналастыру кеңесінде қосымша қаражат бөлінген жағдайда жүргізіледі.

Жете зерттелген және белгіленген тәртіп бойынша қабылданған жабайы өсетін шикізат ресурстарын табу және есепке алу әдістемесі бойынша орманды таксациялау кезінде азықтық, емдік және шаруашылыққа қажетті өсімдіктерді есепке алу жұмыстары орындалады.

131. Таксациялық телімнің жағдайын көрсету қажет болғанда, оның жер бедері элементтеріне қатынасты орналасуымен сипатталады. Таулы жағдайда орман шаруашылығы шаралары жобаланатын телімдегі бөктердің экспозициясы, тіктілігі, теңіз деңгейінен биіктігі (бұдан әрі - ТДБ) көрсетіледі. Бөктерді тіктілік топтарына бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүргізіледі.

Жер бедері (жазық, таулы) бүтіндей орам үшін көрсетіледі.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

132. Арнайы мақсаттағы плантацияларды сипаттағанда мыналар анықталады:

- 1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттағыларды сипаттағанда: мақсаты мен отырғызу жылы, жасы, құрамы, биіктігі, диаметрі, толымдылығы, қоры;
- 2) азықтық және басқа мақсаттар үшін, орналасу схемасы, 1 (бір) гектардағы ағаштар саны, 1 (бір) гектардағы центнерлік өнімі (орташа статистикалық).

133. Барлық орманмен қамтылмаған жерлерді таксациялағанда бонитет класы мен орман типі топтары анықталады, ал қайта құру шаралары белгіленген телімдерде отырғызылатын ағаш тұқымы көрсетіледі.

134. Кесілген жерлерде, өртенген және істен шыққан (бұлінген) алқаағаштарда орманды кесу және өртену жылы, жел, дауыл құлатқан ағаштар немесе басқа да себептерден зақымдану жылы, өрттің түрі анықталады.

Ағашы кесілген жердегі ұдайы өсіру жұмыстарын механикаландыру мүмкіншілігі мен тәсілі толықтырылады және кесілген жердегі түбір шайырын дайындау көлемін көрсету үшін 1 (бір) гектар түбір саны мен орташа диаметрі, соның ішінде қарағайдың саны айқындалады. Ағашы кесілген жер, өртең мен өлген алқаағаштар орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылмаса немесе екпе ағаш отырғызылмаса, қанша уақыт өтседе өзгеріссіз өз санатында қалады.

Қайта түлемеген ағашы кесілген жерлерді, өртең мен өлген алқаағаштарды таксациялау кезінде, шаруашылық ықпалдың қолайлығы мен орманның ұдайы өсүі үшін механизмдерді пайдалану мүмкіншілігі анықталады, әрі ағашы кесілген қалдықтардан тазарту сапасы, шала кесу мен шығарылмаған сүректің тұқымдық құрамы көрсетіледі.

135. Сирек ормандарды (табиғи) таксациялау кезінде анықталатын таксациялық көрсеткіштер алқаағаштардықімен бірдей (тауарлық класынан басқа). Табиғи сирек ормандар ұдайы өсіру қорына енгізілмейді және кесуге белгіленбейді.

136. Шабындықтар мен жайылымды сипаттағанда олардың типі, жағдайы мен сапасы көрсетіледі.

Типі бойынша суарма, құрғақ алқап және сазды шабындыққа бөлінеді, олар табиғи және жақсартылған болып табылады.

Шабындықтарды сипаттағанда олардың бұталы өсімдіктермен өсіп кету дәрежесі (пайызда), шөпті шабу, дайындау жұмыстарын механикаландыруға әсерін тигізетін тәмпешіктердің, тастандардың, тағы басқа факторлардың болуы және 1 гектар орташа өнімділігінің центнердегі кебу салмағы көрсетіледі.

Шабындықтар мен жайылымдар сапасы бойынша жақсы, орташа және нашарға бөлінеді.

Малдың шектеусіз жайылуынан немесе басқа да себептерден пайда болған эрозиялық процестер таксациялық карточкаға жазылады және қажетті шаруашылық шаралар белгіленеді.

Шабындықтар мен жайылым сапасын бағалайтын нормативтер жергілікті жағдайға байланысты анықталады және олар бірінші орман орналастыру кеңесінде көрсетіледі.

137. Батпақтар бойынша мыналар көрсетіледі: өсімдіктер типі (қияқты, сфагнумды, қамысты), ағаш-бұталы өсімдіктер сипаттамасы мен өсу пайызы.

138. Құмдарда орман өсуге және бекітуге жарамдылығы көрсетіледі.

139. Басқа да пайдаланбайтын және қолайсыз ормансыз жерлердегі жер түрлері анықталады: жартас, ұсақ тау жыныстары, сорлар, тік беткейлер, карьерлер, үйінділер және осы жерлерде орман мелиоративтік жұмыстарын жүргізу мүмкінділігі.

140. Таксация кезінде орам ішімен өтетін орман мекемесі құрамынан шығарылмаған жолдар, өзендер, жылғалар және басқа да құрылыштар сипатталады.

Әр жолдың пайдалану мақсаты, жамылғы типі, жол салыну түрі, пайдалану мерзімі, трасса ені мен жер төсемінің ені, ұзындығы мен жол жағдайы, көпірлер мен басқа да жол орнатымдарының болуы мен жағдайы көрсетіледі. Өзендер, жылғалар мен құрылыштардың ені мен ұзындығы көрсетіледі.

Орамдағы барлық жолдар мен басқа да линиялық құрылыштарға өзінің телім нөмірі беріледі. Олардың нөмірлері орамдағы барлық орманды және ормансыз участкердің жалғасы болады. Олардың барлығы орман картасында белгіленеді.

141. Орман орналастыру кезінде орман қоры аумағындағы құрылыштар, ағаш үйлер соның ішінде аңшылық, химиялық өрт сөндіру станциясы, өртті бақылайтын мұнаралар, бүршік кептіріштер және басқа да объектілер ерекшеліктерінде көрсетіледі, олар алып жатқан жер көлемі бойынша кіші болғандықтан жеке телімге бөлінбейді. Орман карталарында олар шартты белгілермен көрсетіледі.

142. Орамды таксациялау біткенде бір-біріне таксациялық сипаттамасы ұқсас телімдер қосылады немесе бөлінеді. Осыдан кейін телімдер орамның солтүстік-батыс бұрышынан оңтүстік-шығыс бағытында араб цифрларымен нөмірленеді. Біркелкі телім мемлекеттік орман қоры санатының шекарасымен екі немесе одан көп бөлшекке бөлінген жағдайда телім бөлініп, әр қайсысы өз бетінше нөмірленеді.

143. Құжаттардың пайдаланылуы ынғайлы болуы үшін орамдағы телімдердің бөлінуі мемлекеттік орман қоры категориясының біреуінің ішінде шектелсе басқасында жалғасады.

Параграф 4. Орман таксациясының құжаттары

144. Таксацияның барлық мәліметтері қолданылатын тәсілге байланыссыз осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша таксация карточкасына жазылады, сонымен қатар фотоабриспен (абриспен) бірге далалық орман орналастырудың негізгі құжаты болып табылады.

Таксация карточкасы әр таксациялық телім мен пландық - картографиялық орман орналастыру материалдарында - масштабтан тыс шартты белгілермен белгіленетін жер түрлері бойынша толтырылады. Таксация карточкасына осы Нұсқаулықта келтірілген талаптарға сәйкес нақты жер түрі немесе алқаағаштарды сипаттайтын таксациялық көрсеткіштері жазылады.

Таксация карточкасының пішіні мен мазмұны сала стандарты мен бағдарламалық қамтамасыз ету тәртібімен шектеледі.

Таксация карточкасы таксациялық телімдер туралы негізгі мәліметтердің макеттер блогынан және жеке жер түрлері мен алқаағаштардың ерекшеліктерін, орман жағдайының бағалануын, шаруашылық қызметтің көрсететін қосымша мәліметтердің макеттер блогынан тұрады. Әр макетке тұрақты нөмір (шифр) белгіленеді.

Таксация карточкасында таксация орнындағы және шеңберлі аландағы модельді (кесілген) немесе есепке алынған (өсіп тұрған) ағаштардың өлшемдері туралы мәліметтерді жазу үшін толтырылатын блок бөлінеді.

145. Барлық макеттегі негізгі және қосымша мәліметтер телімдердің орман таксациялық мәліметтерінің ақпараттар базасына енгізіледі. Тасушыға жазылған, телімдер бойынша орман таксациялық мәліметтер кезекті орман орналастыруға дейін сақталады.

Таксациялық телімдерге толтырылатын негізгі және қосымша мәліметтер макеті мен толтыру ерекшелігі мен тәртібі өнеркәсіптік пайдалануға қабылданған бағдарламалық құралдар кешенімен және таксациялық карточкаларға компьютерде өндөу үшін енгізілетін мәліметтерді дайындау жөніндегі технологиялық нұсқаулықпен анықталады.

Мәтіндегі және символдағы ақпараттарды кодпен таксация карточкасына жазу үшін шифрлар кестесі пайдаланылады.

146. Орман орналастыру құжаттары бойынша орман қоры мен орман орналастыру ақпараттының мәліметтер банкін құрғанда, мәліметтер базасын актуалды жағдайда сақтау үшін бірегей бағдарламалық қамтумен жүргізіледі. Таксация карточкаларындағы мәліметтерді компьютерге енгізуінде алдында орамдар бойынша

жинақталған, ал мемлекетік орман қоры санаты шегінде телімдердің аbrisstegi және орман орналастыру планшеттеріндегі нөмірлерінің сәйкестігі тексеріледі.

Телімдер бойынша ақпараттар базасы таксациялық сипаттамаларды, орман қорын сипаттайтын кестелерді, шаруашылық шаралар мен басқ. алу үшін қызмет етеді.

Параграф 5. Орындалған орман шаруашылық шараларын таксациялау кезінде көлемінің сапасы мен тиімділігін бағалау

147. Орман таксациясы кезінде орман шаруашылық шаралардың орындалуы мен тиімділігін зерттеу орман шаруашылық шараларының қорытындысына объективті баға беру мен алдағы тексеру кезеңіне негізделген орман шаруашылық шараларын жобалау үшін жүргізіледі.

Орманға шыққанға дейін таксация карточкасына өткен орман орналастыру кезіндегі телімнің таксациялық сипаттамасы мен өткен орман орналастырудың мәліметтері бойынша белгіленген шаруашылық шаралар және орман иеленушілер атқарған шаралар жазылады.

Орман шаруашылық шараларының орындалу сапасына, бұқіл тексеру кезеңіне баға беріледі.

148. Орман иеленушілермен атқарылған орман шаруашылық шаралардың сипаттамасы мен сапасы төмендегідей көрсеткіштер бойынша талданады:

1) орман орналастыру жобалаған және орман мекемесі орындаған шаралар:

негізді;

негіzsіz;

орындалмаған, бірақ орындау қажеттілігі болған;

орындалмаған және оны орындау қажеттілігі болмаған (орман орналастырудың жіберген қателігі);

2) орман орналастырумен жобаланбаған және орман мекемесімен атқарылған шаралар:

негізді (орман орналастырудың қатесі немесе орманды жағымсыз факторлардың әсерінен қорғау мақсатында орындалған);

негіzsіz;

3) шараны орман мекемесі орындаған:

қанағаттанарлық;

қанағаттанарлықсыз;

4) қанағаттанарлықсыз орындаудың себептері.

Параграф 6. Орманды таксациялау кезіндегі орман шаруашылық және басқа да шараларды белгілеу

149. Орман таксациясы кезінде барлық таксациялық телімдерде шаруашылық шаралардың жүргізілуі орман шаруашылығына қажетті болуына байланысты белгіленеді.

150. Орман шаруашылық шаралар таксациялық телімдердің сипаттамасының сапасы мен санының мөлшері және жағдайы қолданыстағы ережелер мен нұсқауларға сәйкес болса ғана белгіленеді.

Орман орналастыру кезінде шаруашылық қажеттілігіне байланысты орман шаруашылық шаралар белгіленген таксациялық телімдердің барлығы анықталады.

151. Алқаағаштардағы орман шаруашылық шаралар телімнің орташа көрсеткішінің кейбірі нормативтерге сәйкес болмаған жағдайда да жүргізіледі. Бұл жағдайда қосымша мәліметтер макетіндегі ерекшеліктерде шаралардың белгілену себебі көрсетіледі (мысалы, сүрекдіннің толымдылығы – 07, ал топтанған жерінде 1,0 болған жағдайда топтанған жерде күтіп-баптау кесулері жүргізіледі).

152. Бір таксациялық телімде бірнеше орман шаруашылық шаралары, ол участкенің нақты жағдайына немесе өсіп түрған алқаағаштарға және бірінші шаруашылық шараның маңызды болуына байланысты белгіленеді (мысалы, ЖК – 100 (жұз) пайыз, екпелердің отырғызу схемасы (типі) – 5).

Таксация карточкасына осы объектіге ғана белгіленген шифрлар мен кодтарға сәйкес орман шаруашылық шаралары жазылады.

153. Орманмен қамтылмаған жерлердегі балауса ағаштарды күтіп-баптау және орманды қолдан өсіру шаралары, орман өсірушілік талаптарға байланысты жүргізілуі қажет болған жағдайда арақатынас жолдардың бар - жоқтығына қарамай белгіленеді, тек участкелердің қолайсыздығына байланысты таулы жерлерде белгіленбейді.

Орманмен қамтылған жерге ауыстырылмаған қылқанды және қатты жапыракты тұқымдылардың жинақталмаған екпелерінде жұмсақ тұқымдылардың өскіні басып қалу қаупі бар жерде жұмсақ тұқымдыларды кесу, ал кейбір жерде екпелердің толықтыру белгіленеді.

154. Орманды ұдайы өсіру шаралары орманмен қамтылмаған жерлердегі барлық телімдерде (сирек ормандардан басқа) және тексеру кезеңіндегі кеспеағаш қорын құрайтын телімдерде белгіленеді және орманды ұдайы өсіру әдісі, егілетін немесе негізгі тұқымы көрсетіледі.

Ағашы кесілген және орманмен қамтылмаған басқа жерлердің табиғи түлеуі үшін қалдырылған жерлерінде түлеуіне көмектесу жұмыстары белгіленеді.

Орманның табиғи түлеуіне жәрдемдесу шаралары өскіндердің жағдайы бойынша балауса ағаштарға ауыстыруға параметрі жетпейтін, бірақ жетілуі алдағы тексеру кезеңінің алғашқы жылдарында күтілетін участкелерде немесе орман екпелерін отырғызу мүмкін емес участкелерде белгіленеді.

155. Шабындық, жайылым және басқа да ауыл шаруашылық жерлері үшін жағдайын жақсартуға және өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар белгіленеді.

156. Орман мекемесі жақсы жұмыс істеу үшін жолды, көпірді жөндеу, орам соқпақтарын шабу, тазалау, шекараларды тазалау және тағы басқа шаралар белгіленеді.

157. Орман шаруашылық шараларын белгілеу арнайы объекті үшін белгілі тәртіpte қабылданған жалпы ережелер, нұсқаулар мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жобаланады.

6. Орман орналастыру объектіндегі ормандардың өсу ерекшеліктері мен жағдайын зерттеу

Параграф 1. Орман орналастыру кезіндегі сынақ алаңдарын салу

158. Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде мына сынақ алаңдарының түрлері салынады:

- 1) жаттықтыру-мамандардың көз мөлшерін жаттықтыру мен бақылау үшін;
- 2) дешифровкалық-алқаағаштардың натуралық таксациялық және дешифровкалық көрсеткіштерінің корреляциялық байланыстарын анықтау, мамандардың дешифровканың әдістерін игеру үшін;
- 3) өсу барысы – сүректің өсу барысын зерттеу, алқаағаштардың кестесін құрастыру, берілген кестенің орман өсірушілік жағдайға қолданудың жарамдылығы, толысұ жасын негіздеу және зерттеу үшін;
- 4) тауарлы-сүректің тауарлығы мен сұрыптық құрылымын зерттеу үшін, тауарлық және сұрыптық кесте құру, бар кестелерді тексеру, белгіленген объектідегі алқаағаштардың тауарлығын зерттеу және нақтылау;
- 5) кесулер тиімділігі - орман өсірушілік жағынан тиімді кесулерді зерттеу, орманды құту, басты мақсатқа пайдаланудағы біртіндеп және ірікеп кесу, орманды ұтымды пайдалану тәсілдерін анықтау және олардың дұрыс белгіленуі жүргізілуі үшін осы кесулердің қарқындылығы.
- 6) орман патологиялық тексеру-сүректің биологиялық тұрақтылығын және орман патологиясын, санитарлық жағдайын тексеру (арнайы әдістеме бойынша).
- 7) орман мониторингін жүргізу үшін арнайы әдіс бойынша жер бетінен бақылау пункттері салынады.
- 3) – 7) тармақшаларда берілген, сынақ алаңдарын салу бойынша жұмыстар уәкілетті органдардың тапсырмасы бойынша атқарылады.

159. Қойылған мақсат бойынша қажетті сынау алаңының саны орман жұмыстарын жүргізу объектіндегі ормандарды зерттеу дәрежесін, бұрынғы орман орналастыруда жасалған сынау алаңдарының бар болуын және олардың сакталуын есепке ала отырып, бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

160. Сүректің өсу барысы мен ормандарды күтіп-баптау кесулерінің тиімділігін зерттеу үшін өткен орман орналастыруларда болған өзгерістерді бағалау мақсатында барлық өлшеулері қайталанатын тұрақты сынау алаңдары салынады.

161. Басты мақсатта пайдаланудағы біртіндеп және таңдамалы кесулер мен таңдамалы санитарлық кесулердің тиімділігін зерттеу үшін сынақ аландары уақытша және тұрақты болады, ол орман орналастыру объектілеріндегі сүрекдіндердің жағдайларын зерттеу сатылары мен қойылған мақсаттарына байланысты болады.

Сүрекдіндердің тауарлық және сортиментті құрылымдарын зерттеуге арналған сынақ аландары уақытша болады, себебі барлық өлшеу жұмыстары кесілген ағаштарда жүргізіледі.

162. Сынақ аландарын таңдағанда және салғанда орман орналастыру кезеңіндегі сынақ аландарын салуға арналған техникалық нұсқаулар қолданылады.

163. Барлық тұрақты сынақ аландары объектідегі дала жұмыстары біткеннен кейін акт бойынша орман иеленушісіне өткізіледі. Орман орналастырудан акті бойынша қабылдап алынған сынақ аландарының тексеру мерзімінде сақталуына орман иеленуші жауап береді. Тұрақты сынақ аландарының айналасындағы елу метрлік жолақтарда (қорғау аймағы) кесудің барлық түрін жүргізуге рұқсат етілмейді, тек орман алқаағаштарын зақымдайтын зиянкестер таралып кетпеуі үшін, зақымданған ағаштарды кесуге болады.

Орман орналастыру ұйымы өкілетті органның тапсырысы бойынша сынақ аландарының мәліметтер банкін құрады.

Параграф 2. Орман екпелерін және табиғи түлеуін зерттеу

164. Орман екпелері мен орманның табиғи түлеуін зерттеу санау қатары мен шенберлі және тік бұрышты сынау аландарын салу арқылы іріктелмелі қайта есептеу әдісімен жүргізіледі.

165. Орман астарындағы және орманмен қамтылмаған жерлердегі табиғи түлеуді зерттеу мына мәліметтерді алу үшін жүргізіледі:

1) табиғи түлеудің динамикасы және орманның кең тараған типтері немесе орман өсімдіктерінің әртүрлі типтерінің өсу жағдайы (орманмен қамтылмаған жерлердің түрлеріне байланысты) аналық сүректердің ерекшеліктері, кеспеағаштың ені және концентрациясы, кесудің әдісі және кеспеағаштың жанасу мерзімі, ағаш дайындаудың технологиясы, өскіннің сақталуы, кескіннің ескілігі;

2) сүрек қолтығындағы өскіннің бағалы тұқымы және оның жағдайымен сенімділігі;

3) орманды қалпына келтіруге әртүрлі кесу әдістерін қолданудың және кеспеағашты тазартудың, тұқымға қалдырылған ағаштардың, табиғи түлеуіне жәрдемдесу нәтижесінің, мал жаюдың, орман өрттерінің және басқа да факторлардың әсер етуі;

4) табиғи түлеуге кеспеағаштағы техника мен жұмыс технологиясының, ағаш дайындау және сүйреу тәсілдерінің әсер етуі;

5) кеспеағаш жұмыстары кезіндегі өскіндерді сактау шараларының тиімділігі;

6) орман орналастырумен жобаланған ормандарды ұдайы өндірудің негізделуі;

7) орман орналастыру мамандарының балауса ағаш пен өскіндердің сандарын көзбен анықтауға жаттығуы.

166. Табиғи түлеуді зерттеу орманмен қамтылмаған өсу стадиясында тұрған жерлерде және басты мақсатта кесуге белгіленген пісек алқаағаштарда жүргізіледі.

167. Табиғи түлеудің барысы жеткіліксіз зерттелген орман мекемелерінде балауса ағаштармен түлеп келе жатқан жер түрлері мен тексеру кезеңіне басты мақсатта кесуге тағайындалған пісіп жетілген және толысқан алқаағаштар участекелерінің (төлімдердің) 1 -3 (бір-үш) пайызы тексеріледі. Осы кезде өскіндердің жағдайы мен санын көз мөлшермен бағалауға қолайсыз участекелердің барлығы есептік тәсілмен зерттеледі.

168. Орманды таксациялау кезіндегі көз мөлшермен бағалау мәліметтері мен табиғи түлеуін зерттеу материалдары орман мекемесінің бұрынғы шаруашылығын сараптау мен кесілген жерлердегі және орманмен қамтылмаған орманды жерлердегі орманды қалпына келтіру тәсілдерін алдағы тексеру кезеңіне жобалау кезінде пайдаланылады.

Орман орналастыру объектісіндегі табиғи түлеу барысының сипаттамасы бойынша негізделген мәліметтер болған жағдайда зерттеу жұмыстарының көлемі бірінші орман орналастыру кеңесінің шешімі бойынша қысқартылады.

169. Орманмен қамтылмаған жерлердегі және табиғи түлеуге жәрдемдесу шаралары жүргізілген участекелердегі табиғи түлеудің барысы өскіндерінің тығыз өсуіне байланысты салынған есептік алаңшаларды есептеу тәсілмен тексеріледі.

1) өскіні және өз өскіні қалың болған жағдайда (1 (бір) гектарға 10 (он) мың данадан көп), есепке алу әрқайсының мөлшері 8 (сегіз) шаршы метр алаңшаларда жүргізіледі. Алаңшалардың барлық аудандарының қосындысы зерттелген участекенің 0,5 пайызынан кем болмайды;

2) өскіні және өз өскінінің қалындығы орташа болған жағдайда (1 (бір) гектарға 3,1-10,0 мың дана) есепке алу мөлшері 10 (он) шаршы метр алаңшаларда жүргізіледі, аудандарының қосындысы зерттелген участекенің - 1 (бір) пайызын құрайды;

3) өскіні және өз өскіні сирек болған жағдайда (1 (бір) гектарға – 3,0 (үш) метр данаға дейін) есепке алу мөлшері 20 шаршы метр алаңшаларда жүргізіледі, аудандарының қосындысы зерттелген участекесінің - 2 пайызын құрайды.

170. Орман астарындағы табиғи түлеудің барысын зерттеу - мөлшері 20 (жиырма) шаршы метр алаңшаларда жүргізіледі. Төлімдегі алаңшалардың жалпы саны мына аудандарға байланысты алынады: 5 (бес) гектарға дейін – 15, 5-тен 10 (он) гектарға дейін – 25 (жиырма бес) және 10 (он) жоғары – 50 (елу) аланша.

171. Төлімдегі есептік алаңшалар біркелкі орналастырылады. Алаңшалардың бұрыштарында қазықтар қағылып, алаңшалардың реттік саны көрсетіледі.

Алаңшалардың ортасының араларының қашықтығы тең болады:

$$P = \sqrt{\frac{S}{n}}$$

P – алаңшалардың ортасының ара қашықтығы;

S – участкенің ауданы;

n – алаңшалар саны.

172. Қайта есептеу ірлік дәрежесіне және пайда болуына байланысты бөлініп жүргізіледі. Жасы 2-ден асқан өз өскіннің (өскін) өсімталдық қабілеті есепке алынады. Бір түбірден өскен өскіндердің түлеуі бір дана, ал тамырдан шыққан өскін жеке дана болып алынады. Әрбір тұқым үшін бес жастық биіктік тобының жасы түбірге жақын жерінен кесіп жылдық шеңбері арқылы анықталады және ол өскіндердің саны 10 данадан кем болмайды.

Тұқымнан және тамырдан шыққан өскіндерге (түлеуді) қайта есептеу жеке-жеке жүргізіледі. Алынған мәліметтер орманның табиғи түлеуін зерттеуге арналған карточкаға Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізіледі.

173. Табиғи түлеуді бағалау Ағаш кесу Ережелерінде келтірілген орманның табиғи түлеуін бағалау шкаласына сәйкес жүргізіледі.

174. Орман екпелерін зерттеудің мақсаттары:

- 1) олардың сапасы мен жерсіну пайызын анықтау;
- 2) олардың жағдайын жақсарту шараларын жобалау;
- 3) олардың құрылудың технологиясы мен тиімді қолдану әдістеріне баға беру;
- 4) олардың алдағы тексеру кезеңіне тағайындалған құрылу әдістерін негіздеу;
- 5) орманды таксациялау кезінде орман екпелерінің жағдайы мен жерсінуіне дұрыс баға беруде орман орналастыру мамандарының көз мөлшерін жаттықтыру;
- 6) олардың жағдайларын есепке алудың және баға берудің дұрыстығын қадағалау.

175. Өткен тексеру кезеңінде отырғызылған орман екпелерін тексерудің қажеттілігі және тексеру көлемі бірінші орман орналастыру кеңесінде келісіледі. Бірінші кезекте өлген екпе ормандарына жататын және жағдайлары өлген орман екпелеріне жатқызылу шегіндегілер тексеріледі.

Жинақталмаған орман екпелері жағдайларының сипаттамасы негізінен орман иеленушілері жүргізген түгендеу, көзben баға беру нәтижелерінің дәлелденген мәліметтері бойынша алынады. Егер түгендеудің мәліметтері күдік тудырса, онда ол участкелер нақты тексеріледі.

Қажет болған жағдайда, жоғары жастағы орман екпелері де тексеріледі. Олардың жағдайлары тексеру кезеңіндегі орман екпелері сияқты бағаланады.

Орманмен қамтылған жерлерге аударылған орман екпелерінің сапалық жағдайлары табиғи өскен ағаштарды санамай, егілген ағаштарды ғана санау арқылы анықталады (берілген участкеде табиғи өскен ағаштар болған жағдайда).

176. Жинақталмаған орман екпелерінің жерсінің 25 пайыз және одан төмен болған жағдайда немесе орманмен қамтылған жерлерге аударуға таксациялық көрсеткіштері

сәйкес, бірақ толымдылығы 0,3 және одан төмен болса, олар бұрынғы жер түрлеріне жатқызылады (таза немесе табиғи жаңауры аралас болса). Қанағаттанарлықсыз болған орман екпелері, құрамындағы табиғи жаңауры 75 (жетпіс бес) пайыздан көп болса, олар табиғи өскен балауса ағаштар деп есептеледі.

177. Орман екпелері туралы мәліметтер мен орман орналастыру кезінде есептелген аудандардың ауытқу себептері және олардың орманшылықтар мен орман иеленушілерінің есептік мәліметтері салыстырмалы түрде таксациялауды орман екпелерін далалық есепке алу ведомосында Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келтіріледі.

178. Орман екпелерін зерттеу тікбұрышты сынақ аландарындағы санак арқылы жүргізіледі. Сынақ алаңының өлшемін анықтағанда онда басты тұқымның кемінде 100-150 (жұз – жұз елу) отырғызу орнының болуы ескеріледі. Сынақ алаңының саны 3 гектар орман екпелерінде бір сынақ алаңы есебімен анықталады, бірақ бір участкеде 3 (үш) алаңшадан кем болмайды. Сынақ алаңы басты тұқымның 4 (төрт) қатарын алып жатады және тұқымдылардың орналасуының толық схемасы көрсетіледі.

Орман екпелерін, бұталап бекітілген құмды, егілген (отырғызылған) сексеуілді зерттеу кезінде орман екпелерін, қорғаныш орман алқаағаштарын, табиғи түлеуге жәрдемдесу шаралары жүргізілген аудандарды түгендеу және балауса ағаштарды құнды алқаағаштар санаттарына енгізу жөніндегі техникалық нұсқаулар басшылыққа алынады.

179. Орман екпелерін зерттеген кезде:

1) басты тұқым бойынша жасы егілген жылдан бастап алынады (ірі және тамыр жүйесі жабық, тікпе көшет материалдарымен өсірілген орман екпелерін қосып алғанда);

2) жерсінің (сақталуы) әр тұқым бойынша жеке және жалпы орташа есеппен есепке алынады. Өсімтал және бұталы тұқымдылар есепке алынады, бірақ орман екпелерінің өнімділігіне баға берген кезде есепке алынбайды;

3) екпелер қатарлы болған жағдайда отырғызу орындарының саны мен өлген ағаштардың саны белгіленген алаңшалардағы егілген даналар саны бойынша есепке алынады;

4) зақымданған даналар санақ жүргізген кезде зиянкестер, аурулар, мал, жабайы андармен зақымдану түрлеріне бөлінеді және есепке алған кезде жартылай мәлшерде есептеледі;

5) санақ нәтижелері орман екпелерін тексеру карточкаларына Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 18-қосымшага сәйкес нысан бойынша жазылады.

180. Жинақталмаған және жинақталған орман екпелері үшін орман екпелерінің өсуін бағалау Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшасындағы 9-kestеге сәйкес жүргізіледі.

Орман екпелері малмен, жабайы андармен, зиянкестермен немесе аурулармен зақымданғанда (өсімдіктердің 50 (елу) және одан жоғары пайызы) (өсімталдығын жоймай тұрғанда), олардың сапасы бір сатыға төмендейді. Орман екпелерінің сапасына баға берудің қосымша ерекшеліктері Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 19-қосымшасында келтірілген.

Параграф 3. Орманды таксациялау кезінде алқаағаштардың орман патологиялық және санитарлық жағдайын бағалау

181. Орманды таксациялау кезінде алқаағаштардың санитарлық және орман патологиялық жағдайлары көзмөлшермен анықталады, ал қажет болған жағдайда – өлшеу-санақ жүргізу әдісімен карточкалар Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 20-қосымшага сәйкес нысан бойынша толтырылады.

182. Алқаағаштарды көзмөлшермен таксациялау кезінде сүрекдіндердің зиянкестер, аурулар, өрттер, апattар ықпалының, түқтys жануарлар, кеміргіштер, өндіріс қалдықтары және басқа да факторлардан зақымдалу дәрежесі және өте зиянды зиянкестер мен аурулардың ошағы анықталады.

Әр телімде қураған ағаш пен шырпылардың қоры, сүрекдіңің зақымдану дәрежесі және зақымданған ағаштардың орналасуының сипаттамасы анықталады. Зақымданудың, сүрекдіңің қурап қалуының және қоқыстардың жиналуының себептері, зиянкестер мен аурулардың түрлік құрамы анықталады. Арнайы санитарлық-сауықтыру және орманды қорғау шаралары тағайындалады.

183. Қурап бара жатқан және жаңа қураған ағаштардың бағалануы таксация карточкасында түкімы, биіктігі тауарлығы, 1 (бір) гектардағы қоры, зақымдану себебі көрсетіліп келтіріледі.

Тауарлық сапасын толығымен жоғалтқан ескі қураған ағаштың 1 (бір) гектарға ғана қоры көрсетіледі.

Желсұлама, дауылсұлама және табиғи шырпылар таксация жүргізген кезде қоқыс ретінде есептеліп, тек жалпы және өтімді қоры көрсетіледі.

184. Орманды таксациялау кезінде зақымданған участкерге Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 21-қосымшага сәйкес нысан бойынша анықталған орман аурулары мен зиянкестері туралы ескерту қағазы толтырылады.

Ескерту қағазы орман орналастыру партиясының бастығына немесе орманшыға беріледі.

185. Орман зиянкестері мен ауруларының жаппай тараған ошақтары табылған орман орналастыру объектілерінде арнайы орман патологиялық зерттеу жүргізіледі. Бұл жұмыстар бөлек жобаланады және қаржыландырылады және арнайы әдістемелер мен нұсқаулардың талабына сәйкес жүргізіледі. Зерттеу жүргізудің әдісі мен көлемі объектіні орман орналастыруды жүргізуге дайындау кезінде анықталады.

186. Сүрекдің санитарлық жағдайын зерттеу өр 10-20 (оныншы - жиырмасыншы) телімде реласкопиялық алаңшаларды салу арқылы жүргізіледі. Өр басым тұқымы бойынша 10-нан кем емес телім зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері арнағы карточкаға Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 19-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

Есепке алу алаңшаларының саны зерттелетін телімдегі алқағаштардың ауданы мен толымдылығына байланысты Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшадағы 10-кестеге сәйкес анықталады.

Есепке алу алаңшалары телім бойынша біркелкі орналасады.

Алаңшалардың ортасының араларының қашықтығы тең болады

$$P = \sqrt{\frac{S}{n}}$$

P – алаңшалардың ортасының ара қашықтығы;

S – участкенің ауданы;

n – алаңшалар саны.

187. Алаңшалардағы ағаштарды есепке алу төменде көрсетілген, топтарға жинақталған, олардың жағдайы санат баллдары бойынша жүргізіледі:

1-{	әлсіреу белгілері жоқ
	әлсірегендер
2-{	қатты әлсірегендер
	қурап бара жатқандар
3-{	жаңадан қураған ағаштар (осы жылғы)
	ескі қураған ағаштар (өткен жылдардағы)

Таксаторлардың көзмөлшерін жаттықтыру мақсатында сынақ алаңдарын далалық, камералдық өндөу алаңшаны салғаннан кейін бірден жүргізіледі. Санаттар бойынша ағаштардың жай-күйінің қоры жалпы қабылданған тәсілдер бойынша анықталады.

7. Орман орналастыру жұмыстарының аймақтық жағдайлары мен орманның мақсатты қызметіне байланысты ерекшеліктері

Параграф 1. Таулы аймақтардың орман қоры

188. Орман қоры жерлерін таулы жерлерге жатқызу облыстық әкімдік пен Орман қорларын таулы жерлерге жатқызу туралы техникалық нұсқауға сай Орман орналастыру нұсқаулығына 22-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

189. Таулы ормандардағы орман шаруашылығын жүргізудің негізгі мақсаттары болып мыналар табылады:

1) орман қорын тиімді сарқылмастың пайдалану. Осы пайдаланулар орманның қорғаныш, су қорғау, және басқа экологиялық функцияларын күштейтуді және сақтауды қамтамасыз етеді;

2) орманмен қамтылмаған жерлердегі ормандардың тез және сенімді қайта түлеуі мен эрозиялық процестердің дамуын тоқтату мақсатында зақымданған алқаағаштарды қалпына келтіру, қылқанды ағаштардың сақталу аудандарын ұлғайту (шырша, самырсын, майқарағай, балқарағай, қарағай);

3) тау беткейлеріндегі орманды ортаны тұрақты сақтау.

190. Орман орналастыру жұмыстары кезінде әртүрлі жастағы алқаағаштар аса мүқият таксацияланады, орманның табиғи түлеуіндегі болып жатқан процесстер және орман екпелерінің жағдайы зерттеледі, орман шаруашылығын жүргізу тәжірибесі зерттеледі, әсіресе басты мақсатқа пайдалану үшін кесу жүргізудің тәсілдері, ағаш дайындау технологиясы және қолданылатын техникалар және оның орманды қалпына келтіруге және эрозиялық процестерге, су режиміне әсері, басты мақсатқа пайдалану үшін кесу жүргізуге болмайтын орманның ерекше қорғаныштық участкелері бөлінеді.

191. Таулы жағдайларда орман орналастыру жұмыстарының ерекшеліктері болып мыналар табылады:

1) орамдардың шекаралары табиғи жиектерге байланыстырылады, олар: тау беткейлері, өзендер, жылғалар, сайлар, соқпақтар және жолдар. Тік бұрышты орам тармақтары тек жазықтау немесе табиғи жиектері жоқ жерлерде жасалады. Республиканың барлық таулы ормандарында орам тармақтары бастапқы орман орналастыру кезінде жасалған және ол сол кезден бірнеше тексеру кезеңінен бері өзгеріссіз келе жатыр. Сондықтан олар аймақтық органдардың рұқсатымен ерекше жағдайда ғана өзгертуге рұқсат етіледі;

2) орамдық және сілтегіш бағаналар жақсы көрінетін, қар көшкіні, су тасқыны және көлік бұзып кетпейтіндей жерлерге орнатылады;

3) ормансыз таулы қыраттар, кесілген ағаштарды жеткізуге қолайсыз жерлерге орамдық дінгектердің орнына тастандардан үйіп жасаған түмбалармен ауыстырылады немесе жеке тұрған ірі тасты пайдаланады;

4) таулы ормандарды аэрофотосуретсіз орналастыруға болмайды, ерекше жағдайларда ғана, өкілетті органдардың рұқсатымен ғарыштық снимоктарды пайдалануға рұқсат беріледі;

5) таксациялық телімдердің шекаралары негізгі жер бедері элементтеріне байланыстырылады (беткейлердің тіктігі және экспозициясы, теңіз деңгейінен биіктігі).

6) таксациялық телімдерді орналастыру үшін қосымша негіз болып мыналар табылады: экспозиция, тік беткейлер тобы, эрозиялық процестердің дамуы, топырақтың төзімділігі (қалындығы), тастандардың жер бетіне шығу пайызы;

7) беткейлерді тіктік топтарына бөлу Ағаш кесу ережелеріне сәйкес жүргізіледі, сонымен қатар беткей тіктігінің орташасы әр телім үшін 5 градус дәлдікпен анықталады;

8) таксацияланатын участкердің ерекшеліктерін сипаттау кезінде мына қосымшалар көрсетіледі:

беткейлердің тіктігі және экспозициясы градуспен (біріншіден кесу тәсілін анықтау үшін);

орманды және ауыл шаруашылық жерлерге арналған тастаны бетіне шығып жатқан жерлердің пайызы;

топырақтың эрозиялануы және оның қарқындылығы (кушті, орташа, бәсеке);

мал бағудың табиғи түлеуге және топырақ эрозиясының дамуына әсер етуі;

орман орналастыру шаралары жобаланған телімдердің теңіз деңгейінен биіктігі (ТДБ);

9) таулы жерлерге көліктің және сүйреуге арналған техниканың жетуін анықтайтын амалдар бірінші орман орналастыру кеңесінде машина – тракторлық паркті қазіргі жағдайда пайдалану тәжірибесі мен оның алдағы тексеру кезеңінде техникамен қамтамасыз етілуін ескере отырып, шешіледі;

10) зиянкестер мен ауруға шалдыққан алқағаштарды немесе олардың жаппай таралуын анықтағанда, сол жерлерге жету мүмкіндігі белгіленеді, сонымен бірге беткейлердің тіктігі жер бедерінің сипаттамасын және басқа да жер бетінен және әуеден күрес жүргізуде қолдануға арналған факторлар, сондай-ақ тік ұшақ үшін ұшып-қону алаңдарын салуға болатын участкер анықталады;

11) беткейлердің тіктігі 20 (жиырма) градус және одан жоғары болса, көлденең қима аудандарының қосындысы және алқағаштардың толымдылығы беткейлердің физикалық жоғарғы қабатына байланысты көзben көріп анықталады, кейін оның горизонталды жобасына түзету коэффициенті енгізіледі. Таксация карточкаларына түзету коэффициенті арқылы тексерілген толымдылық жазылады.

Әр түкимдылар бойынша толымдылық өлшеуішпен анықталған көлденең қималар ауданы (метр квадрат) тиісті түзету коэффициентіне көбейтіледі, ол беткейлердің тіктігіне арнайы белгіленген коэффициенті болып табылады, ал алынған мәліметтер бойынша телімдегі толымдылықтардың қосындылары Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшадағы 11-кестеге сәйкес анықталады.

192. Сынақ алаңдарын салу ерекшеліктері. Қандай да болмасын сынақ алаңдары (тікбұрышты және таспалы) ұзын жағы таксациялық телімді шатқалды жағалай көбірек қашықтықта қып өтетіндей есеппен жасалады (перпендикуляр бойымен көлденеңге қарай). Үлкен телімдерде сынақ алаңдары ені 20 (жиырма) метр кем емес болып саналады және сынақ алаңдары үшін анықталған стандарт бойынша қажетті ағаш саны болады. Осындай сынақ алаңдары ұзындығы 100 (жүз) метр кем емес бірдей екі секцияға бөлінеді де 20 (жиырма) градусқа дейінгі тік жерде орналасады, ал ұзындығы

50 (елу) метр кем емес болса 20 (жиырма) градус жоғары жерде болады. Секцияның ұзын жағы шатқалды жағалай бағытталады. Сынақ алаңының ішіндегі таксациялық көрсеткіштердің өзгеруін айқындау үшін әр секция бойынша жеке биіктік графигі жасалады және ағаштар саналады. 10 (он) градус және одан жоғары градуста орналасқан сынақ аландары секцияларының аудандары горизонталды жағдайға келтіріледі. Ол үшін сзықтың шатқалды бойлай өлшенген ұзындығы, горизонталды жағдайға Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшадағы 12-кестеге сәйкес ауыстырылады.

Көлденең қималар аудандарының қосындысы, сүрекдіңнің толымдылығы мен қоры туралы мәліметтер, сондай-ақ горизонтальды жағдайға қайта санау үшін анықталады.

Түзету кестелерін қолданған кезде горизонталды жағдайға тек көлденең қималар аудандарының қосындысы келтіріледі, ал 1 (бір) гектардағы қоры мен толымдылығы кестелер арқылы алқаағаштардың орташа биіктігіне және көлденең қима аудандарының қосындысына байланысты анықталады.

193. Орман орналастыру жобасын сапалы өңдеу үшін орман өсіру жағдайларын сипаттау және орналастыру объектісіндегі орман пайдалану және орман шаруашылығын жүргізу ерекшеліктері туралы мәліметтерді жинау кезінде төмендегідей мәліметтер зерттеледі және талданады;

1) вертикалды аймақтың сипаттамасы, орман өсу жағдайларының және жер бедерінен орман құрамының тәуелді болуы, теңіз деңгейінен биіктігі және беткейлердің экспозициясы;

2) ормандардың қорғаныштық қасиеті, табиғи апаттар туралы мәліметтер көрсетілген олардың пайда болу пункттері;

3) мал бағатын жерлерді тиімді пайдалану туралы мәліметтер және эрозиялық процестердің пайда болуына мал бағудың теріс ықпал ету факторлары;

4) эрозиялық процестердің қарқынды даму орындары;

5) орманды қалпына келтіру және пайдаланатын кесу тәсілдері, кеспеағашты өңдеу әдістері, сүректі сүйреу және тасу әдістері, қолданатын ағаш дайындау техникасы және жұмыс технологиясы;

6) климаттық және гидрологиялық жағдайлар, ормандылықтың өзгеруіне байланысты минералды су көздерімен тау суларының пайда болуының өзгеруі, сонымен қатар орманның тұқымдық қорының және жасының өзгеруі;

7) орман және ауыл шаруашылығына тән ерекшеліктері;

8) орман алқаптарына қолайлары жету, сүректі көлікпен тасымалдау және сумен ағызу жағдайлары;

9) ағаш кесу, мал бағу, мал айдаланатын өзгерістер, эрозиялық процестердің дамуына және топырақтың жағдайына сүрек тасымалдаудың, дайындау әдістерінің әсер етуі. Шатқалдардағы орман ортасын сақтауға және топырақ жамылғысының құрылымының бұзылуын болдырмаяға бағытталған шаруашылық іс

әрекеттер мәселесі мен орман екпелерін отырғызуға топырақты дайындау, орманды пайдалану жөнінде нұсқаулар беріліп, нәтижелер шығарылады.

194. Табиғи түлеуді зерттеу кезінде баға беруге және талдауларға ерекше назар аударылады:

- 1) орманмен қамтылмаған орманды жерлердегі және орман астарындағы табиғи түлеудің жағдайы, әсіресе жоғарғы шекарада ағаш өсімдіктерінің таралуы;
- 2) әртүрлі кесу әдістеріндегі және түрлі орман жағдайларындағы құнды және нашар түлейтін қылқанды тұқымдылардың табиғи түлеуінің жағдайы мен динамикасы;
- 3) табиғи түлеуге малды айдан өтудің және бағудың әсер етуі
- 4) табиғи түлеуге сүрек сүйреудің және тасымалдаудың, әртүрлі кесу тәсілдерінің, ағаш дайындауда пайдаланылатын техника мен жұмыс технологияларының әсер етуі;
- 5) табиғи түлеудің шатқалдардың тіктігі мен экспозициясына тәуелді болуы.

Параграф 2. Шөл және шөлейт жерлердегі орман қоры

195. Сексеуіл және тоғай ормандарындағы объектілердің аумағын орамдарға бөлу үшін тікбұрыш пішінді, сондай-ақ табиғи белгілерді шекара ретінде қолданып бөлуге болады.

196. Орамдық бағаналар темірбетоннан немесе темірден жасалады, сондай-ақ Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 9-қосымшаға сәйкес жергілікті ағаштанда жасауға болады.

197. Құрам формуласын анықтауда сексеуіл мен бұталарды араластыруға болмайды

Егер сексеуілдің барлық жас топтарының толымдылығы 0,3 және одан жоғары болса, бұталардың толымдылығына қарамай-ақ оларды сексеуілге жатқызуға болады. Бұталар құрамында сексеуіл екі бірлік болса, бұл телімдер бұталарға жатқызылады, ал сексеуіл жекелеген ағаштар деп көрсетіледі.

Сексеуіл ормандары құрамында ақ және қара сексеуіл саны бірдей болса, құнды тұқым ретінде, ақ сексеуіл бірінші орынға шығарылады.

Таза немесе аралас (ақ сексеуіл бірлігі 4 (төрт) данаға дейін болғанда) жер эрозиясына төзімді, балшықты, сазды және тақыр тәрізді топырақтарда өсетін қара сексеуіл алқаағаштарында жаппай кеспеағашты кесу жүргізіледі. Ол жерлерде қара сексеуілмен бірге ақ сексеуіл кесіледі. Құрамында ақ сексеуіл мен қара сексеуіл коэффициенті бірдей болған жағдайда немесе ақ сексеуіл көбірек болғанда, оларда кесу жүргізілмейді.

198. Сексеуіл ормандарының толымдылығы жергілікті толымдылық пен қорлардың стандартты кестелеріне сәйкес "Толымдылығы 1,0 болатын класс бонитеті бойынша сексеуілдің жер үсті фитомассасының қорлары мен үшар басы аудандарының қосындысы" сексеуілдердің 1 (бір) гектардағы алқаағаштардың үшар басы арқылы

анықталады. Осыған байланысты сексеуіл бұталарының орташа диаметрінің орнына үшар бастарының орташа диаметрі метрлік дәлдікпен өлшенеді:

диаметрі 3,2 метр болғанда – 20 (жиырма) сантиметр,

диаметрі одан үлкен болған жағдайда – 40 (қырық) сантиметр.

199. Отырғызылған немесе себілген орман екпелері үшін, толымдылық (жерсінүі) отырғызылған өсімдіктердің сақталу пайыздары бойынша қойылады.

200. Осы алқаағаштардың биіктіктері мына градациялар арқылы анықталады:

биіктігі 2,5 метрге дейін - 0,1 метрге, биіктігі 2,5 метрден жоғары - 0,5 метрге, ал орташа қоры 1 (бір) гектарға – 1 (бір) текше метр градациясымен.

201. Сексеуіл ормандарын таксациялау кезінде таксация карточкасында қорлар тығыз текше метр қойылады.

Кестелі қор салмағын тығыз текше метр айналдыру үшін 1,0 коэффициенті қолданылады.

202. Сексеуіл ормандарын таксациялаудың ерекшеліктері:

1) жас класының ұзақтығы 5 (бес) жыл;

2) таксация кезінде қабаты анықталмайды;

3) ақ және қара сексеуілдің өсуін бағалау ақ және қара сексеуілдің тұқымнан өсуін бағалау шкаласымен жүргізіледі (4.4.17. "Қазақстан ормандарын таксациялауға арналған нормативтер", 1 бөлім, Қайнар, 1987 жылы К.А.Пашковский дайындаған);

4) жеке ағаштар мен сексеуілде күтіп-баптау үшін кесу жұмыстары жобаланбайды.

203. Шөлді жерлердегі орман орналастыру кезінде жайылымдарды нәтижелі пайдалану мен сексеуіл шөп, ағаш, бұта, өсімдіктерінің сақталуына орманның түлеуіне жайылған малдың кері әсерін азайтуға арналған шараларды жобалауға ерекше көңіл бөлінеді. Көшпелі құмдардың тұрақтануына шаралар белгіленеді.

204. Шөлді және тоғайлы ормандардағы орман орналастырудың қосымша ерекшеліктері бірінші орман орналастыру кенесімен нақтыланады.

Параграф 3. Санитарлық-гигиеналық және сауықтыру функцияларын орындайтын орман қоры аумақтары

205. Аталған орман қорына: елді мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймағы, қала ормандары және орман паркі жатқызылады.

206. Осы аумақтағы орман қоры функционалды аймақтарға бөлінеді: еркін демалыс, серуендеу, жануарлар дүниесінің тыныштығы, тарихи, ғылыми-тарихи және тағы басқалары.

Аумақтың функционалдық бөлінуі мен рекреациялық мүмкіндігін анықтау оған келіп кетушілердің мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.

207. Еркін демалу аймақтарында орман қорының ландшафтты таксациясын жүргізу кезінде әр телімнің ландшафт типі (көрінісін), рекреациялық, санитарлық-гигиеналық

және эстетикалық құндылығы алқағаштардың деградациясы мен төзімділігінің дәрежесі анықталады. Осылай қатар, өскіндері мен орман астары жамылғысына сипаттама беріледі. Алқағаштардың барлық жас топтары үшін әр бір қураушы тұқымының орташа биіктік пен диаметр көрсетіледі.

Ландшафтты таксация көрсеткіштері таксациялық телімдердің қосымша ерекшеленуі үшін қажет.

Орманды таксациялау кезінде функционалды аймақтарда демалушылар жиі баратын жерге рекреациялық маршруттар және көрінісі керемет жерлерде көру алаңшаларын, ал жалпы демалу орындарында көркейту шараларын жобалау үшін жол тармақтары мен кіші архитектуралық пішіндердің жағдайына сипаттама беріледі.

208. Демалушылардың жиі баратын жерлерінде, трасса бойындағы рекреациялық бағыттар мен демалушылардың көп жүретін жолдарындағы орман жолақтарында, бар ұсыныстар мен зерттеулерді пайдаланып, аумақтың эстетикалық қасиетін арттыруға бағытталған жобалау шараларының негізі болатын ландшафт түрінің оптимальдықатынасы анықталады.

209. Демалуға арналған барлық мемлекеттік орман қоры санатындағы орман шаруашылық шаралары санитарлық-гигиеналық, эстетикалық қасиетін және алқағаштардың биологиялық тұрақтылығын сақтауға, орман ортасының деградациясын болдырмауға, көркем ландшафттардың және орман пайдаланулардың рекреациялық жағдайын жақсартуға бағытталып арналуы керек.

210. Көрсетілген мемлекеттік орман қоры санаттарындағы шаруашылық шаралар негізінен қорғаныш қасиеттері күшті, фитонцидті деңгейі жоғары және газға төзімді, өнімі жоғары, сау алқағаштарды өсіру арқылы орман ортасының біркелкі қалыптасуына бағытталған.

211. Аталған аумақтарда орман орналастыру жұмыстарының ерекшеліктері ландшафттарды қалыптастыру үшін кесу жөніндегі нұсқаулармен реттеледі және бірінші орман орналастыру кеңесімен нақтыланады.

Параграф 4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман қоры

212. Ерекше қорғалатын табиғи орман аумақтарына арнайы мақсатта белгіленген орман қоры жерлерінің ерекше қорғау тәртібі және шаруашылықты жүргізу тәртібі реттеуілі экологиялық, ғылыми, мәдени және шаруашылық құндылығы ерекше ормандар жатқызылады.

Олардың негізгілері мыналар:

мемлекеттік табиғи қорықтар (биосфералық және сепортер – қорықтарын қосқанда); мемлекеттік ұлттық табиғи парктер; мемлекеттік табиғи резерваттар; мемлекеттік табиғи парктер; мемлекеттік қорық аймақтары; орманның гендік резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман участкелері; мемлекеттік табиғи орман ескерткіштері; аса

құнды орман алқабы; жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары; жемісті орман алқаағаштары, аса биік тау ормандары.

213. Ерекше қорғалатын аумақтардағы ормандарда шаруашылықты жүргізу мақсаты және ережесі белгілі тәртіппен қабылданған нұсқаулар бойынша анықталады.

Орман орналастыру кезінде пайдалану мақсатын есепке ала отырып, ормандардың ортаның флористикалық компоненттерінің сипаттамасы беріледі, биогеоценоздардың уақыты бойынша дамуын бақылау үшін сынақ алаңы салынады, өткізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының сипаты мен бекітілген ережелердің бұзылуына талдау жүргізіледі, жануарлар дүниесі тіршілігіне керек қоректі жерлердің бонитировкасы жүргізіледі.

214. Қорғау тәртібі, ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру және басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандарды мәдени – ағарту, ғылыми, туристік және басқа да мақсатта пайдалану "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

215. Орман орналастыру кезінде белгіленген орман шаруашылық шаралары табиғи кешенінде сақталуына және антропогендік әсерден немесе табиғи апattan бүлінген жағдайда қалпына келтірілуіне бағытталған.

216. Орман орналастыру жұмыстары ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандардың атқаратын міндеті мен функционалдық аймақтарға бөлінуіне байланысты . Орман орналастыру жұмыстарының нақтылануы бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

217. Табиғи ескерткіштердегі орман орналастыру жұмыстарын жүргізгенде олардың қазіргі жағдайларының сипаттамасы, ескерткіштерге белгіленген тәртіптің орындалуы, оның күтілуі мен пайдаланылуы, оған қоса сақталуы және аумақтағы өсімдіктер тіршілігінің ұзақтығын қамтамасыз ету шаралары анықталады.

218. Ғылыми маңызы бар орман участеклеріне ғылыми және оқу орындары мен тәжірибелі шаруашылықтарға бағынышты орман қоры жерлерінің бөлігі жатады. Олар тұрақты сынақ аландары мен басқа да тәжірибе участеклерінің көбісі орналасқан жүйелі ғылыми және эксперименталды зерттеулер объектісі болып табылады.

Бұл ормандардағы далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері белгіленген және орындалатын эксперименталды жұмыстар мен ғылыми зерттеулердің тақырыбына байланысты бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

Откен тексеру кезеңіндегі шаруашылық қызметінің ақпаратын талдау кезінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік өндіріс жұмыстарының сипаттамасы мен көлемі зерттеледі. Осы құжаттар мен бақылауларды талдау негізінде зерттеу жұмыстарының нәтижесі бағаланады.

Осы объектілерде орман орналастыру жұмыстары орман алқабының сақталуы мен тарихи ландшафтты көрінісін қалпына келтіруге бағытталады. Орман алқабының аумағы тарихи қатынасы бойынша біркелкі ландшафтты участеклерге бөлінеді. Оларда

ландшафтты таксация, орман патологиялық зерттеулер, алқағаштардың жағдайын зерттеп тану жүргізіледі.

219. Аса құнды орман алқабына тұқымдылар құрамы бойынша бірегей және күрделі табиғи жағдайда маңызды қорғаныштық функцияларын атқаратын алқағаштар аумағы жатады.

Орман орналастыру белгілеген орман шаруашылық шаралары табиғи орман өсімдіктері жиынтығының сақталуына және олардың антропогендік әсерден немесе табиғи апattан кейін тез қалпына келтірілуіне бағытталған.

Орман орналастыру жұмыстарының ерекшеліктері бірінші орман орналастыру кеңесімен реттеледі.

Параграф 5. Мемлекеттік қорғаныштық орман жолақтары

220. Мемлекеттік қорғаныштық орман жолақтары Орман кодексінің 44-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес өз алдына МОҚ санаттарына бөлінеді. Мемлекеттік орман қорының санаттарына қосу, сонымен қатар бір санаттан екінші санатқа ауыстыру Орман кодексінің 45-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен жүзеге асырылады.

Бұл мемлекеттік орман қоры санаты айтарлықтай әртүрлілігімен, орман өсіру жағдайының экстремалдылығымен, ағаш-бұта өсімдіктерінің жолақты орналасуымен, ағаш пен бұталылардың түр құрамының көптігімен және олардың қысқа өміршендігімен сипатталады.

Мемлекеттік қорғаныш орман жолақтарын түгендеу кезінде таксациялық сипаттама көрсеткіштерінің анықталуы мен бірге алқағаштардың орман мелиоративтік жағдайын бағалау және циклін ұзарту үшін жүйелі шараларды зерттеу қарастырылады. Жолақтар ауданы 50-100 (елу-жұз) гектар орамдарға бөлінеді. Шекаралары ретінде кесілген межелер немесе табиғи соқпақтар алынады.

221. Мемлекеттік қорғаныш орман жолақтарындағы біркелкі емес участкердегі телімдер, олардың конструкциясы, типі мен отырғызу тәсілі, құрамы немесе орналасу схемасы, шығу тегі, пішіні, жасы, биіктігі мен ағаш басының жанасуына байланысты бөлінеді. Ағаш пен бұталары бар телімдердің минималды размері 0,1 гектар.

222. Алқағаштардың қазіргі жағдайы мен орман шаруашылығының күтіп-баптау әдістерін көрсетуге арналған зерттеулер үшін сынақ алаңдары салынады (ұлғі алаңдар).

223. Мемлекеттік қорғаныш орман жолақтарындағы орман орналастыру жұмыстарының ерекшеліктері бірінші орман орналастыру кеңесімен реттеледі.

Параграф 6. Орман аңшылық шаруашылықтары

224. Орман аңшылық шаруашылықтары ұйымдастырылған орман қоры жерлеріндегі орман орналастыру жұмыстары осы Нұсқаулар талабына сәйкес жүргізіледі.

Орман орналастыру жұмыстарының қосымша ерекшеліктері, аң шаруашылығына жалға берілген аудандар бірінші орман орналастыру кеңесінде нақтыланады.

225. Орман аңшылық шаруашылығындағы аң аулау іс әрекеті туралы мәселе аңшылық шаруашылығын орналастыру кезінде шешіледі.

Озі жеке жұмыс болғандықтан бөлек қаржыланады және шаруашылықтың ішіндегі аңшылық шаруашылығын орналастыру жұмыстары белгіленген арнайы нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

Параграф 7. Жекеменшік орман қоры ормандары

226. Жекеменшік орман қорына тәмендегідей ормандар жатады: Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес ұзак мерзімді пайдалануға немесе меншікке берілген жерлердегі жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қаржысына егілген агромелиоративтік алқаағаштар, ені 10 метр, және одан да көп, ауданы 0,05 гектардан жоғары арнайы мақсаттағы плантациялық орман екпелері және агроорманмелиоративтік алқаағаштар.

Орман өсіру мақсатында олар жеке қожалыққа немесе Жер кодексіне сәйкес ұзак мерзімді пайдалануға беріледі.

227. Жекеше орман қоры тек орманды жерлер ғана болады.

228. Бірінші және екінші техникалық кеңестер облыс әкімшіліктерінің құрылымдық орман бөлімшелерінде аймақтық органның өкілінің қатысуымен өткізіледі.

229. Орман орналастыруға белгіленетін орманды жерлер және олардың шекаралары ішкі шаруашылықтың жер орналастыру планы бойынша анықталады да көшірме түрінде түсіріледі. Ол жер ресурстары басқармасының аудандық аймақтық органымен расталады. Аумақты ұйымдастыру және жұмыс технологиясы бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

Үлкен орман алқаптарында орам соқпақтары кесіліп, орам діңгектерін орнату жұмыстары жүргізіледі. Орам көлемі тапсырыс берушінің келісімі бойынша бекітіледі.

Кішігірім орман алаптарынан құрама орамдар құрылады. Олар жол немесе басқа да ерекше көзге түсетін жерлерге қойылған екі - үш орам діңгектері арқылы белгіленеді.

230. Жекеменшікті орман қорын таксациялауда да мемлекеттің орман қорын орналастырудың нормалар пайдаланылады.

Параграф 8. Самырсын алқаағаштары

231. Самырсын ормандарында орман орналастыру жұмыстарының мақсаты мыналар (жанғақ кәсіпшілік аймақ);

1) самырсын ормандарындағы су қорғау - селекциялық - тұқымдық саласы маңсатындағы ормандарды анықтау;

2) ормансыз жерлердің және орман өсіру мүмкіндіктері бар жерлерде самырсын ормандарын қайта қалпына келтіруге жарамды жерлерді анықтау;

3) самырсын ресурстарының және пайдалы қасиеттерінің пайдаланылуын, сондай-ақ ұдайы өндірілуін қамтамасыз ететін шараларды белгілеу.

232. Самырсынға барлық топ жасындағы алқаағаштар және құрамында сібір самырсыны 3 бірліктен немесе оданда көп болған алқаағаштар кіреді.

233. Тұынды типті, өнімділігі жоғары самырсын ормандарының құрылудың қамтамасыз ететін барлық жас топтарындағы самырсын өскіні немесе екінші қабаты бар ормандар жеке телімдерге бөлінеді.

234. Самырсын алқаағаштарында өткен тексеру кезеңіндегі орман шаруашылығының жүргізілуі мұқият зерттеледі. Самырсын ағаштарында орманды құту жұмыстарының жүргізілу сапасы мен олардың нәтижелері анықталады.

235. Орман орналастыру кезінде самырсын алқаағаштарының жемістенуіне баға беріледі. Жүргізілетін іс-шаралардың әсері бақылауға алынады, сондай-ақ самырсын сүрекдіңіне байланысты жаңғақ дайындау тәсілдері қолданылады. Жыл сайын жергілікті тұрғындар мен мекемелердің самырсын жаңғағын дайындау көлемі анықталады.

236. Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері бірінші орман орналастыру көңесінде нақтыланады.

Параграф 9. Емен алқаағаштары

237. Емен алқаағаштарына баға бергенде биік немесе аласа дінділерге жатқызылуына, сондай-ақ олардың қалыптасуына көп көңіл бөлінеді. Биік дінді алқаағаштарға тұқым арқылы өскен ағаштар, қысқа дінділерге – балақ шыбықтан өсетіндер жатқызылады.

238. Барлық жас топтарында балаусалардан басқа, құрамында емен 4 (төрт) бірлік не оданда көп болса, ол басым тұқым болып саналады, ал жас ағаштарда 3 (үш) бірлік не одан жоғары болады.

239. Орманды таксациялау кезінде өнімділігі жоғары бірінші класс тауарлық алқаағаштар және плюстік, жақсы дінді, ауруы жоқ ағаш жоғары генетикалық тұқым алу үшін анықталады.

240. Таксациямен бірге алқаағаштардың орман патологиялық жағдайы да анықталады. Егер зиянкестер ошағы табылған жағдайда арнайы орман патологиялық тексеру жұмыстары белгіленеді.

241. Емен алқаағаштарын таксациялауда да сол барлық орман қорында пайдаланылатын орман орналастыру нормалары қабылданады.

Параграф 10. Орман - жеміс ағаштары және бұталар

242. Казақстан Республикасы аумағында төмендегідей жеміс-жидек алқаағаштары өседі: алма, өрік, алмұрт, долана, шетен, мойыл және тағы басқалары. Бұталы жеміс ағаштары: бөріқарақат, қарақат, шырганак, таңқурай, пісте, алша, шие, итмұрын және тағы басқа бұл аймаққа тән жеміс-жидек ағаштары.

243. Жеміс - жидек алқаағаштары және бұталар екпелі (жасанды жолмен) немесе табиғи (жабайы) болып бөлінеді. Олар жоғары қатардағы алқаағаштармен (көктерек, сирек қайың) бірге өседі, ал су жайылмадағылар терекпен бірге өседі.

Жемісті бұталар әртүрлі құрылымы мен толымдылығына байланысты орман астарында өседі.

Жабайы өсетін сүрекдінді алқаағаштардың ішінде сиверс алмасы басым болып табылады.

244. Жеміс – жидек алқаағаштары мен бұталардағы орман орналастыру жұмыстарының негізгі мақсаттары мыналар:

1) жабайы және екпе жеміс тұқымдыларымен қамтылған жерлердің ауданын анықтау;

2) бақ немесе орман екпелерін еgetін орманмен қамтылмаған орманды жерлерді есепке алу;

3) жеміс – жидектің өнімділігін анықтау.

245. Жеміс – жидекті алқаағаштар мен бұталардың жалпы таксациялық көрсеткіші мен бірге әр телімге қосымша мыналар анықталады:

1) бір гектардағы ағаштар мен бұталардың өсу саны;

2) жалпы санының ішіндегі жеміс беретін түрлердің жалпы пайызы.

246. Жеміс – жидекті сүрекдіңің құрамы қоры бойынша емес, орман астарындағы сүрекдіңің ауданы бойынша анықталады.

247. Жеміс – жидек бұталарының толымдығы орман қолтығының бірігу деңгейі бойынша анықталады, ал құрамы солардың үлесі арқылы анықталады. Жеміс – жидек алқаағаштары мен бұталарының құрамындағы үлесі 3 (үш) бірліктен немесе оданда көп болса, олар өндірістік дайындау аймағында жемістілерге жатқызылады, басқа барлық жағдайда 5 (бес) бірлік және одан көп (Нұсқаудың 118-тармағынан басқа).

248. Орман орналастыру кезінде жеміс – жидек алқаағаштарының жемістенуі зерттеледі. Осы мақсатта теңіз деңгейінен түрлі биіктікегі ағаштардың орналасуы мен түрлі толымдылығына байланысты байқау алаңдары салынады.

Сынақ алаңдарын салу кезінде әдеттегі өлшеулермен бірге ұшар басы проекциясының диаметрі мен жемістену деңгейі анықталады және діңдер даму топтары бойынша бөлінеді.

249. Жеміс – жидек алқаағаштары мен бұталарын таксациялауда жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерімен бірге әдеттегі орман орналастыру нормалары қолданылады.

Параграф 11. Мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі биологиялық әртүрлілігінің жағдайын бағалау бойынша орман орналастыру

250. Қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігін сақтау, табиғи биологиялық ресурстарын көбейту және тиімді пайдалану осы орман орналастырудың негізгі мақсаты болып табылады.

251. Телімдегі ағаш және бұта тұқымдылары биоәртүрлілігін, ал қажет болған жағдайда, шөп өсімдіктерінің түрлік құрамының сипаттамасын дайындау және түрлік құрамы бойынша тиісті шараларды белгілеу - орман орналастырудың негізгі ерекшелігі болып есептеледі.

252. Орман орналастыру осы Нұсқауға сәйкес жүргізіледі, бірақ жұмыстар бірінші орман орналастыру кенесінде нақтыланады.

Параграф 12. Темір жолдар мен автомобиль жолдарының бөліп берілген қорғаныштық алқаағаштарда орман орналастыру

253. Темір жолдар мен автомобиль жолдарының бөліп берілген қорғаныштық алқаағаштары темір жолдар мен автомобиль жолдарын желден, қар және құм үйінділерінен қорғау функцияларын атқарады. Мемлекеттік орман қоры болғанымен, олар мәнісінде темір жол мен автомобильдер қозғалысының қауіпсіздігі үшін қызмет ететін инженерлік құрылым болып табылады. Ведомствоның бағыныстырығы бойынша бөлінген жолақтардағы алқаағаштар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне жатады.

Бөлінген жолақтардағы алқаағаштарда орман орналастыру кезінде бөліп берілген участкелер шегінде жер санаттары бойынша бөледі, барлық таксациялық көрсеткіштер анықталады, орман қорының толық сипаттамасы, оның жай-күйі мен құрылымы беріледі.

Тапсырыс берушіге берілетін материалдар:

- 1) орман қорының сипаттамасы мен ауданының (облыстың) орман өсу жағдайының сипаттамасы бар түсіндірме жазба;
- 2) тасациялық сипаттама;
- 3) темір жол (автомобиль) жолақтарындағы алқаағаштар планынан тұратын, пландық материалдар, карта-схемалар.

2 Бөлім. Камералдық жұмыстар

1. Жалпы қағидалар

Параграф 1. Орман орналастыру жобасының сипаттамасы. Құжаттардың құрамы мен сапасы

254. Аумақтарында далалық орман орналастыру жұмыстары жүргізілген орман иеленушілері үшін материалдарды камералдық өндіреу нәтижелері бойынша орман орналастыру жобасы құрастырылады. Онда өткен тексеру кезеңіндегі орман шаруашылығын жүргізу мен орман қорын пайдалануға баға беріледі, орман пайдалану мен орманды ұдайы өндіру бойынша орман шаруашылық шаралар жүйесі жасалады. Бұл шараларда ағаш қорлары мен басқа да құндылықтарды алumen қатар орманды зиянкестер мен аурулардан қорғау, олардың өнімділігі мен құрылымын, алдағы тексеру кезеңіндегі орман шаруашылығын жүргізу әдістерін жақсарту қаастырылады.

Орман орналастыру жобасының құрамы:

- 1) осы Нұсқаулықтың 23-қосымшасына сәйкес орман орналастыру жобасына түсіндірме жазба – 1 том;
- 2) мемлекеттік орман қоры участекерінің сипаттамасы – 2 том - 1 кітап;
- 3) алдағы тексеру кезіне арналған орман шаруашылық іс-шаралары – 2 кітап;
- 4) таксациялық сипаттама – 3 том;
- 5) МОҚ участекерінің сипаттамасы және орманшылықтар бойынша жоспарланған орман шаруашылық іс-шаралар – 4 том;
- 6) әр түрлі мақсаттағы орман карталарының жиынтығы;

Облыста орман шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Негізгі қағидалар.

255. Негізгі қағидаларды орман орналастыру ұйымы Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 6-қосымшасына сәйкес арнайы бағдарлама бойынша жасайды және облыс бойынша жасалған жағдайда аумактық органдың бекітіледі және дайындалатын орман орналастыру жобаларының негізгі құрамы болып табылады, оларға түсіндірме жазбада тиісті сілтемелер жасалады.

256. Орман орналастыру жобалары жасалғаннан кейін облыстағы барлық орман иеленушілері үшін арнайы бағдарлама бойынша Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 24-қосымшасына сәйкес облысқа жиынтық орман орналастыру жобасы құрастырылады.

Жиынтық орман орналастыру жобасында орман қорын сипаттайтын кестелер мен ведомостар жиынтығы және орман иеленушілер мен облыс бойынша жобаланған орман шаруашылық шараларының көлемі беріледі.

Жиынтық орман орналастыру жобасына МОҚ санаттары, орман иеленушілердің шекаралары және жас топтары шегінде басым тұқымдылар бойынша боялған телімдері көрсетілген орам жүйесі түсірілген облыстың карта-схемасы қосымша беріледі.

257. Шығарылатын орман орналастыру жобаларына қойылатын талаптар Орман кодексімен және Ережелермен белгіленеді.

Орман мекемелері бойынша орман орналастыру материалдары орман мекемелері бойынша дайындалатын орман орналастыру материалдарының тізіміне сай Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 1-қосымшасындағы 13-кестеге сәйкес дайындалады, ал олардың мазмұны мен орман орналастыру жоба томдарын түптеу тәртібі Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 25-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Параграф 2. Екінші орман орналастыру кеңесін жүргізу және басты пайдалану бойынша есепті кеспеағашты бекіту

258. Орман орналастыру жобасын дайындаушы далалық орман орналастыру материалдарын камералдық өндегеннен кейін алдағы тексеру кезеңіне жобаланатын орман шаруашылық шараларының көлемі туралы шешім қабылдау үшін Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 23-қосымшасына сәйкес екінші орман орналастыру кеңесі хаттамасының жобасын құрастырады.

259. Басып шығарылған хаттаманың жобасы кеңес өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күн қалғанда:

1) облыстың орман шаруашылығы уәкілетті органының қарамағындағы орман мекемелері бойынша:

уәкілетті органға;

облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына; орман иеленушіге;

2) коммуналдық меншік қарамағындағы орман мекемелері бойынша:

облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына;

облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына; орман иеленушіге жіберіледі.

Ескерту. 259-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

260. Екінші орман орналастыру кеңесін өткізу күні мен орны белгіленеді:

1) орман орналастыру объектісі өкілетті органының қарамағында болғанда - Өкілетті органда;

2) орман орналастыру объектісі облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасында болғанда - Басқармада;

3) орман орналастыру объектісі басқа министрліктер мен ведомстволар қарамағында болғанда – орман орналастыру объектісі бағынатын жоғарғы ұйымда;

261. Кеңес орман орналастыру объектісі бағынатын жоғарғы ұйым өкілінің тәрағалығымен жүргізіледі.

262. Кеңеске мына өкілдер қатысады:

- 1) орман орналастыру объектісі бағынатын жоғарғы ұйымынан;
- 2) облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциялары;
- 3) облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасынан;
- 4) орман орналастыру ұйымынан;
- 5) орман иеленушілерден;
- 6) басқа ұйымдар өкілдері (тізімді кеңес төрағасы анықтайды).

Ескерту. 262-тармақта өзгеріс енгізілді – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

263. Жобаланған орманшаруашылық шаралардың көлемдері бойынша келіспеушіліктер болғанда, оларды кеңесте келіседі немесе орман орналастыру жобасын жасаушы келісілмеген сұрақтар бойынша "ерекше пікір" жазады, және оларды орман орналастыру объектісі бағынатын жоғарғы ұйымға жібереді.

264. Екінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасында келтірілген ұсыныстарға кеңеске қатысушылар, оны алдын ала қарастырғанда ешқандай ескертулер болмаған жағдайда, хаттамаға кеңес төрағасы кеңес шақырмай-ақ қол қояды.

265. Екінші орман орналастыру кеңесі бекіткен орман шаруашылығы шараларының көлемі және басты пайдалану кесулері бойынша есепті кеспеағаштар орман орналастыру жобасының түсіндірме жобасын құрастыру үшін негіз болып табылады.

266. Орман орналастыру ұйымы екінші орман орналастыру кеңесі қабылдаған басты пайдалану кесулері бойынша есепті кеспеағаштар көлемін рәсімдеп, өкілетті органға бекіту үшін жібереді.

267. Барлық орман шаруашылық шаралар бүкіл тексеру кезеңіне жыл сайынды жұмыстардың көлемін анықтаумен жасалады, далалық орман орналастыру жұмыстары жүргізілген жылдан кейінгі, 1 қантардан басталады.

Параграф 3. Орман орналастыру жобасын тапсыру және іске асыру тәртібі

268. Орман орналастыру жобасын дайындау кезінде орман орналастыру ұйымы жасаған барлық материалдар келісімшартта белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге өткізіледі.

269. Орман орналастыру жобасы өкілетті органмен бекітілгенге дейін экологиялық сараптамадан өтеді.

270. Экологиялық сараптаманың қорытындысы алынып, орман орналастыру жобасына қажетті түзетулер енгізілгеннен кейін орман орналастыру ұйымы өкілетті органға орман орналастыру жобасын белгіленген тәртіп бойынша бекіту үшін жобаланған шаралардың көлемі мен орман орналастыру жобасын қолданысқа енгізу

туралы Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 27-қосымшасына сәйкес анықтама жібереді.

271. Орман орналастыру жобасы камералдық орман орналастыру жұмыстарынан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Параграф 4. Орман орналастыру жобасы құжаттарының мазмұны мен сапасына қойылатын талаптар

272. МОҚ мен орамдардың санаттары бойынша топталған телімдердің сипаттамаларын жазу үшін арнайы бағдарламаның көмегімен мәліметтер алынатын таксациялық карточкалардың негізінде компьютерден өндөліп құрастырылатын және әр телімнің таксациялық және орман шаруашылық сипаттамасын беретін нысан бойынша Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 28-қосымшасына сәйкес таксациялық сипаттамалар негізгі құжат болып табылады.

Таксациялық сипаттамалар орманшылықтар бойынша түптеледі және оларды партия бастықтары тексеріп, қолдарын қояды. Мазмұнынан кейін орамдардың тізбесі мен таксацияны жүргізген орындаушылардың аты-жөні келтіріледі.

Таксациялық сипаттамалардың мазмұны мен сапасына қойылатын талаптар төмендегідей:

- 1) таксациялық карточкаларға толық сәйкес болуы;
- 2) телімдердің таксациялық көрсеткіштерінің бір-бірімен сәйкестігі;
- 3) қор мөлшерінің бақылаулық мөлшерден 1 (бір) гектар ауытқуы плюс, минус 10 пайыздан аспауы (қабаттың орташа биіктігі мен толымдылығы арқылы кесте бойынша);
- 4) белгіленетін орман шаруашылық шараларының участеклердің нақты сипаттамаларына, МОҚ санаттарына байланысты орман шаруашылығын жүргізуге және нормативтік құжаттарға сәйкес болуы.

273. Мемлекеттік орман қорын есепке алу пішінінде мазмұны мен құрастырылу сапасына қойылатын талаптар тиісті нұсқаулықпен белгіленеді.

274. Орман қорын сипаттайтын барлық кестелер үшін қадағалау деректері "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті әзірлеген ведомстволық статистикалық бақылаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру бойынша нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 231 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13573 болып тіркелген) бекітілген орман қорының мемлекеттік есебінің нысандары болып табылады.

Ескерту. 274-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

275. Орман қорын есепке алу формалары мен орман шаруашылық ведомостарындағы және орман орналастыру жобаларының түсіндірме жазбаларындағы қорлар бойынша мәліметтер текше метрлерде немесе мың текше метрлерде келтіріледі.

276. Орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасына орман орналастыру үйымының басшысы, бас инженер және партия бастығы қол қояды (авторы).

277. Орман орналастыру жобасына түсіндірме жазбаның мазмұны оны құрастыру бағдарламасымен Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 25-қосымшаға сәйкес, ал сапасы – эксперттік бағалау тәсілімен анықталады. Сапасына қойылатын негізгі талаптар төмендегідей:

1) орман орналастыру есептері мен жобалық шешімдерінің қолданыстағы нормативтік құжаттарға, Негізгі қағидалар мен орман орналастыру кеңестерінің шешімдеріне сәйкес болуы;

2) орман қоры динамикасының өткен тексеру кезеңіндегі шаруашылық қызметі нәтижелерінің және орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдаланудағы жіберілген кемшіліктердің дұрыс талдануы;

3) орман орналастыруды жобалаудағы ормандардың санитарлық, экологиялық жағдайын жақсартып, олардың өнімділігі мен сапасын арттыратын және орман қоры ресурстары мен жерлерді тиімді пайдалануға әсерін тигізетін басым бағыттарды анықтауда осы талдау нәтижелерінің толық пайдаланылуы;

4) орман орналастыру есептерінің қатесіз болуы, қабылданған жобалық шешімдердің негізделуі және цифрлы мәліметтердің бір біріне сәйкестігі;

5) мәтіннің қысқа, нақты және стилистикалық ережелерге сәйкес болуы.

Параграф 5. Үздіксіз орман орналастыру құжаттамасының құрамы мен оған қойылатын талаптар

278. Орман орналастыру жобасы мен арнайы әдіспен қарастырылған барлық құжаттама, толық көлемде жасалатын базалық орман орналастырудың материалдары үздіксіз орман орналастырудың негізі болып табылады. Орман қоры мен орман пайдалану және орман шаруашылық қызметі бойынша жинақталған мәліметтер банкі құрылады.

279. Кейін, шаруашылық шаралармен қамтылған немесе орманға жағымсыз жағдайларда болған мемлекеттік орман қоры участеклерінде жыл сайын тексеру жүргізіледі. Үздіксіз орман орналастыруды жүргізуудің нәтижесінде орман иеленушісіне жыл сайын электронды түрде мына құжаттар беріледі:

1) орман қорының есебі;

- 2) таксациялық сипаттамасы өзгерген телімдерге таксациялық сипаттама;
- 3) өзгерістер болған орамдарға орамдар жиынтығының ведомосы;
- 4) тапсырыс берушімен келісілген, түзетілген жобаланған орман шаруашылық шараларының ведомосы.

(бес) жыл сайын электронды түрде берілетін материалдар:

- 1) орман қорының бір жолғы мемлекеттік есебінің мәліметтері (белгіленген мерзімде);
- 2) болған өзгерістері енгізілген, таксациялық сипаттама;
- 3) жобаланатын орман шаруашылық шараларының түзетілген ведомосы;
- 4) орман мекемесі аумағының өзгерген бөлігіне орманшылықтар бойынша (бір дана)
-) орман алқаағаштарының жаңартылған планы толық парастаңдағанда немесе фрагментпен.

280. Есепке алу – есеп беру құжаттамасын алу және орман қоры, орман пайдалану, ормандарды қорғау және күзету бойынша анықтамаларға түскен ресми сұрауларды орындау тәртібі негізгі орман орналастыруды жүргізу туралы келісімшартпен белгіленеді, орман иеленушісінің тиісті бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілуі мен мамандардың мәліметтер банкімен жұмыс істеуі ескеріледі.

281. Үздіксіз орман орналастыру обьектілеріне орман қорын мемлекеттік мерзімдік есепке алу жылдары, бүйрықпен бекітілген, орман қоры есебінің нысандары бойынша тиісті құжаттама беріледі.

Орман қорын есепке алу жұмыстары негізгі орман орналастырудан 6 жыл өткеннен кейін және одан да көп жылда жүргізілген жағдайда, есепке алу алдындағы соңғы 2 жылда аралап жүріп тaksацияланғандардан басқа барлық алқаағаштардың тaksациялық көрсеткіштері актуализацияланды.

Актуализация Қазақстан ормандарын тaksациялау үшін қабылданған алқаағаштардың өсу барысының кестелері бойынша жүргізіледі. Мұндай кестелер жасалмаған жағдайда алқаағаштардың орман орналастырудан кейінгі жасы бойынша ғана актуализация жүргізіледі.

282. Тексеру кезеңінің жартысы өткеннен кейін орман қорында елеулі өзгерістер болған жағдайда, орман иеленушісінің тапсырысы бойынша басты пайдалану кеспеағашы мен аралық пайдалану және, қажет болған жағдайда, ормандарды ұдайы өндіру шараларының көлемдері мен түрлері қайта есептеледі.

Қайта есептеу орман қоры бойынша жаңа мәліметтер базасын табиғи өсуіне актуализациялау арқылы жүргізіледі. Қайта есептеу материалдарын қарастыру және бекіту тәртібі кәдімгі орман орналастырудың көлемдері мен түрлері қайта есептеледі.

283. Үздіксіз орман орналастыру кезінде қабылданатын және барлық құжаттар пішіні мен мазмұны базалық орман орналастыру кезінде қабылданғандарға сәйкес болу керек.

Жаңартылған картографиялық материалдар (орман карталары немесе олардың фрагменттері) жүктелімі мен дәлдігі бойынша Орман карталарын дайындау жөніндегі Техникалық басқару талаптарына сәйкес болу керек.

284. Үздіксіз орман орналастырудың басты мақсаттары төмендегідей:

1) орман шаруашылығын жүргізуң тиімділігі мен орман қорын үздіксіз, тиімді және сарқылмасты пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) орман орналастыру жобаларының толық көлемде іске асырылуы. Олар негізгі орман орналастыру материалдары бойынша белгілі бір кезеңде орман қорында болатын және күтпеген өзгерістерді ескере отырып құрастырылады;

3) жоспарлау кезінде орман пайдаланудың барлық түрлерінің және орман шаруашылық шаралардың кезектілігі, ұйымдастырылуы және орналастырылуы бойынша оңтайлы шешімдер табу;

4) орман мониторингін мәліметтермен қамтамасыз ету.

285. Үздіксіз орман орналастыру кезінде қойылған мақсаттарға сәйкес төмендегідей мәселелер шешіледі:

1) орман қоры, орман пайдалану мен орман шаруашылық қызметі бойынша актуализацияланған жағдайында жинақталған мәліметтер банкін қолдау;

2) орман кадастры мен ормандарды мемлекеттік есепке алу және орман шаруашылығы бойынша есеп беру құжаттамасын жүргізу;

3) орман пайдалану мен орман шаруашылық қызметті ағымдағы жоспарлау (жыл сайын);

4) орман пайдалану мен орман шаруашылық қызметті ағымдағы бақылауға алу;

Орман пайдалану мен орман шаруашылық қызметті перспективалық жоспарлаудың кешенді тапсырмалары негізгі орман орналастыру кезінде, ал қажет болған жағдайда – негізгі орман орналастыру арасындағы кезеңде шешіледі.

286. Үздіксіз орман орналастырудың барлық кешенді тапсырмалары бағдарламалық құралдары арнайы техножұмыс жобасымен анықталатын мәліметтер банкі арқылы шешіледі. Бұл жобаның құрамына сондай-ақ бағдарламалар кешені мен орман қорын есепке алу, жоспарлау, бақылаудың нақты міндеттері кіреді.

Параграф 6. Ұзақ мерзімді пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры участеклері құжаттарының құрамы

287. Ұзақ мерзімді пайдалануға берілген участеклері бар орман қорын орман орналастыру кезінде орман орналастыру жобасымен бірге қосымша төлемге ұзақ мерзімді пайдалануға берілген әр участекке қысқаша түсіндірме жазба жасалады. Түсіндірме жазбада участекнің мөлшері, орналасуы және сипаттамасы беріледі. Сондай-ақ осы участекдері алқаағаштардың боялған және боялмаған пландары немесе планшеттері жасалады.

2. Орман қорының сипаттамасы

Параграф 1. Орман қоры жерлерін МОҚ санаттары бойынша бөлу

288. Орман қорын МОҚ санаттарына бөлу Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 45-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Орман кодексі МОҚ санаттарын нақтылайтын негізгі құжат болып табылады.

289. Әрбір МОҚ санатына орман шаруашылығын жүргізудің режимі, орман пайдаланудың түрі мен көлемдері белгіленген.

МОҚ санаттары далалық орман орналастыру жұмыстарының басталуына дейін немесе орман орналастыру жұмыстары кезінде анықталады.

Орман иеленушісі аумағының МОҚ санаттары бойынша бөлінуіндегі өзгерістер далалық орман орналастыру жұмыстарынан кейін заңды түрде рәсімделген болса, орман орналастыру материалдарына енгізілетін түзетулер қосымша қаржы мен қосымша келісімшарт бойынша енгізіледі.

Параграф 2. Орман қорын сипаттайтын кестелер

290. Орманшылықтардың орман қоры мен орман орналастыру объектін сипаттайтын кестелер мен ведомостар тізімі орман орналастыру жобасының мазмұнымен анықталады және Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 23-қосымшада берілген.

291. Сүрекдіндердің орташа таксациялық көрсеткіштерін анықтау кезінде олардың жасы, бонитеті және толымдылығы телім аудандарының қосындысы бойынша анықталады. Сүрекдіндердің орташа өсімі ағаш тұқымдылардың өсімі бойынша қолданыстағы стандарттарға сәйкес анықталады.

292. Сүрекдінің өнімділігі өсу тенденциясына немесе ормандардың жағдайы мен сапасының, жас құрылымының өзгеруіне, орман шаруашылық қызметінің нәтижелеріне және өткен тексеру кезеңіндегі орман пайдаланудың әдістері мен қарқындылығына байланысты. Өсімінің төмендеуі орташа таксациялық көрсеткіштер бойынша анықталады.

Параграф 3. Пайдалану қоры, оның тауарлық және сортименттік құрылымы

293. Пайдалану қорын Ағаш кесу ережелері бойынша МОҚ санаттарындағы ерекше қорғалатын деп бөлінген участкелерден басқа, Орман кодексімен басты пайдалану кесулері рұқсат етілген МОҚ санаттарындағы барлық толысқан және көнерген алқаағаштар құрайды.

294. Пайдалану қоры туралы телім бойынша мәліметтерде орман орналастыру объектісінің көлік үшін қолайлыш болуы ескеріледі. Участкелердің көлік үшін

қолайлылығы және аумақтың (орам тізбесі) көлік үшін қолайсыз участекелерге жатқызылуы бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

295. Пайдалану қорын құрайтын және басты пайдалану есебіне енгізілетін, сондай-ақ есептен шығарылған алқаағаштар туралы жиынтық мәліметтер орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасындағы кестелер мен екінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасында басты пайдалану кесулерінің мөлшері негізделген жағдайда келтіріледі.

Тексеру кезеңіне белгіленген кеспеағаш қорының орналасуы орманшылық алқаағаштарының жалпы планында көрсетіледі.

296. Пайдалану қорының тауарлық құрылымы әр түкім үшін тауарлық кестелер бойынша материалдарды компьютерлік өндіреу кезінде анықталады. Құрамындағы түкімдыштардың түбір қоры тауарландырылады. Сонымен қатар кәделік сүрек ірлік санаты мен сорттары бойынша бөлінеді, ал отындық сүрек технологиялықа және жағылатынға бөлінеді.

Әр басым түкім бойынша пайдалану қорының құрамы жөнінде мәліметтер МОК санаттары шегінде келтіріледі.

297. Арендаға берілетін участекелерде пайдалану қоры немесе кеспеағаш қоры тапсырыс беруші арендатордың сұранысы бойынша және келісімшарт бойынша оның қаражатына және өзі таңдаған вариантында, мақсатты сортименттердің максималды шығымын алу қажеттілігін ескере отырып, сұрыптау жүргізіледі (қолданыстағы сортимент кестелері бойынша).

Параграф 4. Өскін мен табиғи жаңарудың және орман екпелерінің сипаттамасы

298. Толысушы, толысқан және көнерген сүрекдіндердің орман қолтығындағы табиғи жаңару барысын анықтау үшін орман қолтығындағы өскінің көз мөлшерімен есепке алу мәліметтері қолданылады.

Табиғи жолмен жаңаруын қамтамасыз ететін басты түкімдыштардың өскіні бар толысушы, толысқан және көнерген алқаағаштардың аудандары табиғи жаңаруды бағалау шкаласына сәйкес анықталады.

299. Орманмен қамтылмаған жерлердегі орманды қалпына келтіру процестерінің барысы көз мөлшермен таксациялау мәліметтері мен тексеру кезеңінде пайда болған балауса ағаштарды ескере отырып жүргізілген табиғи жаңаруды тексеру нәтижелері бойынша сипатталады.

Орманмен қамтылмаған жерлердегі шаруашылық жағынан құнды түкімдыштардың жаңаруына әсер ететін факторлар анықталып, талданады.

300. Орман екпелерін далалық есепке алу мәліметтері мен тексеру және аралап таксациялау нәтижелері бойынша орман орналастыру объектісіндегі орман екпелерінің

барын, сақталуын, жағдайын көрсететін тексеру кезеңіндегі орман екпелері мен үлкен жастағы орман екпелерінің ведомостары құрастырылады. Осы мәліметтер бойынша орман екпелерін өсіру өндірісінің жалпы сипаттамасы жасалады және оған баға беріледі. Сонымен қатар, осы мәліметтер бойынша орман орналастыру белгілеген орман екпелері ауданының орман иеленушісі берген есептің мәліметтеріне сәйкестігі, ауытқулардың себептері анықталады және орман екпелерін орманмен қамтылған жерге ауыстырудың стандарт талаптарының орындалуы, жағдайының дұрыс бағалануы таксация мәліметтерімен салыстырғандағы, өлу себептері талданады, сондай-ақ орман иеленушісінің өткен тексеру кезеңіндегі орман екпелерін өсіру шараларын орындауды анықталады.

301. Өскіннің жағдайы мен табиғи жаңарудың сипаттамасы және өткен тексеру кезеңіндегі орман екпелерін өсіру өндірісінің бағалануы орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында келтіріледі. Осы мәліметтер бойынша жасалған қорытындылар алдағы тексеру кезеңіне белгіленетін орманды қалпына келтіру шараларын жобалауда қолданылады.

Параграф 5. Жидектер мен дәрілік өсімдіктердің және техникалық шикізаттың сипаттамасы

302. Жұмыстар қосымша төлемақыға жасалады. Орманды аралап таксациялау кезіндегі шикізат ресурстарын ағаштан басқа тексеру нәтижелері бойынша жидек, жаңғақ, жеміс, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатын дайындауға жарамды телімдердің орамдық ведомостары құрастырылады.

303. Ормандағы шикізат ресурстарының биологиялық және кәсіпшілік өнімі тиісті нормативтер бойынша анықталады. Ормандағы шикізат ресурстарын дайындау көлемін белгілеген кезде көлікке қолайсыз жерлер есептелмейді: тік беткейлер, өнімділігі мен шикізат көлемі төмен учаскелер және аумақтың химиялық немесе радиоактивтік ластануына байланысты шикізат ресурстары пайдалануға жарамсыз болып табылатын учаскелер.

Параграф 6. Ормандардың санитарлық және экологиялық жағдайы

304. Аралап таксациялау мәліметтері бойынша орман зиянкестері мен орман аурулары ошақтарын, өнеркәсіп, көлік және коммуналдық қалдықтармен зақымданған орман учаскелерін сипаттайтын тиісті ведомостар құрастырылады. Ормандардың санитарлық және экологиялық жағдайы жөнінде жиынтық мәліметтер, олардың бағалануы және тиісті ұсыныстар орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында келтіріледі.

Параграф 7. Мемлекеттік орман кадастры.

Ормандарды экономикалық бағалау

305. Орман орналастыру материалдары бойынша орман иеленушілер орман кадастры кітабын жүргізеді. Орман орналастыру жұмыстары кезінде бұл кітаптардың формалары мен Параграфтарының дұрыс толтырылуы тексеріліп, қажет болған жағдайда, қолданыстағы нормативтерден ауытқулар көрсетіледі.

306. Экономикалық бағалау нормативтері табиғи-экономикалық аймақтар мен МОҚ санаттары бойынша мақсаты мен шаруашылық маңыздылығына байланысты жасалады.

Бұл нормативтерде ормандардың саны мен сапасы (тұқымдық құрамы, жасы мен тауарлық құрылымы, өнімділігі), орманның сүрексіз өнімдері ормандардың табиғи пайдалы қасиеттері, аудандардың шаруашылық игерілуі мен орман участкерінің көлікпен жетуге қолайлығы ескеріледі.

307. Орман орналастыру объектіндегі орман қорының экономикалық бағалануы жер түрлері мен МОҚ санаттары бойынша келтіріледі. Орман қоры объектін бағалау құқықтық және шаруашылық тәртіптегі жеке тұлға параметрімен белгілі жерде орналасқандығы сипатталатын және белгіленген шекарасы бар участкер болып табылады.

308. Экономикалық бағалаудың мәліметтері жобаланатын шараларды негіздеу мен тиімділігін болжау үшін қолданылады. Орман иеленуші оларды тексеру кезеңі бойы орман қоры жерлерін қайтып алу үшін өтемақы мөлшерін, жалға беру (алу) төлемін және орман зандарын бұзу үшін айыппұл мөлшерін анықтауда қолданады. Ормандарды экономикалық бағлау, оларды кадастрылық бағалау үшін негіз болып табылады.

3. Откен тексеру кезеңдегі орман

қорының динамикасы мен орман шаруашылық қызметін талдау

Параграф 1. Орман қорының динамикасын талдау

309. Орман қорының динамикасы орман шаруашылық және ағаш дайындау қызметінің нәтижесімен талданады (олардың орманға әсер ету деңгейін анықтау үшін). Талдау нәтижелері орман қоры динамикасындағы негативтік тенденцияларды жоюға және ормандардың экологиялық және санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталады және орман орналастыруды жобалаудағы басымдылықты анықтаудың негізі ретінде қолданылады.

310. Талдау осы және откен орман орналастыру мәліметтерін салыстыру әдісімен жасалады. Орман қорының ұзак кезеңдегі динамикасы туралы мәліметтер болған жағдайда, тапсырыс берушінің талабы бойынша сол кезеңге талдау жасау жүргізіледі. Ол бірінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасына жазылады.

Мыналар талданады:

- 1) орман қоры аудандарының МОҚ санаттары бойынша, ал олардың шегінде – жер түрлері бойынша бөлінуі;
- 2) ормандардың тұқымдық құрамы мен ормандардың жас құрылымы;
- 3) басым тұқымдылар бойынша орташа таксациялық көрсеткіштер;
- 4) ормандардың экологиялық жағдайы; орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының динамикасы; тұқымдылар бойынша жас сұректің түбірлік қоры; өткен тексеру кезеңіндегі ормандардың кесілуі, өлуі және ұдайы өндірілуі араларындағы балансы.

311. Көрсетілген өзгерістер бүтін орман орналастыру объектісі бойынша, ал объектінің шекарасында елеулі өзгерістер болған жағдайда салыстыруға келетін шекаралармен салыстырылады.

Орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында орман қорында болған өзгерістерге баға беріледі. Өзгерістердің себептері үш топқа бөлінеді:

- 1) табиғи (табиғи апattар, өсімі және басқалары);
- 2) орман шаруашылық қызметтің жүргізілуі, жүргізілмеуі, өнеркәсіп қалдықтарының орманға тигізетін әсері, рекреациялық жүктелім;
- 3) объект ауданының кесу жастарының өзгеруіне байланысты және басқалары.

Өнеркәсіп қалдықтары мен басқа да зиянды заттардың орманға әсер ету дәрежесі және сипат көрсетіледі.

Орман қорын мемлекеттік есепке алу түрлері бойынша орман орналастыру мәліметтері орман иеленушісінің орман орналастыру жылындағы орман кадастры кітабындағы мәліметтерімен салыстырылып, үйлеспеушіліктердің себептері анықталады.

Параграф 2. Орман шаруашылық қызметтің талдау

312. Орман шаруашылық қызметтің талдау орман шаруашылығын жүргізуіндің жақсы және жаман жақтарын (өткен тексеру кезеңіндегі) анықтап, оны жетілдіру шараларын жасау мақсатында жүргізіледі. Орман шаруашылық шараларын жүргізу әдісінің сапасы мен технологиясы және ережелермен нұсқауларды қолдануға болатындығы бағаланады.

Ағаш кесу ережелерін бұзушылықтар анықталады. Орман ресурстарын пайдалану толықтығы мен үнемділігі бағаланады.

Сұректің шығыны аралап таксациялау нәтижелері бойынша анықталады.

Өткен орман орналастырудың орман орналастыру жобасына сәйкес нақты орындалған орман шаруашылық жұмыстардың көлемдері және олардың орман қорындағы орналасуы салыстырылады. Ол үшін орман шаруашылық шаралар

жүргізілген телімдердің таксациялық мәліметтері, табиғи жаңаруын, орман екпелерінің жағдайын, ормандардың экологиялық және санитарлық жағдайын тексеру нәтижелері, статистикалық есеп беру материалдары және басқа да мәліметтер қолданылады.

Осы жұмыстардың соңында (нәтижесі ретінде) жобаланған және нақты орындалған орман шаруашылық шаралардың негізделуі мен тиімділігі бойынша қорытынды шығарылады, өткен орман орналастыру жобасынан ауытқулардың себептері талданады және олардың орман қорының сапалық құрамы мен құрылымы бағаланады.

313. Жалпы қорытындыда орман орналастыру объектісі бойынша шаруашылық қызметке жиынтық баға беріледі. Тиісті қорытындыларында атқарылған орман шаруашылық шаралары мен ағаш дайындау қызметінің негізгі таксациялық көрсеткіштеріне, ормандардың сапасына, өнімділігіне экологиялық және санитарлық жағдайына тигізетін әсері сипатталады.

4. Орман орналастыруды жобалау

Параграф 1. Орман қоры иеленушілері үшін жобалау

314. Орман қоры иеленушілері мен орман пайдаланушылар үшін орман шаруашылық шараларын жобалау Орман кодексі талаптарына, Үкіметтің қаулылары мен шешімдеріне, басқа да директивтік құжаттар мен ережелердің талаптарына байланысты орман орналастыру жобасына түсіндірме жазбаның бағдарламасына сәйкес.

Параграф 2. Ұйымдық-шаруашылық бірліктің құрылуды

315. МОҚ санаттары мен орман құрушы тұқымдылар Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын жүргізуіндегі негізі болып табылады.

МОҚ санаттары белгіленген тәртіп бойынша жеке аумақтардың мақсатын ескере отырып Орман кодексінің 45-бабының 2-тармағына сәйкес бөлінеді.

Параграф 3. Тұқымдылар топтары мен мақсатты тұқымдылар

316. Басым тұқымдыларының ерекшеліктері мен өнімділігі және орман шаруашылығын жүргізу мақсаттары бойынша ағаш тұқымдылары 5 топқа топтасады:

қылқан жапырақты, қатты жапырақты, жұмсақ жапырақты, сексеуілдіктер және басқалары.

Әр топ ормандардың қорғаныш және басқа да пайдалы функцияларын тиімді атқаруын қамтамасыз ететін шаралар жүйесін іске асыру арқылы нақты бір мақсатты тұқымды өзіне сәйкес орман өсіру жағдайларында өсіруге бағытталады. Барлық бұталы тұқымдылар бұталар тобына біріктіріледі.

317. Орман қорының тұқымдық құрамы орман шаруашылығын жүргізу мақсаттарына сәйкес келмеген жағдайда, құндылығы аз сүректерді мақсатты тұқымдылармен алмастыру шаралары қарастырылады (қайта құру).

318. Орманмен қамтылмаған орманды жерлер (алаңқай жерлер) орман өсіру жағдайлары бойынша болашақта ормандандырылатын мақсатты тұқымдыларға жатқызылады.

Параграф 4. Басты пайдаланудағы кесу жастарын белгілеу

319. Басты пайдаланудағы кесу жастары кесу жұмыстары жүргізілетін МОҚ санаттары үшін белгіленеді. Басты пайдалану есебінен шығарылған ормандар үшін "толысу жастары" шартты түрде белгіленеді және олар барлық орман орналастыру құжаттарында "кесу жастары" болып алынады.

320. Әр тұқым мен тұқымдылар тобы үшін кесу жастары олардың биологиялық ерекшеліктеріне, мақсатына және олардың табигат қорғау, экономикалық, әлеуметтік функцияларына байланысты белгіленеді.

321. Орман пайдаланудың біркелкі болуын қамтамасыз ету үшін кесу жастары негізделген және тұрақты болады.

322. Басты пайдаланудың кесу жастарын өзгерту немесе нақтылау қажеттілігі аумақтық органның ұсынысы бойынша орман орналастыру жұмыстарына дайындалу кезінде іске асырылады. Кесу жұмыстарын өзгерту қажеттілігінің негіздемесі дайындық жұмыстарын жүргізу қорытындылары жөніндегі хаттамаға енгізіледі.

323. Кесу жастарын негіздеу ғылыми орман ұйымдарында жүргізіледі. Кесу жастарының өзгертілуі мен белгіленуін өкілетті орган бекітеді.

324. Алқағаштар жас топтарына басты пайдаланудағы белгіленген кесу жастары (немесе толысу жастары) мен жас кластарының ұзақтығына байланысты Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшаның 14-кестесіне сәйкес бөлінеді.

Параграф 5. Орманды көп мақсатта пайдаланудағы жобалаудың негізгі принциптері

325. Ормандарды сарқылтпай, үздіксіз және тиімді пайдалана отырып, олардың қорғаныштық қасиеттерінің артуының толықтай сақталуын қамтамасыз ету орманшылықтың негізгі принциптері болып табылады.

326. Орман қорында, оларды пайдаланудың мына түрлері жүзеге асырылады.

1) ағаш сүректерін дайындау;

2) шайыр және шырын дайындау;

3) қосалқы ағаш өнімдерін дайындау (қабықтарын, бұтақтарын, түбірлерін, жапырақтарын, бүршіктерін);

4) орманды қосымша пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аңшылық, бал ара шаруашылығы, бақшалық және өзге де ауылшаруашылық өнімдерін өсіру, дәрілік өсімдіктерді жинау және оларды техникалық шикізат ретінде пайдалану, жабайы жемістерді яғни жаңғақ, саңырауқұлақ, жиңік және тағы басқа азықтық өнімдерді, мүкті, орман жамылғысын және түскен жапырактарды, қамысты жинау);

5) мемлекеттік орман қоры участеклерін аңшылық шаруашылығына, ғылыми - зерттеу мақсатында, мәдени-сауықтыру, туристік және спорттық мақсаттарға пайдалану.

327. Орманды пайдаланудың басым түрі МОҚ санаттарының табиғат қорғау, экологиялық және әлеуметтік функцияларының сәйкестігіне байланысты болады.

Ормандардың функциясы мен жергілікті жер жағдайларына байланысты орман орналастыруда жобалауға жататын орман пайдалану тізімі бірінші орман орналастыру жиналышының шешімімен тағайындалады.

328. Көп мақсатты орман пайдалануды жобалаудың негізгі принципі ретінде орманның барлық жарамды түрлерінің кешенді пайдаланылуы сүректі және сүрексіз өнімдердің анықталған түрлері мен орман пайдалану мөлшерін қоса алынады.

Басты пайдалану үшін кесуге тыйым салынған ормандарда аралық пайдаланудың және басқа да кесу түрлерінің мөлшері мен түрі, олардың экологиялық-санитарлық жағдайы және алқаағаштардың өсімі мен сүректердің табиғи түсін пайдалана отырып, олардың қорғаныштық қызметтерін арттыру арқылы анықталады.

Ғылыми мекемелер орман қорларын көп мақсатта пайдаланудағы іс шараларды, орналасу аудандарының негізіне сүйене отырып анықтайды, ал өкілетті ұйымдар оларды бекітеді.

Параграф 6. Орманды басты мақсатта пайдалану

329. Басты пайдалану мақсатында кесу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Біртіндеп және тандамалы кесулерді негіздеу кезінде төмендегілер есепке алынады:

- 1) орман астарындағы табиғи жаңарудың болуы және жай-қүйі;
- 2) орманды молықтыру кезеңі;
- 3) кесуді қабылдау саны мен қайталану мерзімі;
- 4) орман қоры аумағы бойынша кесудің орналасуы;
- 5) кесудің қарқындылығы.

Ескерту. 329-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

330. Есептік кеспеағаш орман мекемесі бойынша есептеледі, ал орманшылықтар бойынша пайдалану қорына пропорционалды және алқаағаштардың жас құрылымы ерекшеліктерін ескере отырып есептеледі. Кейбір жағдайларда өкілетті ұйымдардың талабына байланысты есептік кеспеағаштар әр немесе жеке орманшылықтар бойынша есептелуі мүмкін. Орманды пайдаланудың есептеліп бекітілген қоры арқылы облыс аумағы бойынша есептік кеспеағаштар анықталады.

331. Басты мақсатта пайдалану үшін кесу бойынша есептік кеспеағаштар орман орналастыру кезінде анықталады. Есептік кеспеағаштар кезекті орман орналастыру мерзімінен бұрын мына жағдайларда ғана қайта есептеледі:

1) мемлекеттік орман қоры жерлері бір МОҚ санатынан екіншісіне ауыстырылған кезде;

2) белгілі бір аудандарды алып тастағанда немесе қабылдаған кезде;

3) орман иеленушілерінің қайта құрылудың немесе жойылудың байланысты орман қорында өзгерістер болған жағдайда;

4) орман қорлары табиғи аппаттардың салдарынан апатқа шырағанда.

Сонымен қатар, есептік кеспеағаш мына жағдайларда қайта есептеледі:

1) өзгеруі оның мөлшерінің 20 (жиырма) пайзынан көп болғанда;

2) кезекті орман орналастыруды жүргізу мерзіміне 3 (үш) жыл қалғанда.

332. Есептік кеспеағаш Қазақстан Республикасының орман қоры участекелерінде есептік кеспеағаштардың мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сай Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 30-қосымшага сәйкес есептеледі. Орман орналастыру кезінде кеспеағаш тексеру кезеңінің белгіленген ұзақтығына қабылданады

333. Есептік кеспеағаш МОҚ санаттары шегінде басым тұқымдылар мен кесу әдістері бойынша есептеледі. Есеп жетуге қолайлылығына байланысты жеке есептеледі

334. Есептік кеспеағашты анықтаған кезде, төмендегілер есепке алынбайды:

1) Орман кодексіне сәйкес мемлекеттік орман қорындағы басты мақсатта пайдалану үшін кесуге тыйым салынған МОҚ санаттары;

2) қолданыстағы Ағаш кесу ережелеріне сәйкес басты пайдалану мөлшерінің есебінен шығарылған ерекше қорғалатын орман участекелері;

3) қолданыстағы Ережелерге сәйкес бағалы және сирек кездесетін ағаштарда кесу белгіленбейді.

335. Орман орналастыру мекемесі объектілеріндегі есептік кеспеағаш бойынша ұсыныстар, екінші орман орналастыру кеңесінде қабылданғаннан кейін өкілетті ұйымдарға бекітуге беріледі.

336. Есепті кеспеағаш далалық орман орналастыру жұмыстары жүргізілген жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырылады.

337. Телімдерді кесуге белгіленгенде бірінші кезекте төменде көрсетілгендер ұсынылады: зақымданған алқаағаштар (дауыл, жел құлатқан ағаштар), жағдайына байланысты кесуді талап ететін алқаағаштар; өткен кесу жылында толық кесілмегендер ; шайыр алынғандар; көнерген алқаағаштар.

338. Басты мақсатта пайдалану үшін кесуге белгіленген барлық телімдер шолу планында боялып көрсетіледі және олар басты мақсатта пайдалану үшін кесу ведомосына тіркеледі. Орман пайдаланушыларға, экономикалық жағдайды ескере отырып, есептік кеспеағаш аумақтарының кесу участкерін тандауға ерік беріледі. Кесуді орам немесе блок бойынша шоғырландыруға жол беріледі.

Параграф 7. Орманды аралық пайдалану

339. Аралық пайдалануға төмендегілер жатады:

- 1) орманды күту үшін кесу;
- 2) тандамалы санитарлық кесу;
- 3) өнімділігі аз орман алқаағаштарын құнды ағаштарға алмастыру үшін кесу, қорғаныштық қасиеттері мен су реттегіштік және басқа да атқарушы қызметтерін жоғалтқан алқаағаштарды;
- 4) балауса ағаштардағы толысқан жеке тұрган ағаштарды кесу.

340. Орман орналастыру мәліметтерінде, орман өсіру талаптарына сай кесулерді қажет ететін, алқаағаштардың барлық аудандары анықталып көрсетіледі.

Елді мекендер мен көлік жолдарымен шектес алқаағаштарда күтіп-баптау мақсатында кесуді жобалағанда, өртке қарсы тұра алатын бөгет жыралар қарастырылады. Олардың ені сол жерде орналасқан объектілердің ерекшеліктеріне байланысты болады.

Жыл сайынғы күту үшін кесудің мөлшері, әрбір кесу тұрлериңе байланысты таңдалған сүрекдіндерінің ауданы мен көлемі арқылы анықталады. Кесу мөлшері күтіп-баптау кесулерін талап ететін алқаағаштар ауданын кесулердің қайталану мерзіміне бөлу арқылы, ал қоры - жылдық мөлшерінің ауданын 1 (бір) гектар орташа кесу мөлшеріне көбейту арқылы орташа кесу қарқындылығы бойынша анықталады.

Құрылуды тексеру кезеңіне жобаланатын орман екпелері мен балауса ағаштардағы жарықтандырудың жыл сайынғы мөлшері есептік жолмен анықталады және орман орналастыру жобасында жеке көрсетіледі.

Күтіп-баптау кесулеріне белгіленген телімдерді іріктеу орамдардың игерілу кезектілігін, толымдылығын, ағаштардың жасы мен жағдайын ескере отырып жүргізіледі.

341. Таңдамалы санитарлық кесулер, дің зиянкестері мекендереген алқаағаштардың санитарлық жағдайын, телімдегі ағаштардың бірен-сaran өрттен зақымдануын және басқа да табиғи аппаттарға ұшырауын зерттеу нәтижелері мен белгіленген шаруашылық шаралардың негізінде Қазақстан Республикасы ормандарындағы санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес жобаланады.

Таңдамалы санитарлық кесулерді жүргізу мерзімі зақымданған тұқымдылардың және таңдалған сүректің жалпы көлемінің биологиялық ерекшеліктері мен оны дайындау мүмкіндігіне байланысты 1-5 (бір - бес) жыл деп қабылданған. Таңдамалы санитарлық кесулердің көлемі алқаағаштардың санитарлық жағдайына байланысты жылдарға бөлініп белгіленуі мүмкін.

Жыл сайынғы таңдамалы санитарлық кесудің көлемі таңдалған ағаш сүректерінің жалпы қорын бекітілген игеру кезеңіне бөлу арқылы анықталады. Алқаағаштардың санитарлық жағдайына байланысты таңдамалы санитарлық кесулерінің жылдық көлемі бойынша дифференциялды белгіленеді.

342. Санитарлық-гигиеналық және денсаулықты жақсарту қасиеті жоғары, ерекше бағалы, орман жеміс алқаағаштарын, мемлекеттік табиғи саябақтарды, ғылыми маңызы бар және табиғи ескерткіштері бар ормандарды ескі, кеуіп қалған, жел құлатқан, қатты дауылдан сынған ағаштардан тазарту жобаланады. Басқа орманда бұл тек іске жарамды сүрегі болса немесе өртке қарсы талаптарға сай келмеген жағдайдаған жоспарланады.

Нақты шешімдер бірінші орман орналастыру көнеспінде қабылданады. Ескі, кеуіп қалған және шашылып жатқан ағаштардың жыл сайынғы көлемін анықтау, таңдамалы санитарлық кесуді жобалағандай жүргізіледі.

343. Ірітелініп алынған телімдердегі таңдамалы санитарлық кесуді және қураған ағаштардан тазарту жұмыстарын жоспарлаудың жалпы көлемдері арнайы дайындалған ведомостарда және кестелерде көрсетіледі.

344. Мемлекеттік орман қоры санаттарының басты мақсатта пайдалануға тыйым салынған участкерінде күтіп-баптау және таңдамалы санитарлық кесу барлық алқаағаштарда, толысушы, толысқан және көнерген, біртіндеп жасартуды қажет ететін, экологиялық-санитарлық қасиетін жақсартатын, қорғаныштық қасиетін сақтайтын және арттыратын ағаштарда, сонымен қоса толысқан ағаштарды техникалық қасиетін жоғалтқанға дейін және пайдалануға болатын алқаағаштардың барлығында жобаланады.

345. Сүрегі құнсыз алқаағаштар мен бұталарды қайтадан жаңартып кесу жұмыстары төмендегідей участкерде белгіленеді:

1) өздеріне тән емес орман өсіру жағдайларында өнімділігі жоғары алқаағаштар өспейтін жұмсақ жапырақты (кейде қатты жапырақты) балауса тұқымдыларда;

2) табиғи жолмен шаруашылықта бағалы тұқым болып өнімділігі жоғары сүрек болып өсе алмайтын толымдылығы төмен, орта жастағы алқаағаштар мен балауса ағаштарда;

3) мақсатты пайдалануға жарамсыз алқаағаштар мен бұталарда;

Кесу және ағаш түқымдыларын егу немесе себу арқылы жаңартуды қажет ететін құндылығы төмен алқаағаштардың ауданы қайта құру қорын құрайды. Сондықтан кесілетін ағаштардың көлемі мен алқаағаштарды жаңарту мерзімі арқылы жыл сайынғы кесілетін мөлшері анықталады.

346. Басты мақсатта пайдалануға тыйым салынған мемлекеттік орман қоры санаттарында (мемлекеттік табиғи қорықтардан басқа), ерекше қорғалатын участеклерде қорғаныштық, және басқа да функцияларын жоғалтқан алқаағаштардың барлығында кесу жұмыстары жүргізіледі.

Олар тандамалы санитарлық кесу сияқты жүргізіледі. Кесілетін участеклерді тандау және реттеу жұмыстары нормативтік іс қағаздарына сүйене отырып, жүзеге асырылады

347. Балауса ағаштардағы жеке тұрған толысқан, толысу жасынан асқан және балауса ағаштар арасында өзінің түқым беру қасиетін аяқтаған ағаштар жекелеп кесуге белгіленеді.

Орта жастағы, толысушы, толысқан және көнерген алқаағаштардағы ерекше айқындалатын жекелеген ағаштар жекелеп кесілмейді. Олар мемлекеттік орман қорының санаттарында басты мақсатта пайдалану үшін кесуге тыйым салынбаған жерлеріндегі кесулермен бірге жүргізіледі. Басқа МОҚ санаттарында олар тандамалы санитарлық кесу, күтіп-баптау кесулерін жүргізу ретінде алынуы мүмкін.

Параграф 8. Басқа да кесулер

348. Басқа да кесулерге төмендегілер жатады:

- 1) жаппай санитарлық кесулер;
- 2) өртке қарсы үзілімдер мен соқпақтарды шабу;
- 3) өртке қарсы үзілімдерді және соқпақтарды тазалау;
- 4) кылқанды балауса ағаштарды блоктарға бөліп кесу;

5) электр жүйелері өтетін, тас жолдарды салу мен құбырларды орнатуға байланысты жүргізілетін кесулер;

- 6) әр түрлі құрылыштарға және кенселерді салуға арналған аудандарды кесу;
- 7) шашылған кәделік ағаштарды жинау;

349. Жаппай санитарлық кесу кезінде кесілетін сүректің көлемі мен өтімді қоқырсуды жинаудың көлемін орман орналастыру таксация мәліметі бойынша анықтайды.

Шабылуға жобаланған өртке қарсы үзілімдер мен кесілетін ағаш сүректерінің көлемі, олардың еніне, ұзындығына және бағыт бойынша басып өткен телімдердің 1 (бір) гектарындағы басым түқымдылар бойынша қорына байланысты, есептеліп шығарылады.

Ал соқпактарды шабу кезіндегі көлемі, олардың қосындылар ұзындығындағы телім алқаағаштарының ені және басым тұқымдылар бойынша телімнің 1 (бір) гектардағы сүректерінің орташа қоры арқылы анықталады.

Параграф 9. Алқаағаштардан шайыр және шырын алу.

Тұбір шайырын дайындау

350. Негізгі алқаағаштардан шайыр алу қажеттілігі, сол аудандағы өкілетті ұйымдардың келісімімен шешіледі және ол бірінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасында тіркеледі.

Қарағай сүрекдіндерінен шайыр алудың шикізаттық базасы, қолданыстағы Ережелерге сәйкес таксация мәліметтерінің негізінде анықталады. Сонымен қатар шайыр алудағы, шайыр алуға жобаланатын және шайыр алу үшін тиімсіз сүректер жеке есептеледі.

351. Техникалық және экономикалық тиімділігі бар шырша, майқарағай және балқарағай алқаағаштарында шайыр алуға жарамды участеклер көрсетілген тұқымдылар бойынша таңдалады. Бұндай алқаағаштардан шайыр алудың тиімділігі туралы мәселені өкілетті орган шешеді, ал оның жүргізілетін көлемі мен технологиясы туралы шешім бірінші орман орналастыру кеңесінде қабылданады.

352. Қарағайлы алқаағаштарда шикізат алуға жарамды және төменгі бонитетті ағаштар болған жағдайда ғана шайыр алу жобаланады. Шайыр алу жобасының қажеттілігі өкілетті ұйымдармен шешіледі және бірінші орман орналастыру кеңесінде тіркеледі.

353. Қарағай шайырын алуға және тағы басқа да мақсатта пайдалану үшін тұбірлерді дайындау орман екпелерін отырғызуға арналған және орман алқаағаштарына зияны тимейтін жерлерде жүзеге асырылады. Қарағай тұбірлерінен шайыр алудың қажеттілігі, олардың ресурстық аудандары бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

Параграф 10. Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау

354. Қосалқы ағаш ресурстарына қабық, тұбір, бұтак, тамыр, жапырақ, бүршік жатады.

Қосалқы ағаш сүректерінің қажеттілігі және олардың тізімі бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

355. Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау мүмкіндігінің көлемі мен аудандары, әртүрлі кесу шараларының жобалануына сәйкес болады.

Параграф 11. Ормандарды қайта қалпына келтіру, оларды дамыту және өнімділігі төмен ағаштарды жаңарту

356. Ормандарды қайта қалпына келтіру және оларды дамыту шаралары шаруашылық шараларды жүргізуге болмайтын жерлерден басқа мемлекеттік орман қорының барлық рұқсат етілген жер санаттарында жүзеге асырылады. Жобалау жұмыстары орманды пайдаланушылардың көп жылдар бойы, орман екпелері мен табиғи жаңаруды зерттеу жұмыстары кезінде жиналған мәліметтеріне сәйкес жүргізіледі.

Жобаланатын іс-шаралардың құрамына төмендегілер кіреді:

- 1) орманмен қамтылмаған аумақтарға екпе ормандарын отырғызу;
- 2) өнімділігі төмен және бұталы ормандарды жаңарту үшін, жасанды алқаағаштарды құру;
- 3) орманды басты мақсатқа пайдалану үшін кесу кезінде жас өскіндерді ескере отырып, олардың табиғи жаңаруының артуына әсер ету;
- 4) табиғи жаңарудың келешекте орман құруына мүмкіншілігі бар аудандарды қалдыру.

357. Ұдайы өндіру мен орман өсіруді талап ететін және шаруашылық әсер етуге қолайлышаскелерге енетін орман екпелерінің қоры аралап көріп таксациялау мәліметтері бойынша анықталады; соның ішінде

- 1) шаруашылық құнды тұқымдылардың табиғи жолмен өсуі мүмкін емес орманмен қамтылмаған орман жерлері (сирек орманнан басқа);
- 2) тексеру кезеңінде жаппай кесуге жіберілген басым тұқымдылардың толымдылығы бойынша, табиғи жаңаруы мүмкін емес кеспеағаштар;
- 3) құндылығы толымдылығы төмен алқаағаштар мен бұталар, екпе ормандарды отырғызу жолымен қалпына келтіруге белгіленгендер.

Одан басқа орман мелиорациясы ретінде белгіленген, (құмдар, жыралар, балкалар, карьерлер және басқа да орманмен қамтылмаған жерлер) егер бірінші орман орналастыру көнестінде қарастырылған болса, орман екпелері жобалануы мүмкін.

358. Тексеру кезеңіндегі ағашы кесілген жерлердің ауданының орман екпелерін қажет ететіндігі, аралап таксациялау кезіндегі алқаағаштардың орман астарындағы табиғи жолмен құнды жас буын өскіндерінің бар мәліметтерінің есебі бойынша анықталады.

359. Орман екпелерін отырғызу шаралары белгіленген участкелерде есептік әдістемелік картасы болмаған жағдайда, орман орналастыру жобасының түсініктеме жазбасында, осы орман өсу жағдайына отырғызылатын көшеттердің саны және орналасуы көрсетіледі.

360. Алқаағаштары қайта құру кезінде ағаштар толық жойылғанда – орман екпелері жаппай жобаланады, ал коридорлар мен толымдылығы төмен алқаағаштардың ашық жерлерінде көшет отырғызған жағдайда – жартылай жобаланады.

361. Табиғи жаңаруға жәрдемдесу тексеру кезеңіндегі тұқымдылардың өскіні нашар ағашы кесілген жерлерге, орман астарындағы толымдылығы төмен толысушы, толысқан және көнерген ағаштарда, бұрынғы ағашы кесілген және басқа да орманы табиғи жолмен қалыптасу үшін, жеткіліксіз өскіні бар орманмен қамтылмаған орманды жерлерге жобаланады.

Табиғи жаңаруға қолдан ықпал етудің әдістері төмендегідей болады:

- 1) басты мақсатта пайдалану үшін жаппай кескен кезде, құнды тұқымдылар өскіні мен балауса ағаштарды сақтау мен оларды келешекте күту;
- 2) шаруашылықта маңызы бар өздігінен шыққан ағаштар мен балауса ағаштарды күту;
- 3) сақталған өскіні жеткіліксіз учаскелерде орман екпелерін отырғызу;
- 4) біртінде топырағын өңдеу (минералдану);
- 5) табиғи жаңарып келе жатқан учаскелерді қоршау;
- 6) жаңа кесілген жерлердегі табиғи жаңаруға қалдырылған жас өскіндерді жабайы және үй жануарлары зақым келтірмеуі үшін қоршап қою.

362. Орманның табиғи жаңаруына арналған іс шаралар өткен жылдардағы кесілген жерлерді зерттеу жұмыстарының негізіне сүйене отырып, орманмен қамтылмаған аумақтардағы балауса ағаштардың динамикалық жағдайын талдау арқылы жүзеге асырылады.

Табиғи жаңару учаскелерін таңдау басым тұқымдылардың орман жиегінде және кесілген жерлерде жақсы дамуына байланысты болады.

363. Ормандары ұдайы өндіру шаралары жобаланатын учаскелер арнайы ведомосқа барлық іс шаралардың түрлері бойынша қорытынды шығарылып және тұқымдар екпелердің типі көрсетіліп әр отырғызу әдісі бойынша енгізіледі.

364. Орманды дамыту кезінде жыралардың, балкалардың, құмдардың және тағы басқа ормансыз жерлердің жұмыс қөлемі бөлек есептеледі.

365. Ормандарды ұдайы өндіру, өсіру қөлеміне байланысты уақытша және тұрақты орман тұқым учаскелерінің саны, орман тұқымбақтарының аудандары мен оларға қажетті орман тұқымдары есептеліп шығарылады.

Орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында орман тұқым шаруашылығы мен тұқымбақтарын дамыту, уақытша және тұрақты орман тұқым учаскелерін, аналық және ұластыру плантацияларын салу туралы ұсыныстар беріледі.

Параграф 12. Ормандарды қорғау

366. Ормандарды өрттерден, зансыз кесулерден, орманды пайдаланудағы ережелердің бұзылуынан және басқа да ормандарға зақым келтірulerден қорғау үшін орман орналастыру жобасына түсіндірме жазбада шаралар жете зерттеледі. Іс шаралар қолданыстағы ережелер, бұйрықтар мен басқа да құжаттардың негізінде және өткен

тексеру кезеңіндегі шаруашылық жүргізуді талдау нәтижелерін ескере отырып жобаланады.

367. Ормандарды орман зандарының бұзылуынан қорғау.

Откен тексеру кезеңінде орын алған орман зандарын бұзушылықтарын талдау негізіне сүйене отырып, ағаштарды заңсыз кесудің алдын алу, орманды пайдалану ережесінің бұзылуына жол бермеу, санитарлық ережелерді бұзбау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау, зандылық актілері ережелерін бұзбау туралы шаралар жобаланады.

368. Орманшылықтардың аудандарын орман мастерлік участекелер мен айналымдарға бөлу, орманшылықтардың аудандарын қолданыстағы орман мастерлік участекелер мен айналымдарға бөлу, олардың аудандарының өрт қаупі кластарына бөлінуін, ормандардың функционалдық маңызы және оларды пайдалану бағыттарын, бұрын жүргізілген талдауларды ескере отырып, бөлінуі бойынша атқарылады.

Екінші орман орналастыру кеңесінде келісілген орман мекемесі аумағының орман мастерлік участекелер мен орман айналымына бөлінуі карта-схемада және орман орналастыру жобасына түсіндірме жазбада көрсетіледі.

Орман мастерлік участекелер мен айналымдар, оларды қорғау күрделілігіне байланысты, шамамен бірдей болады. Оларды бөлу кезінде ағаш сүрегі көп дайындалатын және жергілікті тұрғындар жиі баратын орамдарды қорғау тиімділігіне ерекше назар аударылады.

Параграф 13. Ормандарды зиянкестерден және аурулардан қорғау

369. Таксацияның және арнайы орманпатологиялық зерттеулердің мәліметтеріне сәйкес телімдер бойынша бар зиянкестер мен аурулар ошақтарының ведомостары құрастырылады.

Орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында, орман патологиясының жалпы бағасы беріледі және алдын-алу, жойғыш, және шаруашылық ұйымдастыру шараларынан тұратын орман қорғау іс шаралары жоспарланады.

Зиянды қалдықтарды бөліп шығаратын өндіріс кәсіпорындарының маңындағы орналасқан аудандарда аймақтар алқаағаштардың закымдану дәрежесі бойынша анықталады, құрай бастаған және өлген ағаштардың қорын есептеп шығарады. Ормандардың патологиялық жағдайларын сипаттайтын схемада зақымданған аймақтар көрсетіледі. Өндіріс кәсіпорындарының қалдықтарына төзімді алқаағаштарды отырғызу туралы ұсыныстар беріледі.

Параграф 14. Орманды қосалқы пайдалану

370. Ормандарда шөп шабу, мал жаю, егіншілікпен айналысу, ақ қайың шырынын дайындау негізгі қосалқы пайдалану түрлері болып табылады.

Шабындықтар, жайылымдар және жыртылған жерлер (орманды қорғау мақсатында және жұмысшылардың осы жерлерді қосалқы пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында). Олар қысқа мерзімді пайдалануға беру түріне байланысты былай бөлінеді :

- 1) орманды қорғау мен орман иеленушісі жұмысшыларының қызметтік жер үлестері;
- 2) өздерінің шаруашылық мақсаттарына қосалқы пайдалану;
- 3) қысқа мерзімді пайдалану үшін беру.

Орман орналастыру жобасын дайындау кезінде, ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің құнарлылығын арттыруға арналған шаралар белгіленеді. Ормандарға кері әсерін тигізбеген жағдайда, орамдардың барлық немесе бір бөлігінде мал жаюға рұқсат беріледі. Жайылым үшін орамның тыйым салынған участекері қоршалған жағдайда, оның бөлігіне мал жаю белгіленуі мүмкін.

371. Бал ара шаруашылығын дамытудың болашағын негіздеу кезінде таксация мәліметтері бойынша омарталардың қолайлы орындары анықталады және гүлдеу мерзімдерін, нормативтік және жергілікті мәліметтерді ескере отырып, бал өндірудің өнімділігі есептеледі. Орман орналастырудың есептері бойынша бал ара шаруашылығын дамыту, омарталар мен ара ұяларын тиімді орналастыру және тауарлық балды өндіру жөнінде ұсынымдар жасалады.

372. Ақ қайың азықтық шырындарын дайындау мүмкіндігі арнайы әдістемелік нұсқаулар бойынша анықталады. Құрамында үш немесе одан көп, толысқан, кесуге белгіленген ақ қайың ағаштары болса, олар есепке алынады. Ағаштардан шырын алу кесілуге 5 (бес) жыл қалған кездеғана рұқсат етіледі және олар өңдеуге, консервациялауға немесе 3 (үш) күн ішінде сатылатын болған кезде жобаланады.

373. Жабайы өскен жеміс-жидек пен жаңғақты дайындау. Орманды таксациялау кезінде участекердегі жеміс-жидектің және жаңғақтың әр түрінің биологиялық өнімі әр аймақтарға арналған кесте арқылы анықталады. Көп жылдық орташа шаруашылық өнімділік әр түрге белгілі бір мөлшерде биологиялықтан қолданылады. Осыған байланысты, экономикалық жағдайын және участекердің қолайлышын ескере отырып, жеміс-жидек және жаңғақты жинау мүмкінділігінің көлемі ұсынылады. Сонымен қатар, жабайы жемісті және жаңғақ беретін ағаштар мен бұталардың өнім беруін арттыру туралы іс шаралар белгіленеді.

374. Санырауқұлақ, жидек, дәрілік және техникалық шикізаттарды дайындау таксациялау мен өнімділігін зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып жобаланады. Дайындауға қолайлы участекер орташа биологиялық, көп жылдық және шаруашылық өнімділігі мен олардың көлемі арнайы бекітілген нормативтер бойынша анықталады.

375. Участекердегі азықтық, дәрілік, техникалық және сүрексіз шикізаттың түрлері, орманшылық және орман иеленушілер бойынша қорытындысы келтірілген ведомосына енгізіледі. Орман орналастыру кезінде кездескен шикізат көздерінің шаруашылық

өнімділігі қолданыстағы әдістемеде берілген нормативтер бойынша есептеледі (жидектілерге, шөптесін және дәрілік өсімдіктер үшін - ауданында кездескен өсімдіктердің барлығы жүз пайыз деп алғынады; жаңғақтылар, жабайы жемістілер, жидекті ағаш тұқымдылар және бұталар үшін – толымдылығы бойынша, 1 (бір) гектардағы түбір саны- шикізат дайындалатын тұқымның құрамындағы үлесі бойынша) . Қосалқы пайдаланудағы тұқымдылар бойынша дайындалатын шикізаттардың жалпы көлемі туралы мәліметтер орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында жазылады.

376. Қосалқы пайдаланудың жеке түрлері бойынша өнімдерді өндіру бойынша ұсыныстар тиісті тапсырыс болған жағдайда ғана қосынша төлемге жасалады.

Параграф 15. Жануарлар әлемін қорғау

377. Аңшылық жұмыстарын орман орналастырумен қатар жүргізгенде (бұрын аңшылық орналастыру жұмыстарын жүргізген мәліметтері бар болған жағдайда) бұл Параграф жасалмайды, бірақ орман орналастыру жобасында аңшылық орналастыру құжаттарына сілтеме жасалады. Орман орналастыру кезінде, аңшылық орналастыру құжаттары (іс қағаздары) болмаған жағдайда, орман пайдаланушылардың шекара аумағын мекендей жүрген жануарлардың саны туралы деректер келтіріледі. Сонымен қатар, жануарлар мен құстардың санын көбейтуге, ұя салуға қолайлы және жарамды жерлердің қоректік, қорғаныштық қасиеттерін арттыру, қыста қолдан қоректендіру участеклерін жақсарту, жыртқыштардың санын қысқарту, адамның әсерінен болатын қауіптерді азайту мақсатында биотехникалық шаралар жасалады.

Параграф 16. Жұмысшы кадрлар және оларды басқару

378. Өндіріс орнын басқару, ұйымдастыру мәселелері жан-жақты қаралады және барлық штат жұмысшыларының оптималдық құрамына байланысты, орманшылықтарды және орман күзетін басқарып отырған жұмыскерлерді қоса, білімділік деңгейлеріне талдау жасау ұсынылады. Өндіріс орнын жұмысшы кадрлармен қамтамасыздандыру мен маусымдық жұмыстарға кадрларды тартуға талдау жасалады және ұсыныстар қарастырылады.

Параграф 17. Жоспарланатын орман шаруашылық шараларын экологиялық негіздеу және ормандарды экономикалық бағалау

379. Орман шаруашылық іс-шараларын жобалау кезінде, олардың санитарлық және экологиялық жағдайын жақсартуға, алқаағаштардың өнімділігін арттыруға, орманда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл болінеді.

380. Орман шаруашылық өндірісінде жобаланатын орман шаруашылық шараларды экологиялық негіздеу орман орналастырумен ғылыми дәлелденген орман саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес басты және аралық пайдаланудың жыл сайынғы нормасы мөлшеріне негізделеді.

381. Жобаланатын шаралар мен есептік кеспеағаштың тиімділігінің маңызды көрсеткіштері ормандардың құрылымын қалыптаңдыруға олардың ықпал ету деңгейі болып табылады. Осы мақсатта тексеру кезеңінің соңында басқа да орман таксациялық көрсеткіштері мен сүрек және бұта тұқымдылардың ауданын өзгертуге болжам беріледі

382. Қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін жерлерде санитарлық-гигиеналық, ландшафты-эстетикалық, су реттегіш және басқа да жағымды жақтарын арттыру мақсатында орман шаруашылық және басқа да іс-шараларын белгілеу керек. Бірінші кезекте, көпшілік демалатын орынның рекреациялық үлкен жүктеме жағдайында және орманның экологиялық жүйесіне кері әсер ететін зиянды қалдықтарды бөліп шығаратын өндірістік кәсіпорындардың ауданындағы ормандарды күту және олардың деградацияға ұшырауына жол бермеу бойынша ұсынымдар беріледі.

383. Алдағы тексеру кезеңіне жобаланған орман шаруашылық шаралардың (жыл сайынғы) көлемін орман орналастыру жылындағы және оның алдындағы орман орналастыру белгілеген көлемдермен салыстыру көрсеткіштері келтіріледі. Сондай-ақ, орманмен қамтылған жерлердің 1 (бір) гектарындағы пайдалану қарқының 1 (бір) гектар орташа өскінмен салыстыру нәтижелері келтіріледі. Жобаланған орман шаруашылық шаралардың тым кіші немесе тым үлкен көлемі орманмен қамтылған жерлердің 1 гектарындағы орташа өскінмен салыстырып талданады.

Ормандарды ұдайы өндіру көлемдері ормандануды талап ететін орманмен қамтылмаған жерлермен (аудандармен) салыстырылады. Орманмен қамтылмаған жерлердің ормандарды ұдайы өндіру шараларымен толық қамтылмауының себептері келтіріледі.

384. Күтілетін жер түрлерінің аудандарының өзгеруі және басым тұқымдылардың тексеру кезіндегі негізгі таксациялық көрсеткіштерінің өзгеруі орман орналастыру жылы тексеру кезеңінің соңына қарай төмендегідей болуы мүмкін:

- 1) орман иеленушісінің жалпы ауданы бойынша;
- 2) орманмен қамтылған жерлер бойынша;
- 3) орманмен қамтылмаған жерлер бойынша;
- 4) алқаағаштардың жалпы қоры бойынша;
- 5) орманмен қамтылмаған жерлердің 1 (бір) гектардағы орташа қоры және жекелеген тұқымдылар мен бұталардың түрлері бойынша;
- 6) жалпы ауданың 1 (бір) гектарындағы орташа қоры бойынша;
- 7) 1 (бір) гектардағы орманмен қамтылған жерлердің орташа өсімі бойынша;
- 8) 1 (бір) гектардағы шөп шабудың өнімділігі бойынша.

Барлық көрсеткіштер бойынша, болжамды өзгерулердің нақты талдануы көрсетіледі. Орман орналастырылған тексеру кезеңінде жобаланған шаруашылық іс-шаралардың тиімділігі бойынша жалпы қорытындысы беріледі.

5. Ормандарды мақсатты пайдаланумен өңірлік жағдайларға байланысты орман орналастыру жобалау

Параграф 1. Таулы ормандардағы шаруашылық шаралардың ерекшеліктері

385. Таулы ормандардағы, орман орналастыру жобаларының қосымша ерекшеліктеріне тәмендегілер жатады:

1) республикадағы орман қоры аудандарын беткей тіктілігі топтарына байланысты бөлудің көрсеткіштері Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшадағы 16-кестеге сәйкес;

2) орман шаруашылық іс-шаралар таулы орман беткейлерінің тіктігі мен басқа да ерекшеліктері ескеріле отырып қаастырылған ережелер мен ұсыныстарға сәйкестендірілпі жобаланады;

3) орман шаруашылық іс-шараларын жобалау орамдарға көліктердің бару мүмкіндігіне байланысты болады. Барлық орамдар көлік бара алғатын және бара алмайтын болып бөлінеді.

Орамдарды көліктердің жету мүмкіндігіне байланысты бөлу бірінші орман орналастыру кеңесінде дайындық жұмыстардың қорытындысын келісу кезінде жүргізіледі;

4) таулы ормандарды таксациялағанда орман шаруашылық шаралар жүргізуге қажет болған барлық телімдерге орамдардың жетуге қолайлығына қарамастан белгіленеді;

5) тексеру кезеңіне жасалатын орман орналастыру жобада орман шаруашылық шаралардың көлемдері тек жетуге қолайлы бөлігіне келтіріледі.

Жетуге қолайсыз бөлігі үшін тек орман шаруашылық шаралардың тексеру кезеңіне орындалмайтын жұмыс көлемдері анықталады.

6) орман қорының сипаттамасы бойынша барлық мәліметтер және жобаланатын орман шаруашылық шаралар аудандары бойынша келтіріледі, жазықтық жағдайда келтірілген;

7) орман қорын таулы жерлерге жатқызу туралы Техникалық нұсқауларға сәйкес ормандарды таулы жерлерге жатқызу Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 22-қосымшага сәйкес жүргізіледі.

Параграф 2. Шөлді ормандарда орман шаруашылық шараларын жобалаудың ерекшеліктері

386. Шөлді ормандарда, орман шаруашылық шараларын жобалау кезінде жайылымдардың тиімді пайдаланылуы ескерілуі керек.

Кұмды тоқтату және топырақ эрозиясын болдырмайтын ағаш-бұта, шөптесін өсімдіктердің мал жаю салдарынан зақымдануынан қорғайтын шаралар жобаланады. Көшетін құмдарды тоқтатуға байланысты шаралар белгіленеді.

Сексеуілдер үшін таксациялық көрсеткіштерді анықтаудың нормативтік дәлдігі Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 1-қосымшаның 8-кестесіне сәйкес анықталады.

Параграф 3. Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік, спорттық және басқа да мақсаттарда пайдаланатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және ормандарда жобаланатын орман шаруашылық шаралардың ерекшеліктері

387. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандар мен мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдаланылатын ормандардағы іс-шаралар Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтары туралы Заңында қарастырылған талаптарға сәйкес орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасындағы арнайы бағдарлама бойынша жобаланып жасалады.

388. Мәдени-сауықтыру рекреациялық, туристік және спорттық мақсатта пайдаланылатын орман бойынша шаруашылық іс-шараларын орман орналастыру жобалаған кезде, орман қорының көлемі мен шекарасының негізделуі, атқаратын функционалды қызметі бойынша бөлінуі, демалушылардың жаппай келуі және жекелей келушілердің, демалыс орнының орналасуы аумақтың рекреациялық жүктеліміне сәйкестігі жазылады. Ормандардың тұқымдық құрылымы бойынша, оларды қорғау және аумақтарды сәулеттендіру шаруашылық іс-шаралар жүйесі жасалады.

Орманның санитарлық-гигиеналық және алдағы тексеру кезеңінің соңына қарай эстетикалық қасиеттеріне оң әсер етуіне жобаланған шаралардың және демалушыларға жасалған жағдайлардың тиімділігі анықталады.

389. Демалу мақсатында пайдаланылатын мемлекеттік орман қорының барлық санаттарында олардың эстетикалық қасиеттерін арттыру мен ормандардың құлдырауын болдырмау және пайдалану кезінде жағымды табиғат көрсеткіштерін қалыптастыру іс-шаралары жүргізіледі. Оларда әсемдік жануарларды жұмылдыру мен биотехникалық іс-шараларын жақсылап жабдықталған жанға-жай рекреациялық бағыттар жобалануы мүмкін.

390. Фылыми маңызы бар ормандар үшін, орман орналастырудың түсініктеме жазбасында өткен тексеру кезеңіндегі шаруашылық қызметін талдаумен қатар ғылыми

зерттеулерден алынған нәтижелеріне, олардың тиімділігін бағалай отырып, толық талдау жүргізіледі. Зерттеулерден алынған нәтижелерді орман шаруашылығына ендіру туралы ұсыныстар беріледі.

391. Жобаланатын іс-шараларда ормандардың мақсаты, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік өндіріс жұмыстарының тақырыбы ескеріледі. Бұл тақырып орман иеленушісінің ғылыми бөлімшесімен өткен тексеру кезеңінде атқарылған жұмыстардың нәтижелері бойынша орман орналастырушылардың қатысуымен құрастырылады.

Оқу мақсаттарына бағытталған ормандарда іс-шараларды жобалағанда оқу орнының бағдарына және оқу жоспарын жүргізуіне байланысты, студенттер мен тәжірибе жүргізудің қажеттілігін ескереді.

392. Мәдени-сауықтыру және басқа да мақсатында пайдаланылатын ормандарда орман шаруашылығын жүргізуді ұйымдастыру мен орман пайдалануды жобалаудың ерекшеліктері бірінші орман орналастыру кеңесінде анықталады.

Параграф 4. Аңшылық шаруашылығына бекітілген орман қорларында шаруашылық іс-шараларды жобалаудың ерекшеліктері

393. Аңшылық шаруашылығына бекітілген орман қорларында ауланатын жануарларды қорғау және қайта қалпына келтіру шаралары жасалынбайды.

Орман орналастыру жобаларында тек 1000 (бір мың) гектар жердегі жануарлардың орналасқан тығыздығымен санының тізімі көрсетіледі. Аңшылық орналастыру мәліметі бойынша немесе таксациялау кезеңіндегі мәліметтерге сүйене отырып, орман қоры бойынша жануарлардың орман шаруашылығына тигізетін зияны жөнінде қорытынды шығарылады. Бос аумаққа жануарлардың мекен етуіне қолайлы жағдай жасау және қорғау үшін іс-шаралар жобаланады.

394. Орман шаруашылық іс-шараларын жобалау кезінде мыналар қарастырылады:

1) құрлар топтасқан жерлердің айналасындағы жер ауданы, құндыздар мекендеген су жағалауларындағы жолақты ормандарды, қорғалымның ерекше қорғалатын бөлігін, ерекше қорғалатын участкелері санатына жатқызу;

2) құр мен шілдердің топталған жерлеріне орман екпелерін отырғызудан бас тарту;

3) көктемгі және құзгі кезеңде жануарлардың төлдеу жерлерінде істелінетін шараларды шектеу;

4) улы химикаттар мен тыңайтқыштардың қолданылуын шектеу.

Орман шаруашылық қызметі мен орман пайдалану аңшылық және орман шаруашылықтарына зиян келтірмей, олардың тиімділігін қамтамасыз ету керек.

395. Ішкі шаруашылықта аңшылық орналастыру қызығушылық танытқан мекемелердің арнайы тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 17-03/362 бұйрығымен

бекітілген және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрында № 7851 тіркелген Қазақстан Республикасының аумағында ішкі шаруашылығында аңшылық орналастыру бойынша ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 5. Мемлекеттік қорғаныштық орман жолақтарында орман шаруашылық шараларын жобалау ерекшеліктері

396. Мемлекеттік қорғаныштық орман жолақтарының жағдайы орман қорларының басқа санаттарынан бөлек, таксациялау сипаттамаларының ерекшеліктеріне байланысты талданады.

Орман шаруашылық шаралар орман өсу жағдайының есебімен (орманға жарамды топырақ санатында) алқаағаштардың биологиялық төзімділігі мен өміршенждігін арттыруға бағытталып жобаланады.

Арнайы ұсыныстар бойынша, алқаағаштардың тіршілік жасының кезеңіне сәйкес күтіп-баптау кесулері белгіленеді. Қажеттілігі жоқ ағаш пен бұталардың өскіндерімен құресу және қанағаттанарлықсыз, құндылығы төмен қорғаныштық орман жолақтарын қайта құру шаралары белгіленеді.

Алқаағаштары қурай бастаған және құлдырау жасына жеткен жерлерге, табиғи жаңауы мүмкін болатын немесе орман екпелерін отырғызу жоспарланатын жерлерге, әсіресе негізгі басым тұқымды ауыстыру қажет болған жағдайда, кесулер белгіленеді. Қорғаныштық орман жолақтарын қалпына келтіру үшін бірінші кезекте құрғақшылық пен ыстыққа, аязға, тұзды жерлерге және зиянкестер мен ауруларға қарсы тұра алатын сүрек және бұта тұқымдылары жобаланады.

Параграф 6. Самырсын алқаағаштарында орман шаруашылық шараларын жобалау ерекшеліктері

397. Самырсын алқаағаштарында орман орналастыру жобалаудың негізгі мақсаты төменде көрсетілген:

- 1) самырсын ағаштары кесілген және өлген жерлерде, олардың қайта жаңауын қамтамасыз ету;
- 2) самырсын алқаағаштарында басқа тұқымдардың алмасуына жол бермеу және құрамында самырсын ағаштары бар аумактарда күтіп-баптау кесулерінің тиімділігін арттыру;
- 3) самырсындардың өнім беруін арттыру;
- 4) самырсын ағаштарын, аралық кесу кезінде тиімді пайдалану;
- 5) самырсын ағаштарының жағымды қасиеттерінің барлығын, сарқылтпай - үздіксіз және кешенді пайдалану;

6) жаңғақ беретін ағаштардың барлығын кешенді пайдалану және төмен өнімді алқаағаштарды қайта жаңарту.

7) бірінші кезекте жалпақ жапырақты орман астарынан самырсын өскіндерін босату мақсатында, оларды қалпына келтіру қорын анықтау.

Сонымен қатар, самырсындардың бар көлемдерін сақтау және олардың аудандарын арттыру жолдары бойынша басқа да шаруашылық іс-шаралары қарастырылуына орман шаруашылығының мамандарының белсенді араласу.

398. Орман шаруашылық шаралары, ғылыми-зерттеу институттарымен жасалған және өкілетті ұйымдармен бекітілген ережелеріне сәйкес жобаланады немесе олар жоқ болған жағдайда, барлық мәселелер бірінші орман орналастыру көнестінде шешіледі.

Параграф 7. Емен алқаағаштарында орман шаруашылық шараларды жобалау ерекшеліктері

399. Емен алқаағаштарындағы орман орналастыру жобасының негізгі мәселелері мыналар болып табылады:

1) емен ағаштарының өнімділігі мен төзімділігін арттыру;

2) тамыр атпалары арқылы шыққан емен ағаштарын, тұқымдық ағаштармен алмастыру;

3) еменді қалпына келтіру кезінде еменнің тұқымдық жолмен жаңаруын, максималды пайдалану;

4) аралас, күрделі құрамды алқаағаштарды қалыптастыру;

5) емендердің кері әсерлерге және ауруларға төзімді түрлерін пайдалану.

400. Орман екпелері селекциялық негізде жобаланады. Селекциялық базаға сәйкес, жоғарғы өнімді плюсті ағаштар бар болған жағдайда, орман тұқым плантациясын және орман тұқым участкерін салу жобаланады.

Алқаағаштардың құрамында емен болған жағдайда, орманды құту үшін кесуді жобалау олардағы қосалқы ағаштардың шығуына жол бермеуіне бағытталады.

Параграф 8. Темір жолдар мен автомобиль жолдарында бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелерде орман шаруашылық шараларын жобалаудың ерекшеліктері

401. Бөлінген жолақтардағы алқаағаштар негізгі функционалдық мақсатына байланысты бөлінеді: қар тоқтататын, желдің күшін азайтатын, қоршау, құмнан қорғайтын, топырақ бекітуші, су қоймаларын қорғайтын, көгалдандыратын.

Бөлінген жолақтардағы алқаағаштарда орман шаруашылығын жүргізуң негізгі мақсаты олардың үздіксіз және сенімді қорғаныштық, табиғат қорғау, санитарлық-сауықтыру және эстетикалық қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы немесе өзге де жол бойындағы алқаағаштардың немесе оның қандай да бір бөлігінде жөндеуді немесе қайта құруды қажет етуі, сонымен қатар алдыңғының орнына жаңа алқаағаштарды құрудың қажеттілігі туындауы орман орналастыру кезінде далалық орман орналастырудың материалдары бойынша анықталады.

Қалпына келтірілетін және күрделі жөнделетін барлық объектілерде (қайта құру шараларын қоса алғанда), сондай-ақ өзінің қорғаныштық функциясын жоғалтқан алдыңғылардың орнына, жаңа алқаағаштарды отырғызу бойынша осы жұмыстарды жүргізу жобасын жасау керек, оны орман мелиоративтік бағыттағы арнайы жобалау үйимдары атқарады.

6. Өндіріске орман орналастыру жобаларын ендіруді авторлық қадағалау

Параграф 1. Авторлық қадағалауды жүргізудің мақсаттары

402. Орман орналастыру үйымына жасаған орман орналастыру жобаларының орман иеленушілерімен орындалуын авторлық қадағалау – жобаланған орман шаруашылық шаралар көлемінің толық орындалуын және ағымдағы өзгерістерді орман орналастырудың материалдарына, орман есебі құжаттарына енгізу сапасын тексеру мақсатында жүргізіледі.

403. Авторлық қадағалау Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 31-көсімшага сәйкес авторлық қадағалауды жүргізу бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Параграф 2. Авторлық қадағалауды жүргізуді үйимдастыру

404. Авторлық қадағалау орман орналастыру жүргізілген орман иеленушілер жерлерінде орман орналастыру жобасы іске асырылғаннан кейін кемінде төрт жылдан кейін жасалады.

405. Авторлық қадағалауды орман орналастыру жобасын жасаған орман орналастыру үйымы, орман иеленушінің өкілдерінің қатысуымен жүргізеді.

406. Авторлық қадағалау жүргізілетін объектісін өкілдеп орган анықтайды.

407. Авторлық қадағалаудың жетекшісі болып орман орналастыру партиясының бастығы немесе жоғары квалификациялы орман орналастыру үйымының мамандарының бірі тағайындалады. Жеке жағдайларда басқа да мамандар қатыстырылады.

408. Орман иеленушілері авторлық қадағалауды жүргізетін орман орналастыру үйымының мамандарына қажетті техникалық, есеп беру және планды-картографиялық құжаттарды береді, кесу жұмыстары және орман шаруашылық шаралар жүргізілген жерлерді көрсетеді, сондай-ақ оларды көлікпен, кенсемен, тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

409. Авторлық қадағалау бойынша далалық жұмыстар Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 31-қосымшаға сәйкес құрастырылған есеп берумен аяқталады.

Берілген есепте орман шаруашылығын жүргізуде жинақталған тәжірибе мен кемшіліктер, жобаланған және нақты атқарылған шаралардың орман орналастыру жобасына сәйкестігі, жіберілген кемшіліктер және оларды жою бойынша және қажет болған жағдайда орман орналастыру жобасына тиісті өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар беріледі.

410. Далалық жұмыстар аяқталғаннан кейін 1 (бір) айдың ішінде орман иеленушісіне, облыс әкімдігіне (орман иеленуші оның қарамағында болған жағдайда), аумақтық және өкілетті органдарға авторлық қадағалау нәтижелері бойынша есеп беріледі.

411. Авторлық қадағалаудың нәтижелерін қараудың мерзімі мен орны туралы шешімді және қатысуышылар тізімін өкілетті орган қабылдайды.

Параграф 3. Авторлық қадағалауды жүргізу кезінде орындалатын міндеттер

412. Авторлық қадағалау кезінде төмендегідей мәселелер талданады:

1) орман иеленушілердің өз жұмысында орман шаруашылық қызметін жоспарлау мен оны іске асыру кезінде және орман ресурстарын тиімді пайдалану мен орындалған ұдайы өндіруде орман орналастыру жобасындағы ұсынымдарды қолдану толықтыры мен сапасы;

2) нақты орындалған жұмыс көлемдері мен оларды жүргізу технологиясының, орналасуы мен орындалған орман шаруашылық шаралардың тиімділігі мен орман орналастыру жобасына сәйкес болуы;

3) орман орналастыру, орман қоры мен орман кадастрын есепке алу материалдарына ағымдағы өзгерістерді енгізу толықтыры;

4) орындалған шаруашылық шаралардың орман орналастыру белгілегендерден ауытқу дәрежесі мен себептері;

орман орналастыру жобалаған шаралардың орман шаруашылығын жүргізу бағыттары мен экономикалық жағдайларына сәйкестігі.

413. Орман орналастыру ұйымы авторлық қадағалаудың нәтижелері бойынша:

1) орман шаруашылық шараларын жүргізу технологиясы мен сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар береді;

орман иеленушісінің орман шаруашылық жұмыстарын атқару кезінде жіберілген кемшіліктері елеулі және қайшы болған жағдайда ол туралы жоғары тұрған ұйымға хабарлайды.

7. Орман орналастыру материалдарына ағымдағы өзгерістерді енгізу

414. Орман ресурстарын ұтымды пайдалану және орман шаруашылығын сапалы кәсіби деңгейде жүргізу мақсатында, сонымен қатар шаруашылық шараларды нақты талдау мақсатында, олардың ведомстволық бағыныстырылуына байланыссыз барлық орман мекемелері мен ұйымдар табиғи апаттардан болатын және шаруашылық іс-шаралар нәтижесінде болатын орман қоры жерлеріндегі барлық өзгерістерді тұрақты түрде тіркеуі керек.

415. Орман қорын есепке алу мен орман орналастыру материалдарындағы өзгерістер орман кадастры кітабына енгізіледі және Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 29-қосымшаға сәйкес бұл өзгерістерді бекітетін құжаттардың негізінде әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша жүйелендіріледі.

8. Сандық орман карталарын құрастыру

416. Белгіленген масштабты сандық орман карталары орман орналастыру кезінде орман картографиясының автоматтандырылған жүйесі арқылы құрастырылады және жеке телімдердегі өзгерістер туралы графикалық мәліметті жаңартып отыруға мүмкіндік беретін картографиялық мәліметтер банкін құру мен жүргізудің негізі болып табылады. Оларды қалыптастыру картографиялық және орман орналастыру жүктелімін өндөлген аэрофотосуреттерден түсіру және геодезиялық деректерін топографиялық картадан енгізу жолымен картографиялық негізін автоматтандырылған түрде құрастырумен жүзеге асырылады. Телімдердің толық таксациялық сипаттамасы картографиялық және телімдер бойынша таксациялық мәліметтер базасын біріктіру арқылы алынуы мүмкін.

Картографиялық мәліметтер банкіндегі көрсеткіштер бойынша жаңартылған орман картасы немесе оның қағаздағы нұсқасы немесе дисплейдегі кескіні шығарылады.

Сандық орман карталары мен картографиялық мәліметтер банкін жасау үшін өнеркәсіпте пайдаланылатын орман картографиясының автоматтандырылған жүйесі қолданылады.

417. Орман мекемесі бойынша карта-схемалар және орманшылықтардың орман алқаағаштарының пландары, планшеттердің масштабтары мен мөлшері (бұдан әрі – орман карталары) Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 1-қосымшадағы 17-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес келу керек.

418. Барлық орман карталары Орман карталарын дайындау бойынша техникалық басшылыққа сәйкес дайындалады.

419. Орман карталарын құрастырудың ерекшеліктері:

1) орамдар мен телімдердің аудандары, олардың кескіндері (абрис) немесе фотокескіндері (абрис) сзылғаннан кейін компьютерлік технологияны қолдануымен есептеліп шығарылады;

2) орамдар ауданы үйлестіріледі, телімдер аудандары 10 (он) гектар асқан жағдайда ол сан бүтін гектарға жинақталады; ал 10 (он) гектар кем болғанда үтірден кейін бір ондық бірлікке жинақталады;

3) есептелген телімдер аудандарының қосындысының ауытқуы белгіленген орамдар ауданынан 2 (екі) % аспау керек, ал орамдарда планшеттерден (орманшылық) 1 (бір) % аспау керек;

4) орман алқаағаштарының планына және планшеттерге тек орам және телім нөмірлері түсіріледі (орамда бөлшекпен бөлімінде олардың ауданы жазылады);

Барлық құрастырылған және басып шығарылған планшеттер мен орман алқаағаштарының пландарында далалық жұмыстарды жүргізген орындаушылар мен орман орналастыру партияларының бастықтары көрсетіледі.

Орман орналастыруды
жүргізу нұсқаулыққа
1-қосымша

Орман орналастыру разрядтары

Орман орналастыру нормативтері

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 1-қосымшага

1-кесте

Орман орналастыру разряды	Планшеттер масштабы	Орман мекемесі орманшылық бойынша таксациялық телімнің орташа ауданы, гектар	Таксациялық телімнің минималды ауданы, гектар
1	2	3	4
1 (бірінші)	1: 10000	3-10	0,1
2 (екінші)	1: 10000	11-20	0,1
3 (үшінші) (зерттеу)	1: 25000 1: 25000 1: 50000	11-30 31 және жоғары 31 және жоғары	0,5 1,0 5,0

Орман орналастыруды

жүргізу нұсқаулыққа

1-қосымшага

2-кесте

Орман орналастыру жұмыстарының қайталану мерзімі

--	--	--

№	Орман иеленушілері	Орман орналастыру жұмыстарының қайталау мерзімі
1	2	3
1.	Мемлекеттік орман және жануарлар дүниесін корғау мекемелері	10-15
2.	Мемлекеттік табиғи қорықтар	20-25
3.	Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және мемлекеттік табиғи орман резерваттары	10-15
4.	Баска орман иеленушілер	Тараптардың келісімі бойынша, бірақ 25 жылдан көп емес

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
3-кесте

Ескерту. 3-кесте жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын бақылау көрсеткіштері

Кім тексереді	Далалық кезеңдегі тексеру саны
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін саласындағы уәкілдепті орган	Өз шешімдері бойынша
Орман орналастыру ұйымының басшылығы	кемінде 2 орман орналастыру партиясы (әр партияда 1-2 маман)
Орман орналастыру партиясының бастығы	Барлық орман орналастыру мамандарын маусымына кемінде 2 рет
Орман иеленушілер бағынатын жоғарғы орган	Өз шешімдері бойынша
Орман иеленушілер	Объект аумағында жұмыс істейтін барлық мамандарды, маусымына кемінде 1 рет

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 1-қосымшага

4-кесте

Алқаағаштардың тауарлық кластары

Тауарлық класы	Кәделік сүректі шығымы және кәделік ағаштардың тиісті саны % %				
	қылқан жапырақты алқаағаштар, балқарағайдан басқасы		жапырақты алқаағаштар және балқарағай		
	қоры бойынша	кәделік діңнің саны бойынша	к о р ы бойынша	кәделік діңнің саны бойынша	
1	2	3	4	5	
1	81 және жоғары	91 және жоғары	71 және жоғары	91 және жоғары	

2	61-80	71-90	51-70	66-90
3	60-қа дейін	70-ке дейін	31-50	41-65
4	-	-	30-ға дейін	40-қа дейін

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 1-қосымшаға
5-кесте

Таксация кезінде жіберілетін нормативтердің дәлдігі

№	Таксациялық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Таксациялық көрсеткіштерді анықтауда рұқсат етілетін ауытқулар "+", "-"
1	2	3	4
1.	1 гектардағы қор 1) басты мақсатта пайдалануға кесуге белгіленген алқаағаштарда 2) барлық қалған алқаағаштарда	процент процент	15 20
2.	1 гектар қима ауданының жиынтығы	процент	12
	Орташа биіктігі: 1) биіктігі 2,5 метр дейінгі сексеуілдер, алқаағаштар және бұталар	метр	0,1
3.	2) биіктігі 2,6-дан 5 метрге дейінгі сексеуілдер , алқаағаштар және бұталар 3) биіктігі 6-дан 15 метрге дейінгі алқаағаштар 15 метрден жоғары	метр процент	0,5 1,0 10,0
4.	Орташа диаметрі: 1) сексеуілдің тұбір аузындағы диаметрі 20 сантиметр дейін кезінде 22 см және жоғары сексеуіл желегінің диаметрі 3,2 метрге дейін 3,4 метр және жоғары	сантиметр сантиметр сантиметр сантиметр	2,0 4,0 20,0 40,0
	2) бұталар кеуде биіктігінде	сантиметр	1,0
	3) алқаағаштарда 1,3 метр биіктікте орташа диаметрі 20 сантиметрге дейін 22 сантиметр және жоғары	сантиметр	2,0 10,0
5.	Кұрамының коэффициенті	процент	1
6.	Толымдылығы	бірлік	0,1
7.	Орташа жасы: 1) сексеуілдер 2) бұталар: 1-2 жылдық жас класы 5 жылдық жас класында 3) алқаағаштар 40 жасқа дейін 45-тен 100-ге дейін	бірлік жыл жыл жыл жыл	5 1 5 5 10

	110 жыл және одан жоғары	жыл	20
8.	Тауарлық класы	жыл	ауытқу жоқ
9.	Бонитет класы		ауытқу жоқ
10	Орман өсу жағдайының типі, орман типтерінің тобы 1 гектар өскін саны		ауытқу жоқ
11	Барлық таксациялық көрсеткіштер үшін жүйелі		500
12	Кателер мен екі есе ауытқуларға рұқсат етілетін шаманың шегі	дана процент	5

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
6-кесте

Шеңберлі қайта есептеу аланшаларының радиустары

Толымдылығы	Шеңберлі қайта санау аландарының радиусы, метр, алқаағаштың орташа диаметрі, сантиметр, радиусы, метр					32 және жоғары	
	алқаағаштың орташа диаметрі, сантиметр						
	10-ға дейін	20	24	28			
1	2	3	4	5	6		
Көлденен шеңберлі алаңының радиусы, метр							
0,3-0,4	11,3	11,3	13,8	17,8	17,8		
0,5-0,6	9,8	11,3	11,3	13,8	13,8		
0,7-0,8	9,8	9,8	11,3	11,3	11,3		
0,9-1,0	9,8	9,8	9,8	11,3	11,3		

Әр түрлі радиустарғы шеңбер алаңының ауданы туралы мәліметтер төменде берілген

Радиусы, метр	9,8	11,3	13,8	17,8
Ауданы, текше метр	300	400	600	1000

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
7-кесте

Әртүрлі сүрекдің санаттарындағы олардың толымдылығына байланысты салынатын реласкопиялық аландардың саны

		Телімнің ауданы, гектар

Сүрекдің санаты		Толымдылығы	1 -	6- 10	11-ден жоғары
1		2	3	4	5
Бір қабатты сүрекдіңдер, құрамы бойынша таза және толымдылығы бойынша бірыңғай		0,9-1,0 0,6-0,8 0,3-0,5	3 3 5	4 5 7	5 8
Әртүрлі жастағы сүрекдіңдер құрамы және толымдылығы бойынша араласуы бір қалыпты емес, тіктілігі 20 градустан жоғары беткейдегі сүрекдіңдер		0,9-1,0 0,6-0,8 0,3-0,5	5 6 8	6 8 10	8 10 13

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
8-кесте

Таксациялық көрсеткіштерді анықтау дәлдігі

№	Таксациялық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Таксациялық көрсеткіштерді анықтау дәлдігі		
			аралап таксациялау кезінде	іздестіру зерттеу жұмыстары кезінде	
1	2	3	4	5	
	Орташа биіктігі: 1) алқағаштардың орташа биіктігі 5 метрге дейін 6-дан 15 метрге дейін 1. 16 метр және одан жоғары	метр метр метр	0,5 1,0 2,0	0,1 0,1 0,1	
	2) сексеуілдің орташа биіктігінде 2,5 метр дейін 2,6 метр және одан жоғары 3) бұталар	метр метр метр	0,1 0,5 0,5	0,1 0,1 -	
	Орташа диаметрі: 1) алқағаштардың орташа диаметрінде 20 сантиметр дейін 22 сантиметр және одан жоғары	сантиметр сантиметр	2,0 4,0	0,2 0,2	
2.	2) сексеуілдің орташа диаметрінде (түбір басындағы) 20 сантиметр дейін 22 сантиметр және жоғары желектің диаметрі: 3,2 метрге дейін 3,4 метр және жоғары желектің ауданы 3) бұталар (кеуде биіктігінде)	сантиметр сантиметр сантиметр сантиметр шаршы метр сантиметр	2,0 4,0 20,0 40,0 0,5 1,0	0,2 0,2 2,0 4,0 0,1 -	
3.	1 гектар өсіп тұрган орманның қоры: 1) алқағаштар 2) сексеуілдер				

	3) бұталар	текше метр	10,0	1,0
		текше метр		
	Кураған ағаштың, шырпының және селдір ағаштың қоры :	текше метр	1,0	0,1
4.	1) сүрек тұқымдылар	5,0	-	
	2) сексеуілдер	5,0	-	
	3) бұталар	1,0	-	
		текше метр	5,0	-
5.	Алқаағаштардың, сексеуілдердің және бұталардың толымдылығы	бірлік	0,1	0,01
6.	1 гектар көлденең қылым ауданының жиынтығы	шаршы метр	0,5	0,1
7.	Алқаағаштың, сексеуілдің, бұталардың, өскіннің және орман астарындағы өскіннің құрамының коэффициенті	%	10	1,0
	Орман элементінің жасы:			
	1) орман екпелері (отырғызылған жылдан)	жыл	1	1
	2) қылқанды алқаағаштардың жасы:			
	40 жасқа дейін	жыл	5	1
	50-ден 100-ге дейін	жыл	10	1
	110 жас және жоғары			
8.	3) жапырақ тұқымды алқаағаштар, жасы:			
	40 жасқа дейін	жыл	20	1
	40-тан жоғары	жыл	5	1
	4) сексеуілдіктер	жыл	10	1
	5) бұталар:	жыл	5	1
	1-2 жылдық жас класы	жыл	1	-
	5-жылдық жас класы	жыл	5	-
9.	Бонитет класы	класс	1	1
10.	Тауарлық класы	класс	1	1
11.	Кәделік сүрек шығымының %	%	10	1
	Өскін үшін:			
	1) биіктігі - 0,5 м дейін	метр	0,1	0,1
12.	0,5 м жоғары	метр	0,5	0,1
	2) жасы	жыл	5	1
	3) 1 гектардағы саны	мың дана	0,5	0,1
13.	1 гектардағы тұбір саны	дана	10	-

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 1-қосымшаға

9-кесте

Жинақталған және жинақталмаған орман екпелерінің жерсінуін бағалау көрсеткіштері

Баға	Жинақталмаған орман екпелерін бағалау көрсеткіштері пайызбен	Толымдылықтағы жинақталмаған орман екпелерін бағалау көрсеткіштері
1	2	3
Жақсы	Аймаққа (облысқа) белгіленген нормативті жерсінуі 100 % дейін	0,8-1,0
Қанағаттанарлық	Нормативті жерсінуіне дейін 46% бастап	0,5-0,7
Қанағаттанарлықсыз	Жерсінуі 26%-дан 45% дейін, нормативтен ауытқулармен құрылған орман екпелері (егу орындарының саны 10 % және одан да көп төмendetілуі, егілетін ағаш тұқымының егілетін жердің жағдайларына сәйкес болмауы)	0,4 балауса ағаштар сатысында 0,3-0,4 жоғары жас топтарында
Өлгені	25% және одан төмен	балауса ағаштар сатысында 0,3 және төмен жоғарғы жас топтарында 0,2 және төмен

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 1-қосымшаға

10-кесте

Телімде салынатын есепке алу алаңшаларының телім ауданы мен алқаағаш толымдылығына байланысты саны

Участкениң ауданы, гектар	Мына толымдылықтағы алаңшалардың саны		
	0,3–0,4	0,5–0,7	0,8–1,0
1	2	3	4
1	6	4	2-3
2	7	5	3-4
3	8	6	4-5
4	9	7	5
5	10	8	6
7	12	9	7
10	14	10	8

15	15	11	8
20	15	11	9

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
11-кесте

Жер бедерінің тіктік бұрышына белгіленген түзету коэффициенттері

Еңістік бұрышы, градус	Түзету коэффициенті	Еңістік бұрышы, градус	Түзету коэффициенті
1	2	3	4
20	1,05	29	1,14
21	1,06	30	1,15
22	1,07	31	1,17
23	1,08	32	1,18
24	1,09	33	1,20
25	1,10	34	1,21
26	1,11	35	1,23
27	1,12	36	1,24
28	1,13		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
12-кесте

Сызық ұзындығын шатқал тіктігіне байланысты көлдененге аудыстыру

Еніс бұрышы, градустар	Арақашықтық, метр									
	10	20	30	40	50	60	70	80	90	100
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
4	0,0	0,0	0,1	0,1	0,1	0,1	0,2	0,2	0,2	0,2
5	0,0	0,0	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,4
6	0,1	0,1	0,2	0,2	0,3	0,3	0,4	0,4	0,5	0,5
7	0,1	0,1	0,2	0,3	0,4	0,4	0,5	0,6	0,7	0,7
8	0,1	0,2	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8	0,9	1,0
9	0,1	0,2	0,4	0,5	0,6	0,7	0,9	1,0	1,1	1,2
10	0,2	0,3	0,5	0,6	0,8	0,9	0,1	1,2	1,4	1,5
11	0,2	0,4	0,6	0,7	0,9	1,1	1,3	1,5	1,7	1,8
12	0,2	0,4	0,7	0,9	1,1	1,3	1,5	1,7	2,0	2,2
13	0,3	0,5	0,8	1,0	1,2	1,5	1,8	2,1	2,3	2,6

14	0,3	0,6	0,9	1,2	1,5	1,8	2,1	2,4	2,7	3,0
15	0,3	0,7	1,0	1,4	1,7	2,0	2,4	2,7	3,1	3,4
16	0,4	0,8	1,2	1,5	1,9	2,3	2,7	3,1	3,5	3,9
17	0,4	0,9	1,3	1,7	2,2	2,6	3,1	3,5	3,9	4,4
18	0,5	1,0	1,5	2,0	2,4	2,9	3,4	3,9	4,4	4,9
19	0,5	1,1	1,6	2,2	2,7	3,3	3,8	4,4	4,9	5,4
20	0,6	1,2	1,8	2,4	3,0	3,6	4,2	4,8	5,4	6,0
21	0,7	1,3	2,0	2,7	3,3	4,0	4,6	5,3	6,0	6,6
22	0,7	1,5	2,2	2,9	3,6	4,4	5,1	5,8	6,6	7,3
23	0,8	1,6	2,4	3,2	4,0	4,8	5,6	6,4	7,2	7,9
24	0,9	1,7	2,6	3,5	4,3	5,2	6,1	6,9	7,8	8,8
25	0,9	1,9	2,8	3,7	4,7	5,6	6,6	7,5	8,4	9,4
26	1,0	2,0	3,0	4,0	5,1	6,1	7,1	8,1	9,1	10,1
27	1,1	2,2	3,3	4,4	5,4	6,5	7,6	8,7	9,8	10,9
28	1,2	2,3	3,5	4,7	5,9	7,0	8,2	9,4	10,5	11,7
29	1,2	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	8,8	10,0	11,3	12,5
30	1,3	2,7	4,0	5,4	6,7	8,0	9,4	10,7	12,1	13,4
31	1,4	2,9	4,3	5,7	7,1	8,6	10,0	11,4	12,9	14,3
32	1,5	3,0	4,6	6,1	7,6	9,1	10,6	12,2	13,7	15,2
33	1,6	3,2	4,8	6,5	8,1	9,7	11,3	12,9	14,5	16,1
34	1,7	3,4	5,1	6,8	8,5	10,3	12,0	13,7	15,4	17,1
35	1,8	3,6	5,4	7,2	9,0	10,8	12,7	14,5	16,3	18,1
36	1,9	3,8	5,7	7,6	9,5	11,5	13,4	15,3	17,2	19,1
37	2,0	4,0	6,0	8,1	10,1	12,1	14,1	16,1	18,1	20,1
38	2,1	4,2	6,4	8,5	10,6	12,7	14,8	17,0	19,1	21,2
39	2,2	4,5	6,7	9,9	11,1	13,4	15,6	17,8	20,1	22,3
40	2,3	4,7	7,0	8,4	11,7	14,0	16,4	18,7	21,1	23,4

Мысал: өлшенген сзықтың ұзындығы 146 метр, еңіс бұрышы 20^0

100 м сзықтың түзетуі 6,0 м құрайды

-"- - 40 метр -"- 2,4 метр

-"- - 6 метр -"- 0,36 метр

146,0 метр 8,76 метр

Осыдан көлденең табаны 146,0 метр - 8,8 метр = 137,2 метр болады.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 1-қосымшаға

13-кесте

**Орман мекемелері бойынша жасалған орман орналастыру
материалдарының тізбесі:**

1. өкілетті органның қарамағындағы мекемелер бойынша

№	Материал түрі	Барлығы дайындалатыны , дана:	Материалдар тапсырылады, саны				
			өкілетті органга	облыстық аумақтық органға	орман иеленушісіне	орманшылыққа	орман орналастыру ұйымына
1	2	3	4	5	6	7	8
	Орман орналастыру жобасы:						
	1 Том						
1.	Түсіндірме жазба						
	а) орман мекемелері бойынша	4	электрондық нұсқа	1	1	-	1
	б) орманшылықтар үшін	эр орманшылыққа		-	-	1	-
	2 Том						
	1 Кітап						
	Орман мекемелері мен орманшылықтар бойынша жынтығы	Мемлекеттік орман коры учаскелерінің сипаттамасы	3	-	1	1	-
2.	2 Кітап						
	Орман мекемелері мен орманшылықтар бойынша жынтығы	Алдағы тексеру кезеңіне арналған орман шаруашылық шаралар	3	-	1	1	-
	3 Том						
3.	Мемлекеттік орман коры учаскелерінің таксациялық сипаттамалары		4	-	1	1	1
	4 Том						
4.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінің сипаттамасы және орманшылық бойынша жобаланатын орман шаруашылық шаралар	эр орманшылық үшін	-	-	-	1	-
5.	Планшеттер	3	-	-	1	1	электрондық нұсқасы
	Орманшылықтар бойынша алқағаштардың пландары, боялған:						
	1) тұқымдылар бойынша	4	-	1	1	1	1

6.	2) шаруашылық шаралар бойынша	2	-	-	1	1	-
	3) мастерлік участекер бойынша	әр мастерлік участекеге	-	-	-	1	-
	4) орман айналымдары бойынша	әр айналымға	-	-	-	1	-
7.	Алқағаштардың боялмаған пландары	4	-	-	2	2	-
	Орман мекемелерінің карта-схемалары:						1 және электрондық нұсқа
8.	1) тұқымдылар бойынша боялған	3	-	1	1	-	
	2) аумақты өртке қарсы орналастырылу бойынша	2	-	1	1	-	-
	3) боялмаған	8	-	2	6	-	-

2. коммуналдық меншігіндегі орман мекемелері бойынша

	Мемлекеттік орман коры участкелерінің таксациялық сипаттамалары	4	-	-	1	1	1	1
4.	4 Том							
4.	Мемлекеттік орман коры участкелерінің сипаттамасы мен орманшылық бойынша жобаланатын орман шаруашылық шаралар	эр орманшылық үшін	-	-	-	-	1	-
5.	Планшеттер	3	-	-	-	1	1	эле нұс
6.	Орманшылықтар бойынша алқағаштардың пландары, боялған:							
	1) тұқымдылар бойынша	5	-	1	1	1	1	1
6.	2) шаруашылық шаралар бойынша	2	-	-	-	1	1	-
	3) мастерлік участкелер бойынша	эр мастерлік участкеге	-	-	-	-	1	-
	4) орман айналымдары бойынша	эр айналымға	-	-	-	-	1	-
7.	Алқағаштардың боялмаған пландары	4	-	-	-	2	2	-
8.	Орман мекемелерінің карта-схемасы:							1 эле нұс
8.	1) тұқымдылар бойынша боялған	4	-	1	1	1	-	нұс
	2) аумақты өртке қарсы орналастырылу бойынша	3	-	1	1	1	-	-
	3) боялмаған	10	-	-	4	6	-	-
9.	Облыс (регион) бойынша орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізуіндегі негізгі қафидалары	-	1 электрондық нұсқа	3	3	эр орман мекемесіне 3 дана	әр орманшылыққа 1 дана	кәс ше бой
10.	Облыс бойынша жиынтық орман орналастыру жобасы:		1 электрондық нұсқа	1	2	-	-	1
	1) түсіндірме жазба	5	1 электрондық нұсқа	1	2	-	-	1
10.	2) облыс ормандарының тұқымдылар бойынша боялған картасы	5	1 электрондық нұсқа	1	2	-	-	1
	3) МОҚ санаттары бойынша боялған облыс ормандарының карталары	4	1 электрондық нұсқа	1	1	-	-	1

Ескерту: 1. Орман орналастыру жобасы томдарының толық мазмұны

мен олардың жинақталу тәртібі 22-қосымшада берілген.

2. Қажет болғанда қосымша материалдар келісімшарт бойынша қосымша төлемге жасалады.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
14-кесте

Алқағаштардың жас топтарына бөлінуі

Кесу (толысу) жасы, жыл	Жа с класының ұзақтығы, жыл	Жас тобы (алымы – жас класы, бөлімі - жасы, жыл)						
		балауса ағаштар		ортa жастағылар		толысушылар	толысқандары	көнергендері
		1 жас класы	2 жас класы	жиныны	олардан есепке енгізілгені			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
281	40	$\frac{1}{1-40}$	$\frac{2}{41-80}$	$\frac{3-6}{81-200}$	$\frac{5-6}{161-240}$	$\frac{7}{241-280}$	$\frac{8-9}{281-360}$	<u>10 одан жоғ.</u> 361 одан жоғ.
241	40	$\frac{1}{1-40}$	$\frac{2}{41-80}$	$\frac{3-5}{81-200}$	$\frac{5}{161-200}$	$\frac{6}{201-240}$	$\frac{7-8}{241-320}$	<u>9 одан жоғ.</u> 321 од.жоғ.
201	40	$\frac{1}{1-40}$	$\frac{2}{41-80}$	$\frac{3}{81-120}$	$\frac{4}{120-160}$	$\frac{5}{161-200}$	$\frac{6-7}{201-280}$	<u>8 одан жоғ.</u> 281 одан жоғ.
181	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3-8}{41-160}$	$\frac{7-8}{121-160}$	$\frac{9}{161-180}$	$\frac{10-11}{181-220}$	<u>12 одан жоғ.</u> 221 одан жоғ.
161	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3-7}{41-140}$	$\frac{6-7}{101-140}$	$\frac{8}{141-160}$	$\frac{9-10}{161-200}$	<u>11 одан жоғ.</u> 201 одан жоғ.
141	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3-6}{41-120}$	$\frac{5-6}{81-120}$	$\frac{7}{121-140}$	$\frac{8-9}{141-180}$	<u>10 одан жоғ</u> 181 одан жоғ
121	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3-5}{41-100}$	$\frac{5}{81-100}$	$\frac{6}{101-120}$	$\frac{7-8}{121-160}$	<u>9 одан жоғ</u> 161 одан жоғ
101	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3-4}{41-80}$	$\frac{4}{61-80}$	$\frac{5}{81-100}$	$\frac{6-7}{101-140}$	<u>8 одан жоғ</u> 141 одан жоғ
81	20	$\frac{1}{1-20}$	$\frac{2}{21-40}$	$\frac{3}{41-60}$	$\frac{3}{41-60}$	$\frac{4}{61-80}$	$\frac{5-6}{81-120}$	<u>6 одан жоғ</u> 121 одан жоғ
71	10	$\frac{1}{1-10}$	$\frac{2}{11-20}$	$\frac{3-6}{21-60}$	$\frac{5-6}{41-60}$	$\frac{7}{61-70}$	$\frac{8-9}{71-90}$	<u>10 одан жоғ</u> 91 одан жоғ
61	10	$\frac{1}{1-10}$	$\frac{2}{11-20}$	$\frac{3-5}{21-50}$	$\frac{5}{41-50}$	$\frac{6}{51-60}$	$\frac{7-8}{61-80}$	<u>9 одан жоғ</u> 81 одан жоғ

51	10	<u>1</u> 1-10	<u>2</u> 11-20	<u>3-4</u> 21-40	<u>4</u> 31-40	<u>5</u> 41-50	<u>6-7</u> 51-70	<u>8 одан жоғ</u> 71 одан жоғ
41	10	<u>1</u> 1-10	<u>2</u> 11-20	<u>3</u> 21-30	<u>3</u> 21-30	<u>4</u> 31-40	<u>5-6</u> 41-60	<u>7 одан жоғ</u> 61 одан жоғ
31	10	<u>1</u> 1-10	-	<u>2</u> 11-20	<u>2</u> 11-20	<u>3</u> 21-30	<u>4-5</u> 31-50	<u>6 одан жоғ</u> 51 одан жоғ
31	5	<u>1</u> 1-5	<u>2</u> 6-10	<u>3-5</u> 11-25	<u>5</u> 21-25	<u>6</u> 26-30	<u>7-8</u> 31-40	<u>9 одан жоғ</u> 41 одан жоғ
26	5	<u>1</u> 1-5	<u>2</u> 6-10	<u>3-4</u> 11-20	<u>4</u> 16-20	<u>5</u> 21-25	<u>6-7</u> 26-35	<u>8 одан жоғ</u> 36 одан жоғ
21	5	<u>1</u> 1-5	<u>2</u> 6-10	<u>3</u> 11-15	<u>3</u> 11-5	<u>4</u> 16-20	<u>5-6</u> 21-30	<u>7 одан жоғ</u> 31 одан жоғ
15	2	<u>1</u> 1-2	<u>2</u> 3-4	<u>3-6</u> 5-12	<u>5-6</u> 9-12	<u>7</u> 13-14	<u>8-9</u> 15-18	<u>10 одан жоғ</u> 19 одан жоғ
11	2	<u>1</u> 1-2	<u>2</u> 3-4	<u>3-4</u> 5-8	<u>4</u> 7-8	<u>5</u> 9-10	<u>6-7</u> 11-14	<u>8 одан жоғ</u> 15 одан жоғ
9	1	<u>1</u> 1	<u>2</u> 2	<u>3-7</u> 3-7	<u>6-7</u> 6-7	<u>8</u> 8	<u>9-10</u> 9-10	<u>11 одан жоғ</u> 11 одан жоғ.
8	1	<u>1</u> 1	<u>2</u> 2	<u>3-6</u> 3-6	<u>5-6</u> 5-6	<u>7</u> 7	<u>8-9</u> 8-9	<u>10 одан жоғ</u> 10 одан жоғ.
7	1	<u>1</u> 1	<u>2</u> 2	<u>3-5</u> 3-5	<u>5</u> 5	<u>6</u> 6	<u>7-8</u> 7-8	<u>9 одан жоғ</u> 9 одан жоғ.
6	1	<u>1</u> 1	<u>2</u> 2	<u>3-4</u> 3-4	<u>4</u> 4	<u>5</u> 5	<u>6-7</u> 6-7	<u>8 одан жоғ.</u> 8 одан жоғ
5	1	<u>1</u> 1	<u>2</u> 2	<u>3</u> 3	<u>3</u> 3	<u>4</u> 4	<u>5-6</u> 5-6	<u>7 одан жоғ.</u> 7 одан жоғ.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
15-кесте

Орман қоры аумағын табиғи өрт қауіптілігі кластарына бөлу шкаласы

Табиғи өрт қауіптілігі таралу класы	Өрт қауіптілігі дәрежесі	Орман типтерінің топтары және алқағаштар мен басқа да ормансыз аумактардың санаттары	Ең көп болатын өрттердің түрі, жағдайы және шығуы мүмкін кезеңі
1	2	3	4
		Кылқанды жас ағаштар, құргак және ылғалды қарағайлыштар, балқарағайлыштары, шыршалары, кесілген жерлер, шөпті самырсын және бұта шөпті майқарағайлы ормандар, кылқан жапырақты екпе ормандар	Өрт қауіптілігі жоғары кезең бойы төменгі қабат өрті болуы мүмкін, ал толымдылығы жоғары болғанда жоғарғы қабат өрті болып кету қаупі бар

1	О т е жоғары	Жар тасты және құргақ қарагайлықтар, өлүге жақын және өте қатты зақымдалған сүректер (курагандар, желсұлама, дауыл-сұлама, кесілмей қалған участеклер). Зиянды жәндіктермен зақымдалған сүректер және қоқыстанған өртедер. Сексеуілді ормандардың типтерінің барлық топтары	Ылғалды шөпті бұталар типіндегі ормандарда әсіресе көктемде өрт қауіптілігі едәүір көп, ал кейбір аудандарда-күзде
2	Жоғары	Ылғалды қарагайлықтар, әсіресе қарагай өскіндері бар, мерзімді құргақ балқарагайлықтар; онтүстік беткейдегі тұрақты тұқым бойынша самырсындықтар; шөпті және қалың өскіні бар самырсындықтар; құргақ орман өсірушілік жағдайдағы жайылма ормандар	Өрт қауіптілігі жоғары кезең бойы төменгі қабат өрті болуы мүмкін; өрттер көп болған жағдайда жоғарғы қабат өрттері болуы мүмкін
3	Орташа	Ылғалды, өте ылғалды және дымқыл жерде өскен, жаппай кесілген қылқандылар, құргақ шыршалы ормандар, ылғалды қарагай ормандары, майқарағайлы және шыршалы таулы және дала ормандары. Самырсын ормандары және жайылым ормандарының ылғалды жерлері, қайынды және көк теректі ормандардың ылғалды кесілген жерлері	Жазда өрт қауіптілігі жоғары кезеңде төменгі немесе жоғарғы қабат өрттері болуы мүмкін. Ал таулы ауданда өрт көктемде және күзде болады
4	Орташадан төмен	Ормандардың топтық түрлері; сулы қарагайлы, ылғалды қышқыл – қылқанды қалың орман, балқарагайлы ылғалды, ылғалды шыршалы майқарағайлы - мүкті шөптесінді, бұталы-ұшқатты және көк теректі алмалы, ак қайынды және көктеректі ылғалды және тағы басқа ормандар	Бұларда негізгі өрттің шығуы төмендегідей болады: ылғалды және жалпақ жапырақты ормандардың кесілген жерлерінде, көктемгі және күзгі маусымдарында өрт шығуы мүмкін. Ал жаз кезінде өте ылғалды қарагай орман түрлерінде болады.
5	Төмен	Қылқан жапырақты тұқымдылардың субальпілік орман түрлері; ашиқ жерлердегі самырсындықтар, ылғалды және өте ылғалды қайындықтар мен көктеректіктер, өте ылғалды теректі ормандар, барлық тал түрлері және тағы басқа ормандар	Өте құргақшылық ұзак болған кезде, өрттің шығуы мүмкін

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 1-қосымшаға

16-кесте

Республикадағы орман қоры аудандарын беткей тіктіктерінің топтары бойынша бөлу көрсеткіштері

Шығыс Қазақстан облысының таулы ормандары	Алматы, Жамбыл және Шымкент облыстарының таулы ормандары	Қазақстанның Сарыарқа ормандары (Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстары)
1	2	3

Жатықтығы 10°-дейін	Жатықтығы 10°-дейін	Жатықтығы 10°-дейін
Көлбеулігі 11-20°	Көлбеулігі 11-20°	Көлбеулігі 11-20°
Тіктілігі 21-30°	Тіктілігі: онтүстік эксп. 21-30° солтүстік эксп. 21-35°	Тіктілігі 21-30°
Өте тік 31° және одан жоғары	Өте тік: онт.эксп. 31° және одан жоғары солт.эксп. 36° және одан жоғары	Өте тік 31° және одан жоғары

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 1-қосымшага
17-кесте

Орман карталарының түрі, масштабы, мөлшері

№	О р м а н карталарының түрлері	Орман орналастыру разрядтары бойынша масштабы			Өлшем, сантиметр
		1	2	3 (зерттеу)	
1	2	3	4	5	6
1.	Планшеттер	1 : 10000	1:10000	1 : 25000	Жалпы мөлшері 60x60
				1 : 50000	Ішкі рамасы 50x50 Мөлшері 30x30 4 бөлікке бөлінуі мүмкін
2.	Алқағаштардың пландары	1 : 25000	1:25000	1 : 50000	Максималды мөлшері А-1 Форматты, 4 парақ Мөлшері үлкендеу болған жағдайда 2 және одан көп бөліктерге бөлінеді Клапандардың мөлшері 19x28. Максималды мөлшері 2 парақ А-1 форматты.
3.			1:100000 — 1 : 300000		Осы мөлшерге сәйкес масштаб таңдалады
4.	О б л ы с ормандарының карта-схемасы		1:200000 — 1 : 500000		Максималды мөлшері А-1 форматты 4 парактан аспайды

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 2-қосымша
Нысан

Көрсетілген қызмет актісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 28.01.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

№ " " 20 жылғы Құжаттың нөмірі* қол қою күні* (тапсырыс беруші актінің қабылдаған күнін және уақытын тіркейді) Осы акті төменде қол қойылған Өнім беруішінің атынан _____, (Өнім беруші) берілгені, ал (өнім берушінің атауы*) 20 жылғы " " № _____ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі*) сәйкес тапсырыс берушінің өкілі атынан _____ (Тапсырыс беруші) (Тапсырыс берушінің атауы*)

қабылдағаны жөнінде жасалды:

Көрсетілген қызмет туралы мәлімет**						
№	Қызмет көрсете орны	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Әр бірлік үшін баға (тенге), оның ішінде ККС/ККС есепке алмаганда	Сома, тенге
1	2	4	5	6		7

Шартқа сәйкес осы акт бойынша көрсетілген қызметтердің құны _____ (цифмен, әріппен жазылады) теңгені құрайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда
**

Өнім берішінің атауы*	ЖСН/ БСН*	ЖСК/ БСК*	Банк**	З а н д ы мекенжайы**	Өнім берішінің өкілдері **		Бекітемін **	
					Т.А.Ә., лауазымы,	қолы	Т.А.Ә., лауазымы,	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шарт бойынша ақпарат

Жалпы мәлімет					
1	Шарттың жалпы күны *	Аванстық төлемдер сомасы * **	Шарттың қолданылуынан бастап төлем сомасы***	Бұрын актіленгендердің сомасы***	Жұмысты орындау мерзімін өткізу не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ишинара орындамаған) үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***
2	1	2	3	4	5
					6
	Шығыстардың бірыңгай бюджеттік сыныптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***				

3	Осы акті бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтер (болған кезде техникалық ерекшелігіне, тапсырмасына, қызметтерді орындау кестесіне сәйкес олардың кіші түрлері бөлінісінде қызметтердің атауы)***						
	Атауы*	Кызмет көрсету күні/ кезеңі	Өлшем бірлігі*	Саны*	Әр бірлік үшін баға, теңге*	Сома, теңге *	Ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер туралы есеп (күні, нөмірі, парактар саны) (болған жағдайда)* ***
	1	2	3	4	5	6	7
1							
4	Өнім берушіге аударуға талап етілетін сома***						

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркеп отырады)

Тапсырыс берішинің атауы*	ЖСН / БСН *	ЖСК / БСК*	Банк *	Занды мекенжайы ***	Тапсырыс берішинің өкілдері***			Бекітемін** *(ұйымның басшысы)				
					Тауарлар қабылдау үшін жауапты	Ресімдеудің дұрыстығына жауапты (деректемелер мен ерекшеліктердің сәйкес келуі)		T.А.Ә.	колоы	T.А.Ә.	колоы	T.А.Ә.
1	2	3	4	5	6	7	8			9	10	11

Ескертпе:

*автоматты түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталымен толтырылады;

** орындаушы толтырады;

*** тапсырыс беруші толтырады;

****ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер туралы есеп болған жағдайда толтырылады;

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 3-қосымша

Нысан

Көрсетілген қызметтерді бағалау актісі

"___" 2012 жыл

(облыс, елді мекен)

құрылған комиссия

(Комиссияның кімнің шешімімен қабылданғаны, күні және нөмірі)

құрамында: Комиссия тәрағасы _____

(Т.А.Ә. лауазымы)

Комиссия мүшелері _____,

(Т.А.Ә. лауазымы)

сонымен қатар _____, мұддесін жақтаушы

(Т.А.Ә. лауазымы)

РМҚК "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны"

"___" 201___ жылы № ____ Келісімшартқа сәйкес көрсетілген

қызметтерді бағалауды жүргізді және келесі қорытындыны жасады:

Көрсетілген қызметтер атапуы	Көрсетілген қызметтердің қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірліктің бағасы , теңге	Сомасы, теңге

Қызметтің қысқаша сипаттамасы, қызметті жеткізу шарты

Көрсетілген қызметтерге шағым жоқ (шағым бар болған жағдайда-аталсын)

Бір айға көрсетілген қызметтің жалпы сомасы

____ теңге Комиссия қабылдаған.

Комиссия тәрағасы: _____

(қолы Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: _____

(қолы Т.А.Ә.)

Жеткізушиден: _____

(қолы Т.А.Ә.)

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулықка 4-косымша

Нысан

Қабылдау - өткізу актісі

"___" 20 жыл

Бұл акт _____ облысы _____ мекемесі директоры (бас орманшысы)
Т.А.Ә.

_____ орман орналастыру партиясы _____
Т.А.Ә.

"—" дан "—" 20 жылға дейін атқарған далалық орман орналастыру жұмыстарын қабылдағаны, ал партия бастығы сол жұмыстарды өткізгені жөнінде құрастырылған.

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулыққа 4-қосымшаның сыртқы беті

Далалық орман орналастыру жұмыстарының жалпы бағасы:

Осы акт орманшылықтар бойынша қабылдау-өткізу актісі және орман мекемелері мен орманшылықтар мамандары жүргізген тексеру актісінің негізінде құрастырылған.

Жұмысты орман мекемесінің директоры
(немесе оның орынбасары) қабылдады _____
/КОЛЫ/

Жұмысты орман орналастыру
партиясының бастығы өткізді

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 5-қосымша

Далалық орман орналастыру жұмыстарының сапасын тексеру актісі

_____ " _____" 20 жыл
(қала, ауыл)
Мен _____, _____ қатысумен
дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты
_____ облысында _____ орман мекемесінде _____ орманшылығында
_____ маманымен істелінген далалық орман орналастыру жұмыстарына тексеру
жургіздім.

Жоспар және оның орындалуы

№	Жұмыс түрлері	Наряд тапсырмасы бойынша	Орындалды %
1	Көзбен көріп таксациялау, га		
2	Бақылау аландарын салу, дана: үйрену үшін		
3	Табиғи қайта жаңаруды зерттеу, м ² : орман астарында орманмен қамтылмаған жерлер		
4	Орман екпелерін зерттеу, га		
5	Алқағаштардың және алаңшалардың санитарлық жағдайын зерттеу		
6	Толымдылықты бақылау алаңын салу, дана		

Салыстырмалы ауытқуды анықтау кестесі

№	Көрсеткіштер өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі	Салыстырмалы ауытқу	№	Көрсеткіштер өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі	Салыстырмалы ауытқу
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Кұрам коэффициенті	бірлік	1	5.	Диаметрі: 20 дейін	сантиметр	2
2.	Жасы: 40 дейін	жыл	5		20 жоғары	%	10
	45-100	жыл	10	6.	Алқағаштар қоры,		
	100 жоғары	жыл	20		негізгі кесулерге белгіленген	%	15
3.	Биіктігі 15 дейін	метр	1		- қалған алқағаштарда	%	20
	15 жоғары	%	10	7.	Көлденең қима ауданы	%	10
4.	Класс тауарлығы	бірлік	-	8.	Бонитет класы	класс	-
				9.	Өскін	мың т/га	0,5

Жұмыс сапасы келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады

№	Көрсеткіштер	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Жақсы
1	2	3	4	5
1.	Ауытқу кестеде көрсетілгеннен жоғары..... % телімдерден	32 және жоғары	16 – 31	15 және төмен
2.	Ауытқуының жоғарлауы және екі есе..... % телімдер	6 және жоғары	4 – 5	3 және төмен
3.	Актідегі 3-10 пункттеріндегі жұмыстардың сапасы тексерушімен еркін тексеріледі	21 және жоғары	11 – 20	10 және одан төмен

3. Техникалық қауіпсіздігі мен өндіріс санитариясының және өрт қауіпсіздігінің жағдайы (нұсқау беру мерзімдері) мен техника және өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы

4. Тексеру толықтығы: тексеру күні, бағасы. Табылған кемшіліктерді түзету

Бағасы _____

5. Аумақты ұйымдастыру жұмысының сапасы

Бағасы _____

6. Тексеру жұмыстарының орындалуының сапасы (Карточка №)

Бағасы _____

7. Тексеру кезеңіндегі іс шараларының қорытындысын толтыру (төлімдер ескертумен)

Бағасы _____

8. Өскінді дұрыс сипаттау (төлімдер № ескертумен)

Бағасы _____

9. Қосымша мәліметтерді толтыру макетін дұрыс шифрлау. (төлімдер № ескертумен)

Бағасы _____

10. Төлімдерді дұрыс кескіндеу және дешифровка жасау, түсіру сапасы

Бағасы _____

11. Орындалған жұмыс туралы жалпы қорытынды. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар

Бағасы _____

Тексеруді жүргізген _____

Актімен оқып танысты _____

Жалпы бағалау (11 пункт) барлық пункттерді бағалау пайызы бойынша анықталады. Екінші пункт бойынша бағалау 60 (алпыс) пайыз болып алынады, ал қалған (3-10) пункттер 5 (бес) пайыздан есептеледі.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 5-қосымшаның

сыртқы беті

2. Жұмыс сапасын тексерудегі таксацияның дәлдігін салыстыратын ведомость

Орман мекемесі _____

Орманшылық _____

20 орман телімі кем емес тексерілуге жатады (шөлді ормандарда 15-тен кем емес).
Орманмен қамтылған телімдердің саны тексерілгеннен 80% кем болмау керек.

Орам №	Телім №	Алымы - таксациялық мәліметтер; бөлімі - ақырығы мәліметтер										Нұсқау
		алқағаш құрамы (жер түрі)	жасы А	білктігі Н	диаметрі Д	тауар класы	бонитеті	орман типі	толымдылығы	1 га, көр текше метр	шаруашылық іс-шаралары	өскін мың дана
	ауытқу ±											
	ауытқу ±											
	ауытқу ±											
	ауытқу ±											
	ауытқу ±											
	ауытқу ±											

Ауытқу саны, мөлшерден ауытқу % _____ екі есе және одан жоғары %

Жұмыс сапасы туралы жалпы қорытынды келтіріледі _____
Бағасы _____

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа б-қосымша

Облыста орман шаруашылығын жүргізу және ұйымдастыру жөніндегі негізгі қағидалары (аймақта)

1. Негізгі қағидалар

1. Облыстағы орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша Негізгі қағидалар (бұдан әрі – Негізгі қағидалар) облыс аумағындағы объектілерде далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізуден бір-екі жыл бұрын құрастырылады (орман орналастыру ұйымымен). Негізгі қағидалар белгіленген тәртіп бойынша бекітілген Қазақстан Республикасы Орман кодексінің, Қазақстан Республикасының басқа да зандарының, ережелері, нұсқаулары мен орман шаруашылығын жүргізу мәселелеріне қатысты басқа да күжаттардың талаптары негізінде құрастырылады.

Аумақтық орган макұлдағаннан кейін және белгіленген тәртіп бойынша үәкілетті органмен бекітілгеннен кейін облыс аумағында орналасқан барлық орман иеленушілер және орман орналастыру мекемесі орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде міндетті түрде қолданады.

2. Негізгі қағидалар саны төмендегідей белгіленген:

- 1) өкілетті органға - лазерлік дискіде 1 дана;
- 2) облыстық аумақтық органға - 3 дана;
- 3) облыстық әкімдік орман бөлімшелеріне (орман иеленушілер солардың қарамағында болса) - 3 дана;
- 4) облыс аумағында орналасқан әр орман иеленушісі үшін - 3 дана;
- 5) орманшылықтарға - 1 дана әр орманшылыққа;
- 6) орман орналастыру ұйымына - 20-30 дана.

3. Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығының 7-қосымшасына сәйкес, облыста (аймақта) орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша Негізгі қағидаларда кестелерді толтыру мәліметтері келтірілген.

2. Орман қорының сипаттамасы

4. Облыс аумағындағы орман иеленушілердің орналасуы мен алаңы (әкімшілік аудандар бойынша мәлімет келтіріледі), облыс аумағының ормандылығы (орман иеленушілердің аумағы мен орталық усадьбалары көрсетілген облыстың карта-схемасы қоса беріліп отыр) Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 7-қосымшадағы 1-кестеге сәйкес толтырылады.

Осында және бұдан әрі мәліметтер бағыныстылық бойынша келтіріледі - облыстық әкімдіктерге, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне, басқа да министрліктер мен ведомстволарға.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

3. Мемлекеттік орман қоры санаттары

5. Орман қорының қысқаша сипаттамасы. МОҚ санаттары бойынша орман қоры жерін бөлу, оларды бөлу бойынша негіздеме осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 2-кестеге сәйкес толтырылады.

Орман қоры жерлерін МОҚ санаттарына бөлудің шаруашылық функциялары мен белгіленген нормативтеріне сәйкес. Орман қорының жалпы ауданын жер түрлері бойынша бөлу осы Нұсқаулыққа 7-қосымшасының 3-кестесіне сәйкес орманмен

көмкерген жердің ауданын басым тұқымдылар мен жас топтары бойынша бөлу осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес толтырылады.

Орман құрайтын негізгі тұқымдылар бойынша орташа таксациялық көрсеткіштер осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 5-кестеге сәйкес толтырылады.

6. Облыстық әкімдіктің қарамағындағы облыс аумағындағы орман мекемесі шегінде ерекше күзетілетін табиғи аумақтар болса, олардың тізімі, атқаратын қызметі мен жағдайы осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 6-кестеге сәйкес келтіріледі.

4. Табиғи және орман өсірушілік аудандастыру

7. Табиғи және орман өсіру аудандарының жалпы сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 7-кестеге сәйкес толтырылады. Орман иеленушілерді осы аудандар бойынша бөлу (облыстағы табиғи және орман өсіру провинциялары мен аудандардың және басқалардың карта-схемасы келтіріледі).

5. Климаттық және топырақ-гидрологиялық жағдайлары

8. Климаттық және топырақ-гидрологиялық жағдайларының қыскаша сипаттамасы және оның орман алқабының өсуі мен жағдайына тигізетін әсері.

Атмосфера, топырақ және су көздерінің ластану себептері. Облыс аумағындағы алқаағаштардың антропогендік әсерлерге берілетіндігінің бары.

6. Ауыл шаруашылығы мен өндірістің сипаттамасы

9. Ауыл шаруашылығы мен өндірістің негізгі салалары және олардың ормандарға тигізетін әсері. Облыс ормандарының облыс пен аудандардың экономикалық жағдайына тигізетін әсері (жергілікті тұрғындарды сүрек пен шабындық және жайылым жерлерімен қамтамасыз ету). Облыстағы орман қоры аумағындағы жол жүйесі осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 8-кестеге сәйкес келтіріледі

7. Орман қорының зерделенгендігі

10. Өткен орман орналастырудың қыскаша сипаттамасы (орман орналастыру жұмыстарын жүргізу уақыты, технологиясы мен әдістері). Орман шаруашылығы бойынша ғылыми және жобалау ұйымдары дайындаған техникалық құжаттардың бары. Орман қорының жағдайын жақсартуға бағытталған арнайы тексерулер мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі.

8. Орман типтерінің топтары

11. Алдағы орман орналастыруда қолдануға ұсынылатын ормандардың басым түкімдилары бойынша орман типі топтарының схемалары осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 9-кестеге сәйкес толтырылады.

12. Орман астары мен ағашы кесілген аудандардағы табиғи жаңарудың зандалықтары. Түкімдилардың ауысуы.

9. Шаруашылық бірліктерінің құрылуды

13. Оның мақсаты, принциптері және ұсынымдары. Негізгі орман құраушы түкімдилар, орман қорының түкімдік құрылымы. Тұрақты шаруашылық участеклерін құру перспективасы. Телімдер бойынша орман таксациялық мәліметтер банкін құру мүмкіндігі мен қажеттілігі. Орман қоры жерлерінде табиғи-қорықтық қордың алдағы дамуы.

10. Ормандарды кесу жастары

14. Алдағы тексеру кезеңіне орман құраушы түкімдилар бойынша ұсынылған кесу жастары. Қажет болған жағдайда олардың өзгеруі орман орналастыру немесе ғылыми ұйымдармен негізделеді және өкілетті органмен осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 10-кестеге сәйкес бекітіледі.

11. Кесу тәсілдері

15. Облыс ормандарында қолданылатын басты мақсатқа пайдаланудағы кесу ережелеріне талдау жүргізу. МОҚ санаттары мен басты пайдалану есебінен шығарылған участеклердің тізімі. Басты пайдалануда жобаланатын кесу әдістері және оларды талдау (басым түкімдилары бойынша кесу әдістері осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 11-кесте пішіні ретінде келтіріледі. Кеспеағаштарды кесу қалдықтарынан тазарту және оларды жою әдістері.

16. Кеспеағашты белгілеген кезде өскінді сактап қалу принциптері және табиғи жаңару процесстерінің кесу әдістері мен байланысы осы Нұсқаулыққа 12-кестеге сәйкес толтырылады. Табиғи түлеу бағасының қолданыстағы шкаласы осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 13-кестеге сәйкес толтырылады.

12. Орманға күтім жасау. Санитарлық кесулер

17. Күтіп-баптау үшін кесудің мақсаты, экономикалық маңызы. Әртүрлі мақсаттағы ормандарда негізгі орман құраушы түкімдилар шегіндегі күтіп-баптау кесулерін жүргізу ерекшеліктері. Күтіп-баптау кесулері бойынша қолданыстағы нұсқаулар және олардың облыс алқаағаштарының үшін өсу жағдайында қолданылуы. Табиғи алқаағаштар мен орман екпелеріндегі күтіп-баптау кесулерін жүргізу технологиясы (

негізгі орман құраушы тұқымдылар мен кесу түрлері бойынша көрсеткіштер осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 14, 15-кестелерге сәйкес толтырылады. Химиялық әдістерді қолдану мүмкіндігі. Жабайы жемісті алқаағаштар мен бақтарда күтіп-баптау шараларын жүргізу бойынша ұсыныстар.

18. Санитарлық кесулер. Әртүрлі алқаағаштарда іріктең және жаппай кесулерді жүргізу технологиясы мен ерекшеліктері, белгілеу принциптері осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 16-кестеге сәйкес толтырылады. Ормандарды қоқыстан тазарту мүмкіншілігі мен қажеттілігі.

13. Орманды қорғау

19. Орман аурулары мен зиянкестер ошағының динамикасы осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 17-кестеге сәйкес толтырылады. Орман зиянкестерінің биологиясы жөніндегі мәліметтер және оларды бақылау тәсілдері осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 18-кестеге сәйкес толтырылады. Орман аурулары және зиянкестерімен құресу тәсілдері. Орман патологиясының мониторингі. Орман қорғау қызметін ұйымдастыру осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 19, 20-кестелерге сәйкес толтырылады.

14. Орманды ұдайы өндіру

20. Орман екпелерін өсірудің қысқаша сипаттамасы осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 21-кестеге сәйкес толтырылады. Ұдайы өндіру аудандарының көлемі . Ұсынылатын орман екпелерінің типтері, агротехникасы және оларды жасау тәсілдері осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 22, 23-кестелерге сәйкес толтырылады.

Орман екпелеріне күтім жасау. Минералдық тынайтқыштарды қолдану. Орман екпелерін орманмен қамтылған жерлерге ауыстыру осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 24-кестеге сәйкес толтырылады.

21. Табиғи жаңаруға жәрдемдесу. Қорғаныштық орман ағаштарын отырғызу. Арнайы мақсаттағы плантацияларды жасау технологиясы (тез өсетін ағаш тұқымдар, шырғанак, итмұрын, жаңа жылдық шыршалар және басқалар). Экзоттар мен реинтродуценттердің ұсынылатын тізімі.

15. Алқаағаштарды (бұталарды) қайта құру

22. Алқаағаштарды қайта құру жұмыстарының тәжірибесі мен нәтижелерін талдау. Алқаағаштар (бұталар) қорын қайта құру принциптері. Қайта құру тәсілдері мен әдістері.

16. Сүрек тұқымдыларын селекциялау мәселесі

23. Плюсті ағаштар, плюсті алқаағаштар, тұрақты орман тұқым участекелері, орман тұқым плантациялары, аналық плантациялар мен генетикалық резерваттары және негізгі орман құраушы тұқымдылардың өнімділігі туралы селекциялық орталықтардың мәліметтері. Орман қоры жерлерінде ғылым объектілерінің бары: плюсті ағаш клондарының архивтері, плюсті ағаштардың сынақ екпелері, тәжірибелік тұқым плантациялары, гибрид пен сорттардың коллекциялық участекелері, географиялық және экологиялық екпелері мен ведомстволық сорт сынау участекелері. Орман орналастыру кезінде селекциялық тұқым өсіру объектілерін есепке алу мүмкіндігі және оларды бір мезгілде түгендеу қажеттілігі. Алқаағаштарды селекциялық бағалау шкаласы осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасындағы 25-кестеге сәйкес толтырылады. Алқаағаштарды селекциялық санаттарға жатқызу критериясы толымдылығына байланысты. Селекциялық негіздегі тұқым базасын құру перспективасы. Орман генетикалық резерваттарын бөлу осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 26-кестеге сәйкес толтырылады.

24. Гүлдеу мезгілі, жемістену қарқындылығы, бүршік, жеміс және тұқымды жинау, өндідеу және сақтау.

17. Тікпе ағаш көшеттерін өсіру

25. Базистік тұрақты орман тұқымбақтарының болуы жөніндегі мағлұматтар. Декоративтік орман және тұқымдық тұрлердің көшеттерін өсіру бойынша арнайы кәсіпорындар мен базистік тұқымбақтарын құру мүмкіндіктері. Тұқымбақта екпе материалдарын (топырак өндеу, қар тоқтату, тыңайтқыштарды қолдану, топырақты микоризациялау, егу алдында тұқымдарды егуге дайындау, микроэлементтерді қолдану, тұқымдарды себу осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 27-кестеге сәйкес, суару осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 28-кестеге сәйкес толтырылады. Көлеңкелеу, арам шөптермен құресу, өскіндерді тыңайту және тағы басқа), әртүрлі ағаш түрін, декоративті, жемісті тұқымдылар мен бұталарды өсіру технологиясы. Үлкен көшеттерді өсіру. Аналық плантацияларды құру. Жабық тамыр жүйесі бар өскіндерді пленкалы жамылғысы бар жылтыжайларда өсіру.

18. Гидроорманмелиорациясы

26. Гидроорманмелиоративтік қорды құру принциптері. Суармалы жерлердің бар болуы. Орманмелиоративтік жұмыстарын дамыту негізі және жаңа жерлерді кешенді мелиоративтік игеру перспективасы.

19. Орманды қорғау

27. Орманды өрттерден қорғау жағдайы. Ормандардың табиғи өртенуі (орман өрттерін аудандастыру карта-схемасы келтіріледі). Орман өрттерінің көлемі және саны

осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 29-кестеге сәйкес толтырылады. Ормандарды өрттен әуеден және жер бетінен қорғауды ұйымдастыру бойынша, өртке қарсы химиялық станцияларды құру бойынша ұсыныстар. Жобаланатын өртке қарсы шараларды негіздеу. Орман өрттерін сөндіру және аймақты өртке қарсы ұйымдастыру үшін қолданылатын химиялық құралдар мен жаңа техниканың жалпы көрінісі осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 30, 31-кестелерге сәйкес толтырылады.

20. МОҚ участкерлерін орман және аңшылық шаруашылығы мүддесі үшін қолдану

28. Аң аулаудың негізгі объектілері, орман иеленушілердің мәліметтері бойынша олардың саны осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 32-кестеге сәйкес толтырылады.

Аңшылық жерлердің 1 мың гектар ауданындағы тығыздығын есептеу, аңшылық фаунасының санын есептеу әдістері осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 42, 43-кестелерге сәйкес толтырылады.

29. Аңшылық жерлерді бағалау үшін қабылданған шкала.

Объектілердегі биотехникалық шаралар және түрлерін жоспарлау, азық қорын анықтау әдістемелері осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 33, 34, 35, 36-кестелерге сәйкес толтырылады.

30. Спорттық және шетелдік туризм бойынша аң аулау шаруашылықтарына берілетін ұсынымдар. Аумағын ұйымдастыру. Жабайы андар мен құстарды қорғау туралы ұсынылатын шаралар. Шаруашылықаралық және (немесе) ішкішаруашылық аң орналастыруды жүргізу бойынша ұсыныс. Күзет қызметкерлерінің есептік санының нормативтері және оларды материалдық-техникалық түрғыда жабдықтау.

21. Қосалқы ауыл шаруашылығы. Жанама орман пайдалану. Екінші дәрежедегі ағаш ресурстарын дайындау

31. Жабайы жемістер мен дәрілік және техникалық шикізаттарды дайындау көлемі мен қосалқы ауыл шаруашылығы өндірісінің өнім көлемі. Шайыр алу және химиялық кәсіпшіліктің бары. Жайылым, шабындық, жыртылатын жерлерді жақсарту үшін жобаланатын шаралар. Жанама орман пайдаланудың өнімі мен азықтық және дәрілік ресурстарын болжау және есепке алу әдістемесі (шөп дайындау, бұтақты өнім, жапырақты-витаминді ұн, қылқан бұтақтар, қарағай шайырын алу, қайың шырынын алу, ара шаруашылығы, саңырауқұлақ дайындау, жабайы жидек, дәрілік шөптер және тағы басқалар). 2-ші дәрежедегі орман ресурстарын дайындау (қабықтар, бұтақтар, түбірлер, тамырлар, жапырактар, бүршіктер) осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 37, 38, 39, 40-кестелерге сәйкес толтырылады.

22. МОҚ участелерін ғылыми зерттеу, мәдени сауықтыру, туристік рекреациялық, спорттық және мақсаттарға пайдалану

32. Орман қоры жерлерін жоғарыда аталған мақсаттарға пайдалану мүмкіндігі бойынша қысқаша талдау келтіріледі.

23. Орман шаруашылық жұмыстарын механикаландыру

33. Негізгі орман шаруашылық жұмыстарын механикаландырудың қазіргі деңгейі мен болашағы. Жаңа машиналар мен механизмдердің қысқаша техникалық сипаттамасы.

24. Орман шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру

34. Жеке мекемелерді қайта құрудың қажеттілігі мен тиімділігі. Жасөспірімдерді енбекке тарту түрлері және мектеп орманшылықтарын ұйымдастыру.

25. Жобаланатын шаралардан күтілетін өнімділік

35. Орман шаруашылығы өнімділігін жақсартуға бағытталған шаралар тізімі, ағаш өсімін көтеру және оларды жүргізуден күтілетін экономикалық тиімділігі.

Ұсынылатын орман қорының тиімді тұқымдық және жас құрылымы.

26. Орман шаруашылығы бойынша жобаланған жұмыстардың экологиялық негіздері

36. Орман пайдаланудың экологиялық көрсеткіштері. Жобаланатын шаралардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау мүмкіндігі туралы қорытынды.

27. Орман орналастырудың анықтамалық нормативтік негіzi

37. Орман таксациясын аудандастыру. Корларды түзетуге пайдалану қорын тауарландыру, ағымдағы өсім таксациясы, табиғи жаңааруды бағалау шкаласы кестелері тізімі, Негізгі қағидаларды құрастыруда қолданылатын және орман орналастыру жұмыстарын жүргізуде және орман шаруашылық шараларды жобалауда міндетті түрде қолданылатын анықтамалық нормативтік құжаттардың тізімі осы Нұсқаулыққа 7-қосымшадағы 41-кестеге сәйкес толтырылады.

28. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстар

38. Орман шаруашылығы саласы бойынша сұрақтарға жауап беретін тәжірибелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізімі.

29. Қосыншалар

39. Қосымшаларда орман шаруашылығы саласын жүргізу мәселесіне қатысты, Негізгі қағидалардың құрамына енбей қалған, барлық негізгі директивті-нормативтік құжаттар, шарттар мен ережелер және пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетіледі.

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулыққа 7-көсімша

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулыққа 7-қосымшага 1-кесте

Облыстың орман мекемелері жөнінде мәліметтер

(Негізгі қағиданың құрастырылуы орман қорының 01.01. жылдының жағдайы бойынша есеп мәліметтері)

Мемлекеттік органдар	Әкімшілік аудан	Орман иеленушілер	Ауданы, мың ектар		Кеңселердің орналасқан жері	Облыстың, аудандардың ормандылығы %%
			жалпы	орманмен қамтылған		
1	2	3	4	5	6	7

Осында және бұдан кейін орман қорының есебі мәліметтері Негізгі қағиданың құрастырылған жылы 01.01 жылдың жағдайы бойынша келесі ретпен алынады:

- 1) әкімдіктің қарамағындағы орман мекемелері;
 - 2) Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы орман мекемелері;
 - 3) басқалар.

Ескеरту. 1-кестеге өзгеріс енгізілді – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулыққа 7-қосымшаға 2-кесте

Облыстағы орман қорының жалпы ауданын МОҚ санаттары бойынша бөлу

Бөлшекпен облыс орман қоры жалпы ауданынан пайзызы келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 7-қосымшаға
3-кесте

Ескерту. 3-кесте жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

Орман қорын алқап түрлері бойынша бөлу

Алқап түрлерінің атауы	Мемлекеттік органдар							Облыс бойынша барлығы	
	Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті		Облыстық әкімдік		Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі				
	аланы, гектар	%	аланы, гектар	%	аланы, гектар	%	аланы, гектар	%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

Деректер жиынтығы мемлекеттік органдар шегінде келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

4-кесте

Орманмен қамтылған жерлердің басым тұқымдылар мен жас топтары бойынша бөлінуі

Басым тұқымдылар	Орманмен қамтылған жерлер, барлығы (гектар)	Жалпы ауданынан %%	Орманмен қамтылған жерлердің жас топтары бойынша бөлінуі, гектар								
			балаусалар		о р т а жастағылар		толысушы		толысқан және көнерген		
			1 класс	2 класс					барлығы	соның ішінде	көнергенді
1	2	3	4	5	6	7	8	9			

Мемлекеттік органдар шегінде мәліметтердің жиынтығы келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

5-кесте

Орташа таксациялық көрсеткіштер

(орман орналастыру жобаларынан келтіріледі)

Басым тұқымдылар

Барлығы

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	негізгі орман құраушы тұқымдылар жиыны													бұталар			
		басқа да сүрек тұқымдылар	талдар	басқа бұталар														
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Орманмен қамтылған жерлер																		
Орташа жасы																		
Жалпы қоры																		
Орманмен қамтылған жерлердің 1 гектарға орташа қоры																		
1 гектарда толысқан және көнерген алқағаштардың орташа қоры																		
Жалпы орташа өсімі																		
Орманмен қамтылған жерлердің 1 гектардағы орташа өсімі																		

Мемлекеттік органдар шегінде мәліметтердің жиынтығы келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшага

6-кесте

Әкімдіктер қарамағындағы орман мекемелері шегінде ерекше қорғалатын орман аумақтарының аудандары

(01.01. орман қоры есебінің құрастырылған жылы)

Орман мекемесі	Ерекше қорғалатын орман аумағының түрі	Ауданы, гектар	
		жалпы	соның ішінде орманмен қамтылған
1	2	3	4

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшага

7-кесте

Орман шаруашылық және орман өсірушілік аудандастырылуы

Орман өсірушілік провинциясы	Орман өсірушілік ауданы	Орман өсірушілік аудан тармағы	Орман иеленуші

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
8-кесте

Мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі жол жүйесі

Жолдардың түрі, жамылғысы	Жолдардың қашықтығы, шақырым
1	2

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7–қосымшаға
9-кесте

Орман орналастыруда қолданылатын орман типтері топтарының схемасы

Орман типтерінің топтary, индекс	Орналасқан жері	Топырак	Алқаағаштар күрілымы, құрамы, бонитеті	Ағаш колтығындағы өскіндер	Топырактың қажетті жамылғысы	Орман құру процесінің тенденциясы және орман астарының түлеуі	Кездесілуі
1	2	3	4	5	6	7	8

Керек болған жағдайда біркелкі белгіленген мәліметтерді енгізу басқа кестелерге 9-1, 9-2 және тағы басқа нөмірлермен келтіріледі. Дәл солай бағдарламаның басқа да кестелері үшін.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
10-кесте

Оңтайлы кесу жастары

Тұқымдар	Мемлекеттік орман қорының санаттары					
	бірдей кесу жастары бар МОҚ санаттары түгел аталады	тыйым салынған су жағалауындағы ормандар	егіс-және топырақ қорғаныштық ормандар			
	жасы, жыл	жас класы	жасы, жыл	жас класы	жасы, жыл	жас класы

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 7-қосымшаға
11-кесте

Басты пайдалану кесулерінің тәсілдері

Ескерту. 11-кесте жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 28.01.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
12-кесте

Ағашы кесілген жерлердегі ескінді сақтаап қалудың нормативтік көрсеткіштері

Кесу тәсілі мен беткейлердің тіктігі	Өскін мен балауса ағаштың сақталуы, %	
	қыста	карсыз кезенде
1	2	3

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 7-қосымшаға
13-кесте

Облыстағы негізгі орман құраушы тұқымдылар үшін табиғи жаңаруын бағалау шкаласы

Ескерту. 13-кесте жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 28.01.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры участекерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
14-кесте

Күтіп-баптау кесулерінің түрлері және оларды жүргізу жастарының шектері

Күтіп-баптау кесулерінің түрлері	Сұректің жетілу кезеңі	Бонитет класы	Алқаағаштардың жастарының шектері (жыл)								
			4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	2	3									

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 7-қосымшаға
15-кесте

Күтіп-баптау кесулерінің көрсеткіштері

Ескерту. 15-кесте жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 28.01.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры участекерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
16-кесте

Ағаштардың санитарлық жағдайын бағалау шкаласы

Санат балы	Ағаштардың тұқымдары бойынша жағдайының белгілері		
	қылқандылар	жапырақтылар	
1	2	3	

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға

17-кесте

Орман аурулары мен зиянкестері ошақтарының соңғы 5 жылдағы динамикасы

Орман мекемелері	Орман аурулары мен зиянкестерінің түрлері	Откен тексеру кезеңі жылдары бойынша зиянкестер ошақтарының ауданы					
		3	4	5	6	7	8
1	2						

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
18-кесте

Қылқан және жапырақ кеміруші зиянкестер туралы негізгі мәліметтер

Зиянкестер түрі	Ай бойынша фенология элементтері		Топтанатын жері, ошақтары, тигізетін зияны	Ай бойынша бақылау әдісі
	жыл	зияндыштырылыш		
1	2	3	4	5

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
19-кесте

Орманды биопрепараттармен қорғау

Биопрепараттар	Зиянкестер	Жұмсау нормасы, килограмм/ектар	Өндеу әдісі
1	2	3	4

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
20-кесте

Зиянкестердің жаппай көбеюінің алдын алу

Орманды корғау әдістері			
орман шаруашылық	агротехникалық	биотехникалық	физико-техникалық

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшага

21-кесте

Облыстағы өткен тексеру кезеңіндегі құрылған орман екпелерінің көлемі туралы мәліметтер

Ауданы, гектар

Орман екпелерінің егу жылы	Басым тұқымдылар	Отырғызылған орман екпелері	Есептен шығарылғаны (есептен шығару себебі)	(Орманмен камтылған жерлерге ауыстырылған орман екпелері	Сакталып қалған жинақталмаған орман екпелері
1	2	3	4	5	6	7

Мәліметтер мемлекеттік органдар шегінде жинақталып келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшага

22-кесте

Ұсынылатын орман екпелерінің типтері

Орман екпелерінің типтері, отырғызу түрлері	Орман екпелері қорының санаты, жер түрлері	Топыракты өндеу	Ұсынылатын тұқымдылар	Араласу жүйесі	Қатар араларындағы және қатарлардағы қашықтық	1 гектардағы есімдіктердің саны, мың дана
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшага

23-кесте

Орман екпелері қорының әртүрлі санаттарындағы орман екпелерін агротехникалық күтіп-баптаудың ұзактығы мен еселігі

Күтіп-баптау түрлері	Орман екпелері қорының санаттары									
	ағашы жаңа кесілген жерлер, өртөндөр, шөп жамылғысы аз дамыған алаңқайлар				бұрынғы ағашы кесілген жерлер, өртөндөр, шөп жамылғысы қатты дамыған алаңқайлар					
	жыл бойынша күтіп-баптау еселігі				жыл бойынша күтіп-баптау еселігі					
	отырғызу жылы		2-ші жыл	3-ші жыл	отырғызу жылы		2-ші жыл	3-ші жыл		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
24-кесте

Орман екпелерін орманмен қамтылған жерлерге аудистыру үшін есіру нормативтері

Орман екпелерінің типтері, отырғызу схемасы	Басым тұқымдылар	Орман есіруші ауданы				
		білктігі	саны экз.	жасы		
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
25-кесте

Негізгі орман құраушы ағаштарды селекциялық бағалау

Ағаш түрі, жасы, жыл	Селекциялық санаты	Телімдегі орташа ағаштан асыру , %		Ағаштың морфологиялық көрсеткіштері, оның білктігіне %		
		білктігі бойынша	діңнің кеуде білктігіндегі диаметрі	ұшар басының ені	ұзындығы	діңнің бұтақсыз бөлігі
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
26-кесте

Толымдылығына байланысты алқаағаштарды селекциялық санаттарға жатқызу белгілері

Селекциялық санаты	Ағаштардың қатысу үлесі, %	Толымдылығы		
		1,0-0,9	0,8-0,7	0,6-0,5
1	2	3	4	5

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
27-кесте

Тұқым себу нормасы мен стандартты тікпе көшет материалдарының шығу нормалары

Тұқымдылар атавы	Массасы 1000 дана, тұқым, грамм	1 класты аймақ бойынша 1 гектар тұқым себу нормасы, килограмм		Аймақтар бойынша тұқымды себу терендігі, сантиметр		Стандартты екпе көшеттерінің 1 гектар шығымы, мың дана
		орманды	орманды дала	орманды, орманды дала	далалық	
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшага
28-кесте

Екпе көшеттерін өсірудің суару тәртібі

Сүрек тұқымды екпе көшеттерінің өсу және даму фазасы	Ұзактығы, күн	Топырақтың белсенді қабаты, сантиметр	Егістіктің ылғал сыйымдылығының төменгі шегі (ЕЫС), %	Суару кезектілігі, күн	Суару саны	Суару нормасы, текше метр/ гектар
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшага
29-кесте

Орман иеленушілердің мәліметтері бойынша өткен тексеру кезеңіндегі болған өрттердің саны мен аудандары

№ p/p	Орман өрттері туралы мәліметтер	Жылдар				Барлығы
		1	2	3	4	
1	2			3	4	5

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшага
30-кесте

Орман өрті аудандары

Орман өрті аудандары (ОӘА)	Орман мекемелері		Өрт қауіпсіздігі кезеңінің ұзактығы
	карта-схемадағы нөмір	орман мекемесінің атавы	
1	2	3	4

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

31-кесте

Шамамен алынған өрт-химия станцияларының жабдықтары

(негізгі көзін көрсету)

№ p/p	Аталуы	Өлшем бірлігі	1-типті ӨХС	2-типті ӨХС	Ескертулер
1	2	3	4	5	6

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

32-кесте

Аңшылық кәсіби жабайы жануарлар түрлерінің жалпы саны

Жабайы жануарлардың атаулары	Соңғы 5 жылдағы саны, дана							
	1	2	3	4	5	6	7	8

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

33-кесте

Аңшылық жануарлар дүниесінің негізгі түрлерінің 1000 гектар

аудандағы жер бонитетіне байланысты нормативтік тығыздығы

№ p/p	Жануарлар түрлерінің аталуы	1000 гектар аудандағы жануарлардың тығыздығы				
		Бонитеттер				
		1	2	3	4	5
1	2	3	4	5	6	7

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулыққа 7-қосымшаға

34-кесте

Науалар мен қоректендіру алаңшаларының және суаттардың

шамамен алынған нормалары

Жануарлар түрі	Науалар, калқалар	Коректендіру алаңшалары	Тұз салғыштар	Суаттар	Суда жүзетін құстарға қолдан жасалған үялар
1	2	3	4	5	6

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
35-кесте

1 басқа 100 күнге қажетті жемшөпті дайындау нормалары

№ p/p	Жемшөп түрі	Өлшем бірлігі	Жануарлар түрі				
			бұғы	елік	қабан	қоян	күр
1	2	3	4	5	6	7	8

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
36-кесте

Жануарлардың жалпы санынан шамамен алынған атып алу пайызының нормасы

Жануарлар түрі	Атып алу нормасы
1	2

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
37-кесте

Шөп себу нормасы, килограмм/гектар

№ p/p	Шөп түрі	Аймақтар			
		таулы	бірыңғай дымқылды тау бөктері	күргақ даала	шөлді даала
1	2	3	4	5	6

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
38-кесте

Топырақтың ылғалдануы әртүрлі жағдайларда өсетін санырауқұлақтың орташа өнімділігі (килограмм/гектар)

Санырауқұлақ түрі	Өсу жағдайлары			
	күргақ	ылғалдылығы жеткілікті	ылғалды	ылғалдылығы жоғары
1	2	3	4	5

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
39-кесте

Жабайы өсетін жеміс бүтәлардың шамамен алынған өнімі

№ р/п	Атауы	10 жылдағы өнімдердің саны			Орташа өнім, тонна/гаектар	Пісу уақыты, ай	Авторы
		төмен	ортаса	жоғары			
1	2	3	4	5	6	7	8

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
40-кесте

Маңызды дәрілік өсімдіктерді жинау және дайындау күнделігі

("Дәрілік өсімдіктерді анықтау әдісі" М., 1986)

Өсімдіктің атауы	Шикізат түрі	Құрғақ шикізаттың шығымы, %	Жинау фазасы
1	2	3	4

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 7-қосымшаға
41-кесте

Орман орналастыру жұмыстарында қолданылатын негізгі кестелер тізімі

Тұқымдылар	Бонитет шкаласы	Қима және қорлар аудандарының жиынтығы	Табиги жанаурын бағалау		Өсу барысы	Сортиментті	Тауарлық
			орманмен қамтылмаған жерлер	орман қолтығында			
1	2	3	4	5	6	7	8

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулыққа 8-қосымша

Орман орналастыру кеңестері

1. Орман орналастыру кеңестерін жүргізу мақсаты

1. Техникалық және орман орналастыру кеңестері, орман орналастыру жұмыстарын жақсы үйімдастыру мен олардың орындалу ерекшеліктерін талқылау үшін өткізіледі. Бірінші техникалық кеңес дайындық жұмыстары кезінде, бірінші орман орналастыру

кеңесі далалық жұмыстың басталуына 1-2 (бір – екі) ай қалғанда, екінші техникалық кеңес - обьектіде далалық жұмыстар біткеннен кейін, екінші орман орналастыру кеңесі – материалдар камералдық өнделгеннен кейін орман шаруашылық шаралар көлемі анықталып, орман орналастыру хаттамасының жобасын дайындағаннан кейін өткізіледі

2. Қажет болған жағдайда далалық орман орналастыру жұмыстары басталмай немесе жұмыс кезінде аралық техникалық кеңес өткізілуі мүмкін.

3. Техникалық кеңесті орналастырылатын обьектінің басшысы орман орналастыру партиясының бастығымен келісіп өткізеді. Техникалық кеңеске орман орналастыру партиясының бастығы мен мамандары, орман иеленушілер мамандары және қажет болған жағдайда басқа мүдделі ұйымның өкілдері қатысады.

4. Техникалық кеңесте баяндаманы орман иесінің директоры (орынбасары) және орман орналастыру партиясының бастығы оқиды.

5. Бірінші және екінші орман орналастыру кеңесі өкілетті органмен немесе орман иеленуші кімнің қарамағына бағынуына байланысты әкімдіктің орман бөлімімен орман орналастыру ұйымы бойынша келісіліп шақырылады.

2. Орман орналастыру кеңестерінде шешілетін мәселелер

6. Бірінші техникалық кеңесте:

1) дайындық жұмыстың бағдарламасында қарастырылған мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, ұсыныстар талқыланады;

2) обьектідегі далалық орман орналастыру жұмысын жүргізу ерекшеліктері анықталады және шешіледі;

3) алдын-ала алдағы орман орналастыру жұмыстарының негізгі түрлерінің көлемі мен мазмұны анықталады;

4) бірінші техникалық кеңестің шешімдері орман орналастыруды жүргізуге наряд-тапсырманы және бірінші орман орналастыру кеңесі хаттамасының жобасын дайындауға негіз болып табылады.

7. Екінші техникалық кеңесте төмендегідей мәселелер қаралады:

1) орындалған далалық орман орналастыру жұмыстарын өткізу актің бекітіледі және олардың сапасы анықталады;

2) орман иеленушілердің өткен орман орналастыру материалдарына ағымдағы өзгерістерді енгізу сапасы анықталып, Орман орналастыру, орман қорын есепке алу және Орман кадастры материалдарына өзгерістерді енгізу жөніндегі нұсқаулар бойынша осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес акті жасалады;

3) алдағы тексеру кезеңіне жобаланған орман шаруашылық қызметі бойынша қажетті орман шаруашылық шаралар, қосымша өндірістік және тұрғын үй

ғимараттардың, өрт-химиялық станциялардың құрылышы, көлік-құрал тағы басқаларын алу шаралары келісіледі;

- 4) мастерлік участекер мен айналымдардың шекаралары бекітіледі;
- 5) ең соңғы акт - орындалған жұмыстардың пайызы бекітіледі;
- 6) далалық жұмыстар барысында туындаған басқа да мәселелер шешіледі.

8. Бірінші және екінші орман орналастыру кеңесі шақырылады және олардың жүргізілетін уақытын республикалық өкілетті орган (олардың қарамағында орман иеленушілер болғанда) немесе облыс әкімдігінің орман бөлімі (орман иеленуші коммуналдық меншік қарамағында болғанда) белгілейді. Кеңестің өткізілетін қуні орман орналастыру ұйымымен келісіледі.

Кеңеске республикалық өкілетті органның басшылары мен мамандары аумақтық органның басшылары мен мамандары, облыс әкімдігінің орман бөлімінің басшылары мен мамандары, орман орналастыру мен орман иелерінің мамандары қатысады. Қажет болған жағдайда жер ресурстарын басқарудың облыстық және аудандық аумақтық органдың өкілдері, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының, ғылыми мекемелердің өкілдері және басқа да мұдделі ұйымдар шақырылады.

Орман иеленушісі қарайтын өкілетті органның басшысы (немесе оның орынбасары) кеңестің төрағасы, ал орман орналастыру ұйымының өкілі хатшысы болып тағайындалады.

Екінші орман орналастыру кеңесінде негізгі баяндаманы орман орналастыру жобасын дайындаушы жасайды.

Орман орналастыру кеңесі хаттамасының жобасымен кеңеске қатысатындар алдын-ала таныстырылады.

9. Бірінші орман орналастыру кеңесінде далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері талқыланады:

- 1) объект аумақтың МОҚ санаттарына, таулы, жазық бөліктерге бөлінуі, сонымен қатар таулы ормандар үшін жетуге қол жетімділігі мен қол жетімсіздігі нақтыланады;
- 2) көрші жер пайдаланушылармен шекаралардың заңды рәсімделуінің жағдайы талданады;
- 3) орамдардың шекаралық және орам соқпақтарының жағдайы, орам дінгектерінің барлығы, кеспеағаштағы, орман екпелеріндегі және тексеру кезеңінде орман шаруашылық шаралармен қамтылған басқа да участекердегі орман шаруашылық дінгектерінің жағдайы анықталады;
- 4) аумақты ұйымдастыру жобасы нақтыланады;
- 5) орман шаруашылық шараларын белгілеу мен орманды таксациялау ерекшеліктері алқаағаштың шаруашылықтағы маңыздылығын ескере отырып, анықталады;
- 6) жекелеген ағаш және бұта түрлерінің шаруашылық маңызы анықталады;
- 7) даму мүмкіндігі бар, қосымша орман пайдаланудың түрлері анықталады;

8) ұзак мерзімді орман пайдалануға берілген орман қоры участекері жөнінде мәліметтер келтіріледі;

9) орман орналастыру объектіндегі экологиялық жағдай мен табиғи ортаны ластайтын негізгі көздер зерттеледі;

10) нормативтік-анықтамалық құжаттардың тізімі анықталады;

11) өткен орман орналастырудың сынақ аландарының сақталуы және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізбесі, жаңа сынақ аландарын салу қажеттілігі анықталады;

12) объектілердің аэрофотосуреттермен қамтамасыз етілуі анықталады;

13) өткен орман орналастыру материалдарының жағдайы, олардың жаңа орман картасын жасауға жарамдылығы анықталады. Орман орналастыру жұмыстарының ерекшеліктері туралы өзге де техникалық мәселелері шешіледі;

14) орман орналастыру партиясын жұмыс күшімен, көлікпен, азық-тұлікпен, үймен қамтамасыз ету мүмкіндігі анықталады;

15) тапсырыс берушілер жұмыскерлерінің орман орналастыру жұмыстарына қатысу тәртібі анықталады.

Бірінші орман орналастыру кеңесінде қабылданған шешімдер хаттамада тіркеледі және орман орналастыру өндірісінің негізгі құжаты болып табылады.

10. Екінші орман орналастыру кеңесінде:

1) алдағы тексеру кезеңіне белгіленетін орман шаруашылық шаралардың орман орналастыру ұйымы жасаған және хаттама жобасында көрсетілген көлемі талқыланады және бекітіледі;

2) хаттаманың жобасы орман иесі бағынатын жоғарғы өкілетті органға немесе орман иеленуші бағынатын әкімшіліктің орман бөліміне жіберіледі. Оны екі апта мерзімінде орман иеленушілер мен орман орналастырудың мамандары және қажет болған жағдайда білікті ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жіберілген материалдарды талқылауды ұйымдастырады;

3) екінші орман орналастыру кеңесінің хаттамасы жобасында орман иеленушінің өткен тексеру кезеңіндегі орман шаруашылық шараларын жүргізу сапасы туралы, басты пайдалану мөлшерінің есебі және орман шаруашылық шараларының ормандарды өрттен қорғау, орман зиянкестерімен, ауруларымен құресу бойынша көлемі және басқа да шаралардың көлемі туралы жалпы қорытындыдан тұрады;

4) екінші орман орналастыру кеңесінде жобаланған орман шаруашылық шаралар мен есептік кеспеағаштың көлемдері туралы келіспеушілік болса, оларды кеңесте талқылағаннан кейін алып тасталады, болмаса - хаттаманың авторы өзінің өзгеше пікірін жазып тиісті материалдармен бірге соңғы шешім қабылдау үшін өкілетті органға жібереді;

5) егер хаттаманы алдын-ала талдау кезінде орманды пайдалану нормасының есебінде және олардың кемшіліктерінің негізінде есептік кеспеағаштарға өзімен бірге

өзгерісін туғызудың және басқа да шаралардың көлемдерінің мөлшері орман орналастыру ұсынғаннан плюс, минус 10 (он) пайызға дейін айқындалмаса, онда тапсырыс беруші мен орман орналастыру ұжымы арасындағы келісім бойынша екінші орман орналастыру кеңесі шақырылмайды және бұл жағдайда екінші орман орналастырудың хаттамасы рәсімделіп, орман орналастыру үйымына жіберіледі;

6) орман орналастыру объектіндегі есептік кеспеағаш екінші орман орналастыру кеңесінде талқыланып қаралған соң өкілетті органмен бекітіледі;

7) егер өкілетті орган екінші орман орналастыру кеңесінде қабылданған есептік кеспеағаштың көлемін өзгертетін болса, онда орман орналастыру ұйымы орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасына тиісті өзгертулер енгізеді;

8) кеңесте келісілген орман шаруашылығының және басқа да шаралардың барлық түрлерінің көлемдері орман орналастыру жобасының Түсіндірме жазбасын құрастыру үшін негіз болып табылады.

Орман орналастыруды
жүргізу нұсқаулықта
9–қосымша

1. Орман орналастыру және орман шаруашылық белгілердің түрлері

1. Өзінің негізгі бөлінуі бойынша белгілер түрлері төмендегідей:

орам діңгектері, орам сілтеуіш, бақылау алаңының, орман шаруашылық, шекаралық, визирлік, сынақ алаңдарына;

нөмірлі қазықтар, алаңның ортасын бекітуге арналған өлшеп есептеу таксациясы және орманның қайта табиғи жаңаруы мен орман екпелерін зерттеу кезінде осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаның 1-қосымшасындағы суретке сәйкес.

2. Натуралық белгілер ретінде ағаш, темірбетонды, темір діңгектер немесе пластмасса тақталар, тас пирамидалар, қазықтар, ағаштардағы белгілер қолданылады.

3. Шекаралық шаруашылық, нысаналық, нысаналық сілтеуіш, нөмірлі қазықтар және сынау алаңдарының орталарын бекітуге арналған діңгектерді орман орналастыру жүргізу кезінде орнатады, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және іздестіру мекемелері тиісті жұмыстарын жүргізген кезде орнатады.

4. Орман шаруашылық діңгектерін орман мекемелері орнатады.

5. Орам діңгектерін және орамды көрсеткіш діңгектерді алғашқы орман орналастыру кезінде орман орналастырушылар орнатады, ал қайта орман орналастыру кезінде орман мекемелері орнатады.

6. Бақылау алаңындағы діңгектерді орман орналастырушылар, жобалаушылар, ғылыми-зерттеушілер, орман мекемелері және тағы басқа үйымдар бақылау алаңдарын салған кезде орнатады.

7. Орман орналастыру кезеңдерінің арасында орам діңгектері немесе басқа да діңгектер жарамсыз болып қалған кезде орман мекемесі қажеттілігінше ауыстыруы керек.

2. Жалпы техникалық талаптар

8. Ағаш діңгектер мен қазықтарды бір жерде дайындаған кезде, өсіп тұрған сүректерден де, сондай-ақ бұрын дайындалған ағаштардан да дайындаиды.

Діңгек қабығы сүрекке дейін аршылып, бұталары шабылып, тазаланады. Діңгектердің жазу жазылатын беті тегіс біркелкі тазаланады және 2,5 сантиметрден кем емес терендікте ойылуы керек.

9. Діңгектердегі жазу әдемі, қара майлы бояумен, трафаретпен осы Нұсқаулықтың 6 -қосымшасындағы 2-суретке сәйкес жазылуы керек.

10. Барлық діңгектердің үлкен көлемді төменгі жағы жерге көміледі және қазықтар мықты етіп қағылады.

11. Орналастыратын объектіде орнатылатын орман орналастыру белгілерінің түрлері, оларды қоюға жауаптылар және оны орнату мерзімі бірінші техникалық кеңесте дайындық жұмыстарына дейін анықталады.

3. Орман орналастыру белгілері

12. Орам діңгектері және орамдық сілтеуіш діңгектер:

1) орам діңгектері және оларды алмастыратын темір (пластмасс) тақталар, тас пирамидалар мен түмбалар орам соқпақтарының қылышқан жерлеріне қойылады. Шоқ ормандарда орман орналастыруда кішігірім орман участкелері жиынтық орамдарға біріктіріледі;


2) орам діңгектері соқпақтардағы жүретін жерлерде соқпақ ортасынан жағында қойылады (солтүстік батыс жағына). Ол барлық жағынан жақсы көрінетіндей орнатылады;

3) орам және орам сілтегіш діңгектер ағаштан немесе темір бетоннан жасалады;

4) темір бетонды орам және нұсқаушы діңгектер 300 (үш жүз) маркалы бетоннан 1-суретте (А және Б) көрсетілген мөлшері бойынша дайындалады. Діңгектердің жоғары жағы төрт қырлы, жалпы пішіні төрт бұрышты болады, діңгектердің жазу жазатын бетінің жоғарғы жағы мен төменгі жағы қара майлы бояумен ені 1 (бір) сантиметр сзызықпен сзызылады. Діңгектің орамның нөмірі жазылған беті орамға қиғаш орнатылады. Соқпақтардың тік бұрышты қылышсындағы діңгек қабырғасы орам соқпақтарына бағытталып қойылады;

5) темір немесе пластмассадан істелген тақталар тік бұрышты пішінде мөлшері осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасындағы 3-суретте көрсетілгендей миллиметрge сәйкес дайындалады.

3-сурет



Тақтайшалар ақ түсті болады. Орам нөмірі қара майлы бояумен трафаретпен түсіріледі. Трафареттің көлденең өлшемі осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасындағы 2-суретке сәйкес түсіріледі;

6) тақтайшалар орам соқпақтарының қиылышына жақын жерлердегі ағаштарға 2,5 метр биіктікте орам соқпағына қаратып ілінеді. Тақтайшалар біреуден немесе екеуден орам соқпағының қиылышына байланысты болады.

Ағашы жоқ жерлерде тақтайшалар темір қазықтармен бекітіледі (биіктігі жер бетінен 1,5 метр, жердің астындағы бөлігі 0,7 метр, қалындығы 2 (екі) сантиметрден кем емес болуы керек);

7) орамдық ағаш және орамдық сілтегіш діңгектер 1-ші суретте көрсетілгендей мөлшер бойынша дайындалады.

Діңгектің жоғары жағы шабылған пирамидаға ұқсас, төбесі 4×4 сантиметр болады. Жазу жазылатын қабырғаларының қыры 2 (екі) сантиметрден аспайды, ал төменгі жағы қигаш су тұрмайтындей болып жасалады.

Діңгектің диаметрі 24 (жиырма төрт) сантиметрден асқан жағдайда оның басы диаметрінің үштен бір бөлігіне тең болуы керек.

Сексеуіл ағашынан діңгек дайындағанда оның диаметрі 12 (он екі) сантиметрден төмен болмайды. Орам нөмірі жоғарыдан төмен жазылады.

Діңгектерді түмбалар салу арқылы көмеді (диаметрі 1,5 сантиметр, биіктігі 50 (елу) сантиметр, діңгек биіктігі түмбада 50 (елу) сантиметр, жер астындағы бөлігі 50 (елу) сантиметр);


8) діңгектердің жазу жазатын беті соқпақтардың қиылышу нүктелерімен бірдей болады. Жазу жазатын бетіне орам нөмірі жазылады. Нөмір жазылған беті орам диагоналине қарай қаратылады. Орам соқпақтарының қабырғасы тік бұрышты болса, діңгектің жазу жазатын бетінің қырлары соқпаққа қарап орналасады;

9) қала ормандары мен парк ормандарында, жасыл аймақтарда, халықаралық және республикалық маңызы бар темір жолдар мен автомобиль жолдарындағы қорғаныштық белдеулерінде діңгектер орнатқан жағдайда олар қызыл – қоңыр түске боялады, жазу жазатын беті мен жоғарғы жағы ақ түсті сырмен боялады;

10) таулы немесе баруға қол жетімсіз аудандарда орам діңгектері тасты пирамидалармен немесе үйінділермен алмастырылады. Пирамидалар ұлкен тастардан қаланады. Жоғарғы тастарға орам нөмірі осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасындағы 4-

суретке сәйкес орам діңгектеріне жазу арналған трафарет бойынша қара майлы бояумен жазылады;

4-сурет (өлшемі сантиметрмен)



11) орамдық сілтеуіш діңгектері (1-сурет) орам соқпақтары мен әртүрлі жер пайдаланушылардың шекарасымен орам соқпақтарының қылышынан жеріне қойылады, негізінен жүретін жолдар, трассалар, ормандарғы соқпақ жолдар, өзен, бұлақ, орам шекараларына қойылады;

Жолдардың қылышындағы шекара орам сілтеуіш діңгектері шекара сілтеуіш діңгегінің қызметін атқарады. Трасса, орманның соқпақ жолдары мен өзендердің орамдық сілтегіш діңгектер қойылатын тізбесі бірінші техникалық кеңесте келісіледі;

Корғаныш орман белдеулері, мемлекеттік және республикалық маңызы бар темір және автомобиль жолдары және су объектілері, өзен, көл, су қоймасы жағалауарындағы тыйым салынған белдеулері бар ормандарда діңгектердің негізгі бетінен төмен қосымша бет жасалады.

Қосымша жазу бетіне трафаретпен "Қ. Б." (корғаныс белдеуі) немесе "Т. Б." (тыйым салынған орман белдеулері) жазылады;

13. Шаруашылық шекара діңгектері:

1) шекаралық шаруашылық діңгектер (қойылған белгілер жойылғанда) қалпына келтіргендеге қойылады (діңгектер немесе корғандар). Бұрылыс бұрышы 1800-қа жақын ($1800 + 20$) жерлерде шаруашылық шекара діңгектері қойылмайды;

2) шекаралық шаруашылық діңгектер геодезиялық орталық меже белгісінен 1 м кем емес аралыққа орнатылады;

3) шекаралық шаруашылық шекара діңгегі 1-сурет бойынша жасалады. Діңгектің жоғарғы жағы конус тәрізді істелінеді. Діңгекте екі жазу жазатын беті шабылып дайындалады. Жоғарғы беті түсірілетін бағыты бойынша кесіледі, оған "М. О." деп жазылады (мемлекеттік орман), ал төменгі беті орманға қаратып шабылады және оған шектесіп жатқан орам нөмірі жазылады.

14. Нысаналық діңгектер және нысаналық сілтегіш діңгектер:

1) нысаналық діңгектер нысаналар мен соқпақтардың қылышынан нұктесінде, жер пайдалану шекараларында қойылады.

2) нысаналық діңгектердің мөлшері 1-сурет бойынша дайындалады. Діңгектің жоғарғы жағы екі қырлы, ені 1 (бір) сантиметр болып жасалады. Нысаналық діңгекте

бір ғана жазу беті болады, ол нысана бойымен орамға қарай бағытталады. Діңгек төбесі нысана сзығына қаратып қойылады. Аралық нысана шабылған кезде бір нысаналық діңгек орнатылады және жазу жазылатын беті нысана бағыты бойынша екі жағынан да шабылады.

Әр жазу бетіне нысана нөмірі рим сандарымен жазылады.

3) нысаналық сілтеуіш діңгектер нысаналар негізгі жүретін жолдар, трассалар, орманның соқпақ жолдары, өзендер, бұлақтар және басқа да бағдарлармен қылышқан жерлерге қойылады (1-сурет).

15. Барлық түрдегі бақылау аландарының діңгектері орман орналастыруда және орман шаруашылық жұмыстары кезінде 1-суретте көрсетілгендей мөлшерлермен дайындалады.

Діңгектерде төмендегідей жазулар үлгісі көрсетіледі:

БА-3-45 – бақылау алаңы, алаң нөмірі, орам нөмірі;

76-85 – салған жылды, өлшенген жылды;

2 - 0,25 – секция нөмірі, ауданы, га.

16. Пикеттік қазықтар:

1) пикеттік қазық журу сзығын өлшеңген кезде қойылады.

2) диаметрі 3–5 сантиметр пикеттік қазықтардың жер бетіндегі биіктігі 50 сантиметр болады (1-сурет);

3) пикеттік қазықтарда өлшеу басталғаннан бастап қашықтық бүтін жүздік метрмен рим сандарымен белгіленеді. Көртік өлшеу бағытына қарсы жағында жасалады, римдік сандармен.

Өлшеу ұзындығы, м 100 200 300 400 500 600 700 800 900 1000 1800

Көрсеткіштер I II III IV V VI VII VIII IX X XVIII

4) елді мекендердің жасыл аймақтары мен емдеу-сауықтыру мекемелерінде, ерекше күзетілетін орман аумақтарында, қала ормандары мен орманды парктерінде пикеттік қазықтардың орнына ағаштарға белгі жасауға болады. Белгілер, қашықтығы өлшеу сзығынан 5 (бес) метрден аспайтын жердегі ағаштардың оң жағында жасалады. Өлшеу қашықтығы ағаштың сыртқы жағына қара майлы бояумен 1,5 метр биіктікте жазылады.

17. Сынау аландарындағы қазықтар.

Өлшеп - есептеп таксациялау кезінде және орман екпелерімен табиғи түлеуін тексергенде сынақ аландарының орталары мөлшері пикеттік тәрізді қазықтармен бекітіледі. Қазықтардағы белгілерге араб цифрымен телімдегі сынақ алаңының реттік нөмірі жазылады.

4. Орман шаруашылық діңгектері

18. Орман шаруашылық дінгектері басты, санитарлық кесулер мен сөл ағызуға, құтіп-баптау кесулері мен орман екпелеріне, қайта құрылатын орман екпелеріне, тұрақты және уақытша орман тұқым участеклеріне, орман тұқым плантацияларына, уақытша тұқымбақтары мен қызметтік жер үлестеріне бөлінген аудандарды көрсетеді:

1) дінгектер нысаналық дінгек пішінді болады, ал айырмашылығы – мөлшері мен жазуларының мазмұнында;

2) орман шаруашылық дінгектердің жазулары төмендегідей:

Ескеरту: Орамда екі немесе одан көп мемлекеттік орман қоры санаттары болған жағдайда телімдер біртіндеп әр санат шегінде жазылады және жеке санаты мен жалпы орам бойынша қорытынды шығарылады.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 29-косымша

Үздіксіз орман орналастыруды жүргізу бойынша негізгі ережелер

1. Үздіксіз орман орналастырудың өзі – тексеру кезеңі бойы апатқа және тағы басқа қолайсыз әсерлерге ұшыраған, шаруашылық шараларын жүргізуге тағайындалған орман қорындағы телімдердің бөліктеріне жыл сайынғы тексеру жүргізу жұмыстары мен қарапайым орман орналастырудың тұтасуынан тұрады. Жыл сайынғы (ағымдағы) түгендеу жұмыстары жаңа базалық орман орналастыруға дейін жүргізіледі.

2. Осы әдістеме орман қорын есепке алу және үздіксіз орман орналастыру жұмыстарын жүргізу технологиясы мен ұйымдастырудың мақсатын, жүргізу барысындағы кіріс - шығыс құжаттарының жүйесін айқындайды, өндөу мен керекті мәліметтерді алу процесін сипаттайды.

Үздіксіз орман орналастыру барысында алынған мәліметтер орман мекемесіндегі орман пайдалануды, орман қоры мен орман шаруашылық бағыты бойынша ақпараттық базасын құруды, мәліметтер банкін жіктеуді қамтамасыз етеді.

3. Тексеру кезеңіндегі жыл сайынғы жаңартылатын мәліметтер базасының ақпараттары, алқаағаштар көрсеткіштерінің актуализациясы, орман түгендеу көрсеткіштері, түсіру – геодезиялық және карта құрастыру жұмыстары кезекті базалық орман орналастырудың ақпараттық негізі болып табылады және орман шаруашылығындағы мәліметтер қорының толық жаңаруын қамтамасыз етеді. Содан кейін кезекті үздіксіз орман орналастыру циклы басталады. Бұл жағдайда орман шаруашылығы мен орманды пайдалану қарқындылығына байланысты тексеру кезеңінің ұзақтығы тапсырыс берушінің анықтауымен 20-25 жылға созылуы мүмкін.

4. Үздіксіз орман орналастыру орман шаруашылығының өкілетті органмен бекітілген арнайы "Үздіксіз орман орналастыруды жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар" бағдарламасымен жүргізіледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 30-косымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскесіндегі есепті кеспеағаштың мөлшерін анықтау жөнінде әдістемелік нұсқаулар

1. Жалпы қағидалар

1. Мемлекеттік орман қоры участекеріндегі есептегі кеспеағаш – тексеру кезеңіне орман орналастыру барысында әр мемлекеттік орман мекемесіне, басты мақсатта пайдалану үшін кесу бойынша жыл сайынғы сүрек дайындау нормасы белгіленеді.

2. Есептелінген кеспеағаш орманды 30-40 (отыз - қырық) жыл қөлемінде үздіксіз және сарқылмай пайдалануды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ су қоймаларын жетілдіру және қорғау, орман құрылымын жақсарту функцияларын атқарады және елімізді орман материалымен және ағаштармен қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік орман қоры санатында басты мақсатта пайдалануға кесу бойынша кеспеағашты есептеу Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Басты мақсатта пайдалану үшін кесуге рұқсат етілген мемлекеттік орман қоры ағаштарында есептегі кеспеағашты анықтау кезінде мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі орманды кесу ережелеріне сәйкес ерекше қорғалатын орман участекелері мен құнды және сирек тұқымды бұталар мен алқаағаштар есепке алынбайды.

4. Көлік жолдарынан қашықтығына және басқа да себептерге байланысты 10 және оданда көп жыл ішінде игеруге белгіленбеген жету қыын таулы және шөлейт ормандарда кеспеағаштарды есептеу жүргізілмейді, ал жыл сайынғы сүрек пайдаланудың мөлшері кеспеағашты бірқалыпты пайдалану деңгейінде есептеледі.

5. Есептегі кеспеағаш басты пайдалану үшін кесуге рұқсат берілген мемлекеттік орман қоры санатындағы басым тұқымдылар бойынша анықталады.

Есептегі кеспеағаштың жыл сайынғы мөлшері тек басым тұқымдылар бойынша есептеледі (құрамын есепке алмайды).

Мемлекеттік орман қоры участекелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға берген жағдайда, сүрек дайындау үшін кеспеағашты есептеу осындай (жоғарыдағыдай) жолмен жүргізіледі.

6. Орман орналастыру материалдары есептегі кеспеағаштарды анықтайтын дерек көзі болып табылады. Егер олардың дайындалғанына 5 жылдан көп уақыт өтсе - мемлекеттік орман қоры есепке алу материалдары қолданылады.

7. Сүректерді пайдалану көлемін анықтау негізінде кеспеағаштарды біркелкі қолдану бірінші және екінші өсімтал, интеграл деп белінеді.

Түрлі апаттардан кейінгі зақымданған алқаағаш саны көп қамтылған орман мекемелерінде орманды пайдаланудың жыл сайынғы көлемі тексеру кезеңінің алғашқы жылдары алқаағаштардың жағдайына байланысты бекітіледі.

8. Кеспеағаштардың барлық түрі, біркелкі қолданудағы кеспеағаштарды қоспағанда-сүрек тұқымдыларына 10 (он) жылдық мерзім, ал сексеуілге-бес жылдық мерзім белгіленеді. Есептелген кеспеағаштардың бірі белсенділер негізінде қабылданады.

15 жылдық тексеру кезеңінде, қабылданған кеспеағаш алдағы 10 жылдық мерзімге сүрек тұқымдылары толысқан алқаағашымен қамтамасыз етіледі, ал сексеуілдер 5 жылға. Толысқан алқаағаш жетіспеген жағдайда келесі бес жылда сүрек тұқымдылары және 10 (он) жылдықта сексеуіл, толысуши сүрек тұқымдыларымен және орташа жастағы сексеуілмен қамтамасыз етіледі. Он жылдан кейін олар толық пісіп-жетіледі. Егер кеспеағаштар толық дерлік қамтылмаса, піскен алқаағаштардың аздығына байланысты, онда нақты таңдау қолданылады, яғни, қолда бар піскен алқаағаштарына алғашқы 5 (бес) жылға-сексеуіл, ал 10 (он) жылға сүрек тұқымдыларын таңдап алады. Келер жылдары, алқаағаштың жетілмеген түрі көп болса, піскен алқаағаштары кезеңіне өтетін кеспеағаштар бекітіледі.

Келер бес жылдыққа сүрек тұқымдылары және екі бес жылдыққа сексеуіл үшін қосымша кеспеағаш есебін төменгі класс ағаштарын алып қосып, шығарады. Қылқан тұқымдылары үшін 50 (елу) %, жұмсақ және қатты жапырақты тұқымдылар үшін 100 (жұз) %, сексеуілдер үшін екі мәрте кластан класқа қосымша есеп жүргізіледі.

Пісіп жетілген алқаағаштардың артық мөлшері осы пісіп жетілмеген, бірақ 10 жыл көлемінде пісіп жетілгендердің қатарына қосылатын алқа - ағаштардың артық мөлшерінен құралады. Сексеуіл дәл солай.

9. Орманды басқару үшін бекітілген кеспеағаштардың есебі тексеру кезеңі аяқталғанға дейін сақталады. Ол орман қорындағы өзгерістерге байланысты қайта қаралуы мүмкін (аймақтың өзгеруі, мемлекеттік орман қоры категориясы, кесу жасы, түрлі апат жағдайлары мен өрт, ауру немесе зиянкестердің орманға тигізген залалы, орман шикізат ресурстарының қысқаруы).

10. Облыс бойынша есептегі кеспеағаш орман мекемелері бойынша есептегі кеспеағаштарды қосу жолымен анықталады, ал Қазақстан Республикасы бойынша – облыс бойынша мемлекеттік орман қоры категориясындағы тұқымдылар шегінде есептегі кеспеағаштарды қосу жолымен анықталады.

2. Осы әдістемелік нұсқауларда қолданылатын негізгі ұғымдар

11. Нұсқауда төмендегідей негізгі ұғымдар мен анықтаулар қолданылады:

1) кесу жасы-сүректің жасы, толысушыдан толысқан кезеңге өтеді және басты мақсатта кесуге белгіленуі мүмкін.

2) кесу түрлері:

ұзақ-біртіндеп кесу-сүректің әртүрлі жасына қолданылады, екінші кезең 30-40 жылдан кейін жүргізіледі;

ерікті-іріктең кесу – басты мақсатта кесу, алдымен кеміс, көнерген, толысқан ағаштардың сүрекдіндерін уақытында пайдалану үшін және орманның қорғаныштық қасиетін сақтау үшін жүргізіледі;

біртіндеп кесу-басты мақсатта кесу - толысқан сүректерді бірнеше әдіспен бір немесе екі класс жасында кесу;

жаппай кеспеағаш кесу-басты мақсатта кеспеағаштағы барлық ағаш бір әдіспен кесіледі;

3) сүрекдің - алқаағаштардың негізгі құрамы болатын ағаштар жиынтығы;

4) Мемлекеттік орман қоры санаты - орманды ерекше қорғаныштық, су қорғау, санитарлық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе басқа да арнайы бағытта пайдалану және орман шаруашылығын жүргізу үшін ерекше тәртіппен белгіленетін мемлекеттік орман қоры бөлігі.

5) жас класы-жылы араб цифрларымен белгіленеді 1, 2, 3, 4 және тағы да сол сияқты;

6) жас топтары:

балауса ағаштар – кесу жасы 5 және одан жоғары кезде, 1-ші және 2-ші жас класындағы алқаағаштар (кесу жасы 4 және одан төмен болғанда балауса ағаштарға тек 1-ші жас класы жатады);

орта жастағы алқаағаштар – балауса ағаштар мен толысушы жас кластары ортасындағы алқаағаштар;

толысушы алқаағаштар – кесу жасына жетіп қалған, бір жас класындағы алқаағаштар;

толысқан алқаағаштар – жас класы басты кесуге сәйкес келетін алқаағаштар;

көнерген алқаағаштар – толысқан жас класынан кейінгі кластағы алқаағаштар;

7) есептегі кеспеағаш - басты мақсатқа пайдалану үшін жыл сайынғы кесу мөлшері.

3. Есептік кеспеағаштарды есептеу

12. Кеспеағаштарды жаппай кесуде кеспеағаш ауданы төмендегі формуламен анықталады:

1) бірқалышты қолдану (S бірқ.)

$$S \text{ бірқ.} = F: A$$

2) алғашқы жасы (S^1 жасы)

$$S^1 \text{ жасы} = (F_{\text{ту}} + F_{\text{тн және к.}}) : 2K$$

3) екінші жасы (S^2 жасы)

$$S^2 \text{ жасы} = (F_{\text{орт.}} + F_{\text{ту}} + F_{\text{тн және к.}}) : 3K$$

Басым тұқымдыларда кеспеағаштың екінші жасын анықтау кезінде орта жас топтарында үш жас класына дейін болған жағдайда, есепке тек үлкен бір жас класы, ал төрт және одан көп жас кластары болғанда – екі жоғары класс алынады.

4) интегралды (S^1 инт.):

- орта жастағы топтар, яғни 20 жылдық жас класында:

- төрт жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = [0,2(F_6 + F^1_{\text{орт.}} + F^2_{\text{орт.}}) + 0,6F^3_{\text{орт.}} + F^4_{\text{орт.}} + 1,4F_{\text{ту.}} + 1,8F_{\text{тн. және кн.}}] \times 0,01$$

- үш жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = [0,2(F_6 + F^1_{\text{орт.}}) + 0,6F^2_{\text{орт.}} + F^3_{\text{орт.}} + 1,4F_{\text{ту.}} + 1,8F_{\text{тн. және кн.}}] \times 0,01$$

- екі жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = (0,2F_6 + 0,6F^1_{\text{орт.}} + F^2_{\text{орт.}} + 1,4F_{\text{ту.}} + 1,8F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

- бір жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = (0,2F_{6.} + 0,6F_{\text{орт.}}^1 + 1,4F_{\text{ты.}} + 1,8F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

- орта жастағы топтар, яғни 10 жылдық жас класында:

- төрт жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = [0,4(F_{\text{орт.}}^1 + F_{\text{орт.}}^2) + 1,2F_{\text{орт.}}^3 + 2,0F_{\text{орт.}}^4 + 2,8F_{\text{ты.}} + 3,6F_{\text{тн. және кн.}}] \times 0,01$$

- үш жас класы

$$S_{\text{инт.}} = (0,4F_{\text{орт.}}^1 + 1,2F_{\text{орт.}}^2 + 2,0F_{\text{орт.}}^3 + 2,8F_{\text{ты.}} + 3,6F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

- екі жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = (0,4F_{6.} + 1,2F_{\text{орт.}}^1 + 2,0F_{\text{орт.}}^2 + 2,8F_{\text{ты.}} + 3,6F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

- бір жас класы

$$S_{\text{инт.}} = (0,4F_{6.} + 1,2F_{\text{орт.}}^1 + 2,8F_{\text{ты.}} + 3,6F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

- орта жастағы топтар 5 жылдық жас класында (сексеуіл):

- екі жас класы:

$$S_{\text{инт.}} = (0,8F_{6.} + 2,4F_{\text{орт.}}^1 + 4,0F_{\text{орт.}}^2 + 5,6F_{\text{ты.}} + 7,2F_{\text{тн. және кн.}}) \times 0,01$$

Формуладағы белгіленуі:

S – кеспеағаш ауданы;

F – басым тұқымдылардың орманмен қамтылған жерлерінің ауданы;

$F_{\text{тн. және кн.}}$ – толысқан және көнерген алқаағаш ауданы;

$F_{\text{ты.}}$ – толысушы алқаағаштардың ауданы;

$F_{\text{орт.}}$ – есепке алынған 2-ші жастағы кеспеағаштағы орта жастағы алқаағаш ауданы;

$F_{6.}$ – балаусалар ауданы;

$F_{\text{орт.}}^1$ – орта жастағы бірінші класс ауданы;

$F_{\text{орт.}}^2$ – орта жастағы екінші класс ауданы;

$F_{\text{орт.}}^3$ – орта жастағы үшінші класс ауданы;

$F_{\text{орт.}}^4$ – орта жастағы төртінші класс ауданы;

A – кесу жасы;

K – жас класының жалғасуы.

5) бұталарда 1-ші жас, интегралдық және 2-ші жастағы кеспеағаш есептелінбейді.

13. Біркелкі пайдаланатын есептегі кеспеағашты есептеу кезінде орманмен қамтылған жерлердің ауданы жас класының соңғы мағынасына қарай бөлінеді.

14. Есептік кеспеағаш қоры бойынша кеспеағашты түгелдей кесу тәсілі кезінде ауданы бойынша есептік кеспеағашты, пайдалану есебіне енгізілген, 1 гектар толысқан және көнерген алқаағаштағы сүректің орташа қорына көбейтумен анықталады.

15. Өрттен, желден немесе энтомозиянкестерімен зақымданған алқаағаштар көп болса есептегі кеспеағаштар жағдайы бойынша анықталады және қабылданады.

16. Кесу ережелеріне сәйкес басты мақсаттағы кесулерді талап ететін участеклердің нақты мәліметтер жиынтығы сексеуіл үшін – 5 (бес) жылға, ал жұмсақ және қатты жапырақтылар мен қылқандылар үшін – 10 (он) жылға анықталады.

17. Орман кесуде әртүрлі кесу әдісі қолданғанда есептелген кеспеағаш кесудің әртүрлі әдісімен саналады (біртінде, ұзақ уақыт біртінде, ерікті-ірікте).

18. Біртіндеп кесу барысында есептегі кеспеағаш қоры да дәл осылай, яғни жаппай кеспеағашты кесу әдісіндегідей саналады. Одан кейін есептегі кеспеағаш қоры кесудің бір түрін қолдану арқылы есептегі кеспеағаш ауданы бойынша бір гектар жерден алынған орташа көлемін көбейту арқылы анықталады.

Біргінде кесуде бірінші, интегралды, екінші жастағы кеспеағаштар саналмайды. Кесудің бұл әдістеріне басты мақсаттағы кесу ведомосына енгізілген, кесуді қажет ететін нақты мәліметтер бойынша алынған участекелер, республика жағдайына қолайлы кеспеағаштар болып табылады.

19. Кеспеғаштарды еркін–таңдал кесу-кесуді қайталау кезеңінде кесуге қойылған қордан бөлек анықталады. Қор кесу ережелеріне сай сүректердің алынған пайызына қарай анықталады (1-қосымша).

Есепті кеспеағаштарды еркін - тандап кесу қоры бойынша бір қалыпты қолданыстағы есептелген кеспеағаштардан аспайды.

Ерікті тандамалы кесу бойынша есепті кеспеағашты есептеу үлгісі

облысының орман иеленушілері бойынша

Карағай	ережелеріне сәйкес) таңдалатын қордың ортаса пайызы			-	-	-	25	-	20	-	15	-	15
	1 кезекпен кесуге жататын ағаштар коры	320	11,6	-	-	70	4,9	60	2,3	40	1,0	150	3,4
	Кесу жұмыстарының қайталану кезеңі-10 жыл												
	Жыл сайынғы есепті кеспеағаш	320: 10=32	11,6: 10= 1,16	-	-	70	0,49	60	0,23	40	0,10	150	0,34

З жолда келтірілген қордың мағынасы кесу ережелерімен белгіленген қайталану кезеңіне бөлінеді. Кесуге белгіленген алқаағаштардың жағдайына байланысты ол кезең әртүрлі болуы мүмкін.

Есептік кеспеағаштарды есептеу мысалы

Кесу жасы, жыл	Жас класының ұзактығы, жыл	Жас кластары бойынша орманмен камтылған ауданы, гектар						Есептік кеспеағаштардың мағынасы				
		1	2	3	4	5	6 және жоғары	біркелкі пайдалануға	бірінші жастағы	екінші жастағы	интегралдық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1. Кеспеағашты жаппай кесу												
Ауданы бойынша есептік кеспеағаш, гектар												
81-100	20	150	180	220	270	130	50	$\frac{1000}{100} = 10$	$\frac{270+180}{40} = 11,3$	$\frac{220+270+180}{60} = 11,2$	$(0,2 \times 330 + 0,6 \times 220 + 1,4 \times 270 + 1,8 \times 180) \times 0,01 = 9,0$	
51-60	10	90	210	70	120	230	280	$\frac{1000}{60} = 16,7$	$\frac{230+280}{20} = 25,5$	$\frac{120+230+280}{30} = 21,0$	$(0,4 \times 300 + 1,2 \times 70 + 2 \times 120 + 2,8 \times 30 + 3,6 \times 280) \times 0,01 = 21,0$	
2. Біртіндеп кесу												
Қоры бойынша есептік кеспеағаш												
81-60	20	150	180	220	270	130	50	$\frac{1000 \times 0,3}{100} = 3,0$	$\frac{(270+180) \times 0,3}{40} = 3,4$	$\frac{(220+270+180) \times 0,3}{60} = 3,3$	$(0,2 \times 330 + 0,6 \times 220 + 1,4 \times 270 + 1,8 \times 180) \times 0,01 \times 0,3 = 2,7$	

Берілген мысалда 1 гектарда толысқан және көнерген алқағаштардың орташа қоры 300 текше метр немесе 0,3 мың текше метр қабылданған

Ауданы бойынша есептік кеспеғаш қоры бойынша қабылданған кеспеғашты сүректің орташа санына болу жолымен есептеледі, 1 гектар бір кезекте іріктелетін.

Мысалы, егер қоры бойынша есептік кеспеғаш 3,4 мың текше метр, ал орташа іріктелетін сүрек қоры 1 гектар-100 текше метр (0,1 мың текше метр) деп қабылданса, онда ауданы бойынша есептік кеспеғаш 3,4 мың текше метр = 34 гектарға тең болады.

0,1 мың текше метр

4. Есептік кеспеғашты негіздеу

20. Алқағаштардың жас құрылымымен олардың Негізгі мақсатын ескере отырып, қазіргі нұсқаудың екінші пунктіне сай талаптарға жауап берерліктеі есептегі кеспеғаштың есептелген бір түрін қабылдау ұсынылады.

Жекеленген жағдайда есептелгендер арасынан аралық маңызы бар кеспеғаш қабылдануы мүмкін.

21. Кеспеғашқа негіздеме беруде мына ерекшеліктері ескеріледі:

1) бірқалыпты пайдалану кеспеғашы алқағаштар (басым тұқымдылар) жас кластары бойынша біркелкі бөлінген жағдайда және пайдалануға белгіленбеген ормандарда ұсынылады.

2) толысқан және көнерген сүректері басым алқағаштарда интегралды және екінші жастағы кеспеғаш ұсынылады.

Интегралды және 2-ші кесу жасындағы кеспеғаштардың көлемінің айырмасы аз болған жағдайда бірінші интегралды ұсынылады;

3) толысқан сүрек қоры сарқылған алқағаштарда бірінші кесу жасындағы кеспеғаштар ұсынылады;

4) ұсынылған есептеу кеспеғашы жағдайы бойынша кеспеғаштан кіші болмайды.

5) орман мекемесі бойынша қабылдауға ұсынылған жыл сайынғы есепті кеспеғаш және ұзақ мерзімді пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінің қосындысы жыл сайынғы орташа өскінінен аспайды.

Қоры сарқылған алқағаштарға ұсынылған есептегі кеспеғаш қылқан жапырақты, жұмсақ жапырақты және қатты жапырақты алқағаштарды 10 (он) жылға, сексеуілдіктерді – 5 (бес) жылға толысқан сүрек қорымен қамтамасыз етеді. Егер есептелген кеспеғаштардың ешқайсысы осы талаптарға сай келмесе, онда есептегі кеспеғаш толысқан және көнерген алқағаштардың қоры мен ауданын 10 (он) немесе 5 (бес) жылға бөлу жолымен анықталады.

22. Шайыр алу аймағында қарағай алқағашы бойынша есепті кеспеғаш шайыр алу өндірісін тиімді пайдалануды ескере отырып белгіленеді.

5. Есепті кеспеағаштарын анықтау материалдарын қарастыру және дайындау тәртібі

23. Кеспеағаштарды анықтаудағы материалдар бекітілген пішінге сай орман орналастырумен әр орман мекеме бойынша құрастырылады.

24. Әрбір орман мекемесі бойынша орман орналастыру қабылдауға ұсынған есептегі кеспеағаштар 2-ші орман орналастыру кеңесінде қаралады және сонынан облыс орман шаруашылығының өкілетті органдарымен бекітіледі.

Облыстағы орман шаруашылығы органдарымен оны бекіту үшін облыстағы орман мекемелері бойынша орман орналастырумен қамтылған орман иеленушілердің шегінде басты мақсатта кесудің жыл сайынғы мөлшерінің ведомосы жасалады. Бекітілген басты пайдаланудың жыл сайынғы мөлшері пайдаланушылар арасында кеспеағаш қорын бөлуге негіз болып табылады.

Басты пайдалану мөлшерінің есебінен шығарылған және есепке енгізілген алқаағаштардың аудандары мен қорлары

Басым тұқымдылар	Орманмен қамтылған жерлер, барлығы	Орманмен қамтылған жерлерді жас топтары бойынша бөлу										Жалпы орташа есім, мың текше метр	Басты пайдалану мөлшері есебінен шығару негізі		
		балауса ағаштар	орталық жастағылар, гектар		толысушылар, гектар	толысқан көнергендер		және оның ішіндегі көнергени							
			барлығы	оның ішінде есепке алынғандары		барлығы	мың гектар	мың гектар	мың текше метр	мың гектар	мың текше метр				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12				

Ведомосты толтыру реті:

1. Орман қорын есепке алудың жиынтық мәліметтері.
2. Басты пайдалану мөлшерінің есебінен шығарылған алқаағаштардың аудандары мен қорлары (мәліметтер мемлекеттік орман қоры санаттары мен есептен шығарудың түрлері бойынша келтіріледі).
3. Есепке алынған алқаағаштардың аудандары мен қорлары (мәліметтер мемлекеттік орман қоры санаттары бойынша келтіріледі).

Алдағы тексеру кезеңіне басты мақсатта орманды пайдаланудың жыл сайынғы мөлшерінің есебі

Орманмен қамтылған	Орманмен қамтылған жерлерді жас топтары бойынша бөлу				Пайдалану корының орташа қоры 1
	толысқан көнергендері		және оның ішіндегі көнергени		

Басым тұқымдылар	жерлердің жалпы ауданы, гектар	балаусалар, гектар	ортада жастағылар, гектар барлығы, с.и. есепке енгізілген і	толькошылар, гектар	барлығы, гектар коры, мый текше метр	с.и. көнергендери, гектар X	гектар текше метр түбірлік массаның орташа өсімі, текше метр
1	2	3	4	5	6	7	8

Кесу жасы, жыл жас класы	Жыл сайынғы есептелген есептік кеспеағаш алымы - аудан, гектар; бөлімі – кор, мың текше метр						Орман орналастыру ұсынған кеспеағаш	
	біркелкі пайдалану	бірінші жас	екінші жас	интегралдық	жағдайы бойынша	нақты жиынтығы бойынша	аудан, гектар жалпы кор, мың текше метр	өтімді коры, мың текше метр кәделік, мың текше метр
9	10	11	12	13	14	15	16	17

Ескерту:

1. Деректер мемлекеттік орман қоры санаттары мен орман мекемесі шегінде кесу тәсілі мен басым тұқымдылар бойынша беріледі.
 2. Қоры бой ынша мәліметтер екі ондық белгімен, ауданы бойынша бүтін гектармен, үтірсіз беріледі.
 3. 2 - 8 бағандарда мәліметтер есепке енгізілген тұқым түрлері бойынша беріледі.
 4. Есептік кеспеағаш алғашқы 10 (он) жылға және тексеру кезеңінің келесі 5 жылына әр түрлі көлемде белгіленген жағдайда, 10-17 бағандарда осы мерзімдер бойынша деректер келтіріледі.

Ерікті тандамалы кесу бойынша басты пайдаланудың жыл сайынғы мөлшерінің есебі облысының орман иеленушілері бойынша

Қарағай	Алқаағаштардың толымдылығына байланысты (кесу ережелеріне сәйкес) таңдалатын қордың орташа пайызы										
	1 кезекпен кесуге жататын ағаштар қоры										
	Кесу мерзімінің қайталануы, жыл										
	Жыл сайынғы есепті кеспеағаш										

З жолда келтірілген қордың мағынасы кесу ережелерімен белгіленген қайталану кезеңіне бөлінеді. Кесуге белгіленген алқаағаштардың жағдайына байланысты ол кезең әртүрлі болуы мүмкін.

Тексеру кезеңінде қабылданған басты пайдалану кесулерінің жыл сайынғы мөлшері мен оның салыстырмалы сипаттамасы

Ауданы, гектар; қоры, мың текше метр

Басым ағаш тұқымдылар	Басты пайдалану кесулерінің жыл сайынғы мөлшері						Пайдалану қорын қолданудың жыл саны	Өткен орман орналастырудың қабылданған кеспеағаш, өтімді қор	----- жылдағы қолданыстағы есептік кеспеағаш, өтімді қор	жыл нақт кесіл ағағ мөлі , өті кор				
	орман орналастыру ұсынған			2-ші орман орналастыру кенесінде қабылданған										
	кор		ауданы	кор		ауданы								
	ауданы	жалпы		өтімді	кәделік	жалпы	өтімді	кәделік						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13		

Мемлекеттік орман қоры санаттары шегінде кесу әдістері мен басым тұқымдылары бойынша және сүрек тұқымдылары мен сексеулдің әр кесу түрінің жиынтығы мен жалпы мемлекеттік орман қоры санаттары бойынша құрастырылады.

Бұталар бойынша барлық мәліметтер "бұдан басқа" деп келтіріледі.

Мекеме бойынша жиынтық мәліметтер осы тәртіппен келтіріледі.

10 бағанда жаппай және біртіндең кесу әдістері бойынша мәліметтер келтіріледі.

14 бағанда басты пайдалану мөлшерінің есебіне енгізілген алқаағаштар бойынша мәліметтер келтіріледі.

Өкілетті органның бұйрығымен
бекітіледі

Басты мақсатта пайдаланудың жыл сайынғы мөлшерінің ведомосы

облыстың _____ орман иеленушілері бойынша

Ескерту: 1. Әр орман иеленушісі және облыс бойынша мемлекеттік орман қоры барлық санаттары және кесу әдістері бойынша мәліметтер көлтіріледі.

2. Кесу әдістерінің шартты белгілері:

ЖК – жаппай кесү

БК – біртіндең кесу

ҰБК - ұзартып біртіндең кесу

ЕТК – ерікті - таңдамалы кесу

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 31-қосымша

Авторлық қадағалауды жүргізу бағдарламасы

1. Жалпы қағидалар

1. Авторлық қадағалауды жүргізуде төмендегідей материалдар қолданылады:

1) орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасы, таксациялық сипаттамалар, жоба ведомостары мен орман карталары;

2) орман орналастыру жобасы жұмыс істей бастаған уақыттан авторлық қадағалауға дейінгі мерзімдегі орман иеленушілердің шаруашылық-өндірістік қызметі туралы жылдық есептері;

3) белгіленген тәртіп бойынша ресімделген жерлерді қабылдау немесе өткізу актілері. Осы мәселелер бойынша өкілетті органдардың шешімдері;

4) жерлерді ұзақ мерзімді пайдалануға беру кезінде - құзырлы органдардың шешімдерін және тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын келісімшарт;

5) органдарды мемлекеттік орман қоры санаттарының бірінен екіншісіне ауыстыру кезінде – ҚР Үкіметінің қаулысы;

6) басты пайдалану кесулерін жүргізген кезде – кеспеағаштарды белгілеу материалдары мен ағашы кесілетін жерлерді куәландыру актілері;

7) орман екпелерін есепке алу кітаптары;

8) орман қорын есепке алу формалары;

9) орман кадастры кітаптары;

10) орман екпелерін түгендеу материалдары;

11) орман екпелерін техникалық қабылдау актілері;

12) орман екпелерін органдың қамтылған жерлерге ауыстыру актілері;

13) органдың қамтылмаған жерлерді органдың қамтылған жерлерге ауыстыру актілері;

14) алқаағаштарды бір шаруашылықтан екіншісіне ауыстыру актілері, жүргізілген күтіп-баптау кесулері нәтижесінде телімдердің тұқымдық құрылымы өзгерген жағдайда;

15) өрт, желсұлама және басқа да табиғи апаттардан пайда болған орман қорындағы өзгерістер жөніндегі актілер;

16) орман шығымының кітабы;

17) орман шаруашылық шаралардың орындалуын тексеру актілері;

18) орман өрттерін есепке алу кітаптары;

19) орман зандарының бұзылуын есепке алу кітаптары;

20) өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы туралы хаттамаларын есепке алу кітаптары;

21) өрт-химиялық станциясының паспорты.

2. 1 пунктте көрсетілген материалдарды талдау негізінде жобаланған шаралар мен нақты орындалған көлемдері салыстырылады және шаралар жүргізілген телімдердің жоба ведомостарымен сәйкестігі анықталады.

3. Арапал тексеруге жататындар:

1) талданатын кезеңдегі орман шаруашылық қызметімен қамтылған телімдердің (шаралардың әр түрі бойынша) 5 пайызынан кем емесі арапал тексеруді талап етеді (5 телімнен кем емес).

2) осы кезеңде егілген (отырғызылған) орман екпелерінің тексерілетін көлемі олардың ауданының 10 пайызынан кем болмайды. Жерсінүі 25 пайызға жуық орман екпелері қайта есептеу әдісімен тексеріледі.

3) арапал тексеру орман шаруашылық шаралармен қамтылған екі орманшылықта жүргізіледі, егер олардың жалпы саны үштен аспаса, ал жалпы саны одан көп болған жағдайда үш орманшылық тексеріледі.

4. Участеклерді арапал тексеріп көз мөлшерімен бағалау арқылы осы шаралардың орындалу сапасы анықталады:

1) таксацияның сапасы мен орман орналастыру белгілеген шаруашылық нұсқаулардың негізделуі;

2) участеклерді іріктең қарап шығу мен шаралардың орындалуын көз мөлшермен бағалау негізінде участеклердің салыстырмалы ведомосы құрастырылады (18 кесте). Ведомосқа орманшы немесе орман иеленушісінің басқа өкілі қол қояды.

Салыстырмалы ведомосқа орманшылықтар шегінде участеклер рет-ретімен шаралардың түрі бойынша енгізіледі. Кейін сол ведомостардан есеп беруге қажетті мәліметтер алынады.

3) шаруашылық қызметі туралы толық мәлімет алу үшін және келіспеушілік пайда болған жағдайда, участеклер қосымша өлшеу- қайта есептеу әдістерімен тексеріледі. Тексерілетін көлем атқарылған шаралардың сапасын дұрыс бағалауға мүмкіндік беретіндей болуы керек. Мұндай тексерулердің көлемі елеулі болған жағдайда қосымша қаражат талап етіледі.

5. Атқарылған жұмыстардың сапасы мен орындау технологиясы бойынша және участеклердің орналасуында жіберілген ауытқулар жан-жақты талданып, себептері анықталады және оларды жою жөнінде ұсыныстар келтіріледі.

Ауытқулар орман иеленушісіне байланыссыз себептермен болған жағдайда, олардың себептері жөнінде негізделген қорытынды шығарылып оларды жою жөнінде ұсыныстар беріледі.

6. Авторлық қадағалау, орман орналастыру жобасындағы орман шаруашылығын жүргізу мен орман орналастыру белгілеген шараларды орындау қағидаларының негізделуі жеткіліксіз деп тапқан жағдайда, оларды түзету бойынша ұсыныстар енгізеді

7. Авторлық қадағалау нәтижесінде бағдарламаның тиісті тараулары мен кестелеріндегі мәселелердің қаралуы туралы есеп беріледі. Бұл есептің кіріспесінде орман иеленушісінің мекен-жайы, орман орналастыру жобасы бекітілген және жұмыс істей бастаған жылы, авторлық қадағалауды жүргізген мамандар құрамы, қадағалауды жүргізу кезеңі, орындалған жұмыстардың көлемі көрсетіледі (1-кесте).

8. Мемлекеттік орман қорында самырсын және емен ормандары бар орман мекемелерінде олардың жағдайын талдауға, орман шаруашылығын жүргізу сапасына, орманды сауықтыру, өнімділігін арттыру бойынша орман орналастыру берген ұсыныстарына, кешенді шаруашылықты жүргізуге, самырсын мен еменді сақтау және қалпына келтіру, сондай-ақ олардың сүрегін тиімді пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

2. Орман шаруашылығын жүргізудің негізгі қағидалары

9. Орман иеленушілердің орман орналастыру жобасының негізгі қағидаларындағы мемлекеттік орман қоры санаттары мен басты пайдалану кесулерінің белгіленген жастары шегінде, орман шаруашылығын жүргізу мәселелерін орындауды талданады.

10. Орман шаруашылығын жүргізудегі орман орналастыру жобасынан ауытқулардың себептері анықталып, оларды болдырмау жөнінде ұсыныстар беріледі.

Орман иеленушісінің орындалған шараларды есепке алуы туралы мәлімет келтіріледі: ағаш кесу билеттерінде және шығынды есепке алу кітабында телім нөмірлерінің жазылуы, мемлекеттік орман қоры санаттары, басым тұқымдылары бойынша есептің жүргізілуі. Осыны реттеу жөнінде ұсыныстар беріледі.

3. Басты пайдалану кесулері

11. 2-кестеде қолданыстағы есептік кеспеағашты орманның орташа жылдық кесілуімен және екінші орман орналастыру кеңесінде қабылданған есептік кеспеағашпен (әрбір кесу тұқым үшін кесу түрлері бойынша) салыстыру жүргізіледі.

12. Егер қаралып отырған кезеңде есептік кеспеағаш өзгертулсе, оны өзгерту негізі көрсетіледі (бұйрықтың нөмірі мен күні). Кестеде қаралып отырған кезеңдегі қолданылған есептік кеспеағаштың орташа жылдық мөлшері көрсетіледі.

13. Қолданылған есептік кеспеағаш пен екінші орман орналастыру кеңесінде қабылданған кеспеағаштың айырмашылығының себептері, есептік кеспеағаштан артық немесе кем кесу себептері анықталып, кәделік ағаштың шығуының жобаланған пайзызы, нақты шығуымен салыстырылады.

14. Кеспеағаштарды дайындау материалдарын талдау негізінде 3-кесте құрастырылады. Онда орман орналастыру жобасында кесуге жобаланбаған алқаағаштардан кесілген сүректің көлемі мен кесілген ауданының басты кесу ведомосына сәйкес болуы көрсетіледі. Басқа да бұзушылық түрлері көрсетіледі.

1 (бір) гектар орташа пайдалану қоры бойынша, өскіндерді сақтап кесу ауданы бойынша жобаланған ведомость мәліметтері мен нақты кесілгендердің айырмашылығының себептері көрсетіліп салыстырылады.

Кесу орындарын қарап шығу нәтижесі, орман иесінің есептік мәліметтерімен салыстырылады. Жіберілген кемшіліктер көрсетіліп, оларды жою туралы ұсыныстар беріледі.

15. Кеспеағаш қорын таксациялау мен дайындауды тексерудің нәтижелері 4-кестеде көрсетіледі. Тексеру, кесуге белгіленген ағаштарды шеңбер тәріздес алаңшаларында санау арқылы жүргізіледі. Дайындаудың сапасы мен толықтығы және кесу орындарының күәландыру тәртібі анықталып, жіберілген кемшіліктерді түзеу бойынша ұсыныстар енгізіледі. Тексеру мәліметтерінен ауытқу пайызы көрсетіледі.

16. Орман иеленушісі ағаш дайындау кезінде жүргізетін басты пайдалану кесулерінің механикаландыру дәрежесі.

17. Есепте кесу жоспарлары мен олардың сақталуы туралы ақпарат беріледі.

4. Аралық пайдалану кесулері

18. Күтіп-баптау кесулері:

1) орман орналастыру жобасының күшінде болу мерзімінде орындалған күтіп-баптау кесулерінің көлемі екінші орман орналастыру кеңесімен белгіленген жыл сайынғы көлеммен салыстырылады (5-кесте).

2) жобаланған кесу көлемдерінің орындалуы, таңдау қарқындарының сақталуы, өтімді және кәделік сұректің жоспар бойынша және нақты шығуы, ауытқу себептері, күтіп-баптау кесулерінен алынған сұректердің пайдаланылуы көрсетіледі.

3) кесу орындарының жоба ведомостарына сәйкестігі, алқаағаштың күтіп-баптау кесулерімен қамтылу пайызы анықталады.

Күтіп-баптау кесулерінің орындалу сапасының бағасы (6-кесте) және күтіп-баптау кесулерін қажет етпейтін алқаағаштарда жүргізілген кесулердің көлемі мен қанағаттанарлықсyz бағасының себептері талданып көрсетіледі (7-кесте).

4) жүргізілген күтіп-баптау кесулерінің әдістері мен (соның ішінде орамдық) участеклерді өз бетімен кесуге белгілеудің себептері және оның орман өсіру тиімділігіне әсері талданады.

5. Басқа да кесулер

22. Жаппай санитарлық кесулердің, орам соқпақтары мен өртке қарсы үзілімдерді кесу және тазарту, орманды қоқырсудан тазарту бойынша орындалған жұмыстардың көлемі, екінші орман орналастыру кеңесінде қабылданған көлемдермен

салыстырылады (8-кесте). Орын алған ауытқулардың себептері талданады (9-кесте). Орман орналастыру белгілемеген участеклерде санитарлық кесулерді жүргізу қажеттілігі және орындалу сапасы қаралады.

6. Орман қорғау шаралары

23. Орман қорғау шараларының орындалуы, тиімділігі талданады, объект ормандарының санитарлық жағдайын жақсарту туралы ұсыныстар беріледі.

7. Орманды ұдайы өндіру шаралары.

Алқағаштарды қайта құру

24. Талданып отырған кезеңдегі орманды қалпына келтіру (10-кесте) жұмыстарының орындалған көлемі және олардың орташа жылдық орындалуы (11-кесте) орман орналастырудың жобасының мәліметтерімен салыстырылады. Ауытқу себептері түсіндіріледі. Егер жұмыс көлемі асыра орындалса, осы орындалған көлемді тексеру кезеңінің сонына дейін сақтаудың тиімділігі немесе тиімсіздігі негізделеді.

25. Орман екпелерін егу технологиясының жоба ведомостарына (12-кесте) жобаланған орман екпелерінің түрлеріне және отырғызу әдісіне, күту санына, толықтыру пайызына сәйкестігі анықталады.

26. Орман орналастыру жобасының қолданыстағы мерзімінде егілген орман екпелерінің жағдайы талданады (13-кесте). Орман иеленушісінің мәліметі мен участеклерді аралап көріп тексеру нәтижесінде олардың өлу себептері мен қанағаттанарлықсыз жағдайы анықталады (14-кесте). Екпелерге кері әсер ететін себептерді жою туралы ұсыныстар беріледі.

27. Орман орналастыру жобасымен жобаланған және орындалған көлемдер (қайта құру көлемі, оны жүргізу әдістерінің сақталуы, қайта құру ретінде егілген орман екпелерінің жағдайы бағаланады) салыстырылып, орман орналастырудың ұсыныстарынан ауытқу себептері анықталады.

8. Тұқымбақтар мен орман тұқым участеклерін бөлу шараларының орындалуы

28. Тұрақты және уақытша орман тұқым участеклерін ұйымдастыру бойынша орман орналастыру жобасы ұсыныстарының тұқым жинау кезінде оларды қолдану дәрежесі, селекциялық тұқым шаруашылықтары мәселелері және тұқым мен отырғызу материалдарына деген өз қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі, тұқым сапасы, тұқымбақтағы жұмыстың технологиясы мен көлемдерінің орындалуы талданады.

9. Өртке қарсы шаралар

29. Жобаланған өртке қарсы шара көлемдерінің (орман иеленушісінің есептік мәліметтері) жұмыс түрі бойынша орындалуы талданады (15-кесте); орман өртімен күресу шаралары; орман заңдарын бұзушылық пен орман өрті есебінің жағдайы; орман өрті ауданын анықтау дәлдігі; орман өртіне кінәлі адамдарды анықтау дәрежесі және істердің соттардан өтуін бақылау; орман өртінің шығуы мен таралу себептеріне қызметтік тексеру жүргізу; орман өрт қызметінің жұмысы және жабдықталуы; бақылау пункттерінің бар болуы; радиобайланыс құралдардың бар болуы мен жұмысы; орман өртінің нәтижесінде болған өзгерістердің таксациялық сипаттамаға, планшеттерге және есеп құжаттарына енгізу сапасы; орман өртін тіркеу құжатының бары және толтырылуының толықтығы.

10. Жанама пайдалану

Сүрексіз ресурстарды қолдану және өндіру

30. Қосымша пайдалану шаралары бойынша орындалған шаралардың көлемі мен сапасы талданады. Оның ішіне шабындықтар мен жайылымдардың өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар мен оларды пайдалану көлемі де кіреді және ауыл шаруашылық өндірісінің көлемі мен түрлері талданады.

11. Орман шаруашылық объектілерін салу көлемі, техника мен механизмдер және көлік құралдарын алу

31. Тексеру кезеңіне жобаланған түрғын үй және өндіріс ғимараттарын салу көлемі талданады (16-кесте), олардың орындалмау себептері анықталады.

12. Басқаруды ұйымдастыру және басқа мәселелер

32. Орманшылықтарды, мастерлік участекер мен айналымдарды ұйымдастыру, орман мекемесі аппаратының және орманшылықтардың мамандармен толықтырылуы туралы орман орналастырудың ұсыныстарының орындалуы талданады.

Орман қорында болған ағымдағы өзгерістерді орман орналастыру материалдарына дер кезінде енгізу мен оның толықтығы (17-кесте) және есеп құжаттарын (орман екпелерінің, күту кесулерінің, тағы басқа кітаптарына) жүргізу сапасы анықталады.

13. Авторлық қадағалаумен анықталған орман шаруашылығын жүргізудегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар мен қорытындылар

33. Қорытындыда орман иеленушілер жіберген орман орналастыру жобасынан негізгі ауытқулардың (соның ішінде негізсіз) тізімі келтіріледі. Орындалған жұмыстардың сапасы туралы жалпы қорытынды жасалады, орман орналастырудың

кемшілігі көрсетіледі және орман орналастыру жобасына қажетті түзетулерді енгізу туралы ұсыныстар келтіріледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
1-кесте

Авторлық қадағалау кезінде аралап тексерілген көлемі

№	Орман шаруашылық шараларының түрлері	Орман иеленушісінің 20 __ жылдан 20 __ жылға дейінгі кезендеғі атқарған жұмыстарының жалпы көлемі, ауданы, гектар	Орманшылықтар саны		Авторлық қадағалау кезіндегі аралап тексеру көлемі		
			барлығы	соның ішінде авторлық қадағалау кезінде тексерілгені	ауданы, гектар	жалпы көлемінен, %	тексерілген участкердің саны
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Басты пайдалану кесулері						
2.	Аралық пайдалану						
1)	орманды күтіп-баптау кесулері барлығы, соның ішінде:						
	жарықтандыру						
	тазарту						
	сирету						
	өтпелі кесулер						
2)	таңдамалы санитарлық кесу						
3)	қайта құруға байланысты кесулер						
4)	жекелеген ағаштарды кесу						
3.	Басқа да кесулер						
1)	жаппай санитарлық кесулер						
2)	сокпақтар мен өртке қарсы үзілімдерді шабу, тазарту						
3)	ормандарды кураған (құлаған) ағаштардан тазарту						
4)	басқа мақсаттар үшін кесу						

	Орманды ұдайы өндіру:					
	орман екпелері					
	қайта құру					
4.	табиги жаңаруга жәрдемдесу - барлығы, соның ішінде:					
	өскіннің сақталуымен					
5.	Орман екпелерін орманмен қамтылған жерлерге ауыстыру басқа да көрсеткіштері бойынша осы тәрізді					

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
2-кесте

Басты пайдаланудағы кесулер көлемін орындау

Басым тұқым	2-ші орман орналастыру кенесінде кабылданған есепті кеспеагаш			Колданыстағы есепті кеспеагаш (карапатын кезендегінің орташасы)			Накты кесілгені (орташа жылдық)			Қоры бойынша колданыс			Өтімді сүректі босатудың орташа жылдық жоспары, мың текше метр
	ауданы , гектар	коры мың текше кәделік	өтімдіден %	ауданы , гектар	коры мың текше кәделік	өтімдіден %	ауданы , гектар	коры мың текше кәделік	өтімдіден %	ауданы , гектар	коры мың текше кәделік	пайызы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
3-кесте

Ағаш кесу ережелері мен сүректі түбірден босату ережелерін бұзу
(орташа жылдық деректер)

Өтімдінің қоры

№	Зан бұзушылық түрі	Әлшем бірлігі	Авторлық қадағалау кезіндегі кесілген жерлерді аралап тексеру мәліметтері бойынша	Жалпы көлемнен пайызы
1	2	3	4	5
1.	Талданатын кезендегі нақты кесу ауданы:			

ауданы	гектар		
коры	м ы н текше метр		
2. Анықталған заң бұзушылықтар:			
1) ведомостарға сәйкес емес кесулер	гектар		
2) кесу жұмыстары жүргізілген алқаағаштар :			
тольсушы	гектар		
орта жастағылар	гектар		
3) өскіні сақталмаған	гектар		
4) кесу әдістері сақталмаған	гектар		
5) кеспеағашты сапасыз тазалау	гектар		
6) кесілген сүректің жоғалуы:			
кесялген жерлерде	м ы н текше метр		
жоғары қоймаларда, тасымалдау кезінде	м ы н текше метр		
7) шала кесілгендер	м ы н текше метр		
8) сүректі үнемсіз кесу	м ы н текше метр		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
4-кесте

Басты пайдалану бойынша кеспеағашты белгілеу мен тaksациялаудың сапасын тексеру нәтижелері

Номірі	Кесу әдісі			Тексеру нәтижелері, текше метр (алымы бөлү мәліметтері, бөлімі-тексеру нәтижелері)	Ағаштарды кесуге іріктеу дұрыстығы, текше метр
	Орманшылық	Кесу әдісі	Тұқымы		

	орам	телім			Тексерілген аудан, гектар	өтімді	кәделік	отындық	артық белгіленген ағаштар	жетіспейтін ағаштар	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
5-кесте

Аралық пайдалану кесулерінің көлемін орындау

Кесу түрлері	Кесуді қажет ететін алқаағаштар ауданы, гектар	Кесулердің көлемі (алымы – 2-ші орман орналастыру кеңесінде қабылданған, бөлімі – нақты орындалғаны)								Орташа жылдық жоспар		
		талданатын кезеңдегі барлығы		ортаса жылдық						гектар/ жобадан %	текше метр/ жобадан %	1 гектар текше метр
		гектар	текше метр	гектар	жобадан %	текше метр	жобадан %	1 гектар	текше метр			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
6-кесте

Аралық пайдалану кесулерінің орман орналастыру жобасына сәйкестігі және олардың орындалу сапасы

Кесу түрлері	Тексеру нәтижелері, гектар								Күтіп-баптау кесуле		
	жалпы ауданы	соның ішінде							жалпы ауданы	соның ішінд	
		орман орналастыру белгілеген участекелерде	орман орналастыру белгілемеген участекелерде	олардан			канагаттанарлықсыз орындалғаны, барлығы	орман орналастыру белгілеген участекелерде		орман орналастыру белгілеген участекелерде	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
7-кесте

Аралық пайдалану кесулерінің қанағаттанарлықсыз орындалуының себептері

		Қанагаттанарлықсыз орындалудың себептері, гектар								
Кесу түрлері	Қанагаттанарлықсыз орындалғаны барлығы, гектар	кесулермен толық қамтылмаған участкелердің ауданы		іріктеу қарқыны бұзылған		сапасыз нашар) ағаштар қалдырылған		(жақсы ағаштардың алынғаны		кесу қажет етілмеген
		барлығы	соның ішінде кесу ағашқа кері әсерін тигізген							

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 31–қосымшаға 8–кесте

Басқа да кесулердің орташа жылдық көлемдерінің орындалуы

Өтімді қор

Шара түрі	2 орман орналастыру кенесімен қабылданған жыл сайынғы көлем		Накты орындалғаны (орташа жылдық)		Талданатын кезенде орындалғаны, барлығы		Жобаланған көлемнен пайызы	
	гектар	1 гектарға таңдалатын мұнай текше метр	гектар	1 гектарға таңдалатын мұнай текше метр	гектар	1 гектарға таңдалатын мұнай текше метр	ауданы бойынша	1 гектарға таңдалатын мұнай текше метр
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 31–қосымшаға 9–кесте

Басқа да кесулері орындарының орман орналастыру жобасымен сәйкестігі және олардың сапасы

Көрсеткіштер	Аралап тексерудің нәтижелері, гектар/%			Талданатын кезеңдегі басқа да кесулер жүргізілген аудан, гектар/%	
	барлығы	соның ішінде қанагаттанарлықсыз	барлығы	соның ішінде қанагаттанарлықсыз	
1	2	3	4	5	
1. Орман орналастыру белгілеген участкелер					
2. Орман орналастыру белгілемеген участкелер, барлығы:					

соның ішінде негізсіз кесілгені (жақсы, сау ағаштар кесуге белгіленген)			
Барлығы, гектар/ %			

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
10–кесте

Ормандарды ұдайы өндіру жұмыстарының жалпы көлемі

Ауданы, гектар

Жер түрлері	Ормандарды ұдайы өндіру жұмыстарының көлемі (алымы – 2-ші орман орналастыру кенесінде кабылданған, бөлімі – талдау кезеңіндегі нақты орындалғаны)							
	талдау кезеңіндегі барлығы				орташа жылдық			
	орман екпелері	табиғи жанарадына жәрдемдесу	табиғи есүі	жиныны	орман екпеле	табиғи жанарадына жәрдемдесу	табиғи жанарады (орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылғаны)	жиныны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
11-кесте

Орман екпелерін өсіру жұмыстарының орташа жылдық орындалуы

Басты тұқым	Өсіру әдісі	Жоба бойынша орташа жылдық көлемі, гектар	Есеп бойынша нақты орындалғаны				Орташа жылдық жоспар	
			жобаның іске асырылуы		орташа жылдық ауданы, гектар	жобадан %		
			кезеңіндегі барлығы	ауданы, гектар				
1	2	32	4		5	6	7	

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
12-кесте

Орман екпелері өсірілген участекелердің орман орналастыру жобасына сәйкестігі (тексеру мәліметтері бойынша)

Жер түрлері,	Тексеру кезеңінде	Орман орналастыру жобасы қолданылған кезден бастап орман мекемесімен құрылған орман екпелері		Авторлық қадағалауда анықталғаны	
		барлығы		барлығы	
					одан орман орналастырумен жобаланбаған участекелерде

егілген орман екпелері	құруға жобаланған	гектар	жалпы көлемнен %	гектар	құрылғаннан %	гектар	құрылғаннан %	гектар	есепке алынғаннан %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
13-кесте

Орман екпелерінің жағдайы

Басты тұқым	Орман екпелерінің жағдайы, гектар/ %									
	орман орналастыру жобасының жұмыс істеу кезеңінде мекеменің есеп беру мәліметтері бойынша есірілгендері									
	барлығы	авторлық қадағалау кезіндегі тексеру мәдениеттің жағдайы								
	соның ішінде	барлығы	соның ішінде	жаксылары	қанағаттанарлықтары	қанағаттанарлықсыздары	өлгени	жаксылары	қанағаттанарлық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
14-кесте

Талданатын кезеңдегі орман екпелерінің өлуі мен қанағаттанарлықсыз жағдайының себептері

№	Себептері	Ауданы					
		қанағаттанарлықсыз			өлгени		
		гектар	%	гектар	%		
1	2	3	4	5	6		

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға
15-кесте

Өртке қарсы шаралардың орындалуы

№	Шаралар	Өлшем бірлігі	Тексеру кезеңіне жобаланғаны	Нақты орындалғаны	Орындау %
1	2	3	4	5	6

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 31–қосымшаға

16–кесте

Құрылыс пен сатып алынатын заттар

№	Құрылыс объектілері мен сатып алынатын заттардың атаулары	Өлшем бірлігі	2-ші орман орналастыру көнеспімен тексеру кезеңіне қабылданғаны	Орындалғаны	Орындау %
1	2	3	4	5	6

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 31–қосымшаға

17–кесте

Ағымдағы өзгерістерді орман орналастыру материалдарына енгізуінің сапасын бағалау

Күжаттар	Тексерілген участекелердің жалпы саны, дана	Алымы – жағдайлар саны, бөлімі – тексерілген көрсеткіштер санынан пайызы			Бағасы
		өзгерістер нұсқауларға сәйкес енгізілген	өзгерістер нұсқауларды бұзушылықпен немесе қателермен енгізілген	өзгерістер енгізілмеген	
1	2	3	4	5	6
Планшеттер Таксациялық сипаттамалар Орман қорын есепке алу формалары, орман кадастры кітаптары, орындалған орман шаруашылық шараларын есепке алу кітаптары					
Жалпы бағасы		"Қанағаттанарлықсыз" деген баға өзгертулер енгізілмеген немесе қателермен, нұсқаулардан ауытқуларымен (тексерілген, участекелердің 10 пайызы жоғары) енгізілгенде қойылады. Басқа жағдайларда "қанағаттанарлық" деген баға қойылады			

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 31–қосымшаға

18–кесте

Аралап тексерілген участекелердің салыстыру ведомосы

Орманшылық	Орамның №	Телімнің №	Ауданы, гектар	Орман орналастыру мәліметтері бойынша участеклердің таксациялық сипаттамасы	Орман орналастыру белгілеген шаралар	Орындалған шаралар	Орындалған шараның сапасын бағалау және оның шаруашылық тиімділігі Участекенің жағдайы	Орындалуға тиісті шаралар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Басты пайдалану								
Күтіп-баптау кесулері мен санитарлық кесулер								
Орманды қалпына келтіру шаралары және тағы басқалары								
Орындаушы: Орман орналастыру партиясының бастығы _____								
Орман иеленушісінің өкілі _____								

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 32-қосымша

Орман кадастры мен орман қорын есепке алу және орман орналастыру материалдарына ағымдағы өзгерістерді енгізу жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы қағидалар

1. Орман ресурстарын ұтымды пайдалану және орман шаруашылығын жоғары сапада дұрыс жүргізе білу мақсатында барлық орман мекемелері мен ұйымдарда табиғи апаттардан болатын (өрт, су басып кету және тағы басқа) және шаруашылық іс-шаралар нәтижесінде болатын орман қоры жерлеріндегі барлық өзгерістер міндетті түрде тіркеледі.

2. Орман қорын есепке алу мен орман орналастыру материалдарындағы өзгерістер орман кадастры кітабына енгізіледі және бұл өзгерістер жөніндегі құжаттар әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша жүйелендіріледі.

2. Ағымдағы өзгерістерді енгізу негіздері

3. Орман қорында болған өзгерістерді орман орналастыру материалдары мен орман қорын есепке алу және орман кадастры кітаптарына енгізуге құқық беретін, құжаттар:

1) мемлекеттік орман қоры жерлерінен шығарып басқа ведомстваларға жер беру кезінде- сәйкестендірілген шешім және берілетін участекенің сыйбасы мен оның актісі, нақты шекарасы мен геодезиялық мәліметтер белгіленген сыйбасы;

2) ұзақ мерзімді пайдалануға жерді беру кезінде - жер беру актісі, келісімшарт, участекенің сыйбасы, тараптардың міндеті мен құқығын анықтайтын құжаттар;

3) басқа жер пайдалануышыдан жерді қабылдаған кезде - қабылдау актісі және шешімі, геодезиялық мәліметі бар сызбасы және участекенің сипаттамасы;

4) табиғи апарттар кезінде (жел, өрт және тағы басқа) - көзбен көріп зерттелген участке актісі (съемка көмегімен);

5) орман екпелерін орманды жерлер қатарына аудару кезінде - оларды аударғаны жөнінде акті;

6) орман екпелерін отырғызу кезінде материалдарды түгендеу және орындаған жұмыстар актісі;

7) табиғи жаңаруына қосымша жүргізілген шаралар арқасында орманды жерлердің көбеюі кезінде - зерттеген участекелер актісі;

8) табиғи жаңару салдарынан орманды жерлердің көбеюі кезінде - зерттелген участекелердің актісі;

9) басты мақсатқа пайдалану үшін кесу кезінде (жаппай, біртіндеп, таңдап, ұзақ мерзімді- таңдап) - кесуге белгіленген кеспеағаш пен кесілетін жерді куәландыратын акті;

10) зерттеу және орман орналастыру нәтижесі бойынша қорлар мен жер көлемдерін анықтау кезінде – орман орналастыру материалдары;

11) орман орналастыруда жіберілген қателіктер табылған кезде - участекені зерттеу актісі;

12) бір шаруашылықтан екіншіге күту үшін кесу жұмыстары жүргізілген орман участекелерін аудару кезінде - өзгерістері көрсетілген кесілген жерді куәландыратын акті ;

13) қажетінше, қызығушылық танытатын ұйымның қатысуымен орман иеленушілер актісі құрастырады және бекітеді.

4. Орман мекемесінде таулы жер бедерлерін есепке алу көлденен бағытта жүргізіледі.

3. Орман кадастры мен орман қорының есебі кітабына және орман орналастыру материалдарына ағымдағы өзгерістерді енгізу тәртібі

5. Ағымдағы өзгерістер (орман қорында болған) орман кадастры кітабы мен орман қорын есепке алу пішініне, таксациялық сипаттамаға және планшеттерге енгізіледі.

6. Планшеттерге өзгерістер тиісті шартты белгілермен осы Ережелердің 5 параграфына сәйкес енгізіледі:

1) орман мекемесінің жер құрамынан шығарылған участекелер, геодезиялық мәліметтеріне сәйкес қара түспен сыйылады және сұлбесінің ортасына жер ауданы көрсетіледі;

2) ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген участекелер, қара түсті үзік сыйықтармен сыйылады және сыйбасында берілген мерзімі және жер ауданы көрсетіледі;

3) мекеме құрамына қабылданған участекелер қара түсті үзік сзықпен сзылады және оның жер ауданы көрсетіледі;

4) табиғи апаттан зақымданған алқағашты участекелер толығымен қызғылт сары түспен сзылып, жер ауданы, жылы және табиғи апат түрі көрсетіледі;

5) кесу жасына келген кеспеағаш участекелері, жаппай кесу белгісі қойылып белгіленеді;

6) орманмен қамтылған жерлерге аударылған орман екпелері участекелері жасыл түспен сзылып, сұлбенің іші көлденең сзықтармен басты тұқым түсті бояумен сзылады. Сызбада басты тұқымы, орман екпелерін отырғызған жылы және жер ауданы көрсетіледі;

7) орманмен қамтылмаған жерлерге отырғызған (себе немесе тігу әдісімен) жинақталмаған орман екпелерінің участекелері жай қарындашпен көлденең сзықтармен сзылады. Сызбада тұқым индексі, жер ауданы және егілген жылы көрсетіледі;

8) орман астарына отырғызылған орман екпелері жай қарындашпен 45 (қырық бес) градус бұрышта сзықтармен сзылады. Сызбада жер ауданы, тұқым индексі және отырғызылған жылы көрсетіледі;

Орман қорын есебінің және олардың жер ауданы № 1 пішінде "Жинақталмаған орман екпелері" - 5 бағанда көрсетіледі;

9) алқағаштарды (бұталар) қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген участекелер жай қарындашпен тік бағытта сзылады және жер ауданы мен қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген жылы көрсетіледі;

10) жаппай кесілген жер участекелері, жас өскіні жоқ немесе сақталмаған жерлер қызыл түспен жаппай сзықтармен белгіленіп, нақты жер ауданы мен кесілген жылы көрсетіледі;

11) жаппай кесілген жерлер, бағалы тұқымды жас өскіндері сақталған болса, (табиғи қайта жаңаруына қалдырылған) қызыл түспен сзылып, 45 градус бұрышта жіңішке сзықтармен сзылады және нақты жер ауданы мен кесілген жылы көрсетіледі;

12) табиғи жолмен ағашы өскен (орманды жерлер қатарына жатқызылған), соның ішінде табиғи жаңаруына қосымша іс-шаралар жүргізілген участекелер, жаппай сзықтармен сзылып, 45 (қырық бес) градус бұрышта жіңішке сзықтармен сзылады. Жер ауданы, басты тұқымы және жаңару түрі көрсетіледі ("Т"-табиғи, "ТҚ"-табиғи қосымша іс-шаралар арқылы, "ТҚӨ"-табиғи қосымша іс-шаралар арқылы жас өскіндері сақталынған);

13) жаппай санитарлық кесуге және басты мақсатқа пайдалану үшін жаппай кесуге бөлінген участекелер, қызыл түсті үзік сзықпен айналдыра сзылады және кесу жылы, жер ауданы мен кесу түрі көрсетіледі (ЖК; ЖСК);

14) жаппай санитарлық кесу жүргізілген участекелер қызыл түсті штрихпен белгіленеді. Нақты жер ауданы, кесу жылы, кесу индексі көрсетіледі (ЖСК);

15) біртіндеп кесу жүргізілген участекелер, қызыл түспен жіңішке үзік сзықтармен сзызылып, осы түспен көлденең сзықтармен сзызылады. Мұнда да жер ауданы, кесу жылы, кесу түрі және кесу индексі қойылады – (БК);

16) ерікті-тандалап кесу жүргізілген участекелер, қызыл түсті жіңішке үзік сзықтарымен сзызылады және осы түспен тік сзықтармен (90 (тоқсан) градуста) жіңішке сзықтармен сзызылады және мұнда да жер ауданы, кесу жылы, кесу индекстері қойылады (ЕТК);

17) ұзартып-біртіндеп кесу жүргізілген участекелер, қызыл түспен жіңішке үзік сзықтарымен сзызылады және осы түспен 45 (қырық бес) градус бұрышта жіңішке сзықтармен сзызылады. Жер ауданы, кесу жылы, кесу индексі қойылады (ҰБК);

18) құтіп-баптау үшін кесу жүргізілген (кесудің барлық түрлері) участекелер, көк түспен жаппай толық сзызылады. Мұнда да жер ауданы, кесу жылы, кесу түрлері көрсетіледі (Жар-жарықтандыру, Таз-тазарту, Сир-сирету, Өт. к - өтпелі кесу);

19) таңдамалы санитарлық кесу жүргізілген участекелер, көк түспен пунктирулі сзықпен сзызылады. Мұнда да жер ауданы, кесу жылы, кесу индекстері – (ТСК) қойылады.

7. Таксациялық сипаттамаларға өзгертулерді енгізу тәртібі:

1) басқа мекемелерге тұрақты пайдалануға жерлерді беру кезінде, құжаттардың қысқаша мазмұны, айы-күні, нөмірі және участекенің жер ауданы жазылады;

2) жерді ұзақ мерзімді пайдалануға беру кезінде, участекенің жер ауданы, нөмірі, айы-күні, құжат жөнінде қысқаша мазмұны және мерзімі жазылады;

3) басқа жер пайдаланушыдан жерді қабылдау кезінде, жерді қабылдау негізіне құжаттардың қысқаша мазмұны, айы-күні, нөмірі және участекенің қысқаша сипаттамасы енгізіледі;

4) табиғи апаттарға ұшырау, нәтижесінде зақымданған участекелердің жер ауданы, табиғи апат түрі және болған жылы, зақымдануы және өлген ағаштардың қоры көрсетіледі;

5) орман екпелері отырғызылған участекелер үшін, табиғи жолмен жаңаған және орманды жерлер қатарына жатқызылған участекелер үшін, осы участекелердің сипаттамаларын негізге ала отырып, жаңадан таксациялық сипаттамалар келтіріледі (жер ауданы, құрамы, толымдылығы, жасы және қоры).

Құрамы - құрамындағы тұқымдылар діндері сандарының ара қатынасы бойынша анықталады;

Толымылды - желек жиынтығы дәрежесі бойынша анықталады;

Жасы - жаңау жасы бойынша немесе орман екпелерін (себү) отырғызу жылы бойынша анықталады;

Коры - 1 (бір) гектар орманды жерлер қатарына жатқызылған балауса ағаштар және орман екпелері үшін, төмендегідей анықталады:

қылқан жапырақтылар үшін – 2 (екі) жас класындағы қылқан жапырақты алқаағаштың 1 (бір) гектар орташа өсімінен 40 (қырық) пайыз мөлшерде (ауыстырылатын екпелердің жасына көбейтіледі);

жапырақтылар үшін - 2 (екі) жас класындағы жапырақты алқаағаштардың 1 (бір) гектар орташа өсімінен 60 (алпыс) пайыз мөлшерде;

балауса ағаштар үшін – табиғи өсіп-өну жасы 10 (он) жасқа дейінгілері көз мөлшермен анықталады.

Ағаш тұқымдылары үшін 1 (бір) гектар қоры – 5 (бес) текше метр-аз болмайды, ал сексеуілдерде - 0,1 текше метр.

Таксациялық сипаттамада "Жобаланатын іс-шаралар" бағанында, іс шаралар атауы және жүргізілетін жылы мен жер ауданы көрсетіледі;

6) орманмен қамтылмаған жерлерге отырғызылған жинақталмаған орман екпелері участекелерінде - олардың нақты жер ауданы, отырғызылған жылы және технологиялық схемасы көрсетіледі;

7) орман астарына отырғызылған орман екпелері участекесінде - отырғызылған жылы, жер ауданы және технологиялық схемасы көрсетіледі;

8) қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген орман екпелері участекесінде де - жер ауданы, отырғызылған жылы және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген жердің технологиялық схемасы көрсетіледі.

Орманмен қамтылған жерлер қатарына жатқызылатын участекелер, басты тұқымдылардың бар болуына байланысты сол шаруашылықта қалдырылады немесе басқа шаруашылыққа жатқызылады.

9) жаппай санитарлық кесу (ағашы кесілген жер) немесе басты мақсатқа пайдалану үшін жаппай кесілген участекелер үшін, нақты жер ауданы, кесілген жылы, кесу түрлері және таксациялық көрсеткіштеріне сәйкес тұқымдылар бойынша кесілген ағаш сурегінің көлемі мен өскіндердің сакталу жағдайы көрсетіледі.

Есептен шығарылған қор таксациялық көрсеткіштердегі 1 (бір) гектар орташа қорға сәйкес келуі керек. Сонымен қатар, бөлімінде жалпы кеспеағаш бойынша анықталған және материалдық-ақшалай мәліметтері бойынша нақты қоры көрсетіледі.

10) біртіндеп және ұзақ-біртіндеп кесу жүргізілген участекелерде жер ауданы, тұқымы бойынша кесілген қоры, кесілген жылы және кесілгеннен кейінгі өскіндердің сипаттамасы көрсетіледі;

11) ерікті-таңдамалы кесу жүргізілген участекелерде жер ауданы, тұқым бойынша кесілген қоры, кесілген жылы және өскіндерінің жағдайы көрсетіледі;

12) жаппай санитарлық кесу немесе басты мақсатқа пайдалану үшін кеспеағашты белгілегендегі, олардың жер ауданы, кесу жылы, кесу түрі және тұқымы бойынша кесуге белгіленген ағаштардың көлемі көрсетіледі;

13) таңдамалы санитарлық кесу және күту үшін кесу жүргізілген участекелерде - жер ауданы, кесу түрлері, тұқым бойынша кесілетін қоры, ал балаусалар үшін-құрамы және кесілгеннен кейінгі толымдылығы көрсетіледі;

14) бір шаруашылықтан екінші шаруашылыққа берілген кезде, күту үшін кесу жүргізілген орман участекелерінде - тиісті бағандагы телімнің таксациялық сипаттамасы сзызылып тасталады да қызыл түспен кесілген жерді қуәланышыратын актідегі жаңа көрсеткіші жазылады;

15) алқаағаштар бір жас класынан екінші жас класына ауыстырылған кезде, орман орналастыру кезінде жіберілген қателер болса, тиісті бағандагы телімнің бұрынғы жасы мен жас класы сзызылып тасталынып, үстіне қызыл түспен нақты мәліметі жазылады. Қоры зерттеу кезінде бекітілген көлемде қойылады.

16) өзгерістер енгізілетін участекелердің нөмірі (телімі) қызыл түспен (қарындашпен, сиямен) шеңберленеді.

8. Орман қорын есепке алу пішініне және орман кадастры кітабына өзгерістер қара түспен (қарындашпен, сиямен) енгізіледі:

1) жерді қабылдау немесе шығару кезінде орман кадастры кітабы мен № 1 пішінге, № 1 пішіннің 1 (бірінші) қосымшасына сәйкес графаға таксациялық көрсеткіштер енгізіледі;

2) орман екпелері, сонымен қатар табиғи жаңаған участекелерді орманды жерлер қатарына жатқызар кезде № 1 пішінге, № 1 пішіннің 1 қосымшасына сәйкес графаға осы участекелердің нақтыланған таксациялық көрсеткіштері енгізіледі;

3) жаппай кесу кезінде мыналар белгіленеді: алымында – таксациялық сипаттамасына сәйкес телімдегі 1 (бір) гектар орташа қоры бойынша кесілетін қоры және кесілетін жердің жер ауданы, ал бөлімінде – материалдық-ақшалай бағаланған мәліметі бойынша кеспеағаштың қоры жазылады;

4) біртіндеп және ұзақ-біртіндеп кесу жүргізген кезде, тек кесілетін қоры ғана көрсетіледі.

Бұдан басқа, жеке паракта бірінші тәсілмен кесу жүргізілген жердің ауданы есепке алынады. Соңғы кесу тәсілі кезінде, таксациялық сипаттамаларда көрсетілген участекенің ауданы мен қоры есептен шығарылады;

5) ерікті - таңдал кесу жүргізген кезде, тек кесіліп алынған қоры ғана есептен шығарылады;

6) шаруашылық жағынан бағалы тұқымдыларды өсіру жолымен ағаштарда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген участекелерде екпелер қатар түзегенше бұрынғы шаруашылығында қалдырылады, бірақ участекедегі қоры кесілген сүрекдіңің санына азаяды;

7) өлген орман екпелері орман қорларын есепке алу № 1 пішіндегі тиісті бағаннан шығарылып, белгіленген тәртіpte рәсімделіп, орман екпелерін түгендеу актісі бойынша есептен шығарылады.

9. № 2 пішінде басым тұқымдылар бойынша жер ауданының өзгеруін есепке алу жұмыстары құту үшін кесу жүргізілген кезде ғана жүргізіледі.

Орман қорларында болған өзгерістер енгізілген барлық құжаттар әр жұмыс түрлері бойынша жүйелендіріліп, сақтауға жіберіледі.

4. Ағымдағы өзгерістерді енгізу сапасын бағалау

Өзгерістер енгізілген материалдар атауы	Алымы-жалпы тексерілген учаскелер саны,	Алымы-учаскелер саны, бөлімі-тексерілген участекелер санынан %				Өзгерістерді енгізу сапасын бағалау
		бөлімі - 100%	нұсқауларға сәйкес енгізілген өзгерістер	нұсқаулардан шамалы ауытқулармен енгізілген өзгерістер	қателермен енгізілген өзгерістер	
1	2	3	4	5	6	7
Планшеттер	-					
Таксациялық сипаттама	100					
Орман қорын есепке алу пішіні, орман кадастры кітабы және орман шаруашылығы іс-шараларының орындалуын есепке алу кітабы	- 100					
Жалпы бағасы	- 100					

Ескерту: "Қанағаттанарлықсыз" бағасы, тексерілген участекелер санының 10 (он) пайызында нұсқаулардан аздап ауытқулармен және қателермен енгізілген болса немесе өзгерістер енгізілмеген жағдайда қойылады. Ал қалған жағдайларда "қанағаттанарлық" бағасы қойылады.

5. Орман орналастыру материалдарына орман қорын есепке алу материалдарына және орман кадастрына ағымды өзгерістерді енгізу тәртібі

№ р/ р	Есепке алу құжаттарына енгізілетін шаралар тізбегі	Ағымдағы өзгерістерді есепке алу құжаттарына енгізу		
		планшеттерге енгізілетін өзгерістер	толтыру үлгісі	таксациялық сипаттамаларға
1	2	3	4	5
1.	Басқа орман иеленушілеріне тұрақты	Участекенің сұлбесі бүтін қара түсті сызықпен сзыялады. Участекенің		Участекенің нөмірлері қызыл түспен шеңберленеді. Ауданы, нөмірі,

	пайдалануға берілген жер участекелері	ортасында ауданы көрсетіледі (гектар)	3,6 гектар	датасы, қысқаша мазмұны жазылады
2.	Ұзак мерзімді пайдалануға берілген жер участекелері	Участекенің сүлбесі жіңішке үзік сзықтармен қара қарындашпен сзылады. Участекенің ортасында ауданы (гектар) және кезеңі (жыл) көрсетіледі	16,3 гектар 2009 жылға дейін	Участеклердің нөмірлері қызыл түспен шенберленеді. Ауданы, нөмірі, датасы, құжаттың қысқаша мазмұны және мерзімі көрсетіледі
3.	Басқа орман иеленушілерінен алынған участекелер	Участекенің сүлбесі бүтін қара түсті сзықшаларымен сзылады. Участекенің ортасында ауданы көрсетіледі (гектар)	17,5 гектар	Ауданы, нөмірі, датасы және қысқаша мазмұны жазылады. Участекенің қысқаша сипаттамасы беріледі, датасы мен мазмұны жазылады
4.	Табиғи апаттардан закымданғандыктан өсуін тоқтатқан алқағаштар участекелері	Участеклердің сүлбесі қызыл-сары түсті бүтін сзықпен сзылады. Табиғи апattyң ауданы, жылы және түрі көрсетіледі (өртендер – 2000 жыл, 17,5 гектар)	17,5 гектар өртен 1997 жыл	Участеклердің нөмірлері қызыл түспен шенберленеді. Табиғи апattyң ауданы, түрі, жылы, закымдану түрі, өлген ағаш қоры көрсетіледі
5.	Орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылған орман екпелері участекелері	Участекенің сүлбесі жасыл түсті бүтін сзықпен сзылады. Орман екпелерінің ауданы, егілген жылы және басты тұқымы көрсетіледі. Участек басым тұқымы түстес көлденең сзықтарымен жаппай сзылады.	11,3 гектар К-1993 жыл	Участекенің нөмірлері қызыл түспен шенберленеді. Участекі куәландыру негізінде жана таксациялық сипаттама жазылады
6.	Орманмен қамтылмаған жерлерде өсірілген жинақталмаған орман	Участеклердің сүлбелері қара қарындашпен көлденең сзықтармен сзылады. Тұқымның ауданы,		Участеклердің нөмірлері қызыл түспен сзылады. Олардың

	екпелері участкелері (индексі және егу (отырғызу) жылы көрсетіледі) егілген немесе отырғызылған)		ауданы, жылы, технологиялық схемасы жазылады
7.	Орман астарында өсірілген орман екпелерінің участкелері	Участкелердің сұлбелері кара қарындашпен қиғаштап сзызылады. Олардың ауданы, тұқым индексі және егу (отырғызу) жылы көрсетіледі	Участкелердің номірлері қызыл түспен сзызылады. Олардың жылы, ауданы және технологиялық схемасы көрсетіледі
8.	Алқағаштары (бұталары) қайта құрылған участкелер	Участкелердің сұлбелері кара қарындашпен тік сзыықтармен сзызылады. Олардың жылы, ауданы және тұқым индексі көрсетіледі.	Участкелердің номірлері қызыл түспен сзызылады. Олардың жылы, ауданы, технологиялық схемасы (жүргізілген қайта құрудың) көрсетіледі.
9.	Ағашы жаппай кесілген, өскіні сақталмаған немесе жок участкелер	Участкелердің сұлбелері қызыл түсті бүтін сзыықпен сзызылады. Кесулдердің нақты ауданы және жылы көрсетіледі	Участкелердің номірлері қызыл түспен сзызылады. Кесілген сүректің тұқымдылар бойынша көлемі, ауданы және кесу жылы көрсетіледі
10	Ағашы жаппай кесілген, құнды тұқымдылардың өскіні сақталған (табиги өсу) участкелері	Участкелердің сұлбелері қызыл түсті 450 бұрышпен сзызылады. Кесудің нақты ауданы мен жылы көрсетіледі	Участкелердің номірлері қызыл түспен сзызылады. Кесілген сүректің тұқымдылар бойынша көлемі, ауданы және кесу жылы, сақталған өскіннің сипаттамасы көрсетіледі
			Участкелердің номірлері қызыл түспен

11	Табиги жолмен орманданған (орманмен қамтылған жерлерге ауыстырылған), с.и. табиги жаңаруға жәрдемдесу жолымен орманданған участекелер	Участекелердің сұлбелері жаңарған басты тұқымның түсімен (450 бұрышпен) сзылады. Жаңару түрі, басты тұқым, ауданы көрсетіледі	<u>6,8 гектар</u> К-ТЖЖ	сызылады. Нақты ауданы, жаңа таксациялық сипаттамасы, жаңару түрі көрсетіледі
12	Басты пайдалану кеспеағашы мен жаппай кесуге белгіленген участекелер	Участекенің сұлбесі қызыл түсті үзік сзықтармен сзылады. Қарастырылған кесу жылы, ауданы және кесу түрі көрсетіледі	<u>11,4 гектар</u> ЕТК-2001 жыл	Участекелердің номірлері қызыл түспен жазылады. Кесу түрі жылы, кесілетін сүректің көлемі тұқымдылар бойынша көрсетіледі
13	Жаппай санитарлық кесулерден шыққан участекелер	Участекелердің сұлбесі қызыл түсті жіңішке үзік сзықтармен сзылады. Ауданы (нақты), кесу жылы мен индексі көрсетіледі	<u>6,8 гектар</u> ЖЖК-2001 жыл	Участекелердің номірлері қызыл түспен сзылады. Кесу жылы, ауданы, кесілген қор, алқаағштардың өлу себептері көрсетіледі
14	Біртіндеп кесілген участекелер	Участекелердің сұлбелері қызыл түсті жіңішке үзік сзықтармен сзылады және қызыл көлденең жіңішке сзықтармен боялады. Кесудің ауданы, жылы, кесудің қабылдануы, индексі көрсетіледі	<u>10,1 гектар</u> Ж-2 2002 жыл	Участекелердің номірлері қызылтүспен сзылады. Кесу жылы, ауданы, кесілген тұқымдылар бойынша қоры, кесу жұмыстарынан кейінгі өскіннің сипаттамасы
15	Ерікті-іріктең кесілген участекелер	Участекелердің сұлбесі қызыл түсті жіңішке үзік сзықтармен сзылады және қызыл түсті жіңішке тік сзықтармен боялады. Ауданы, кесу жылы, индексі көрсетіледі	<u>9,0 гектар</u> ЕТК-2001 жыл	Участекелердің номірлері қызыл түспен сзылады. Кесу жылы, ауданы, тұқымдылар бойынша кесілетін қор, өскіннің жағдайы көрсетіледі
				Участекелердің номірлері қызыл түспен сзылады. Кесу

16	Ұзақ-біртіндеп кесілген участекелер	Участекелердің сұлбесі қызыл түсті жінішке үзік сзықтармен сзылады және 450-ке қиғашталып қызыл жінішке үзік сзықтармен боялады	<u>7,8 гектар</u> БҮҚ-2000 жыл	жылы, ауданы, тұқымдылар бойынша кесілетін қор, өскіннің сипаттамасы көрсетіледі.
17	Күтіп-баптау кесулері жүргізілген участекелер (барлық кесу түрлері)	Участекелердің сұлбесі көк түсті сзықтармен сзылады. Кесу жылы, ауданы, кесу түрі көрсетіледі (жарық, тазарту, сирету)	<u>9,7 гектар</u> Жарк-2000 жыл	Участекелердің номірлері қызыл түспен сзылады. Кесу жылы, түрі, ауданы, тұқымдылар бойынша кесілетін қоры, ал балауса ағаштар үшін-кесуден кейінгі құрамы мен толымдылығы
18	Таңдамалы санитарлық кесулер жүргізілген участекелер	Телімдердің сұлбесі қызыл түсті үзік сзықтармен сзылады. Кесу жылы, ауданы, ТСК, индексі көрсетіледі	<u>3,2 гектар</u> ТСК-2000 жыл	Участекелердің номірлері қызыл түспен сзылады. Кесу жылы, түрі-ТСК, ауданы, тұқымдылар бойынша таңдалатын қор, кесуден кейінгі құрамы мен толымдылығы

Ескерту: участекенің сұлбасы өте кіші болған жағдайда, сол участекелер жөніндегі мәліметтер көрші участекенің сұлбасында көрсетіледі.

Мәліметтердің бағыты стрелкамен көрсетіледі.

Орман орналастыруды жүргізу
нусқаулығына 33-қосымша

Планшеттердің, орамдардың және телімдердің ауданын есептеу және байланыстыру ерекшеліктері

1. Орамдардың ауданын есептеу

1. Орамның сзықтық телімдері мен полигоналдық телімдер аудандардың қосындысынан орамның есептелген ауданы құралады. Полигоналдық телімдердің ауданы бағдарламамен есептелген географиялық ақпарат жүйесі (ГАЖ) мәлімет базасынан алынады, ал сзықтық телімдер қолмен есептеледі.

2. Орманшылықтың барлық орамдарының есептелген аудандарының қосындысы мен оның қабылданған ауданының айырмашылығы мен үйлеспеушілігі есептеледі. Бір орамның үйлеспеушілігінің жіберілетін көлемінің шегі есептелген орам ауданынан плюс, минус 2 (екі) % аспауы керек.

3. Орамдардың аудандарын қабылдауда олардың әкімшілік аудандарға және ауылдық округтерге жататындығы, таулы немесе жазықтық ормандарға, әртүрлі функциональдық аймақтарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға және тағы басқаларына жататындығы есептеледі.

2. Телімдердің аудандарын есептеу

4. Телімдердің аудандары географиялық ақпарат жүйесі (Mapinfo) көмегімен есептеледі. Ауданы 10 га үлкен телімдер тексеру кезеңіндегі орман екпелерінен басқасын бүтін санға айналдырады. Есептелген аудандар географиялық ақпарат жүйесінің мәліметтер базасында сақталады.

5. Сызықтық телімдердің аудандары (пландық материалдарда бір шартты сызықпен белгіленетін – жолдар, соқпақтар, бұлақтар, кіші өзендер) әр бір мемлекеттік орман қоры санаты үшін орам ішіндегі олардың ені мен өздерінің нақты өлшенгені ұзындығымен есептеледі.

Сол секілді сызықтық нысандардың аудандары орман орналастыру ақпаратын өндеудің автоматты бағдарламасының сызықтық телімдердің таксациялық сипаттамасы бойынша (ұзындығы және ені) есептелуі мүмкін. Бірақта онда сызықтық телімдер (соқпақтар, өртке қарсы үзілімдер, жолдар және т.б.) егерде олар басқа орамдармен шекаралас болса олардың ені алынады.

3. Аудандарды үйлестіру

6. Аудандарды байластыру үшін географиялық ақпарат жүйесі базасынан мемлекеттік орман қоры санаттары шегінде әрбір телімнің жер санатының көрсетілуімен телімдер аудандарының орамдардағы тізімдерінің мәліметтері алынады:

Орам номірі	МОҚ санаты	Телім номірі	Ауданы	Жер түрі

7. Есептелген мемлекеттік орман қоры әр санаты бойынша сызықтық телімдердің аудандары электрондық телімдер ведомосына қолмен енгізіледі. Егер сызықтық нысан планда бір шартты сызықпен белгіленсе, онда оның ауданы барлық қылышатын телімдердің аудандарынан пропорционалды алынады немесе олардың табиғи шекарасы болады.

8. Сызықтық сипаты бар телімдер планда екі шартты сызықпен белгіленсе (мысалы, кең өзен, әр жағалауы бойынша суреттелген), онда олардың аудандары олармен көршілес жатқан телімдерден алынбайды, жеке есептеледі.

9. Орамдағы барлық телімдердің есептелген аудандарының жиынтығы мен орамның қабылданған ауданының айырмасы байланыспаушы болады.

10. Телімде жіберілетін байланыспайтын көлем телімнің нақты өлшенген ауданынан плюс, минус 1 (бір) %-дан аспауы керек.

11. Аудандарды байланыстыру Microsoft Office Excel немесе басқа бағдарламамен компьютерде бұл жұмыс барысы жеңілдетіледі немесе автоматтандырылады.

12. Телімдер ауданын байланыстыру мемлекеттік орман қоры санаттары бойынша жасалады, онда бір орам ішіндегі барлық мемлекеттік орман қоры санаттарының жиынтық ауданы орамның қабылданған ауданына теңелуі керек.

13. Телім аудандары байланыспағанда оларды телімдерге шаққанда телімнің жер түрі мен ауданы есепке алынады. Бірінші кезекте байланыспайтын аудандар ормансыз аудандарға жіберіледі (тік беткейлей, жайылымдылықтар, шабындықтар) және үлкен мөлшердегі телімдерге. Мүмкіндігінше байланыспайтын аудандар ағашы кесілген жерлерге, өртеңдерге және жоғарғы жастағы орман екпелеріне жіберілмейді. Байланыспайтын аудандарды тексеру кезеңіндегі орман екпелеріне және басқа телімдерге, екінші техникалық кеңесінің хаттамасындағы келісілген аудандарға (орман тұқымбағы, әртүрлі мақсаттағы плантацияларға, генетикалық резерваттарға және тағы басқалар) сол секілді барлық сызықтық нысандарға жіберуге тыйым салынған.

14. Орманшылықтың барлық орамдарының аудандарын байланыстырганнан кейін, жоғарыда келтірілген тізімді келесі түрге келтіреді:

P1	P2	P3

15. P1 - алаң орам нөмірлерін құрайды, P2 – телім нөмірі, P3 – телімнің қабылданған ауданы. Алаң аты латын алфавиттерін пайдаланумен тапсырма беріледі. Осындай түрде орманшылық аудандары тізімі dbf және автоматтандырылған телім бойынша орман орналастыру ақпаратының өңдеу бағдарламасының көмегімен таксацияның мәліметтер базасына енгізіледі.

4. Орманшылықтар бойынша орман алқаағаштарының пландары мен планшеттерінің аудандарының құрастырылуы

16. Планшеттің ауданы орамдардың қабылданған аудандарының қосындысынан құралады. Орамдардың тізбесі планшеттер бойынша өткен орман орналастыру материалдарының негізінде (егер өзгеріс болғанда) керекті түзетулерді енгізумен құрастырылады.

17. Орманшылықтың алқағаштар планының ауданы (план бөлігі) осы планды құрайтын (план бөлігі) орамдар аудандарының қосындысынан құралады. Орамдардың тізбесі орманшылық алқағаштар планын (план бөлігі) құрайтын өткен орман орналастыру материалдарының негізінде (егер өзгеріс болғанда) керекті түзетулерді енгізумен құрастырылады.

Орман орналастыруды жүргізу
нұсқаулығына 34–қосымша

Орман карталарын дайындау жөніндегі техникалық басшылық

1. Жалпы қағидалар

1. Жоспарлық – картографиялық материалдар әрбір орман орналастыру обьектісіне дайындалады және орман орналастыру жобасының бөлігі болып табылады.

2. Орман карталары мағынасы мен бағыты және масштабы бойынша белгілеулерге байланысты бөлінеді. Олардың көлемі 1-ші кестеде көрсетілген.

Орман орналастыруды жүргізу

нұсқаулығына 34–қосымшаға

1 кесте

№	Орман картасының түрлері	Көрсеткіштер		
		орман құру разрядтарына карай орман картасының масштабы		мөлшері
		1-2	3 (зерттелген)	
1	2	3	4	5
	Планшеттер	1:10000 1:25000	1:25000 1:50000	
	Орманшылықтар алқағаштарының планы:			600x600 миллиметр А-1 форматтағы (600x840 миллиметр) 4-беттен көп емес, форматы үлкен болса ол бөліктерге бөлінеді
	1) басым тұқымдылар бойынша боялған; жобаланатын іс-шаралар бойынша шолу	1:25000	1:50000 1:100000	толық план
	2) орман мастерлік участеклер	1:25000	1:50000 1:100000	
	3) орман айналымдары	1:25000	1:50000 1:100000	
	Орман иелігіндегі барлық мақсаттағы карта – схемалар		масштабы А-1 форматтағы (600x840 миллиметр) екі бетке сиятындағы етіп таңдалады	
	Орман орналастыру жобасының 1- томы үшін карта схема (түсіндірме жазба)		масштабы А-3 форматына (300x420 миллиметр) сиятындағы етіп таңдалады	

Ескерту: 1. Орман алқаағаштарының планы орманшылықтың тек орналастырылған бөлігіне құрастырылады. Егер орманшылық бір-бірінен алшақ орналасқан орман алқаптарынан тұратын болса, онда олар план жинақты болуы үшін жақындастырып көрсетіледі. Мұндай жағдайда бос орынға орманшылық бөлігінің орналасуының схемасы қолайлы масштабта сзыылады.

2. Кarta дайындау барысында қойылған норма нақтылығы плюс, минус 1 миллиметрден аспауы тиіс.

3. Орман карталарының бәрі төмендегі формат бойынша кесіліп, соңынан кесу сзыықтары бойынша желімдегіш лентамен біріктіріледі:

1) планшет – бір бетке (төрт бөлікке – 300 x 300 миллиметрге бөлуге болады);

2) орман алқаағаштары мен (орман айналымдары планынан басқасы) карта схемалардың барлық түрі (облыстың карта-схемасынан басқасы) - 190x280 миллиметр форматты;

3) орман айналымының планы 190x280 миллиметр немесе 140x190 миллиметр;

4) облыс карта-схемасы – форматы 280x380 миллиметр;

4. Орман картасының тиражы дайындалатын орман орналастыру материалдарының тізбесіне сәйкес дайындалады (13-кесте).

5. Дайындалған орман карталарының көшірмелері төмендегідей талаптарға сай болады:

1) барлық көшірмелерінде баспадағы нұсқалар мазмұны сақталады;

2) нұктелер мен сзыықтар нақты көрсетіледі;

3) участеклер мен шекараларды бояғанда олардың түсі анық түсуі тиіс;

4) орман картасының бояу түрлері нұсқаудағы түріне сәйкес болады.

6. Координаттық тордың түпнұсқа данасы көшірімге топографиялық жолмен көшірілуі негізгі техникалық әдіс болып табылады.

Дайындалатын орман картасында, орман орналастыру планшетін есепке алмағанда, координаттық тор көрсетілмейді. Сондай-ақ планшетте планшеттің ішкі және сыртқы жақтауы аралығындағы километрлік тордың шығысы көрсетіледі.

7. Барлық карталарды сақтау үшін арнайы қатты қағаздан папка дайындалады, форматтан 2-3 (екі - үш) сантиметр үлкенірек.

8. Картографияда қабылданған арнайы нұсқау талаптарына сай карта дайындау ісінде шартты белгілер мен техникалық үлгілерге назар аударылады.

9. Өндіріске геоакпараттар жүйесін енгізу барысында орман картографиясы бойынша орман картасы осы тараудағы құжаттарға сәйкес құрастырылады.

2. Орманшылық бойынша орман алқаағаштары пландарын дайындау

10. Орманшылық бойынша алқаағаштар планын құрастыру үшін бастапқы картографиялық материал ретінде орман орналастыру мәліметтері енгізілген сандық аэрофотоснимоктар немесе ғарыштық снимоктар алынады.

Орманшылық бойынша алқаағаштар планы компьютерде, орман орналастыру үйімі өнеркәсіпте пайдалануға қабылданған геоақпараттық жүйе негізінде жасалады және рәсімделеді.

11. Алқаағаштар планының құрастырылған түрі мағынасына сай элементтермен толықтырылады және форматкаларға кесілетін жерлерін білдіретін крест тәрізді белгілер қойылады. Алқаағаштар планында орман алқаптарынан тыс жерде темір және тас жолдар, гидрографиялық тордың негізгі элементтері белгіленеді. Елді мекендер мен орманшылық кенселері, орман кордондары шартты белгілермен белгіленеді.

12. Тексерілген және түзетілген орманшылықтың планы қажетті мөлшерде дайындалады.

13. Орманшылықтардың алқаағаштар пландары боялады:

1) топтарына сай басым тұқымдылары, мемлекеттік орман қоры санаттары мен әкімшілік шекаралары бойынша төменде келтірілген тұқымдылар түсімен боялады. Су қоймалары мен батпақтар да боялады. Қосымша мәлімет ретінде орман карталары мен шартты белгілерді бояуға арналған түстер шкаласы келтіріледі. Пландар компьютерлік технологияларды қолдана отырып боялады.

Бояулардың түстері орман карталары үшін қабылданған түс белгілерінің шкаласына сәйкес болуы керек.

2) жобаланатын орман шаруашылық шаралары бойынша түрлі түсті бояулармен төмендегідей шараларға жобаланған телімдер боялады:

кесу түрлері бойынша - орманды күту үшін кесу, жаппай және таңдамалы санитарлық кесу және қоқыстан тазалау;

орман екпелерін отырғызуға тағайындалған ормансыз жерлер;

қосымша отырғызу және оларды күту, табиғи түлеуге жәрдемдесу;

жанартуға тағайындалған құндылығы аз алқаағаштар;

тазалау немесе жақсарту үшін басқа да шараларды жүргізу жобаланған шабындықтар.

Сонымен қатар шабуға немесе тазалауға жататын соқпақтар шартты белгілермен көрсетіледі.

3) жеміс, дәрілік және техникалық шикізаттарды орналастыру бойынша. Олардағы шөптер бұталар мен дәрілік техникалық маңызы бар бұталары мен ағаштары бар телімдер түрлі-түсті бояумен боялады;

4) мастерлік участеклер мен орман айналымдарының алқаағаштар планы орманшылықтың боялған алқаағаштар планын бөлу арқылы жасалады.

Мастерлік участеклердің планы арнайы картушпен және шартты белгілермен безендіріледі.

Орман айналымдары алқаағаштарының пландары картушпен безендіріледі. Айтылған пландарға арналған шартты белгілер папканың ішкі жағында орналастырылады. Сондай-ақ, папкаға құжаттардың атаулары көрсетілген, айналымдардың ведомстволық және аумақтық меншіктігі және пландарды жасаған кәсіпорынның атаулары жазылған қағаз салынады.

3. Орман орналастыру планшеттерін дайындау

14. Орманшылықтар бойынша орман алқаағаштарының пландарын құрастырудың технологиялық негізі болып сандық аэрофотоснимоктар немесе ғарыштық снимоктар негізінде құрастырылған орман алқаағаштарының планы болып табылады.

Орман орналастыру планшеттері компьютерлік технологияларды қолдана отырып орманшылықтар бойынша алқаағаштардың пландарын кесіп қосу арқылы жасалады.

15. Планшет төмендегідей талаптарға сай жасалады:

1) телім шекаралары анық және түйікталуы керек. Телім нөмірлері бос жерге жазылып жақсы оқылатындаі көрнекті болады. Ұсақ телімдер үшін көрсеткіш – сзызықшалар қолданылады.

2) планшет қабылданған шартты белгілерге сәйкес сзызылады. Онда облыс, аудан, орман иеленушісі, орманшылық, планшет нөмірі және ауданы, масштабы, орман орналастыру жылы, орындаушының аты-жөні, оны құрастырушылардың аты-жөні жазылады. Бұл мәліметтердің бәрі планшет рамкасынан тыс белгіленген жерлерде орналасады.

Әр айналымда оның нөмірі мен ауданы, таксациялық телім нөмірі, ал планшеттің айналасындағы шекарасы бойынша – шектес жер пайдаланушылардың атауы және шектес планшеттердің нөмірі қойылады;

3) планшет түпнұсқасын құру жұмыстарына барлық кезеңде, тіпті аяқталғаннан кейін де бақылау жүргізіледі. Тексеру барысында мыналар тексеріледі: орманның және топографиялық сұлбаның орналасуы, объекті белгілерінің сәйкестігі, географиялық атаулардың транскрипциясы, телім нөмірлерінің жазылуы, орамдар мен планшеттердің нөмірлері мен аудандары, бұрылыштарының нөмірлері, шекаралары мен сзызықтардың ұзындығы;

4) ауытқуларға қойылатын шектеулер төмендегідей:

топокарталар геодезиялық негіз ретінде алынатын жағдайда, олардың жақтары мен жақтау диагональдары теоретикалық мөлшерден ауытқуы $\pm 0,5$ миллиметр, ал олардың фотокөшімелерінің ауытқуы $\pm 1,0$ миллиметр аспайды. Километрлік тор квадраттарының жақтары бойынша ауытқулар $\pm 0,2 - 0,3$ миллиметр аспайды. Топокарталар 2-ден артық бүктелмейді;

5) бір орманшылық планшеттерінің бәрінде бірдей координаттық тор болады;

6) ішкі жағдайлар планшеттердегі жұмыс аландарынан шықпайды;

7) толық рәсімделген орман орналастыру планшетінің жүктелімі төмендегідей болады:

жұмыс ауданында – орам соқпақтары мен шекаралары (табиғи белгілері бойынша), тақсациялық нысаналар, тақсациялық телімдердің шекаралары, кейбір жер түрлерінің шартты белгілері, тұрақты сынақ аландары, тұқымбақтар, орман тұқым участекелері, көлік жолдары жолақтарының шекаралары, жалпы пайдаланудағы орман жолдары, тұрақты соқпақтар, жылғалар, өзендер, суландыру арықтары мен каналдары (ағыс бағыты көрсетіледі), көлдер, орамдардың ауданы мен нөмірі, тақсациялық телімдердің нөмірлері, өзендер мен көлдердің атаулары, әкімшілік аудандардың шекаралары, мемлекеттік орман қоры категориялары, орман мекемелерінің, орманшылықтардың кеңселері, кордондар, қыстаулар және тағы басқа құрылыштар көрсетіледі, ал таулы аудандар үшін – су айрықтарының жолақтары;

сыртқы шекаралары – бұрылыштың бұрыштарының нүкте нөмірлері, румбтар мен жолақтардың ұзындығы, көрші жер пайдаланушылардың атаулары, көрші планшеттердің нөмірлері, жер пайдаланушылардың қылышқан шекаралары белгіленеді.

Таулы ормандарды орналастыру кезінде (кейбір жағдайда) белгіленген тәртіппен өкілетті орган беретін арнайы рұқсат бойынша планшеттерде горизонтальдар көрсетілуі мүмкін. Горизонтальдар көрсетілген планшеттерді пайдалану тәртібі құпиялық туралы құжаттармен анықталады.

4. Карталардың құрастыру

16. Карталардың құрастыру үшін негізі ретінде орманшылықтар бойынша орман алқаағаштарының планы алынады. Карталарды компьютерде дайындайды, негіз ретінде орман орналастыру ұйымы өнеркәсіпте пайдалануға қабылдаған геоақпараттық жүйе алынады.

17. Карталарға телім жөніндегі мәлімет, топографиялық жүктелім: (орамдық тор, мемлекеттік орман қоры санаттарының шекаралары), ағашы кесілген жерлердің іріленген участекелері, өртендер, сирек ормандар, ормансыз жерлер (саздар, сортандар, құмдар т.б.) енгізіледі.

Шартты белгілер кестесі және картуш типографиялық, фотографиялық әдіспен немесе түшпен белгіленеді. Карталарды топографиялық жүктелім элементтерінің барлығы және жазбалар осы қосымшада келтірілген шартты белгілерге сай жасалады.

18. Толық рәсімделген карта-схемада төмендегідей жүктелім болады:

- 1) облыс аумағының, әкімшілік ауданның басқа шекаралас жер иеленушілердің шекарасы;
- 2) мемлекеттік орман қоры жерлері және орманшылық шекарасы;
- 3) орамдық соқпақ, өртке қарсы үзілімдер, оның ішінде автокөлік үшін;

- 4) ұзак мерзімді пайдалануға берілген аудандардың шекарасы;
- 5) орам нөмірлері;
- 6) орманшылық, орман иеленушісінің кенселері, елді-мекендер, кордондар және басқа да объектілер шартты белгілермен;
- 7) көл, арық, өзен, өртке қарсы және өзге де жолдар;
- 8) сүректерді өндіу өндіріс орындары;
- 9) ашиқ картада көрсетілген жалпы қолданыстағы қатынас жолдары;
- 10) облыс және аудан әкімшіліктегінің, көл, өзен, елді мекендердің атауы;
- 11) әкімшілік аудандары мен орманшылықтардың нөмірі.

19. Кarta - схемадағы бос орынға картуш, шартты белгілер кестесі, орман орналастыру үйымдарының атауы, карта-схеманы құрастыруышы мен орман орналастыру партия бастығының аты-жөні жазылады.

20. Кarta - схеманың боялуы:

- 1) жас топтарына қарай сүрек тұқымдылар өзіне тән түспен боялады.

Жинақталған орман екпелері боялғаннан кейін басты тұқымның түсіне сәйкес түспен қалың сызық түсіріледі. Жинақталмаған орман екпелері боялмайды, олар басты тұқымның түсімен қалың сызықпен штрихталады.

Көл, өзен (қос сызықпен белгіленген), батпақ, әкімшілік шекаралар, шектес жер пайдаланушылар шекаралары да боялады.

Кarta - схеманың картушина оның тақырыптық атауы енгізіледі:

2) өртке қарсы шаралар бойынша төменде келтірілгендей табиғи өрт қауіптілігі класы бойынша қажетті түспен боялады. Бояу өрт болған телімдер бойынша жүргізіледі.

Өрт телімінің нөмірі карта-схемада көрсетілмейді.

Кarta – схемаға шартты белгілермен қолданыстағы және жоспарланған өртке қарсы жолактар, тосқауылдар, су қоймалары, өртке төзімді орман пұшпағы, минералдандырылған қорғаныш жолактары, жолдар және орам соқпақтары, өрт-химия стансалары, олар қызмет көрсететін аумақтың шекаралары, өртке қарсы құрал-жабдықтар жиналған пункттер, өрт бақылау пункттері, орман авиациялық қорғау базалары, механикаландырылған топтар, орман күзеті тұратын жерлер (кордондар), жер және авиациялық орман қорғау аудандарының шекаралары, орман күзетінің авиахабарын, телефон және радиостанциядан хабарламаларын қабылдау пункті, тікүшақ қонатын аландар (тұрақты және уақытша), шылым шегуге арналған демалыс орны, туристік маршруттар, туристер тоқтайтын орындар, өртке қарсы жабдықталған жерлер және авиациялық патрульды маршруттар түсіріледі.

Объектілер мен өртке қарсы жобаланатын шаралар да осы шартты белгілермен, бірақ қызыл түсті тушьпен түсіріледі.

Әртке қарсы шаралар карта - схемада өрт телімдері сипаттамасының электрондық ведомосына сай, табиғи өрт қауіптілігі класы бойынша боялады. Жобаланатын өртке қарсы шаралар да сонда көрсетіледі.

21. Орман орналастыру жобасының 1 (бір) томына (түсіндірме жазба) безендіру үшін кіші масштабты карта-схема орман иеленушісінің карта-схемасын қажетті мөлшерге (масштаб 1:100000 – 1:300000) кішірейту арқылы құрастырылады.

Карта-схеманың кішірейтілген масштабы А-3 (300 x 420) форматынан аспайды.

Орман орналастыру қайталанғанда, тексеру кезеңінде болған өзгерістер енгізілген еткен орман орналастырудың карта-схемасын пайдалануға болады.

Орман орналастыру жобасының 1 (бір) томын безендіру үшін карта-схема тематикалық мағынасына сәйкес түрлі-түсті бояумен боялады:

1) орманшылықтардың орналасуы, аумағы бояудың әртүрлі түсімен (қалауынша), шекаралары жасыл түсті қалың сзықпен боялады;

2) мастерлік участкелер мен орман айналымдарының орналасуы: мастерлік участкелер нөмірленеді, ал олардың шекаралары қалың қызыл сзықпен жүргізіледі;

орман айналымдары нөмірленеді, ал шекаралары қалың қара-көк сзықпен түсіріледі;

3) мемлекеттік орман қоры санаттарының аумағы боялады және олардың арасындағы шекаралар әр мемлекеттік орман қоры санаттары үшін қабылданған шартты белгілермен түсіріледі;

4) кеспеағаштардың сүректерді тасымалдау пункттерінен қашықтығы бойынша карта-схема берілген түстерге сәйкес боялады;

5) табиғи өрт қауіптілігі кластары бойынша карта-схема берілген түстерге сәйкес боялады;

Шартты белгілермен өрт қауіптілігін туғызатын көздер және өртке қарсы құрылғылардың негізгі элементтері көрсетіледі (карта-схемада көрсетілетін).

Ұсақ масштабты карта-схемалардың барлық түрлерінің бос жерлерінде шартты белгілер көрсетіледі.

22. Облыс бойынша ормандардың карта-схемасын құрастыру:

1) облыс бойынша карта сызу қағазының А-1 форматының 6 парагына сиятындағы масштабта дайындалады (600 x 840 миллиметр);

2) карта-схеманы құрастыру үшін топографиялық негіз ретінде, облыстың әкімшілік карталарының және орман мекемелері карта-схемасының 1:300000 – 1:1000000 масштабты топографиялық карталары пайдаланылады;

3) облыстың картасына орманды жерлерді түсіру үшін нақты мәліметтер ретінде орман орналастыру кезінде дайындалған, орман мекемесінің карта-схемасы пайдаланылады;

4) дайындалған және безендірілген карта-схемалар мұқият тексеріледі және қажетінше дайындалады. Карта-схема басым тұқымдылардың жас топтары және мемлекеттік орман қоры санаттары бойынша боялады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК